

№65

(08) 2024



Halyqaralyq ғылыми-ақпараттық,
танымдық-тәрбиелік журналы

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

*Айына бір мәрте жарық көретін халықаралық
ғылыми - ақпараттық, танымдық, - тәрбиелік Журналы*





*Halyqaralyq ғылыми-ақпараттық,
tanymdyq-tárbielik jýrnaly*

HALYQARALYQ

ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

№ 65

(08) 2024

*ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, Ақпарат комитеті,
Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы куәлік №16675-Ж*

Мекен-жайы:

Қызылорда қаласы,

Төле би көшесі, 56.

Тел.: 8 776 007 09 90

[E-mail:jarkin_kz@mail.ru](mailto:jarkin_kz@mail.ru)

**Егер Сіздің журналыңыз
қате шығып немесе кешіктірілсе,
журнал сапасы ұнамаса
арыз-шағым қабылдау нөмірі**

8 776 007 47 70

**Айына бір мәрте жарық көретін халықаралық ғылыми-ақпараттық,
танымдық-тәрбиелік журналы**





Меншік иесі: ЖК “Жарқын” (Қызылорда облысы)

Директоры, бас редакторы: Қайран Еркебұлан Жарқынбекұлы

Жауапты хатшы: Ізбасарова Зарина Болатбекқызы

Беттеуші дизайнер: Мағжан Мұратұлы

Ақылдастар алқасы:

Қожамбердиев Б. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының кафедра меңгерушісі, философия ғылымының докторы

Серікбаев С.Қ. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институт директорының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты

Ахметова Б. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты

Ешимова Ұ.З.. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты

Махмұтов Б.Б. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, химия ғылымдарының кандидаты

Исаева Ж. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

Маханбетов О.М. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ДБО жетекшісі, педагогика ғылымдарының магистрі, ұлттық тренер

Марсали Р. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы

Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, ұлттық тренер



“31 Салтанат” бөбекжай- бақшасы
Тәрбиешісі

Абдикадиrowa Маржан Сыдыққызы

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе!»

Сәби дүниеге келген сәттен анасының ақ сүтін ішіп, аяулы дауысымен әндеткен бесік жырын тыңдайды. Ес біле келе, бүлдіршін қоршаған айналасындағы жайттарға тамсана қарап, өз бойында ерекше қасиетті қалыптастыра бастайды. Оның өзіне деген сенімділігі, Ис-кимылы, және бойындағы ізгілікті қасиеті тәрбиеден бастау алатыны рас.

"Отбасы өнегесі-Отан өнегесі» дегендей жасөспірімдердің үлгілі тұлға болып қалыптасуына отбасының тигізер әсері мол. Ата-ананың бала өміріндегі ең басты парызы-жақсы тәрбие беру. Әке мен ана сәбиге әлем табалдырығының алғашқы қадамын аттауға көмегін тигізіп, азамат болып қалыптасуына ат салысады. Келешекте шыққан қадамының еңбегін бойына сіңіру, баланың өзіне байланысты.

Абай Құнанбаев «Балаға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады. Ең бірінші-ата-анадан, екіншісі - ұстазынан, үшіншісі -досынан. Бала сол тізгіндегінің қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады»-деген дана сөзін пайымдап кеткен. Сондықтан да, бала жаман әдетті де, жақсы әдетті де ең алдымен бізден алады.

Бала тәрбиесінің өрісін дамытуға үлес қосатын келесі жандар – тәрбиешілер. Даналығын бүлдіршін жүрегіне жеткізе білу недеген керемет қасиет десеңізші...

Ата-анасының көзінің қарашығындай сақтаған, бала арманын биік шыңдарға жеткізу, тәрбиешілердің міндеті. Бүлдіршіндердің періштедей күлімсіреген, бақытты сәттерінің себепкері болу үшін, тәрбиеші мейірімді жан болуы қажет. Қамқорлығына алған әрбір балаға көңіл бөліп, көмек көрсету тәрбиеші жүрегінің тазалығын айқындайды.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп Мұхтар Әуезов атамыздың ұрпағына қалдырған нақыл сөзі бар. Бұл қағиданың астарында тәрбие жайлы қаншама мағына жатыр. Расыменде балалар еліміздің бетке ұстар болашағы емес пе? Қазақ халқының мақтанышы болуы үшін, балаларға тәрбие тағылымын балабақшадан бастау керек деп ойлаймын.

Мен Жетісу Облысы Талдықорған қаласының №14 “ Айбөбек” бөбекжай балабақшасында 10 жыл еңбек етудемін. Тәрбиеші мамандығы бойынша іс атқарып, бүгінгі күнге дейін бала тәрбиесінен жалыққан емеспін. Керісінше балдырғандарды жұлдыздай жарқыратып, бақытқа бөлеу мен үшін шексіз жетістік.

Жүрегімдегі инабаттылық, кішіпейілділік, қайратты әрі мейірімділігімді бала тәрбиесіне толыққанды жұмсауым керек. Қоршаған ортаны сүю мен аялауды бүлдіршіндерге өзіміз көрсеткенеміз жөн. Келешекте әр тәрбиелеген баламды зәулім шыңдардан көру үшін, өзімнің аз да болса үлесімді қосатын болсам, дүниеде менен асқан бақытты тәрбиеші болмайтыныны мәлім.

Шайқорық ауылы «Ақбота» бөбекжай-бақшасы

Абилова Гульнара Ериковна

Балабақша мен отбасының бала тәрбиесіндегі бірыңғай талабы

Қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл – қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі – ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы. Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата – ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе алмастыра алмайды. Отбасы – өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын. Отбасы – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді. Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру. Еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне – өзі қызмет етуге үйрету. Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым – қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету. Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім – тәрбие беріледі. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген даналық сөздердің мағынасы өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Осы кезде «Баланың тәрбиесін бастамас бұрын, өзіңіздің мінез – құлқыңызды, өмірге көзқарасыңызды ой елегінен өткізіп, бақыладыңыз ба?» деген сауал туады. Ұлы педагог А. С. Макаренко: «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата – ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата – ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады» деген. Отбасы – барлығының басы, жан – жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата – ана мен баланың қарым – қатынас нәтижесінде, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше – баланың алғашқы тәрбиешілері. Ата – аналар бала бақытының шынай бағбаны болуы тиіс. Бала бақыты – білімде. «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды», - деген А. Байтұрсынов.

Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ , яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды , назар салатын басты мәселенің бірі.

Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет .

Мемлекетіміз келешекте жас ұрпақтың еліміздің азаматы болуы үшін денсаулығына, отбасына, ойынға, білімге деген құқықтарын толығымен қуаттап, қабілеттерін барынша жүзеге асыру және үлкен жетістіктерге жетуде табанды болуын қалайды.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі-дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі-дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.

Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерін қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке –бірлікті, түсінікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқығы қорғалуы тиіс. Отбасы –адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Ол бала үшін бір үлкен әлем, осы әлемде бала алғаш өмірмен қарым –қатынас жасап, өмірді сүюді, қиындыққа көнуді, қуануды, қайғыға ортақ болу керек екенін ұғынып өседі. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі –отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек.

Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттілігін түсінетін болады. Отбасы тәрбиесі кешнеді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады. Сондықтан кез келген педагогикалық тәрбие отбасымен қарым-қатынас жасамай іске аспайды. Сондықтан балабақшадағы оқу-тәрбие ісінде басты мақсаты ата-анамен тығыз байланыста жұмыс жүргізу болып саналады. Бұл барлық педагогтерге түсінікті жайт, дегенмен әлі күнге дейін балабақша мен ата-аналармен жұмыс жүргізу кәзіргі күннің өзекті мәселерінің бірі болып тұр деп ойлаймын. Сол себептен балабақша ұжымы, тәжірибелі педагогтердің жұмысының арқасында бүлдіршіндерге ең жақын адамдардың бізбен бірге бірлесе отырып тәрбие ісіне араласуына ат салысып жұмыс жүргізуіміз керек. Біз бірге болуымыз керек екенін ұғындыру біздің басты міндеттеріміздің бірі екенін естен шығармауымыз керек.

Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлерінің орнығуына байланысты. Отбасында түрлі қарым-қатынастар орын алады:

- ынтымақтастық қарым-қатынас, яғни отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы түсініктік пен көмекке бағытталады.
- ортақ мүддеге негізделген бірыңғай қарым –қатынас
- жақсы қарым-қатынасты сақтай отырып, өзара жетістікке жетуді көздеген қарым-қатынас
- бәсекелестік, барлық жағдайда өзінің бәсекеде ұтуын көздеген қарым-қатынас;
- түрлі себептермен туындаған отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас;

Демек, әр отбасында түрлі қарым-қатынастың орнығуынан баланың жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Отбасында түрлі қарым-қатынас қалыптары көрініс береді. Кейбір отбасында отбасы мүшелерін бетімен жібереді, мұндай жағдайда ешқандай қарым –қатынас болмайды. Ал, кейбір отбасында бедел орын алған қарым-қатынас орнайды. Оның да өзіндік ерекшеліктері бар, онда біреудің басқаларға басымдылық танытуы, бұйыруы баланың тұлғалық қасиетінің дамуына жағымсыз ықпал етеді. Қазіргі кезде заман ағымына қарай, отбасында демократиялық қарым-қатынасқа ұмтылушылық бар, яғни әр отбасы мүшесі тең құқықты қарым-қатынасты орнатуды көздейді. Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана

баламен рухани үндестік пен үйлесімдікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық – пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Ата-ана және әлеуметтік орта, яғни балабақша болашақ азаматтың денсаулығын жастайынан сақтау үшін, оның тәнінің дұрыс түзеліп қалыптасуына, салауатты өмір салтын нығайтуға ерекше мән бергені бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып саналады. Бала тәрбиесінде ата-ананың орны ерекше. Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ «Бақытыңды басқадан емес, балаңнан ізде»-деген даналық сөз бар. Кез келген адам өзі жете алмайтын бақыт деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреу даңқ пен атақтан, маңсап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты-тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Ұлықтан хақим «ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні-өз ұрпағы. Отбасындағы бала тәрбиесіндегі үлкен тұлға-әже мен ана. Әжелердің ұстамдылығын, төзімділігін, сабырлығын, қиыншылық атаулыға қажырлықпен қарсы тұруы үнемі үлгі. Олар немерелеріне аңыз-әңгімелермен, мақал-мәтелдермен таныстырады. Шоқанның Айғаным, Абайдың Зере, Мұхтардың Дінасыл әжелері қазыналы бұлақтың көзі болған. Ал, көпті көрген қариялар-өз балаларының ғана тәрбиешісі емес, иісі қазақтың ақылшысы, кеменгерлері. Баланың айналасындағы бүкіл өмір шындығы-табиғат, қоғамық орта, ең алдымен адамдар, бәрінен бұрын ата-аналар мен тәрбиешілер тәрбиелейді. Тәрбиелеу дегеніміз- балаға мақсат қойып, ұйымшылдықпен және жүйелі ықпал жасау деген сөз, осы ықпалдың арқасында бала тәрбиеші талап еткен мінезге ие болып, мінез-құлық ережелерін бойына сіңіреді. Тәрбие баланың дене және ақыл-ой қабілетін дамытады, оны алдағы еңбекке даярлайды, сол бойынша қоғамның болашақ белсенді қайраткерлері өсіп шығады. Отбасының негізгі міндеттері: 1. Баланың өсіп дамуына толық жағдай жасау; 2. Балаға әлеуметтік-экономикалық және психологиялық қорғаушы болу; 3. Өз халқының этно-мәдениетінің тәжірибесін ауыстыру; 4. Баланың адамгершілігін дамытуға мүмкіндік жасау; Отбасы- адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрып қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиеге белгілі бір уақыт бөлуді талап етпейді. Баланың күні бойы іс-әрекеті толықтыруды, қадағалап отыруды қажет етеді. Бұл мезетте балаға деген ата-ана мейірімінің, шапағатының ықпалы ерекше орын алады.

Ата-анаға мынадай кеңесті ұсынамын: 1. Баланың әр күнді бастауы, қарсы алуы сәтті болу керек; ол үшін таңертен баланы оятқанда жайлы, баппен оятыңыз; ол сіздің күлімдеп, мейіріммен өте жақсы көріп тұрғаныңызды сезуі керек. 2. Балаға балабақшаға барар алдында сенімділік сәттілік тілеу керек. 3. Бала балабақшадан келгенде бірден сұрақтар қойып, қарсы алмау керек. 4. Бала бірдене айтқысы келсе, қарсы болмай тыңдау керек. 5. Бала ренжіп отырса, себебін өзі айтқанша асықпаңыз. 6. Балаңызға қатты дауыспен сөйлемеңіз, баланың жүйкесіне әсер етеді.

Түйіндей келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып табылады.

Атырау облысы Мақат ауданындағы “Болашақ” бөбекжай балабақшасы

Айнова Камшат Амантайқызы

Ұлттық тәрбие – ұлағат көзі

Баланың ерте жасында дамуы өте маңызды болып табылады, ол кезеңде баланың ақыл-ойы, ойлау, сөйлеу, қозғалу процестері құрылады және белсенді дамиды. Сондықтан, бұл кезеңдер баланың дамуына маңызды. Осы ретте, мектепалды ұйымдарының, бөбекжай-бақшалардың баланың дамып-жетілуінде маңызды рөл атқарады.

Әрбір педагогтың алдына қойған мақсаты бүлдіршін бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерді оқу-тәрбие үрдісінде жан-жақты қалыптастыру арқылы болашақта ел тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелеу. Әр тәрбиеші ұлттық тәуелсіздікті нығайтуда, салауатты қоғам құруда, бірлік пен татулықты арттыруда жас ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріп, ұлттық құндылықты оқыту үрдісінде пайдалануы тиіс. Саналы, білімді, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрді құрметтейтін ұрпақ тәрбиесіне руханиятымызды, дәстүрімізді, мәдениетімізді, тілімізді, өнерімізді пайдалана отырып ұлттық тәрбие мен білім беруге аса мән беруіміз қажет. Өсіп келе жатқан бүлдіршіндерімізге тәлім-тәрбие, білім беруді жетілдірудің бағыттары осы педагогика ғылымында ұлттық құндылықты қалыптастыру болып табылады. Өркениетке қадам басқан еркін елдің өренін тәрбиелеу мына біздердің үлесімізге тиіп отыр.

Бала – біздің болашағымыз. Өсіп келе жатқан балаларға ұлттық тәлім-тәрбие беру үшін ең алдымен тілді меңгеру керек. Өзінің ана тілі жоқ халық ұлт болып қалыптаса алмайды. Біздің қазақ халқы рухани зор байлықтың мұрагері. Халқымыздың мәдени мұрасын таныту арқылы әлемдік мәдениетке жетеміз. Ұлт болашағы мен ұлт өкілінің тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты. ХХІ ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Бұл енжарлықты көтермейтін уақыт. Аманатқа қиянат жасамау халқымыздың ізгі ұлылық дәстүрі. Ата-бабамыздан сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы, ұлттық рух, намыс, тілі мен мәдениетін жас ұрпақ бойына сіңіру баршамыздың парызымыз. Баланың нағыз толыққанды тұлғаға айналуы үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни, тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің бөбекжай-бақшада ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Бөбекжай-бақшаға ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет.

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: АДАЛ ҰРПАҚ, САПАЛЫ БІЛІМ, ТАБЫСТЫ ҰЛТ» тамыз конференциясы аясында келер ұрпақ тәрбиесіне ата-анамен қоса, педагогтардың, тәрбиешілердің еңбегі орасан зор екенін айқындап көрсеткендей. Қазақ

халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогикада жатыр. Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Олар – ұят болады, обал болады, жаман болады. Ұят боладысы – кемел иманын, обал боладысы – мейірімін, жаман боладысы – ізгілікке бастар жол екенін сөзсіз түйсінесің, әрі сүйсінесің. Тәрбиенің тал бесігі – балабақша табалдырығынан бастау алып, ізгілік пен парасаттылыққа жол көрсетер іргелі орынның бала тәрбиесінде маңызды рөл атқаратынын есімізден шығармағанымыз абзал. Тағылымды тәрбиенің тәлімін бала бойына қалыптастыратын ұлтжандылық пен адамгершілік жүрегіне ұялататын тәрбие ошағының қазіргі таңда бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеуде өзіндік орны мен үлесі зор.

«Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», - дейді. Осы бір ұлағатты ой астарында отбасында - ата-анасынаң мектепке дейінгі ұйымда – тәрбиешіден талап етілетін тағылым жүгі жатыр. Жер бетінде мекен еткен адамзаттың бір бұтағы — бір халықтың қандай да дара қасиетке ие болып, қандай бет-бейнесімен көрінуі — сол халықтың мектебінің бет-бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Әрине, отбасында бала ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленіп келіп, ол тәрбие бөбекжай-бақшада жалғасын тауып жатса, бала өте құнарлы этномәдени білім мен тағылым алары анық. Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешінің, ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты, өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы – отбасында, екіншіден, бөбекжай-бақшада болғандықтан, ата-ана мен бөбекжай-бақша болып бірігіп жұмыс атқару – бізге артылар басты міндет.

Қорыта келгенде, кез келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мқты болмақ. Сондықтан баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, туымызды жықпай, ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады. Жалпы бөбекжай-бақша тәрбиешілерінің педагогикалық күш-жігері Отанды, халқымызды, туған-туысты құрметтейтін шығармашыл және талантты ұрпақ тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Алдымызда осы құндылықты бойына сіңірген, Отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аябайтын, білімді иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауымыз керек.

Байзақ ауданы Сеңкібай ауылы Еңбек орта мектебі

Ақилбекова Рауан Турысбековна

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Жас ұрпақты әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Мұғалімнің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде, кез келген уақытта өз іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт.

Осыған орай информатиканы оқытудың негізгі мақсаты - әрбір оқушыға информатика ғылымы негіздерінің алғашқы фундаментальды білімін беру, оқушыларға осы білімді мектепте оқытылатын басқа ғылымдарының негіздерін түпкілікті және сапалы түрде меңгеруге қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Жаңаша білім беру мазмұнына көшу жағдайында оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану, жаңа технологияны қолдану, педагогикалық қарым-қатынас стильдерін қамтиды.

Белсенді оқу - шынайы өмірден алынған және ойдан шығарылған жағдайларды қолдана отырып оқушыларды ойланып, күрделі мәселелерді шешуге жетелейді. Білім беру бағдарламасының барлық салаларын барлық сатыларда белсенді оқу тәсілдерімен толықтырып, кеңейтуге болады. Белсенді оқу білім, дағды және көзқарас деп аталатын оқудың негізгі үш саласын қамтып, оқудың бұл таксономиясын «оқу үдерісінің мақсаты» деп санауға болады. Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Информатика сабағында топтық және жұптық жұмыстар, рөлдік ойындар қолданылады. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, басқаларды оқыту нәтижелері бойынша таныстырылымдарды, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді.

Белсенді оқудағы мұғалімнің ролі - оқушылардың жетістікке жету шамасына қарай оған енді мұндай аса қамқорлықпен қолдау көрсету қажет болмайды, олар енді өздігінен жұмыс істей алады. Осындай оқыту әдісін әрі қарай дамыту үшін мұғалімдер бастапқыда оқушыға жақсы қолдау көрсетіп, кейін оны біртіндеп азайтып отыруы керек. Мұғалім оқушылардың ойлау үдерісін ынталандыратын тапсырмалар мен сұрақтарды қолдана отырып, информатика пәнінде қарым-қатынас жасау үдерісіне тартуы қажет. Мұғалімнің сұрақтары алшақтатушы, жақындатушы, көрсетуші, референттік, болжаушы, тұжырымдамалық және әдістемелік сұрақтардың үйлесімінен тұрады. Осындай сұрақтарды тиімді қоюдың нәтижесінде оқушылар өздерінің және өзгенің ойын түсіне алатын, сонымен қатар дәл осы сәтте олардың не істей алатындықтарын білетін болады және тағы да қандай жетілдірулер қажеттігін байқай алатын ұжымдық талқылау да қолданылады. Белсенді оқыту оқушының оқу сауаттылығына қатысты ойлары мен дағдыларын дамытуды қолдайды. Мысалы: **Жұппен ойлаңыз**. Жұппен ойлау тапсырмасын орындау барысында олардың тақырып туралы ойлауға, ойларын жазуға және әріптестерімен талқылауға мүмкіндіктері пайда болады, қорытындысында олар талқылауға дайын болады. Мұғалім оқушылардың пікірлерінің дәлдігі мен орындылығына да назар аударуы тиіс, сонымен бірге оқушыларға өз ойларын еркін білдіру мүмкіндігін де беруі тиіс, ал берілген тапсырма бойынша ескертпелер жасауда мұғалімнің әрекеті айқын болмаса да жылдам әрі шапшандыққа қол жеткізуге бағытталған болуы тиіс.

0quшылардың бiлiмге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бiрi – сабақта ойындарды қолдану. Ойын арқылы баланы ойлата бiлу. Информатика сабағында мынадай белсендi оқытудың әдiс-тәсiлдерiн қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, бiлiм сапасын жетiлдiрiп, сауатты болуға дағдыландырады. **Ойлан, жұптас, бөлiс** – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берiлгеннен кейiн оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсiл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейiн әрбiр оқушы жекеше өз ойлары мен пiкiрiн берiлген уақыт iшiнде (2-3 минут) қағазға түсiредi. Содан кейiн оқушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пiкiрлеседi. Мұғалiм 2-3 жұпқа өз пiкiрлерiн бүкiл сыныпқа жариялауын сұрануына болады. **Кластерлер (жүзiмнiң шоқтары деген мағынада)**. Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негiзгi тақырып немесе тiрек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленедi, оқушылар оларды бiр-бiрiне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгiмелейдi. **Алдын – ала берiлген атаулар** – мұғалiм сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бiрнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ iшiнде ауызша, жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейiн мұғалiмнiң бiрнеше оқушының ойы мен пiкiрiн тыңдауына болады. **«Джигсо»** әдiсiнiң артықшылығы – топта жұмыс iстеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететiндiгi.

Мұғалiм сыныпты шағын топтарға бөледi (әдетте, төрт адамнан). Мұғалiм оларды сыныптың тепе-теңдiгiн сақтай отырып, жынысына, қабiлетiне, қарым-қатынастарына қарап бөледi.

Құрылған әр топқа дәстүрлi тапсырма берiледi. Тапсырма үлестiрме материалдар түрiнде таратылады. Күрделiлiгi бойынша оқуға арналған материалдiң тиiстi күрделiлiк деңгейi сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың iшiнде топтың әр мүшесiне бiр сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ iшiнде оқушылардың өзара келiсуi арқылы бөлiнедi. Сабақты бекiтуге және үй тапсырмасына қолдануға болатын әдiстер: **Ыстық орындық** - Бiр оқушы алға шығып өз пiкiрiн айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап бередi. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшiн, оқушылар белгiлi бiр пiкiр бойынша бiрлесiп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгiлi бiр рөлдi немесе адамды сомдай алады.

Оңай және қиын сұрақтар кестесi. Бұл кестенi оқушылар қандай да болмасын мәселе бойынша өз пiкiрiн келтiру үшiн немесе жаңа ақпаратпен танысқанда толтыра алады. Кестенiң сол жағына олар түсiнiктерi боцынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтiредi. Мысалы, оңай сұрақтар дегенiмiз мәтiнде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтiнде жоқ, оларға тек өзiндiк тұрғыдан ғана жауап беруге болады.

ББҮ кестесi (Бiлемiн /бiлгiм келедi/ үйрендiм) – сабақтың басынан аяғына дейiн қолданылады, өйткенi стратегия сабақтың барлық сатысын қамтиды. Сабақтың барысында оқушылар берiлген тақырып бойынша не бiлетiндерiн ойланады, содан соң сұрақтар құрастырады және осы сұрақтарға өздерi жауап iздейдi.

Венн диаграммасы. Оқушыларды синтез /анализ/ бағалау жоғары деңгейдегi ойлау қызметiне әкелетiн салыстыра бiлу қабiлетiн дамытуда қолданылады. Сабақты бекiту үшiн бұл стратегия тиiмдi болып есептелiнедi, бiрақ қызығушылығын ояту кезеңiнде де пайдалануға болады. Бұл стратегияларды ұйымдастырғанда оқушылар бiр-бiрiне көмектесетiндей, бiр-бiрiмен бiрiгетiндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек бiлiм беру қызметiн ғана емес, тәрбиелеу қызметiн де атқарады. Мұндай сабақтардың өтiлуi нәтижесiнде оқушыларда бiр-бiрiмен сөйлесе бiлу мәдениетi, тәртiптiлiк, топқа және бiр-бiрiне жауапкершiлiк сезiмнiң болуы, менмендiк және жалқаулықтан безу қасиеттерi қалыптасады. Оқыту барысында оқушыларға егжей –тегжейлi мәтiндi түсiнуге, кейiпкерлердiң рөлiн сомдауға, дұрыс түсiнуге және алған бiлiмдерiн тәжiрибемен байланыстыра қолдана бiлуге, пәнаралық байланыстарды iске асырып отыруға мүмкiндiк бередi.

Сабақтың жаңа тақырыпты түсіну бөлімінде «*Постерлер*» әдісін пайдалану тиімді. Бұл тапсырманы оқушыларды топтарға бөлу арқылы орындалады, оқушылар ұжымдаса бірігіп жұмыс жасайды. Берілген жаңа оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді, бірілген ақпараттар бойынша нақтыламарды анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.

Менің ойымша, оқушылар бүгінгі күні шығармашылық тапсырмаларды орындауды табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет. Метатәжірибе өз кезегінде басқа тәжірибелер қалыптастыратын дәйектерді, әрекеттер мен байланыстарды өзгертеді. Басқаша айтқанда, тәжірибені өзгерту - бұл істеп жатқан ісімізді өзгерту, түсінікті өзгерту - бұл біз қалай ойлайтынымызды өзгерту, жағдайды өзгерту- бір-бірімізге деген қарым-қатынасымызды өзгерту дегенді білдіреді.

XXI ғасыр - білім мен ғылымның, дамыған техниканың дәуірі. Кезінде Абылай ханның өзі: «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмейік», - деп болашақ ұрпақ үшін білім алудың маңызын ескеріп өткен. Шынымен де, қазіргі уақытта дамыған әлем елдері бір-бірімен күш таластырып емес, ғылыми жетістіктерімен бәсекеге түсуде. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің бір сөзінде: «Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек! Ел болашағының баянды болмағы баста бұлықсыған білім мен қолда ойнаған еңбекке байланысты» - деп, жастарды білім жолына шақырады.

Бүгінгі таңда білім саласы қарқынды түрде дамып келеді. Заманауи технологиялардың дамуына сай мұғалімдер де өз біліктіліктерін арттырып, жаңашылдыққа бейімделуде. Ол үшін бүгінгі күні барлық мүмкіндіктер жасалған. Біздің тарапымыздан тек ізденім мен талап керек. Жалпы сабақ барысын түрлендірудің әдіс-тәсілдері өте көп. Және оларды әр сыныпқа бейімдеп қолдану мұғалім шеберлігіне тәуелді деп білемін.

Әдіс-тәсілдер дегеніміз не? Әдіс-тәсілдер – сабақтың мақсаты мен мазмұнына негізделген, оқушы мен мұғалімнің тақырыпты ашуға барар жолында қолданатын амалдары. Осы амалдар тиімді болса оқушының қызығушылығы арта түседі, ал егер тиімсіз болса құлшынысы жойылады. Бала ынтасын асыру үшін мен өз сабақтарымда қолданып жүрген тиімді тәсілдерім мен олардың жүзеге асырылу туралы айтып кеткім келеді.

Өз сабақтарыма жаңа әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып енгізудегі мақсатым:

- оқыту сапасын жоғарлатуға үлсімді қосу;
- оқушылардың білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру;
- балаларды жұпта да, топта да жұмыс жасауға бейімдей білу;
- информатика сабақтарында балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойын элементтерін жиі қолдану;
- балалардың қызығушылығын арттыру үшін сабақта қолданатын амалдарын түрлендіріп отыру;

Ендеше сабақтарда жиі қолданылатын әдіс-тәсілдер мен жаңа платформаларға жеке-жеке тоқталып өтейін.

Информатика сабақтарында «Парадокс» әдісі (мұғалім оқыған мәтіннен балалар қатені тауып, дұрыстайды: принтер – енгізу құрылғысы, модем – шығару құрылғысы), «Өрбіту» әдісі (сөздерді сипаттау арқылы ой өрбіту: Enter, Shift, Tab, Ait батырмаларын айтқанда пернетақта екенін табу керек), «Суретке қарап детальдарды жазу» (баланың зейінін шоғырландырып, байқағыштыққа

баулиды, есте сақтау қабілетін анықтауға көмектеседі), «Жасап көрсет және әңгімеле» әдісі (пракиикалық жұмыс) «QUIZ LET» - әдісі.

Бұл әдісті жүргізудің 8 тәсілі бар:

1. Үлестірме
2. Оқылым.
3. Мәтіндік жазылым
4. Тыңдалым
5. Тест тапсырмалары
6. Сәйкестендіру
7. Кім жылдам?
8. Топтық

«QUIZZZ» - әдісі. Бұл әдісті жүргізудің 3 тәсілі бар:

Тест тапсырмалары, Топтық жұмыс, Суреттерге қарап атауын белгілеусынды танымдық зияткерлік ойындарды өткізу арқылы оқушыларды информатика пәні бойынша алған білімдерін сынап қана қоймай, олардың пәнге деген сүйіспеншілігін, оны әрі қарай терең зерделеуге деген ынтасын арттыруға болады. Ал қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география және басқа да пәндермен сабақтастыра отыра кіріктірілген сабақтарды өткізу арқылы мұғалім оқушылардың ізденімпаздық әрекетін арттырады әрі өзінің кәсіби-шеберлігін шыңдайды.

Техниканың дамуы ілгері басқан бұл заманда оқушылардың өздері күнделікті өмірде смартфон, теледидар, планшет, ғаламторға қосылған компьютер сынды көптеген заманауи «гаджеттерді» емін-еркін пайдаланып үйренген. Сол себепті мұғалімдерге оқу үдерісі кезінде балаларға жай ғана ауызша түсіндіру, оқулықтағы ережелер мен жаттығуларды орындау, тақтада жұмыс жасату сияқты бұрынғыдай дәстүрлі жолдармен олардың назарын шоғырландырып оқыту қиынға соқты. Міне, осы кезде ақпараттық-коммуникативті технологиялар (АКТ) педагогтар үшін үлкен қолғабыс болады.

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиялық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген. Сол себепті білім беру саласында қызмет ететін барлық оқытушылар бүгінгі таңда АКТ технологиясына бет бұрып, оны оқу үдерісінде белсене пайдалану үстінде.

Сондай-ақ түрлі тақырыптарға пікірталас өткізу, дөңгелек үстел, «квест» сабағы, саяхат не ойын сабақтары кезінде оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым сынды төрт маңызды әрекетін белсендендіріп, тақырып бойынша тиісті арнаға «бұруға» болады. Мен әрдайым шығармашылық ізденісте боламын, отандық цифрлық онлайн-дамуүстінде. Мен шағын ұжымдар немесе тіпті жеке берілген адамдар жасаған жобаларға үлкен құрметпен қараймын. Әсіресе, бұл біздің мұғалімдерімізге пайдалы білім беру жобасы болса. Ал енді нағыз шебер ұстаз жан-жақты шет елдік цифрлық платформаларды да зерттеп, балаға жағымды, сабақ өтуде қызықты құралдарды пайдаланады.

Соның бірі Ресейлік Learnis білім беру платформасын ұсынғым келеді. Learnis білім беру платформасы, ең алдымен, көп функциялы болуымен ерекше. Оның көмегімен сіз жасай аласыз

§ білім беру квесттері

§ дидактикалық ойындар (ӨЗ ОЙЫНЫ)

§ терминологиялық сөздіктер (флэш-карталар)

§ интерактивті бейне.

Learnis-ті жасаушы - Екатеринбург мұғалімі Новиков Максим Юрьевич


Learnis.ru қызметі «бөлмеден шығу» жанрының квесттерін құруға мүмкіндік береді. Мұндай квесттерде ойыншыларға бөлмеден әр түрлі заттарды пайдаланып шығу, анықтамалар табу және логикалық есептерді шығару тапсырмасы беріледі. Білім беру квестін құру үшін іздеу квест оқиғасы арқылы алға жылжу үшін шешілуі керек міндеттерге жауап бола алады. Сонымен, оқытушы өзінің пәнінің мазмұнын қосып, ізденісті және қызықты етеді.

Алдағы уақытта балалардың білімін арттыру мақсатында жаңашыл технологияларды пайдаланып, заманға сай өзгеріп, жаңашыл ұстаз болу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын деп ойлаймын.

Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайындағы белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану тиімді. Оқыту тәсілдері оқушылардың табысын арттырады.

Олай болса, ХХІ ғасыр - информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан - жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде - өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.



Алматова Айниса Амангелди қизи

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы
“Еркемай” бөбекжайы
Қазақ тілі мұғалімі
Шахтинск қаласы

Ұлттық ойын «Бестемше»

Бестемше ойыны — әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл ойынның басты қасиеті — жеке тұлғаның сана-сезімін жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтын халқымыз, жасөспірімнің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген.

Қазіргі кезде бестемше ойынының елімізде және шет елдерде кеңінен таралып, балабақша және мектеп бағдарламаларына енуі — ұлттық ойынның бала тәрбиесінде алатын маңызына байланысты болып отыр. Осыған байланысты, осы ой өнерінің жасөспірім тәрбиесіне беретін қандай маңызды ерекшеліктері бар, соған тоқталайық:

Бестемше ойынының маңызы

— Ойлау			жүйесін				дамыту;
— Дербестікке							үйрету;
— Назарды						шоғырландыру;	
— Уақытты			тиімді			пайдалану;	
— Жоспарлау		және	бас		тартуды	үйрету;	
— Жадыны	жақсарту	және	есте	сақтау	қабілетін	дамыту;	
— Қол			моторикасының			дамуы;	
— Жан-жақты қалыптасу.							

Бестемшенің басты маңызы — ойлау жүйесін дамытады

Бестемше ойыны — математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау — оның негізгі өзегі. Сондықтан оқушы ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек болады. Өйткені өмірде де болашақ істеріңді алдын-ала ойлау — негізгі мәнге ие.

Дербестікке үйрету

Бестемше жасөспірімнің тек өз ақыл-ой күшіне ғана сене алатынын тәжірибе жүзінде көрсетеді. Бала ойын барысында тек өзі ғана ойланады, өзі ғана шешім қабылдайды. Сондай-ақ, оңаша кезде есеп шығарса да, ойын барысына талдау жасаса да, жарысқа қатысса да тек өзінің сана-сезімімен ғана жүзеге асырады. Яғни ойын тұжырымдамасы тек өзіне ғана сенуіне үйретеді

Назарды шоғырландыру

Бестемше ойнаған балалар алғашқы кезде бір орнында отыра алмай, жеңілтек мінездер көрсетеді. Олардың назары біресе ойында, біресе телефонда немесе басқа жақта болады.

Уақыт өте келе ойынның құндылықтары оны шыдамды, төзімді етіп тәрбиелейді. Баланың назары тек тақтаға ғана ауып, ойынға ықыласы артады. Ойыннан қуаныш алып, жаман мінездерден арылады.

Уақытты тиімді пайдалану және жылдам шешім қабылдау

Бүлдіршін назарын ойынға аударған соң, ол бос уақыттарында бестемше ойнап уақытын да тиімді пайдаланады. Жарысқа қатысқан кезде бестемше ойыны барысында тақтадағы жағдайға байланысты тез және тапқыр шешім қабылдау керек. Өйткені сіз ұзақ ойласаңыз уақыттан жеңілуіңіз мүмкін. Сондықтан әрбір минутты және секундты қадірлейсіз.

Жадыны жақсарту және есте сақтау қабілетін дамыту

Бала ойынға берілген сайын ойынды қалай бастау керек, қалай аяқтау керек, бәрін есінде сақтайды. Әр құмалақтың жүріс жасаған сәтіндегі орны мен оның барған жеріне дейінгі аралықта отаулардағы құмалақ санын үнемі есептеп, жаңылыспау керек. Мұның барлығы баланың есте сақтау қабілетінің дамуына көмектеседі. Әрбір жақсы жүріс әдетке айналып, ол есінде қалады.

Қол моторикасының дамуы

Бестемше ойынында ұсақ шарларды ұстау кезінде қолқозғалысы арқылы ми және жүйке талшықтарына әсер етеді. Сонымен қатар, ойын барысында қол қозғалысының жылдамдығы сағатты басу кезінде ойын тағдырына да әсер етеді. Қол моторикасын дамыту — өз саулығыңызды үнемі зияткер ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Жан-жақты қалыптасу

Осы жоғарыдағы қабілеттердің дамуының арқасында болашақта бала жан-жақты жетілген тұлға боп қалыптасады. Оқу үлгерімінің артуы, ақыл-ой белсенділігінің дамуы, бәсекеге қабілеттілікке бейімделуі, имидж қалыптасуы барлығы ұлттық ойынның беретін маңызы болып табылады.

Бестемше ойыны жасөспірімдердің мінез-құлқын, сана-сезімін әлеуметтік жағынан тәрбиелеп, тәртіпті тиянақтауға, ойлау жүйесін шыңдауға көмектеседі.

Қорытынды

Бұл ойын ойнаушы талғамайды: бала да, жас та, кәрі де, ойнай береді. Бестемше ойындарын 5 жастағы баладан бастап егде жастағы адамдар арасында ой спортының дағдысын қалыптастыруға болады. Балғын ойыншыларға ұлттық зияткерлік ойынның тарихы бойында түзілген ақпараттарды таныстыру оларды ойынға қызықтыра және мүдделі ете түседі.

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Диқан ауылы №2 орта мектебі

Алтынханова Мәриямгүл Бауыржанқызы

Заманауи әдіс-тәсілдерді тарих сабағында қолданудың
өзекті мәселелері

Қазіргі әлем – электронды мәдениет әлемі. Мектеп оқушыларын тарихи біліммен таныстыру процесі әртүрлі ақпарат ағыны жағдайында жүреді. Бала мен мұғалім бір-бірін түсінуі үшін мұғалім заманауи білім беру технологияларын меңгеруі керек.

Заманауи мұғалім өз жұмысында, оқу үдерісінде оң мотивацияға қол жеткізу және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тиімді әдістер мен инновациялық технологияларды пайдаланады. Білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметіндегі инновациялық үдеріс бір-бірімен тығыз байланысты.

Мектеп оқушыларының бойында негізгі құзыреттіліктерді, жалпы тәрбиелік дағдылар мен қасиеттерді, іс-әрекеттің әмбебап әдістерін қалыптастыру тарихи білім берудің басым бағыты болып табылады. Тарихты оқытудағы инновациялық технологиялар жіктеу, пайымдау, қорытынды жасау және түйіндеу, бақылау дағдыларын, қолда бар ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, эксперимент жасау дағдыларын, танымдық қабілеттер мен қажеттіліктерді, шығармашылық жобалау және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Тарихты оқытудың классикалық әдістемесі пәнді мектепте оқытудың негізін құрайды. Ол ғасырлар бойы қолданылып келеді және тиімділігін әлі де жоғалтпады. Дәстүрлі әдіс мыналарды қамтиды:

Вербальды әдіс – әңгіме, лекция, пікірталас және мұғалім мен оқушылар арасындағы ауызша қарым-қатынастың басқа да түрлері.

Баспа-сөздік әдіс – жазба дереккөзді зерттеу және оны ауызша талқылау, мысалы, оқулықтың, тарихи құжаттың абзацын оқу, одан кейін талдау, талқылау.

Көрнекілік әдісі – тарихи карталарды, кестелерді, диаграммаларды, сызбаларды талдау, тақтаны және экрандық құралдарды пайдалану. Бұл әдіс көбінесе сөздік әдісімен біріктіріледі. Оқушылар көрнекі материалмен танысады, содан кейін әңгімелесу, пікірталас және т.б. жасайды.

Практикалық әдіс – оқу объектілерімен әртүрлі әрекеттер. Тарих сабақтары үшін бұл көбінесе үлгілер мен макеттер жасауды, контурлық карталарды толтыруды, диаграммаларды салуды, кестелерді құрастыруды және т.б. қамтиды.

21 ғасыр технология ғасыры деп аталады, өйткені бүгінгі таңда адам өмірінің бірде-бір саласы жоғары технологиясыз өте алмайды. Бұл әсіресе білім беру саласына қатысты. Өз тәжірибеме негіздей отырып тарих сабағында қолданатын кейбір білім беру технологияларын қарастырайық.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Дифференциация оқушыларға бірдей көлемдегі оқу материалын ұсына отырып, мұғалімнің оларды меңгеруге қойылатын талаптардың әртүрлі деңгейіне бағыттайтындығына байланысты жүзеге асырылады. Бұл жағдайда сараланған тәсіл сынып-сабақ жүйесі жағдайында барлық оқушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылармен жұмыс әртүрлі тапсырмалар үлестіру жолымен жүреді. Мысалы:

- 1) тарихи терминдерді білу бойынша диктант құрастыру;
- 2) жаңа материалды оқу кезінде тапсырмалар карталарын құрастыру;
- 3) сыныптағы жұмыстың жиынтық кестелерін құрастыру;
- 4) берілген тарихи тақырып бойынша шығарма немесе эссе;
- 5) қосымша әдебиеттермен жұмыс.

Оқуда қиындықтары бар оқушыларға орындалатын тапсырмалар беріледі. Осылайша, аса ауыр күйзеліске ұшырамай, олар оқудың негізгі деңгейіне жетеді.

Интерактивті әдіс - өзара әрекеттесу немесе сөйлесу режимінде болу, бір нәрсемен немесе адаммен диалог жасау мүмкіндігі. Бұл әдісте өмірлік және кәсіби жағдаяттарды модельдеуді, ізденіс, эмпатия, қарама-қайшылық, тәуекел, күмән тудыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді, рөлдік ойындарды және әдістерді қолдана отырып, барлық оқушылар бір-бірімен және мұғаліммен белсенді әрекеттесетін қолайлы оқу жағдайларын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Ғалымдар мен практиктер интерактивті оқыту оқуға қызығушылықты оятудың және оқу-танымдық әрекетті ынталандырудың тиімді әдісі болып табылатынын дәлелдеді және жалпы мойындады. Бұл әдісті қолдану мыналарға ықпал етеді:

- оқу іс-әрекетінің кезеңдерін меңгеру;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- өзіне деген сенімділік арттыру;
- тәуелсіздікті дамыту;
- позитивті өзін-өзі бағалауды қалыптастыру;
- шығармашылық қабілетін дамыту;
- ұйымдастырушылық және коммуникативті дағдыларды қалыптастыру;
- тиісті өмірлік және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру;
- оқу үлгерімінің өсуі.

С.Б. Ступинаның көзқарасы бойынша келесі интерактивті әдістерді бөліп көрсету керек:

- қолайлы атмосфера құру, қарым-қатынасты ұйымдастыру әдістері;
- қызмет алмасуды ұйымдастыру әдістері;
- психикалық әрекетті ұйымдастыру әдістері;
- мағына жасауды ұйымдастыру әдістері;
- рефлексияны ұйымдастыру әдістері;
- интеграциялық әдістер (интерактивті ойындар).

Мұндай классификацияны құра отырып, С.Б. Ступина педагогикалық өзара әрекеттесудегі интерактивті әдістердің басымдық функциялары позициясын қалдырады. Педагогикалық өзара әрекеттестіктің басында оның барлық қатысушыларын бірлескен іс-әрекетке жедел қосу, олардың өзін-өзі белсендіруіне жағдай жасау үшін қолайлы атмосфераны құру және қарым-қатынасты ұйымдастыру әдістері қолданылады.

Тарихты оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар да инновациялық технологиялар қатарына жатқызылады. Мұғалім сабағында презентациялар мен мультимедиялық сабақтарды пайдалана алады. Бұл жағдайда мектеп оқушылары да өз бетінше көмекші жазбаларды құрастыра алады және оларды презентация түрінде көрсете алады, бұл бір уақытта жоба қызметінің элементі болады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өз бетінше, зерттеушілік және шығармашылық жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, өзін-өзі

көрсетуге және тұлғаның дамуына ықпал етуге, оқудың көрнекілігі мен эмоционалды құрамдас бөлігін арттыруға, мұражайларға виртуалды экскурсиялар өткізуге және т.б. мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесі мұғалімге көптеген инновациялық әдістердің ішінен «өзінікін» таңдауға және өзінің жұмыс тәжірибесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. В.Г. Белинский былай деп жазды: «Жаңа нәрсеге құштарлықсыз өмір де, даму да, прогресс те болмайды». Бұл сөздер баяғыда айтылғанымен, бүгінде өзекті болып отыр. Бұл сөздер заман талабына сай, алға ұмтылатын, барлық жаңалықты, жаңашылдықты игеріп, оны өз ісінің тәжірибесінде сәтті қолдануға дайын ұстазға қатысты.

Сонымен, заманауи педагогикалық технологиялар заманауи ақпараттық технологиялармен ұштастыра отырып, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін айтарлықтай арттырып, жан-жақты дамыған, шығармашылық тұрғыдан еркін жеке тұлғаны тәрбиелеудегі оқу орнының алдында тұрған міндеттерді шеше алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Теория и методика преподавания истории. Москва: Владос, 2003.
2. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. II деңгей. НЗМ ДББҰ, 2017. -139 б.
3. Әлімов А.Қ.Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану: Оқу құралы. Алматы, 2015. -180 б.
4. Кизатова Г.С. Тарихты оқыту әдістемесі: Жоғары оқу орындарының тарихмамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік оқу құралы/ құраст. Г. С. Кизатова. – Павлодар : Кереку, 2011. – 33 б.

Түркістан облысы, Шардара қаласы
Б. Соқпақбаев атындағы жалпы орта мектебі
информатика пәні мұғалімі

Атабаева Нағима Бөкенбайқызы



Ақпараттық технологияларды қолдану

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында оқыту формасы, әдістерін, технологияларын таңдау көп нұсқалық қағидалар белгіленген. Бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Мектепте білім мен тәрбие берудің негізгі формасы – сабақ. «Сабақ-оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы», -дейді А.Сухомлинский. Шындығында да ғылым мен техниканың қазіргі кездегі даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді.

Мектептік сабақ - педагогикалық шығармашылық еңбектің жүзеге асырылатын басты орны. Бұл шешудіміндетті жүзеге асыру -үзтаздың шеберлігіне байланысты. Оқу материалына қызықты, ойлана, жан-жақты даярлаудың өзі ішкішығармашылық күйді туындатып, оқушыларға берік, терең білім беруге мүмкіндік береді.[1]

Оқушының танымдық мүмкіндіктерін арттыруда мұғалім басты рөл атқарады. Оқу – білім алу қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады. Жалпы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, таным белсенділігін арттыру мақсатында сабақ барысында мынадай жұмыстар жүргізуге болады:

- 1) Деңгейлік есептер шығару
- 2) Тест есептерін шығару
- 3) Семантикалық карталар толтыру
- 4) Перфокарталармен жұмыс
- 5) Алгоритмдер құрастыру
- 6) Тірек-сызбалармен жұмыс
- 7) Сөз жұмбақтар құрастыру және оны шешу
- 8) Суретті есептер шығару
- 9) Ойын, әзіл есептер шешу т.б

Мұғалім оқушылардың танымдық қызметін арттыру үшін сабақтарды мынадай әдістермен өткізуге бол ады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану. Себебі күнделікті сабақта мұғалімнің бірнеше сөзбен айтқан ойын бала көрнекіліктерарқылы тез түсіне алады. Көрнекіліктің тағы бір маңыздылығы сол оқушылардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын қалыптастырады. Көрнекілік жасау үшін қажетті білім мен дағды керек.Көрнекі құралдың кез

келген элементі мүмкіндігінше жоғарғы дәрежеде орындалуы тиіс. Ұқыпсыз сызылған сызба, дұрыс орындалмаған график немесе кесте оқушылардың әсемдік қабылдау әсерін төмендетіп қана қоймай, жаңа материалды меңгеруіне кері әсер етеді. Осы қызығушылықтар пайда болғаннан кейін мектептегі физика сабағында оқушылар ізденушілікке бет бұрады. Сол арқылы оқушылардың физикаға деген көзқарасы жақсарып, қызығушылығы арта түседі.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа ақпараттық технологияларды жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интеграцияларды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр. Ақпараттық технологияның міндеті – оқушыларды білімге қызығушылығын, ізденушілікке баулу. Оқытуды компьютерлендіру қазіргі дидактика мен нақты әдіс тәсілді дамыту тенденциясы ретінде қалыптастырылады.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің бірі- өзіндік жұмыс, яғни сабақ барысында өз бетінше жұмыс істеуі. Оқушылардың өз бетінше ізденуі арқылы білімін көтеруі, біліктілікке талпынуы, ептілікке дағдылануы оқу процесінде белсенділігін арттырудың бір жолы болып табылады. Сабақ барысында мұғалім белгілі тақырыпты түсіндіріп болған соң немесе келесі есептер шығару сабағында әрбір оқушыға перфокарталар таратып, өздік жұмыс алуға болады. Бұл әдіс оқушының өз бетінше ізденуіне, алған теориялық білімін практикамен ұштастыруына себепші болып, өзіне деген сенімін арттырады.[2]

2.Сабақты түрлендіріп өту.Күнделікті бірсарынды өтілген сабақ оқушыларды жалықтырып қана қоймай өзбетінше ізденуіне кедергі келтіріп,қызығушылығы мен құлшынысын жояды.Сондықтан оқытудың мынандай міндеттері көзделеді: интеллекті, ойды, көңіл қоюды, жалпы оқытудың білімін, оны іске асыра алуын, дағдысын дамыту. Сабақты түсіндіру кезеңіндегі шығармашылық, белсенді, бірлескен еңбек қана оқушыны материалды тез, әрі берік меңгеруіне баулиды. Оқу-тәрбие процесінің негізгі үш көзі бар: ғылым, шеберлік және өнер. Жаңа сабақты түсіндіруде мұғалім сол материалды өзі жете меңгеріп, түсіндіру ісінде әдістемелік шеберлік танытып, психологиялық өнермен қаруланса, оқушы материалды саналы түрле меңгереді, ал бұл сабақ түсіндірудің ең негізгі заңдылығы.

Мұғалім физика сабағында оқушылардың қызығушылығын тудыру үшін ойындар ұйымдастыруына болады. Олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып белсенді жұмыс істеуін, тез ойлану қабілетін арттыруға дидактикалық ойындар, логикалық ойлауға бағыттайтын ойындар орны ерекше. Ойын – шығармашылық еңбек.Ойнау барысында оқушының дербес ойлау мүмкіндігі, көңіл қоя білу қабілеті дамиды. Физиканың сан алуан сырын сандар әлемінің қызық құбылысын, ойын элементтерімен өрнектеген сабақ қызықты әрі ұтымды. Сабақта алған білім дағдысын ойлау барысында қолдану мүмкіндігі оқушылардың зор ынтасын тудырады, білгенін тереңдетіп, жаңа іс-қимылға жетелейді. Белсенді емес оқушылар жолдастарын кейін тартпау үшін жанын салады. Тек төменгі сыныпта ғана емес, 8-11 сыныптарда да қайталау сабақтарында, сынақ сабақтарында іскерлік ойындар ұйымдастыруға болады.

3.Сабақта оқушылар өздері жасаған сызба, тапсырмаларды пайдалану. Бұл әдіс сабақ беру үрдісінде оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулудың бірден бір көзі. Жазба жұмыстары оқушылардың танымдық белсенділіктерін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі. Жазба жұмыстарынан әр баланың өзіндік көзқарасын, эстетикалық, адамгершілік танымын, талдау, салыстыра білу қасиеттері байқалады. Шығармашылық жазба жұмысының мақсаты-

логикалық ойлауды дамыту, шығармашылық қиялды, нақты нәрсені, еркін қызықты түрде беруге қалыптастыру.

Мысалы, сабақты қайталау мақсатында «Кім жылдам?» ойынын т.с.с. түрінде мұғалім өзі көрсетіп, оқушыларға осы сияқты тапсырма берсе, олар ізденеді және сыныптасының сұрағына жауап беру үшін өзі де дайындалады. Оқушыларға үйде сөзжұмбақ, тест сұрақтарын құрастыру сияқты тапсырма беруге болады.

4.Сабақта логикалық тапсырмалар орындау.Физикалық оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың бағдарламалық материалды оқып-үйренуімен қатар олардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Сынып оқушыларының қабілеттері бірдей емес. Олардың ішінде физикаға қабілетті, оқуға деген ынтасы зор оқушылар бар. Оларды жеңіл, бірыңғай тапсырмалар орындау жалықтырады. Оларға логикалық есептер шығарту керек.

Логикалық тапсырмаларды орындау- баланың ақыл-ойын, қиялын, ой-ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардытүрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырады, есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әтбір сабақта қызықты есептер оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты күрделене тусуі қажет. Мұндай тапсырмаларды орындау оқушыларды физикадан білімді болуын ғана емес, оларды күнделікті өмірде байқағыштығын, ойлауын, қиялын дамытуға негіздейді.

5.Жаңа ақпараттық-коммуникативтік оқыту технологияларын пайдалану. Бұл әдіс-білім сапасын көтеруге, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алып, оны әрі қарай жетілдіре түсуге мүмкіндік береді. Яғни, ақпараттандыру білім жүйесін модернизациялаудың маңызды бағыты болып табылады. Ал оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру бүгінгі күнде тек қана бұл технологияны сабақтарда кеңінен пайдалану арқылы ғана мүмкін болып отыр. Компьютерлік оқыту технологиясы мұғалімнің де, оқушының да шығармашылығын дамытуға тамаша мүмкіндіктер жасайды.

Компьютерлік оқыту технологиясын пайдаланып өткізген сабақтың дәстүрлі сабақтан айырмашылығы: физикалық объектілер, түсініктер және олардың қасиеттерітуралы білімді оқушы өзінің жеке танымдық қызметі арқасында алады. Мұндай сабақтарда тек қана физикалық есептерді шешу біліктері ғана қалыптасып қоймай, іс-әрекеттің тәсілдеріне де үйренеді.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды сабақтарда пайдалану әр оқушыны оқу-танымдық қызметке араластыруға мүмкіндік береді. Сонымен қорыта келгенде, оқушылардың танымдық қабілеті мен қызығушылығын, белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.Сондықтан оқушының таным белсенділігін арттыру-ұстаздың басты міндеті. Мұның жолдары көп. Тек іздене білу керек.[3]

Өзара білім алмасу мақсатында мектептегі мұғалімдердің сабақтарына қатысып отырдым. Оқушылардың ақыл-ойын, танымдық белсенділігін арттыру үшін,сабақтан тыс іс-шаралар, интеллектуалдық ойындар өткізіледі. Сонымен бірге пәндер бойынша: ана тілі, тарихтан дидактикалық материалдар дайындап толықтырып отырдым. Білім жетілдіру тақырыбы бойынша өз пәнімнен білім алушыларға арналған негізгі жаңашылдыққа бағытталған тапсырмалар жинағын құрастырдым.

Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін «үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Шетел ғалымдары тұжырымында «Білім нәтижесі оқытудың белгіленген кезеңдерін аяқтаған да, оқушы нені біледі, нені істей алады?» деген сұрақтар жауабымен аяқталады. Осыдан келіп оқыту түбінде бір нәтижелі өнімді бағытта болуы керек деп тұжырымдайды. Оқушыға берілетін білімді ұйымдастыруға сол арқылы саналы меңгеруде және оны қолдана алуында нәтиже беруі керек. Білім берудің жаңа жүйесіне байланысты оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру- оқытудың дидактикалық негізін құрайды

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов «Адам жан жемісін татпай, өмірдің терең мағынасында шын мақсатын түсіне алмайды» деген екен. Сол жан жемісін білімге теңесек, жеміс ағашын *мектеп*, ал мектеп жүрегі *мұғалімдер*. Әр бір жеке оқушы – зерттелмеген құпия. Мұғалім оның басқаға ұқсамас қасиетін табу керек. Айтып өткендей білімнің гүл ашқан жеміс ағашына айналуын қаласақ, оқушы іс-әрекетіне білім беруде өнімділігіне қол жеткізуі қажет.

Тақырып бойынша алға қойылған міндеттер толықтырылып жинақталды, әрі қарай да жинақталады. Қорыта келсек, білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, жаңа форматтағы білім алушылар пайда болатынына кәміл сенемін.[4]

Түйінді сөздер: семинар, мазмұн, форма, әдіс, жаңашылдық, әлеуметтік даму, біліктілік дағдылары.

Аннотация: Бұл мақалада, заманауи білім беру мазмұнын жаңарту жаңа өркениеттік бағдар тұрғысында, мемлекеттік стандарттарға сай, жан - жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, интеллектуалдық білім орталығы ретіндегі инновациялық мектепте ғылыми - әдіснамалық негізделген білім беруді жетілдіруде ұсынылған.

Ключевые слова: семинар, содержание, форма, метод, инновация, социальное развитие, навыки.

Аннотация: В данной статье, обновление содержания современного образования представлено в совершенствовании научно - методологического образования в инновационной школе как центре интеллектуального образования, направленного на формирование всесторонне развитой личности, соответствующей государственным стандартам, в контексте новой цивилизационной ориентации.

Keywords: seminar, content, form, method, innovation, social development, qualification skills.

Annotation: in this article, updating the content of modern education is presented in the context of a new civilizational orientation, in improving scientific and methodically based education

in an innovative school as a center of intellectual education, aimed at the formation of a comprehensively developed personality in accordance with state standards.

Сөз соңында белгілі педагог К.Д. Ушинскийдің: «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен, оның мұғалімділігі жойылады» - деген пікірін айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Физиканы оқыту барысында оқушыларды тәрбиелеу. Москва «Просвещение». 1987.
2. Бидосов Ә. Физиканы оқыту методикасы-Алматы. Мектеп. 1989
3. «Математика және физика журналы» 2005. №3. 2006 ж. №6
4. Физика оқулықтары

№19 Раушан бөбекжай бақшасы
Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Ашимова Меруерт Асылкановна

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын арқылы сөздік қорларын дамыту жолы.

Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты – балаға сөзді бұзып сөйлемей керек.

Егеменді еліміздің талабына сай мемлекеттік тілді меңгеру, оқыту, қазіргі заманға сай білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу педагогтар еншісінде. Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Сәбилердің дүниетануын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балабақшада балалардың дұрыс сөйлей білу мәдениетіне айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен теңестіру арқылы жүзеге асыруға болады. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың қиялын шарықтатып, ойлау қабілетін ұштауға болады. Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі – тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептеледі. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;

үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет болып саналады. Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішіндегі ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды.

Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойыннан өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы.

Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру

барысында балалардың сөздік қорын дамытады. Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуына жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Сонымен ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбылырымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады.

Сондықтан ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелерін ескерген жөн.

Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да атын ата», «Қай ағаштың жапырағы?», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз?», т.б.. Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш?», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта», т.б..

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйретеді. Мысалы. «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата», т.б..

Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысында ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін береді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады. Жалпы ойынды ұйымдастырып ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

№19 Раушан бөбекжай бақшасы
Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Аширова Ұлжалғас Жұмабайқызы


Біздің болашағымыз балалар

Бүгінгі күні жас ұрпақтың сана-сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз. Балабақша-бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да ибалы, үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие мекені. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы. Балалық шақ және жасөспірімдік кезең-адам өміріндегі сенім, мінез-құлық сияқты басты ұстанымдарды қалыптастыратын мезгіл. Бұл мезгілде тәрбиенің басы-отбасы. Отбасында ұрпақты тәрбиелеп шығаруда басты рөл ата-анаға жүктеледі. Өйткені өмірінің алғашқы кезеңінде нәресте қоршаған ортадан бұрын ең жақын жанашырлары-ата-анасына еркелейді. Солардан үйренеді, еліктейді. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген даналық сөздің түпкі байламы осы. Отбасы-тұлға шындалып, шынығып қалыптасатын орын. Отбасы жағдайында баланың тұлғалық қасиеттері бірте-бірте қаланады. Осы қаланған қасиеттер, әдетте, ешқандай өзгерістерге ұшырамайды да, мызғымас тұлғалық тұтастыққа айналады. Кейбір ата-аналар баласының жағымсыз қылықтары мен жүріс-тұрыстарын айтып шағынады, тіпті, осы тұрғыда психологтардан ақыл-кеңес сұрап та жатады. Алайда, көп жағдайда ондай келеңсіздіктердің себебі ата-аналар берген тәрбиеден шығып жатады. Өйткені, сол ата-аналардың өздері бұрын түрлі қателіктерге ұрынған, психологиялық тежелістерге шалдыққан жандар болып шығады. Өздерінің қатекемшіліктерін түсінбеген ата-аналар сәбилерінің неліктен өзгергеніне қатты танданып жатады. Сондықтан да бала тәрбиесі ата-ананың өздері тәрбиелеуден, өздерін жақсы халге өзгертуден басталады. Бала тәрбиесіндегі басты алғышарттардың бірі де осы. Бала тәрбиесі-баршаның ісі.

Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүдесі біреу. Ол-болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ ұрпақ тәрбиеленетін алғашқы ұя-отбасы, ата-ана құшағы. Жас сәбидің өмір табалдырығын аттағандағы алғашқы еститіні-шешесінің мейірбан сөзі, көретіні-анасының аялы алақаны. Яғни, ата-әженің өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан ұшқанда да сол өнеге-өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз. Қазірде дүниеге дені сау бала әкеліп, ол нәрестенің өсуіне, жан-жақты жетілуіне, жеті жасқа дейінгі дамуының педагогикалық мүмкіндіктерін айқындап, ата-аналармен бірлескен ынтымақты тәрбие жүйесін қалыптастыру көзделуде. Көрнекті ақын, ойшыл философ Ғұмыр Қараштың «Су басынан тұнады, өрт алдынан сөнеді» деген тұжырымы мен оның келешегі жайында айтылған. Сол тұнық судай мөлдір, пәк те таза, адал да аңғал сәбилеріміздің тәрбиесіне дұрыс көңіл аударып, оларды сөз әдебін қалыптастырып, салауатты өмір сүруге дағдыландыру-әрбір ата-ананың міндеті. Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан атаның даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ екенін айқындайды. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі-жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі танда ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артып отыр. Бала тәрбиесі-баршаның ісі. Қазір қоғам

ата-анадан өмірді бағалайтын бала тәрбиелеуді талап етіп қоймайды, сонымен бірге қоғам алдындағы жауапкершілігі мен міндетін терең сезіне білетін бала тәрбиелеуді талап етеді.

Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті-бәрі де балаға үлгі-өнеге. Бүгінгі балалар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасына тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның алар орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар жан-жақты жетіледі. Әсіресе, балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруіміз керек. Және баланың үйде отырмай балабақшаға барғаны жөн. Өйткені бала сыртқа шықса, айналадағы ортаға үйренеді, мінезі тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы-ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар. Міне, біздің кішкентай ботақандарымыз тіл шұрайының шырын балын татып өссе екен дейміз. Бүлдіршіндерге үйрететін сөздер қылыштай кесіп түсетін өткір де дәл, сезімге әсер етіп, сөйлеуде жандандыратын, ойлаудың икемділігі мен тездігін дамытатын, балалардың сөздік қорын жетілдіре түсу қызметін атқаратындай болуы шарт. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Баланың өз ойын түсінікті, ұғымды жеткізе білуі отбасынан бастап қалыптасады. Оның алғашқы ұстазы-ата-анасы, тетелес ағалары мен әпкелері. Олармен күнбе-күн араласу, сөйлесу арқылы баланың тілі күн санап жетіле береді. Баланың тілі неғұрлым бай болса, ойы да соғұрлым кең болады. Сондықтан бала тілін кішкентай күнінен байытып, ойын кеңейте түсу отбасының, балабақшаның қажырлы еңбегінің арасында жүзеге асады. Халқымыз ұрпақ тәрбиесіне ешқашан енжар қарамаған. Олардың бойына жақсы қасиеттерді дарытуды, елінің ертеңін ойлар азамат етуді әу бастан-ақ мұрат тұтқан. Өйткені жас ұрпақ-елдің ертеңі, сондықтан «ұлықты ұл, қылықты қыз» өсіруге ерекше назар аударған. Ұрпақ тәрбиесі бір сәт те естен шықпауы керек. Бүгінгі таңда бала тәрбиесі өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Бала тәрбиелеуде ата-ана баласына тәрбие мен білімді беру мүмкіндігін де ескеруі қажет. Кез келген адамның өз дәрежесі өзіне белгілі екендігін ескерсек, онда ұрпақ сұранысы да соған сай болуы тиіс. Мұндайда балаға өзіміз үлкен боларлықтай амал-әрекетімізді, яғни, әкелік міндетіміз бен аналық парызымызды орындай білу бірінші кезекте тұрады. Ал, бұл мәселелерді орындау үшін ата-ана үлгі болуы шарт. Бұл «Балам дейтін әке болмаса, әкем дейтін бала қайдан болсын?» дегенді алға тартады. Қазақ халқында «Баланы бес жасқа патшасындай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан асқан соң досындай сырлас» деген тамаша сөз бар. Бұл-мағынаны терең философиялық өмір шындығы. Адам мінезі бес жасқа дейінгі кезеңде қалыптасады деседі. Ендеше, жас сәбиді алғашқы күннен бастап тәрбиелеу керек.



Баймуханбетова Айнагул Кенжесовна

№42 "Алтын сақа" бөбекжайы" МКҚК

Тәрбиеші

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті

Тақырыбы: «Мен зерттеушімін».

Күні: 14.05.2024 ж.

Тобы: «Балапан» ортаңғы тобы.

Тәрбиеші: А.К.Баймуханбетова.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің түрі: Коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық - шығармашылық дағдыларды зерттеу іс-әрекеті. Құрастыру, дәстүрден тыс сурет салу.

Мақсаты: Физикалық эксперимент арқылы баланың негізгі әлемдік көзқарасын қалыптастыру үшін жағдай жасау. Эксперимент жүргізу барысында балалардың қызығушылықтарын арттыру, себеп-салдарын анықтау, қорытынды жасауды үйрету. Көру, есту, сезіну, көңіл бөлу қабілеттерін дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің әдісі: Топпен жұмыс, сөздік, көрнекілік, практикалық.әңгімелеу, дидактикалық ойын.

Алдын ала жұмыс және дайындық: Керекті құрал- жабдықтарды дайындау, су және оның қасиетін еске түсіру.

Қажетті құрал-жабдықтар: Зерттеуге қажетті құрал-жабдықтар, түтікшелер, акварельді бояулар, ақ бет қағаз, су сорғыш жұқа қағаздар, ойын құралдары, ыдыстағы су және т. б.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

Мотивациялық қозғаушылық.

Балалар топқа музыкамен нейро жаттығуларын жасап кіреді.

Шаттық шеңбері:

Күніміз ашық болсын!

Түніміз тыныш болсын!

Ауамыз таза болсын!

Суымыз мөлдір болсын!

- Сәлеметсіздер ме, балалар!

- Балалар бүгінгі көңіл-күйлерің көтеріңкі ме?

- Ия.

- Балалар бүгін біздерге қонақтар келді. Алдымен қонақтармен амандасайық.

- Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайынсыңдар ма?
- Ия.
- Ендеше ұйымдастырылған іс-әрекетімізді бастайық.
- Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз «Мен зерттеушімін» деп аталады.
- Балалар, біз бүгін зертханада балалардың зерттеу жұмысын бақылау мақсатында жиналдык. Олай болса алдымен 3 топқа бөлінейік. Үш топқа әртүрлі тапсырмалар беріледі.

Бірінші топқа жұмбақ жасырылады.

-Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, сендер жауабын дұрыс табыңдар.

Суда жүрсе өнеді,

Судан шықса өледі.

(Балық).

-Жарайсыңдар, жұмбақтың шешімін дұрыс таптыңдар. Бұл балық екен.

Бірінші топтың тапсырмасы: «Судан балықты көрдің бе?».

4 бала жұмыстанады.

Екінші топтың тапсырмасы: «Судағы дірілдек медузалар».

4 бала жұмыстанады.

Үшінші топтың тапсырмасы: «Акварельді сегізаяқтар».

4 бала жұмыстанады.

Бірінші тапсырма бойынша 4 бала үстел үстінде орындайды. Балалар суды көк түске бояп, судан балықтарды көреді.

Балалардың жұмыс орындауларын қадағалау.

Берілген тапсырмаға қатысты сұрақтар қойылады.

Екінші тапсырма бойынша 4 бала үстел үстіне жайғасып, шөлмекке толы судың ішіне түтікше мен скрепки салып, шөлмекті қысқанда дірілдеген медузаларды байқайды.

Үшінші тапсырма бойынша 4 бала үстел басында тұрып, ақ қағаз бетіне түтікшені үрлеу арқылы акварельді бояумен сегізаяқтың суретін салады. Қалаған түстерді таңдайды.

-Олай болса жұмыстанамыз.

Үлгі көрсетіледі. Балалардың жұмыс орындауларын қадағалау.

Берілген тапсырмаға қатысты сұрақтар қойылады.

Сурет салу барысында қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауымыз керек. Акварельді бояуды ауызға салуға болмайды, киімге жағуға болмайды. Сурет салып болған соң алдымыздағы дымқыл шүберекпен қолдарымызды сүртеміз.

Алдымен жұмысты бастамас бұрын балаларға тапсырманы орындап көрсетемін.

-Олай болса жұмыстанамыз.

Балалардың жұмыс орындауларын қадағалау.

Берілген тапсырмаға қатысты сұрақтар қойылады.

- Балалар барлығымыз **тіл ұстарту жаттығуларын айтайық.**

Ық-ық-ық,

Мен ауладым балық.

У-у-у,

Балықтың мекені су.

Яқ-яқ-яқ,

Бұл қорқынышты сегізаяқ.

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

- Балалар сендер тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.
Енді барлығымыз бірге бойымызды жазып, серігіп алайық.

Сергіту сәті:

Музыка әуенімен қимыл-қозғалыстар жасалады.

«Магниттелген скрепкилер» дидактикалық ойыны:

Мақсаты: Балаларды магнитпен ойнату арқылы ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Шарты: Суға қолымызды салмай, магниттің көмегімен судағы затты шығару.

Балалар іс-әрекетінің нәтижелерін талдау:

-Қане, балалар шеңберге тұрайық.

-Балалар біз бүгін қайда бардық?

- Зертханаға бардық.

- Қандай тапсырмалар орындадыңдар?

- Суды көк түске бояп, судан балықтарды көрдік.

- Тағы қандай тапсырмалар орындадыңдар?

- Құрастырдық.

- Ақ қағаз бетіне түтікшені үрлеу арқылы акварельді бояумен сегізаяқтың суретін салдық.

- Суға қолымызды салмай, магниттің көмегімен судағы затты шығардық.

- Ойындар ойнадық..

- Сендерге бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнады ма?

- Берілген тапсырмалар ше?

- Ия ұнады.

- Балалар сендер барлығың бүгінгі ашық ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатыстыңдар, тапсырмаларды өте жақсы орындадыңдар. Сендерге рахмет.

(Балалар марапатталады).

Мадақтау.

Қорытынды.

Күтілетін нәтиже:

Зертханада зерттеу тапсырмаларын біледі. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.

Ойындар ойнау арқылы тапсырмаларды орындайды.

Тақырыбы: «Мен зерттеушімін».

Мақсаты: Физикалық эксперимент арқылы баланың негізгі әлемдік көзқарасын қалыптастыру үшін жағдай жасау. Эксперимент жүргізу барысында балалардың қызығушылықтарын арттыру, себеп-салдарын анықтау, қорытынды жасауды үйрету. Көру, есту, сезіну, көңіл бөлу қабілеттерін дамыту.



HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýymy-aqparattyq, tanymdyq-tarbielik jurnaly



“Айгөлек-Ай” балабақшасы

Бақытнұрқызы Әдемі

Күні: 16.05.2024ж

Тақырыбы: «Ертегі әлемінде»

Мақсаты: Сүйікті ертегілерін еске түсіру, оқуға құштарлығын арттыру.

Міндеттері:

Білімдік: Халық ауыз әдебиеті үлгісінің бір түрі – ертегі түрлерін таныстыру. **Тәрбиелік:**

Жауапкершілікке, шешім қабылдай білуге үйрету, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Дамытушылық: Шығармашылыққа тәрбиелеу, ойын, қиялын, есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: ән «Ертегі әлемі» иллюстративті суреттер «Үйшік» ертегілеріне қаттамалар, маскалар.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

Жыл мезгілдеріне байланысты сұрақтар?

(Музыка ойнап тұрады)

- Балалар, бұл қандай ән? – Ертегі әлемі

- Иә, ендеше бүгінгі біздің оқу қызметінің тақырыбы:

- «Ертегі әлемінде...».

Қазір біз оқу қызмет барысында кім ертегіні көп білетінін, көп оқитынын байқаймыз. Сүйікті ертегілерінді еске түсіре отырып, ары қарай ертегі оқуға кейбіреулерің талпынасыңдар.

Ертөстік, Бибігул, Алдаркөсе үш кейіпкер арқылы үстелге отырып топқа бөлінеміз.

3-Топпен жұмыс.

3 – топқа тапсырма. Ертегі кітаптарын суреттері бойынша әңгімелейді.

Сауат ашудан тапсырма: Берілген әріптерді атайды, дауысты, дауыссыз дыбыс, суреттерді атау, буынға бөлу. Буындарды оқу. Бауырсақтағы сөздерді оқу. Ережелер. Тақтаға сөздер жазу, талдау (тапсырма орындаған топқа асықпен ұпай беріледі)

3 – топқа тапсырма: «Үйшік» ертегісі. Сұрақ-жауаптар:

Математикадан тапсырма: 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау. Асықтармен жұмыс, санау, қосу, азайту, аз және көп. Тақтаға есеп шығару, көршісін табу.

3 – топқа тапсырма:

1. Қояннан да, Аюдан да, Қасқырдан да қаштым. («Бауырсақ» ертегісі)
2. Шайтанды да алдай білемін. («Алдар көсе» ертегісі)
3. Ерназардың ұлын табуға көмектеседі кім? (« Ер Төстік » ертегісі)
4. Жалмауыз кемпір асықтың жанында отырады. («Алтын сақа » ертегісі)

Сахналау: «Үйшік» ертегісі

Қорытынды: - Балалар ертегілерден сендер не үйрендіңдер?

- Әріптерді үйрену кітабынан не үйрендік?
- Көңілді атематикадан не үйрендік?

« Пікірлер » ағашын толтыру. (ата-аналармен)

Жауап. Иә, ендеше барлық ертегілерде зұлымдықты мейірімділік жеңеді, жақсылықпен аяқталады.



**Ақтөбе қаласы.МКҚК №52 «Құлагер» балабақшасы
Тәрбиеші: Балгужиева Гульгуль Базаровна**

Тәрбие тал бесіктен

Америкалық Рассел Григтің «Бастауыш білім беру» еңбегінде былай дейтін жолы бар: «баламен жұмыс жасайтын мамандарға әуел баста осы мамандықты таңдауға тіпті мамандықтың қызығы да емес, ең бастысы олардың бар жан тәнімен бала жақсы көргендігі себеп болады». Дәл солай менің де осы мамандық жолын келуім, балабақшадағы тәрбиешілік жолды таңдауыма балаларды шексіз сүйюім әсер етті деп ойлаймын. Баланы сүйю менің мамандығым не үшін маңызды? Баланы жақсы көрмейтін адам жоқ па деп ойлауыңыз мүмкін. Алайда соңғы кезде еліміздегі әлеуметтік желі арқылы таралып жатқан түрлі видеолардағы қызметкерлердің балаларға қатігездігін көргенде олай ойлай алмаймыз. Сондықтан да тәрбиеші болуда баланы шексіз сүйю ең маңызды мәселе болып табылады. Себебі бала ерке, жылауық, бірде данышпан, бір ақымақ кейіпке ене алатын ғажайып «талант» иәсі десек те болады. Ал соның бәріне төзіп, бейімделіп, олардың танымдық қабілетін ашу, оларға өмірді тәй-тәй басқанда

қажетті әдеттерді үйрете білу тек өз ісін сүйе білетін адамның ғана қолынан келеді. Тіпті университетте сабақ беретін мамандардың өзі балабақша тәрбиесі секілді ауыр міндетті арқаламайды.

Қазіргі кезеңдегі ең басты мәселе тіл, діл, ұрпағымыздың қазақы құндылықтармен сусындап өсуі десек, соның бастауында тұратын дәл осы балабақша. Ал сол жұмыстың бәрін ұйымдастыратын балабақша тәрбиешісі. Себебі олардың өмірдің енді танып келе жатқан таным көзін қазақы қайнар бұлақпен суғару жауапкершілігі солардың мойнында тұрған шаруа. Біз қызығып та қызғана қарайтын Жапон мемлекетінің мықтылығы да осы бала кездегі тәрбиесінен деп біледі. Психолог ғалымдардың да тұжырымдауынша баланың санасы, қабылдауы бала кездегі көрген, білген, естіген, тыңдағанына байланысты болады. Сондықтан да біздердің, балабақша қызметкерлерінің мойнында кішкентай бүлдіршіндерді қазақы колоритпен сусындатып өсіру өз мойнымызда. Балаларға қазақы санамақтан бастап, қуыр-қуыр қуырмаштарды, жаңылтпаштарды, аңыз ертегілерді жаттату – бір оқпен екі қоян атқан тәріздес шаруа болады. Осындай көптеген ұлттық құндылықтарымызды балабақша тәжірибесіне енгізе отырып балалардың таным түсінігін, әдетін қалыптастыру тәрбиешінің мойнында. Аңыздарды жаттату арқылы балаларды тәрбиелей аламыз. Сондықтан да қазіргі кезеңдегі балабақша тәрбиешісінің алдында тұрған міндет – балабақша әдістемесіне ұлттық әдісті қосып, балаларды тәрбиелеу.



Басжанова Зинеш Кенесовна


"Бәйшешек" бөбекжай-бақшасы КМҚК

Тәрбиеші

Атырау облысы Жылыой ауданы Майкөмген
ауылы

"Гипербелсенді баламен жұмыс"

Менің тобымда гипербелсенді Нұрислам есімді бала бар. Ол тек өжет емес, шулы, жылдам қимылдайтын бала. Нұрислам есімді бала ұзақ отыра алмайды, білімге деген ұмтылысы тұрақты емес, өз эмоциясын ұстап тұра алмайды. Оның гипербелсенділігі ұйымдастырылған оқу қызметінде және ойын дербес кезінде байқалды.



Ол топтағы құрбыларына кедергі жасап, олардың көңілін өзіне аударатын болды. Бұрын соңды оның бұл қылығына мән бермедім. Биылғы жылы мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту ұйымының тәрбиешілеріне арналған «Баланы ерте жастан дамыту бағдарлары» атты курстан бағдарламалық, теориялық білімін алған соң, тобымдағы әр түрлі мінез-құлықтағы

балалардың ерекшеліне мән беріп, олармен жұмыс жасау керектігін айқын түсіндім. Нұрисламның гипербелсенділік белгілерін түзетуге арналған ойындарды ойнату жолдарын іздедім. Сондықтан өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем» тақырыпша «Табиғат байлығы» апталық циклограмманың бір күндік режиміне, бағдарламаның түйінді идеяларына сүйеніп, өзгеріс енгіздім. Олар бала үні қызығушылығы, қажеттілігі, дербестігі, бақылау түрлері, ойынның үш формасы педагогтың жетекшілігімен жүргізіледі, құрылымдалған және үстел үсті ойындар. Тәжірибе барысында Нұрисламды бақылай отырып, оның өзімен бірге балабабақшаға асықтар алып келетінін көрдім, және де асықтарға қызығушылық танытатынын анықтадым. Осыған байланысты Нұрисламмен қандай ойындар ойнауға болатынын, оған қандай тапсырмалар беруге болатынын, қандай тақырыпты жеке талқылауға болатынын жоспарладым. Осы күннен бастап зерттеу іс әрекетін жүргізе бастадым. Нұрисламның әрекеттеріне бақылау жұмыстарын жүргізіп, оларды салыстырып, сәтті, сәтсіз жақтарын талдай отырып, нәтежесі қалай болатынын қарастырдым. Ойын мен тапсырмаларды, әңгімелерді, жеке жұмыстың жоспарын құрдым. Нұрисламның ата-анасымен сөйлестім, ата-анасы оның барлық қалауын жасайтынын, оның сұрағанының бәрін әперетінін айтты. Сонымен қатар отбасындағы тұңғыш, ерке бала екенін анықтадым. Дүйсенбі күні Нұрисламды таңғы қабылдау кезінде көңілді әуенмен таза ауада, жақсы көңіл-күймен қарсы алдым. Нұрислам балабақшаға өзімен бірге кішкентай ғана жан-жағы жұмыр пішінді асықтарын күнде әкелетін. Нұрисламнан бұл асықтарды күнде-күнде неге әкелетінін, бұлар саған несімен ұнайтынын және де үйде тағыда қандай асықтарың бар деген жетелеуші сұрақтар қойдым. Әңгіме барысында Нұрислам үйінде өте көп асықтары барын мақтанышпен айтты. Нұрисламның асықты ұнататынын, асыққа қызығушылығының өте жоғары екенін білдім. Және де Нұрисламның далада серуенде жүргенде оның құммен көп ойнайтындығын байқадым. Осыларды ескере отырып Нұрисламға құм терапиясымен асық терапиясы ойындарын ұйымдастырдым.

Жүзеге асыру.

Күн режимінің қай кезінде болсын қолданылған ойын түрлері, ойын барысындағы әдіс-тәсілдер, ресурстар баланың қажеттілігімен қызығушылығына және оны танымдық

әрекетке тартуға бағыттайды. Дүйсенбі күнгі таңғы қабылдаудан кейінгі, дербес әрекеттер режимдік сәтінде педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін үстел үсті «Асықтардан шот жасау» ойынын жоспарлап ұйымдастырдым. Ойын шарты: Берілген таяқшаларға боялған асықтарды түсімен және санына қарай бөліп орналастыру, асықты иіріп тастағандағы жатысын айту.

Ойынның смарт мақсаты: Боялған асықтардың түстерін ажыратады, сандармен асықтардың жатысын біледі.

- Асықпен ойналатын ойындар ?

- Сен асықтардың қандай жануарлардан алынатынын білесің ?

Асықтардың жату түрлерін білесің бе? деген жетелеуші сұрақтар қойдым. Ол өзінің асықтарға өте қызығушылық танытатынын, айтып берді. Асықтардың жату түрлері (бүк,шүк, әлші,тәйкі) Ең әуелі Нұрисламға асықтар туралы және асықтың қайдан алынатыны, асықпен ойналатын ойын түрлері туралы мағұлмат бердім. Нұрислам асықты көргеннен өзгеріп сала берді. «Асықтардан шот жасау» ойыны Нұрисламға өте қатты ұнады.



Мен Нұрисламнан қандай түсті асықтардың ұнайтынын сұрадым. Ол өзіне қызыл түсті асықтардың ұнайтыны туралы айтты. Осылайша бала ойынды жалғастырып алып кетті, менің бұл ойыным өте сәтті аяқталды. Мен бұл ойынмен тоқтамай күннің екінші жартысында тағыда Нұрисламмен үстел үсті ойыны «Құмнан пішіндер жасау» ойынына ұсыныс білдірдім.



Ол құмнан әртүрлі пішіндер жасап, берілген әр түрлі бейнедегі сызықтарды құмға жаза бастады. «Құм терапиясы» баланың ойлау қабілетін, қол моторикасын дамытады, ойлау қиялын арттырады. Құмдарды түрлі пішіндерге салуын өтіндім. Осы ойында Нұрисламнан қандай пішіннің шыққаны туралы сұрадым. Ол маған үш бұрыштың пайда болғаны туралы айтты. Осылайша Нұрисаммен ойнаған екінші ойынымда сәтті аяқталды. Бұл ойыным Нұрислам үшін өте сәтті әрі тиімді болды. Күннің екінші жартысына «Құмнан пішін жасау» ойынын алдым. Ойынның **смарт мақсаты:** Тірі және өлі табиғат құбылыстарын біледі. Су, жер, ауа, күннің көзі туралы біледі. Табиғат құбылыстары туралы түсінеді. Бүгінгі Нұрисламға ойнатқан ойындар баланың психологиялық ахуалын сақтауға, оның қоғаммен қарым-қатынасын анықтауға, ересек өмірге дайындайды. Ойын балаға белгілі дағдыларды меңгеру үшін, сонымен қатар қарым-қатынасты, өмірге деген құлшынысын арттырады, қол моторикасын дамытады, ойлау қабілеттерін арттырады, шапшаңдыққа, ептілікке, мергендікке, эмоционалды және физиологиялық жағдайын жақсартады. Ойын психологиялық күйзелістен шығу үшін емдеудің бір тәсілі ретінде қолданылады.

Бала ойынға өз еркімен қатысып, ойыннан қуаныш рахатын көрді. Әсіресе бұл гипербелсенді балалардың қатысуымен ойын өткізу барысында эмоционалды әсерін алды.

Ұсыныс:


Бүгінгі «Ерте жастан дамыту бағдарлары» курсынан алған білімімді әріптестеріммен бөлісіп, білімімнің нәтижесінде тобымдағы әртүрлі мінез-құлықтағы балалардың жас

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

ерекшелігін ескере отырып, ойын арқылы оқытып, қолданыстағы көрнекі материалдарды заманауи ресурстармен толықтыру қажет.

Гипербелсенді балаға педагог жетекшілігімен жүргізілген үстел үсті ойындарының нәтижесі бойынша өзгеру диаграммасы



№19 Раушан бобекжай бақшасы
Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Батырханова Ырыскүл Әбдіжаппарқызы

Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық –кеңістікті дамытушы орта

«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән, сурет, қиял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы қажет...» В.Сухомлинский

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану немесе педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға қажетті уақыт пен кеңістік жағынан жүйелі ұйымдастырылған, қажетті заттармен, ойын құралдарымен жабдықталған эстетикалық, психологиялық-педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бейнелік қабілеттері, қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы, үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруіне септігін тигізеді, мектеп жасына дейінгі балаға өз қабілеттерін сезіну және қолдануға мүмкіндік береді, өз қабілетін, шығармашылық шешімдер қабылдай алу дағдыларын дамытады.

Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта баланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді. Осылайша, заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарактарды пайдалану. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды болуы тиіс.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта: 17 танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта: дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында: дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары

бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырып отыру қажет. Көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Тәрбиелеу — білім беру жұмыстарын тәрбиешілер мен жеке мамандар бірігіп жүргізеді. Осындай жұмыс нәтижесінде баланың жан-жақты дамуында баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтың кәсіби деңгейін көтеруде және психо-педагогикалық мәдениетілігін арттыру, ата-аналармен жұмыстың жаңа формаларын пайдалану арқылы міндеттерді сәтті шешуге көмегін тигізді.

Заттық-дамытушы орта мынадай психологиялық-педагогикалық өлшемдерге жауап беруге тиісті:

- баланың психикалық даму деңгейіне сәйкестігі;
- жүйелілігі;
- көп функциялылығы;
- баланың шамасына сай болуы;
- трансформациялануы;

мазмұны бойынша және функционалдық міндеттері бойынша вариативтілігі.

Заттық ортаға қойылатын бастапқы талап — оның дамытушылық сипаты. Ол балабақша бөлмелерін, сондай-ақ учаскені заттық кеңістікте ұйымдастыру арқылы баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне, ал олардың элементтері (құрал-жабдықтар, ойыншықтар, дидактикалық материал т.б.) баланың дамуына қызмет етуге тиіс.

Тәрбиешілеріміз балалардың бойына қайырымдылық пен сүйіспеншілікті, адамгершілік пен ізгілікті, парасаттылық пен мейірімділікті қалыптастыру, олардың денсаулығын қорғау және нығайту, салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыру, әрбір балаға балдырған шақ кезеңін қуанышты да, мазмұнды өткізу мүмкіндігін беру мақсатында жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып: «Зерек бала», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы», «Өзін-өзі тану» эстетикалық тәлім-тәрбие беру бағдарламалары мен жұмыс жүргізеді. Бұл бағдарламаларда балалардың психикалық дамуына көп көңіл бөлінген. Сонымен бірге балалардың өз тобында өзара байыпты, сыйластық қарым-қатынастарын қалыптастырудың тиімді технологиялары әзірленіп ұсынылған.

Балалардың заттық-дамытушы орталықтарына ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе серуен алаңдары мен аулаларға жаңа үлгідегі әткеншектер, карусельдер, ойын алаңдары, жаңа көшеттер, құммен ойынау алаңдары, сырғанақтар, болған дурыс. Әрине, мұның барлығы балалар үшін, олардың қуанышы үшін жасалынып жатқан жұмыстар.

Кеген ауданы, Тасашы ауылы, Тасашы орта мектебі
Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Бектемисова Куралай Сатыбалдиевна

**Ағылшын тілі пәнінен оқушылардың сөйлеу дағдысын
модульдік технология арқылы қалыптастыру**



*Жақсы оқыту деп ол баланың дамуына ілгері
жүретін,оны жетекке алатын оқытуды айтады.
Л.С.Выготский*

Тіл адамның қарым-қатынас құралы болғандықтан, сөйлеу әрекеті ең маңызды рөлді атқарады. Себебі сәби дүниеге келе салысымен қолына қалам алып, жазу жазып кетпейді, олар ең бірінші дыбыстап сөйлеу арқылы өз көңіл күйлерін жеткізеді. Сондықтан себептерден кейін сөйлеуге көп көңіл бөліп, ортаңғы сатыдағы оқушылардың сөйлеу дағдысын модульдік технология арқылы қалыптастыруды жөн санадым.

Қазіргі ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқан қазіргі заман оқушысы үшін оқыту әдістері оның өмірінің ажырағысыз бөлігіне айналғаны сөзсіз. Соңғы жылдары тіпті ақпараттық технологиялардың шарықтап дамуы және оның оқу үдерісінде қарқынды пайдалануы білім беру жүйесіне де бірқатар өзгерістер алып келді. Жаңа заман оқытушыларына нақты бір пәнді оқытудың мазмұны мен мақсатына толығымен сәйкес келетін және де оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін әдістер мен технологияларды сауатты тандай отырып, пайдалана білу талабы қойылып отыр.

Сонымен, модульдік оқыту әдісін оқу үдерісіне ену мәселесінің (оның ішінде ағылшын тілін оқытуда) маңыздылығы және оларды тиімді пайдалану мәселесінің әлі де болса жеткілікті дәрежеде өңделмеуі себепті маған зерттеу жұмысымның мәселесін айқындауға және тақырыпты «Ағылшын тілін оқытудағы модульдік оқыту әдісі» деп тандауыма негіз болды.

Сонымен, модульдік оқыту ол- оқушының белсенді оқу қызметін ұйымдастырады, оқушы өз әрекетін жоспарлайды, талдайды, өзі бақылай білуге үйренеді. Жалпы педагогика ғылымында модуль барлық жүйенің маңызды бөлігі ретінде қарастырылған. С.И.Ожоговтың пікірінше модуль дегеніміз- қанадай да бір жүйенің, ұйымның аяқталатын, біршама дербес бөлігі.

Мен бұл тақырыпты алудағы басты мақсатым: ағылшын тілін оқытуда модульдік оқыту әдісін пайдаланудың тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу және оны тәжірибелік-экспериментте тексеру арқылы қорытындысын шығарып, тиімділігін дәлелдеу. Сондағы тәжірибе барысындағы оқыту мазмұнына қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті

жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тындап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым- қатынас процесінде қолдана алу қабілеттігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік- мәдени білім, білік дағдылар енгізу.

Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды оқып – үйрену үш негізгі кезеннен: кіріспе – қызықтырушылық, операциялдық- танымдық және рефлексиялық- бағалау кезендерінен тұруы тиіс. (Л.М.Фридман)

Аталмыш модульде кіріспе- қызықтырушылық кезең кіріспе бөлімінде іске асырылады. *Мысалы*, мен өзімнің өткізген сабағымды үлгі ретінде көрсетіп, түсіндіргенім абзал. Ең алдымен сабақ жоспары, танысу сосын тақырыпты табу мақсатында қызықты видео көру арқылы өтетін сабақ тақырыбын табу міндет.

Модуль жалпы мазмұнға кіретін негізгі мәселелер мен олардың ішкі бөлшектерін, кіші мәселелерін жүйелі түрде көрсетіп, оны оқытушы үшін де, оқушы үшін де нақтылы түрде анық білдереді. Оқытушы модульдері қандай тәртіпте оқыту керектігін білсе, оқушы модульден нені білуге, қандай жұмысты жасауға тиісті екенің біледі. Модульдік оқытудың ерекшелігі: оқытушы көп сөйлегеннен гөрі, оқушыны көбірек тындауға мүмкіндік береді; Модульдік оқытуда тағы бір ерекшелік бағалау парағын қолдану болып табылады. Сабақ жеке жұмыс, топпен жұмыс болуы мүмкін. Бала ескерусіз қалмас үшін әр жұмысқа балл қою арқылы қорытынды баға қойылады.

Осындай кездерде оқытушы оқушылардың жеке кемшілітеріне, көңіл бөліп, олардың ой-өрісін дамытуға, белсенділігін арттыруға арналған шығармашылық жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік алады. Сабаққа дайындалуға да көп уақыт бөле алатын дәрежеге жетеді. Педагогикалық технология негізінде оқу цикілін қайта жаңғырту идеясы алынған.

Оның мазмұнына:

1. оқытудың жалпы мақсатын қою;
2. жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;
3. оқушылардың білім деңгейіналдын ала (диагностикалық) бағалау;
4. оқу әрекеттерінің жиынтығы (бұл кезеңде жедел кері байланыс негізінде түзету жүргізілуі тиіс)
5. нәтижені бағалау енеді.

Осының арқасында оқу процесі «модульдік» сипат алып, құрылымы ортақ, бірақ мазмұны әр түрлі жеке блоктардан жасалады.

Модульдік оқытудың осы нұсқасын құруда мен толық меңгеру әдістемесінің негізгі шарттарын, құрылып жатқан технологиялардың негізгі қағидаларын ұстандым. Сонымен қатар, дидактиканың қазіргі талаптарына байланысты бірқатар өзгерістер енгізіп: балаларды оқытуға емес, тұлғалық бағытталған, танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу процесін өзара сөйлесу негізінде құруды жоспарлап оқу үдерісінде пайдаландым. Толық меңгеру әдістемесінде (Дж.Блок, Л.Андерсен және басқалар) әрбір оқу бірліктері ауқымында оқытушының қызметі төмендегіше құрылады:

1. Оқушылардың оқу мақсаттарымен таныстыру
2. Сыныпты берілген тарау (оқу бірлігі) бойынша жалпы оқыту жоспарымен таныстыру
3. Оқытуды жүргізу (негізінен оқытушы оқу материалын өзі баяндауы түрінде).
4. Диагностикалық тестіні ағымдағы тексеру.

5.Тексеріс нәтижелерін бағалау және тарау мазмұныны толық менгерген оқушыларды айқындау.

6.Толық менгере алмаған оқушылармен түзете оқытуды жүргізу.

7.Диагностикалық тест өткізу және оқу бірлігін толық менгерген оқушыларды айқындау.

Тақырып бойынша деңгейлік тапсырма жүйесін дамыта оқыту іске асырдым.Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтау белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі оқушыларға деңгейлік тапсырма беру.

Ойын оқушының барлық маңызды ақыл-ой әрекеті, онда оқушының барлық қабілеттерін дамуына, ойында айналасындағы дүние жайлы түсініктерді кеңеюге, тілінің дамуына, байланысты сөйлеуін дамытуға, құрбылармен жақындасуға көмектеседі.

Қорыта келгенде ағылшын пәнінен өтілген тақырыптарға сәйкестендіре, сабақтастыра отырып, жақсы нәтижеге жеттім.

Оған дәлел-біріншіден оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты. Екіншіден, әр оқушы өзіне тән қарқынмен, өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізе отырып, сабақта қойылған мақсатқа жету үшін қажетті қабілеттерін, білік, дағдыларын қалыптастырды.

Әдебиеттер:

- 1.Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»-Алматы,2002
- 2.Жұмаева Э.С. «Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі.-Қызылорда:Санат,2012
- 3.Бегазова М.Ж. «Шетел тілі сабағында білім алушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру жолдары\\Мектептегі шет тілі.-2011.-№4.-28-31б

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly



Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы

«Үстірт» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК тәрбиешісі

Бердибаева Талшын Бердибаевна

Асфальтқа сурет салу сайысы

Білім беру саласы: әлеуметтік орта

Тақырыбы: «Анам, әкем және мен-тату тәтті отбасы»

Мақсаты: «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету; балаларға өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың қамқорлықтары туралы білім беру,

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғаушы	Ұйымдастыру кезеңі: “Қайырлы күн” деп айтамыз, Түсте бірге қайтамыз. Отбасының гүліміз. Көңілді өтер күніміз.	Балалар ұйымдастыру кезеңін қимылмен, іс-әрекетпен дене мүшелері арқылы көрсетеді.
Іздену ұйымдастырушылық	Күтпеген сәт: «Қонаққа Дымбілместің келуі». Балалар қарандаршы бізге бүгін қонаққа Дымбілмес келіпті. - Сәлеметсің бе Дымбілмес? Дымбілмес: - Сәлеметсіңдер ме? Балалар маған сендерден көмек керек. Білгішбек екеуіміз бәстестік. Егерде мен оның берген жасырған жұмбақтарын шешіп берсем, ол мені өзінің «Білгіштер» тобына қабылдайды. /жылайды/ Енді қайттім, мен қанша оқысам да басыма түк кірер емес. - Дымбілмес жылама, Балалар не істейміз? Дымбілмеске қол ұшымызды береміз бе?	Балалар аң-таң болып қарайды. Сәлеметсіз бе. Иә,көмектесейік. Қол ұшымызды береміз.

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>- Рахмет, балалар. Міне, Білгішбектің тапсырмалары:</p> <p>1-жұмбақ: <u>Кім</u> отыр кәріміз, Қуат берер дәріміз. Әулиедей аялап, Ардақтаймыз бәріміз!</p> <p>2-жұмбақ: <u>Кім</u> менің асыл жан Жақсылыққа үйретіп, Жамандықтан шектейді. <u>Кімге</u> ешкім жетпейді!</p> <p>3-жұмбақ: <u>Кімім</u> менің ардақты Алтыннан да салмақты Қиын-қиын жолдардан Қорықпаймын ол барда Кім деген ардақты ат Өтемін оны ардақтап.</p> <p>4-жұмбақ: “Кімім” – деп балаң жырын арнаған Неге ғана естімеген тәтті үнін Кімім менің – өмірдегі тірегім Кімім менің – кеудемдегі жүрегім Егер менің қасымда сен болмасаң Бұл өмірде қалай ғана жүремін. Балалар біз жұмбақтың дұрыс жауабын таптық.</p> <p>Дымбілмес:</p> <p>- Рахмет балалар. Алақай, мен енді «Білгіштер» тобына қабылданам. Балалар сендер маған көмектестіңдер. Енді мен Білгішбекке барып жауабымды айтайын. Сау болындар.</p> <p>- Балалар, біз кімдер туралы айтып отырмыз. Бір сөзбен қалай атаймыз?</p> <p>- Өте жақсы балалар, отбасы мүшелері.</p> <p>Отбасы - адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең</p>	<p>Ата</p> <p>Әже-</p> <p>Әке-</p> <p>Ана</p> <p>Сау болыңыз.</p> <p>- Отбасы,отбасы мүшелері.</p>
--	--	--

	<p>қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтіп жатады. Олар бізге осы дүниедегі ең жақын, бізді әркезде қолдап, қол ұшын беріп, көмектесетін, ақыл айтатын, жаман мен жақсыны, оңмен солды үйрететін ең жақын адамдар</p> <p>Құрметті Ата-аналар! Ендеше сөздерге тапсырма «Бақытты отбасы» деген сөзді естігенде сіздерге қанлай бейне елестейді. Жалпы отбасы деген үлкен ұғымды сурет арқылы сипаттап берсеңіздер.</p> <p>Ата аналар балалармен бірге сурет салады.</p> <p>Қане балалар, біраз сергіп алайық.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Үйде нешеу екенбіз Кел санайық екеуміз, Бас бармағым әкем Балаң үйрек анам. Ортан терек ағам Шылдыр шүмек мен Кішкене бөбек сен Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз. Балалар сергіту сәтінде кімдер туралы айттық?</p> <p>Иә, дұрыс айтасындар сендердің әрқайсыларыңның өз отбасыларың аналарың, әкелерің, апайларың, ағаларың, қарындастарың, інілерің бар. Сендер оларды қатты жақсы көресіңдер ме?</p> <p>отбасы мүшелерін айта отырып баларға суреттерін көрсету/</p> <p>Жылулық шеңбері</p> <p>Балалар бәріміз жылулық шеңбер құрып, атаналарың сендерге қандай жылы сөздер немесе еркелетіп айтатын сөздерін айту</p>	<p>Үйде нешеу екенбіз Кел санайық екеуміз, Бас бармағым папам Балаң үйрек анам. Ортан терек ағам Шылдыршүмек мен Кішкене бөбек сен. Бір үйде біз нешеуміз Бір үйде біз бесеуміз. Балалар сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.</p> <p>Әке, аға, ана, әже, ата туралы.</p>
--	--	--

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>керексіндер. Мысалы мен балама «күн шуағым» деп айтам.</p> <p>- Міне, балалар қандай әдемі жылы сөздермен сендерді отбасыларың аялап айтады,біздің жылулық шеңберімізде жылы лебізбен толы болды. Ал, сендер өз отбасыларыңды қандай отбасы деп ойлайсыңдар? Жақсы сөздермен қорытындылайық. Сендердің ата – аналарың, туыстарың жандарыңда, ал сендер бақыттысыңдар ма?</p> <p>Жақсы балалар, сендер ойынды өте жақсы ойнап шықтыңдар</p>	<p>Иә, жақсы көреміз. Қатты жақсы көреміз.</p> <p>Балалар ойынды қызыға ойнайды.</p>
Рефлексивті-корригиялық	<p>Ендеше баріміз бір дауыспен «Біз бақытты балалар»әнімен оқу қызметін аяқтайық.</p>	<p>- иә</p> <p>Балалар көтеріңкі көңіл-күймен айтып береді.</p>

№40 Зейнолла Қабдолов атындағы орта мектебі
Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Боранкулова Асель Тулегеновна



**Ахмет Байтұрсынұвтың нақыл сөзімен бастағым келіп тұр:
«Білім – бір құрал. Білімі көп адам, құралы сай ұста сиқылды, не істеседе
келістіріп істейді»**

Соңғы жылдары білім беру үдерісінде жаңа технологияларды қолдану мәселесі күн санап өзектілігін арттыруда. Бұл тек жаңа техникалық құралдарды ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа формалары мен әдістерін, оқудағы жаңа тәсілдерді құрайды. Ағылшын тілін үйренуде заманауи технологияларды қолданудағы алдымызға қойған басты мақсат - оқушыларға ағылшын тілін оқыту сапасын арттыру, олардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, практикалық тұрғыдан жетілдіру барысында жаңа технологияларды қалай тиімді пайдалануға болатындығын көрсету. Осы мақсатта, бұл баяндама ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту үдерісінде көп деңгейлі технологияларды қолданудың маңызы мен ролін көрсетуге бағытталған. Мұнда оқушыларға ағылшын тілін көп деңгейлі оқыту технологияларын қолдану арқылы меңгертуге көмектесетін әртүрлі тәсілдер мен әдістер талқыланады. Аталмыш әдістердің қатарына ағылшын тілін үйренуге арналған веб-сайттар, компьютерлік тілдерді оқыту бағдарламалары, презентацияға арналған бағдарламалық жасақтама, электронды сөздіктер, чат және электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу бағдарламалары, CD-ойнатқыштарды тыңдау және видео-клиптер кіреді.

Әр сабақта тілдік дайындықтың түрлі деңгейлері бар оқушылар сабақтарда жиі болатынын ескере отырып, өзімнің заманауи білім беру технологияларым, соның ішінде көп деңгейлі оқыту арқылы сабақты тиімді саралаудың және жоспарлаудың келесі жолдарын бөліп көрсетуге болады: оқушыларды қабілеттеріне қарай топтастыру; тапсырмаларды кішігірім тапсырмаларға бөлу; ауызша және жазбаша тапсырмаларға мысалдар келтіру; пайдалы сөздік пен құрылымға назар аудару; негізгі білім мен нәтижелерді анықтау; дағдылары төмен немесе жоғары оқушыларды есепке алу және білім алушыларға шамадан тыс салмақ түсіруден аулақ болу. Көп деңгейлі тапсырмаларды меңгерту барысында жаңа тақырып бойынша жасалған деңгейлік жұмыстардың төрт деңгейге бөлінуі, үйжұмысын жақсы ұйымдастыруға және реттеуге мүмкіндік береді. Себебі, тақырыпты меңгерудегі көп деңгейлік тапсырмалар үлгерімі өте жақсы есептеліп, соған сәйкес құрылғандықтан, бұл жұмыстарды толықтай сабақ үстінде орындап бітіруге, барлық білім алушылардың мүмкіндігі жете бермейді. Сондықтан да, олар үйде өз бетімен немесе сабақтан тыс уақытта оқытушының көмегімен аяқтауға беріледі:

- 1.– бірінші деңгейдің тапсырмаларын үлгерген білім алушыларға екінші деңгейдің тапсырмалары;
- 2.– екінші деңгейдің тапсырмаларын орындаған білім алушыларға одан да жоғары деңгейлік тапсырмалар;
- 3.– үшінші деңгейдің тапсырмаларын орындаған оқушыларға төртінші шығармашылық деңгейдің тапсырмалары беріледі.

Ең жоғары деңгейдегі шығармашылықты қажет ететін тапсырмаларды, әрине, дарынды да, еңбекқор оқушы орындай алады. Осылайша, әр тақырып бойынша білім алушыларға, топтан тыс уақытта жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы көбірек ұпай жинап көтеріңкі баға алуға мүмкіндік беріледі және дамыта оқыту принципі орындалады. Барлық тапсырмаларды мезгілінде орындаған білім алушылар үлгермей жатқан білім алушыларға көмектеседі. Нәтижесінде, білім алушылардың табиғи қабілеттері мен дарындылық қасиеттерінің ашылуына жақсы жағдай жасалады.

Бұл тапсырмалар – үйренушінің біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады.

Ағылшын тілін аудиторияда деңгейлеп оқытудың негізгі мақсаты – күнделікті өмірде пікірлесу түрлеріне еркін араласып, сөйлеу, әңгімені қолдау дағдыларын қалыптастыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, тіл тазалығын сақтау, үйренушінің өз бетімен білім алуы, ізденуі болып табылады. Шет тілі оқытушыларының алдында қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Соның ішінде ақпараттар ағымының таралу сипатына қарай сабақ оқыту режимдеріне бөлініп, оқыту технологиясының қажетті түрін қабылдау қажет. Екі жақтағы ағымдағы ақпараттар режиміндегі сабақты немесе интерактивті әдісті шет тілі пәнге байланысты қолдану білім алушылардың шығармашылық және интеллектуалдық белсенділігі дамыту факторының бірі болып табылады.

Деңгейлеп оқыту технологиясында оқушылардың білімін саралауға мүмкіндік бар. Технологияның ерекшелігі: әр оқушы өзінің деңгейіне білім дәрежесіне байланысты тапсырмаларды орындайды: әлсіздер білім алуға ұмтыла түседі, мықтылардың өзіне деген сенімділіктері артады. Нәтижесінде жан-жақты шығармашылық іс-әрекеті бар жеке тұлға болып қалыптасады. Білімді бақылау кезінде деңгейлеу тереңдей түсіп, әрбір оқушының жетістігі есепке жеке алынады. Оқу-тәрбие үрдісінде қолданылып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологиялардың бірі көп деңгейлі және сараланған оқыту технологиясы. Ағылшын тілі сабақтарында сараланған оқыту технологиясын қолдану мүмкіндіктерін талдай отырып, сараланған оқыту мүмкіндіктерін кеңінен қолдану оқу процесінің сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады, атап айтқанда: - көп деңгейлі тапсырмаларды пайдалану-үй тапсырмалары, тексеру тапсырмалары, кестелер, графиктер мен диаграммалар түріндегі формасы мен мазмұны бойынша әртүрлі ақпарат, оқушылардың мектептен тыс уақытта әртүрлі көздерден алатын білімдерін есепке алу;

Зерттеу жұмысы барысында біз келесі нәтижелерге қол жеткізудің мүмкін:

1. Оқыту процесін саралау теориясы мен практикасын дамыту идеялары зерттелді.
2. Оқу процесін саралаудың мәні, мақсаттары мен формалары зерттелді;
3. Ағылшын тілі сабақтарында дифференциалды технология бойынша жұмыс қарастырылды.
4. Тапсырмаларды саралауды қолдану әр түрлі деңгейдегі оқушылардың білімін барынша игеруге мүмкіндік береді. Әр жеке топтағы балаларды сараланған оқыту үлкен оқушылардың зейінін, қабылдауын, есте сақтау қабілетін және ойлауын дамытудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. "Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау" бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану, оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды рөл атқарады. Кез келген сабағыңызды қызықты өткізіп, оқу сапасын арттыру үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу әрбір ұстаз үшін бұлжымас қағида. "Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз." қағидасын ұстанған мұғалім үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Ұстаздың өзі ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып өткізу-оқу сапасын көтеруге жақсы нәтижелер береді. Мұғалім әр кезде ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады. Оқушылардың өздігімен жасаған көп деңгейлі тапсырмалар сыныпта қолайлы психологиялық климатты қалыптастырады. Балалар әрбір дұрыс шешілген мәселеден кейін қанағаттану сезіміне ие. Күрделі қиындықтарды жеңу нәтижесінде пайда болған табыс когнитивті белсенділікті күшейтуге қуатты серпін береді. Оқушылар, соның ішінде «қауқарсыз» оқушылар, өздерінің қабілеттеріне сенімділік танытады, жаңа міндеттерден қорықпайды, олар өздерінің күштерін ресми жағдайда сынап көреді, жоғары деңгейдегі мәселелерді шешуге тырысады. Көп деңгейлі тапсырмаларды әр түрлі, жасына, білім деңгейіне және; кейбір материалдар ана тілінде

сөйлеушілерді пайдалану үшін, басқалары білім беру мақсатында және. Ағылшын тіліндегі әр түрлі көп деңгейлі материалдарды білім берудің барлық деңгейлерінде қолдануға болады.

Ресурстардың функционалды түрлерінің әртүрлілігі. Ақпараттық материалдар әр түрлі формада (мәтіндер, графика, аудио және видео жазбалар) болатындығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, біз on-line дүкендерді, on-line кітапханаларды, on-line каталогтарды және Интернетте өз орнын тапқан көптеген басқа заттарды қолданамыз. Сонымен қатар, бұл материалдардың барлығын енді бір әлеуметтік алаңда орналастыруға болады. оқушыларға осы ресурстарды оқытуда пайдалану мүмкіндігі беріледі, сол арқылы ағылшын тілін үйрену үшін әр түрлі материалдардан қажетті ақпараттарды іздеу және алу қабілетін дамытады.

Мультимедиа. Бұл әдіс оқушының жылдам ойлануы мен жаңа тақырыппен байланыстыруына мүмкіндік береді және өткенді әрі еске түсіріп, әрі жаңа сабақтың тақырыбы туралы ой қалыптастыру оңай түрде жүзеге асады.«Matching the key words» әдісі арқылы кілтті сөздерді ендіру көзделеді. Оқушылардың ағылшын тілінде ойын жеткізуі жақсы, алайда оқушының кілтті сөздер арқылы жаңа терминдерді қаншалықты есте сақтап, болашақта тәжірибеде ұмытпай қолдана алатындығы мән беруді талап етеді. Сондықтан сабақ барысында оқушыларға түсініксіз сөздерді қайта-қайта сұрата бермей сабақтың басында тиімді бір әдіс арқылы енгізу жолы талқыланады. Табысты сабақ жоспарлау сабақ беру үрдісіне жан-жақты баға беруді талап етеді. «Market place» әдісі арқылы оқушының өзін ұстауы, тапсырманы көргендегі өзін сезінуі (көңіл-күйі), қабілеттерінің ескерілуі, сыныптастарымен мазмұнды қарым-қатынасқа түсуі, материалды жылдам ұғынуы, сұрақтардың жеңілден қиынға қарай құрастырылуы, тапсырмалардың деңгейінің қолжетімділігі т.б бірнеше көзқарастар талқыланды. Оқушыны белсендіру оларды бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіру арқылы жүзеге асатыныны анық. Бұл жұмыс сыни ойлау, қарастырылған тақырыптарды синтездеу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, ол ағылшын тілінде іске қосылса, сөйлеу дағдыларын дамытады, содан кейін ағылшын тілінде сөйлеу және жазу дағдыларын дамытады. Кері байланыс нысандары: «Тиімді», «Сипаттама», «Бағалаушы», «Мотивациялық» оқушылармен үнемі байланыста болуға, олардың мәселелерін көруге және проксимальды даму аймағында болуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, көп деңгейлі тапсырмалар мен интернеттің пайда болуы ағылшын тілін меңгеруде оқушылардың шет тілін еркін сөйлеушілермен қолжетімді жолмен қарым-қатынасқа енуіне қолайды жағдай тудырады деген оймен баяндамамыз аяқтамын. Сурақтарыңыз болса жауап беруге дайынмын.

Атырау қаласы "Жалпы білім беретін
№37 С. Зиманов атындағы орта мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалымі

Мурзагалиева Гүлмара Бағитжановна

*Жаңа технологияларды тиімді қолдану арқылы
бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық
қабілеттерін дамыту*



«Оқытушы бағалағанда
олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес,
олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне,
яғни оқушы жетістігіне қарай бағалау керек»
(Б.Алтынсарин)

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет - оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек.

Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» деп есептейді: Ұрпақ тәрбиесі - бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу - тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, ұстаз - мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашылууда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік - педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін мұғалімдердің инновациялық іс - әрекеттің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор. Оқытудың жаңа технологиясы дегенде, ең алдымен, педагогикалық технология деген ұғымды түсіну керек. Оқыту, білім беру тәжірибесі педагогикалық үрдістің сапасын үнемі арттырып отыруды талап етеді. Осыған байланысты ғылым мен тәжірибеде

педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталған. Педагогикалық технология терминінің анықтамаларын көптеген авторлар өз түсінігі мен өз санасында қалыптасқан көзқарастарын қалыптастырған:

- «Технология» - қалыпты өзгерту, өңдеу әдістері, өнері, шеберлігі, іскерлігі жөніндегі ғылым жиынтығы. (В. М. Шепель)

Педагогикалық технологияның тиімділігі:

1. Оқушы өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік алады, соған дағдыланады;
2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;
3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
4. Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады.
5. өзін - өзі тексеруге дағдыланады.
6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады.
7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда - оқу үрдісін дамыту. Қазақстан халқына жолдауында айтылған «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық» деген пікірі нақты дәлел. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін - өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой - өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше.

Қазіргі даму кезеңі білім беру

жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту.

Бастауыш мектеп- оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш сынып балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни, сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде

дұрыс көзқарас қалыптастыруға, ойын дұрыс айтуға салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Оқыту әдісін жетілдіру

Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру – әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақта қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан.

Жаңа технологиялар баланы тек үйретуші ғана емес өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесіне дейін тәрбиелеуді мұрат тұтады.

Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.

Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.

Оқушыларды ізденіске баулып өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Олардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

Бүгінде бастауыш мектептерде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі "Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту" технологиясы. Сонымен қатар "Ойын арқылы оқыту" технологиясын бастауыш сынып мұғалімдері жиі пайдаланады, себебі бастауыш сынып оқушыларын оқуға тек ойынмен ғана қызықтыруға болады.

Ойын ойды қозғайды. Ойын – баланың интеллектуалдық ой-өрісін тереңдей түсуіне, шығармашылықпен ойлауына алып келеді, білім сапасын арттырады.



«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы:

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен.
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан ерекшеліктері:

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы /қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс/.
- Негізгі үш кезеңінің маңыздылығы.
- Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

Осы жобамен **жұмыс жасау барысында** мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс- әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы

белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаналық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы, ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда

Сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс- тәсілдерін қолданылады:

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/
- Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/
- әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы/
- Қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/
- Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы
- Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/
- Өлең шұмақтарын құрастыру / 5 жолды өлең/

«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының модулдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу.

Қорыта келгенде. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабаққа және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Досназарова Нұрсәуле Мұратбекқызы


Ағылшын тілі мұғалімі
Алматы қаласы

Ағылшын тілін оқытуда тыңдалым дағдысын дұрыс қолдана білейік!

«Сен мені тыңдап тұрсыңба?» осы сұрақты мұғалімдердің оқушыларға жиі қоятыны анық. «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез», – деп ұлы Абай айтқандай, Ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға.

Бүгінгі таңда оқушылардың шет тіліне деген қызығушылықтары арта түскен. Әлем тілі – ағылшын тілі. Ағылшын тілі білім беру, медицина, бизнес, технология, туризм, коммуникация және т.б. сияқты барлық салаларда қолданылатыны сөзсіз. Бұл ағылшын тілін бүкіл әлемде тану және қолдану - жаһандық тілге айналдырды. Бұл тілдің оқушылардың болашағы үшін керекті, қажетті екендігі анық. Үйреніп алу оңай, ал үйрете алу, оқыту оңай емес. Ағылшын тілін оқытуда тыңдап түсінуді үйрету және тиімді пайдалану бүгінгі таңда шет тілдер мұғалімдерінің өзекті мәселесі. Оқушылардың шет тілінде тыңдап түсіну қабілетін арттыру білім мекемелерінде берілетін білім саласының басты міндеті болып тұр. Ағылшын тілін - тыңдалым дағдысы арқылы оқушылардың тыңдау қабілеттерін арттырудың жолдары қаншама... Зерттеушілердің айтуы бойынша тыңдалым қарым – қатынас барысында уақыттың 45% -ін, сөйлеу әрекеті 30% -ін, оқылым 15% -ін және жазылым дағдысы 10% -ін алады екен.

Біле білсеңіздер, «Тыңдау» терминін алғаш рет америкалық психолог Браун енгізді. Ол кісінің зерттемесі бойынша тыңдау деп – сөйлеу әрекетін немесе ақпараттарды тыңдау жайлы түсінік. Егер де «тыңдау» деп масштабты акустикалық қабылдаушылықты білдіретін болса, онда тыңдау ұғымын дыбыстық сөйлеу үшін қабылдау мен түсіну процестерін қамти алады. Бұл дыбыстық айтылымды мұқият тыңдауға мүмкіндіктер береді, ақпараттың мағынасын және мазмұнын түсінуге көмектеседі, есту дағдысын тек ағылшын тілінде ғана емес, сонымен қатар ана тілінде де жаңғыртуға болады. Тыңдау – бұл адамның басқа дағдыларға қол жеткізгенге дейінгі алғашқы тілдік дағдысы. Психологиялық процестің бөлігі болып табылатын тыңдаудан айырмашылығы, тыңдау адамдардан психикалық назар аударуды талап ететін саналы процесс ретінде анықталды. Тыңдау сонымен қатар, тіл үйренуде өте іргелі дағды болғандықтан, оған көбірек көңіл бөлу керек. Тілді дамыту үшін де, тілді үйрену процесі үшін де тыңдау дағдыларының маңыздылығын ескере отырып, тіл үйренушілер оны өмірдегі лингвистикалық кезеңнің басынан бастап үйренуі керек екеніне күмән жоқ. Тыңдаудың нәтижесі қорытынды, себебі қабылданған ақпаратты түсіну және оған жауап беру нәтижелі болып табылады. Естігенге бірден назар аударып, ауызша жауап берген уақытта, ақпаратты тез жадында сақтап аласыз.[14, б. 15] Ерте жастан тыңдау дағдысының дамуы мұғалім немесе тәрбиешіге ғана емес, сонымен қатар, ата - анаға да қатысты. Ата – ана, сізге айтар кеңесім, балаңыз 3-4 жасқа толысымен балаға анық және мәнерлі түрде ертегі оқып беріңіз. Баланың сөзбе - сөз оқу қабілеті болмағандықтан, оқуды оның қасында ата - ана жүргізеді. Ол сондай – ақ, ата - анасы оқып жатқанда кітаптағы мәтін мен суретті көре алады. Бұл дегеніміз, негізгі мақсат баланың сауаттылық



дағдыларын үйрету немесе әр сөзді сөзбе - сөз оқуды үйрету емес. Бұл баланың ата - анасы айтқан және оқыған оқиғаға назар аударуға ынталандыру үшін керек. Бұл процесс кезінде оның тыңдау қабілеті табиғи түрде дамиды. Оған қоса, баламен өткізілген тыңдау процесі әңгіме аяқталғаннан кейін диалог жүргізбестен оның тілін меңгеруіне айтарлықтай әсер ете алмайды. Диалог процесі дауыстап оқылған әңгіме жақсы аяқталғаннан кейін сұрақ - жауап сессиясы түрінде жүзеге асырылады. Кері байланыс ретінде, балаға оқиғаның мазмұнына пікірлер бере алады. Яғни схемасы былай: ата-ана дауыстап оқиды – бала әңгімені тыңдайды, ата-ана сұрақ қояды – бала сұраққа жауап береді. Сонымен тыңдалым дағдысы ғана емес, сөйлеу дағдысында арттыра түсесіз.

Егер мұғалім болсаңыз баланың жас ерекшелігіне сай сабақ барысының 45 минут уақытың 7-8 минутын тыңдалымға жұмысасаңыз оқушыларыңызды бұл дағдыға үйретіп аласыз. Қолдану әдіс – тәсілдері көп: ақпараттық құралдар, коммуникация мен технология, мультимедиялық технологиялар адам өміріне әсер етеуде. Қазіргі балалар Z немесе альфа буынының сандық ұрпақтары болып саналады. Оларды «Homelanders» деп те атауға болады. Бұл түсінік Z буынының өкілдері планшеттерді, VR және 3D шынайлықты белсенді пайдаланушыларды айтады. Көбінесе бұл термин «цифрлық тұлға» терминінің синонимі ретінде қарастырылады. Оқушылардың сандық технологиялар арқылы ақпаратты қабылдауы жылдам. Шәкірттеріңізге тыңдалым дағдысын жетілдіруде төрт тобын ұсынуға болады:

I - Сөйлемді естудің алдында лингвистикалық және психологиялық мәселелердің шешімін табу.

II - Сөйлемді естуге арналған жаттығулар. Мұнда оқушы сөйлемді естіп, оның тақырыбын, негізгі мазмұнын, көрсетілген кестені/сызбаны орындау, бос жерлерді толтыру, мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап беру, сәйкестендіру.

III - Мәтіннің толықтай мазмұнын түсініп алып, оқушы бойында осындай әрекеттерді жетілдіру: интерпретация, пікірін білдіру және анализ жасау іскерліктері.

IV - Оқушыны мәтіннің мазмұнындағы негізгі ойына байланысты идеяларын айтқызу, дискуссия, “дөңгелек үстел” ұйымдастыру, сахналау, сценарий жазу және т.б.

Бұл дағды басқа оқу әрекеттеріменде тығыз байланысты. Тек тыңдалым ғана емес оқушының сөйлеу, оқу, жазу, ой толғау және бақылау әрекеттерін шындай түсесіз. Бұл әрекеттерді байланыстыру үшін төмендегідей тапсырмаларды қолдануға болады. Әрине, оқушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне қарай.

Ал, түсіну және тыңдау қабілеттерін жоғары деңгейде болғанын қаласаңыз арнайы сайттар, аудиокітаптар, радио, подкасттар, ән - өлеңдер, фильмдер болмаса таныс шет ел спикерлері (Native Speaker) арқылы да арттыруға болады. Мәселен, өзімнің сабақ барысында арқылы фильмдер немесе мультфильмдерді (қысқа үзінділер) жиі қолданамын. Жоғары сыныптар үшін фильмді көруге дейінгі, фильмді көру кезіндегі және фильмді көріп болғаннан кейінгі жаттығу топтарын ұсынып отырамын. Мәселен, тыңдалымда берілген кейіпкерді сипаттау, тыңдалған шығармаға қатысты суреттер салу, ауызша сипаттау, армандау арқылы сипаттау. Логика арқылы дамыту ойынмен көрсетілген жаттығуларды орындату (диаграмма, жұмбақ, ребустар, кесте толтыру т.б.), тыңдалған өлең ұйқастарын түсіндіруге болады. Оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында, тыңдалған мәтін бойынша, оқиғаны өздерінің идеясымен қортындылауға болады. Тыңдалып берілген тапсырманы рөлдерге бөлініп орындауға, сұрақтар ойлау, көлемі жағынан ұзақтау тыңдалған

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

ақпаратты жоспар негізінде құрау арқылы қысқа әңгімелеуге де болады. Кейіпкерлерге, оқиғаға қатысты немесе дыбыс, музыкаға қатысты әр түрлі сынды сұрақтарды қоюға болады. Мысалы:

- Кейіпкерге қатысты: **Who is the main character? – Басты кейіпкер кім?, Who is your favorite character? – Сенің ұнататын кейіпкерің кім?**
- Дыбысқа қатысты: **What sound did you listen? - Сен қандай дыбысты тыңдадың?, What did you feel during the music? - Музыка кезінде қандай сезімде болдың?**
- Оқиға қатысты: **What did you notice in the event? – Оқиғадан не байқадың?, What was the problem and solution of the event? - Оқиғаның мәселесі мен шешімі қандай болды?**

Тыңдалым дағдысын қолдану барысында оқушылардың дейінгі көрсеткіштен, кейінгі көрсеткіш жоғары болған. Оқушылардың бұл көрсеткіштері пәнге деген қызығушылығы, тыңдау, сөйлеу және жауаптарының нақтылығынан байқауға болады. Әрине бұл ғана емес:

- ұқсастығы бар дыбыстарды ажырата алды;
- негізгі сөзге мән беріп үйренді;
- басты мәселені тауып, тез шешім қабылдай алды;
- топпен жұмыс жасауға үйренді;
- жеңіл әңгіменің мазмұнын түсінді;
- тыңдалған ақпаратты талдап үйренді;
- мәтіннің стильін ажырата алды;
- дәлелдеуге үйренді;

Қорыта келе, ағылшын тілін оқытуда тыңдап түсінуді тиімді әдістермен оқыту маңызыды орын алады. Тыңдаудың маңыздылығы - ол сөйлеушімен тыңдаушының арасындағы оқу саласында болсын, келіссөз саласында болсын кез келген ортадағы тығыздықты байланыстырады. Яғни, өзара түсіністік пен сыйластыққа жетелейді. Тыңдау - бұл тыңдаушы жаңа ақпаратты іздеуге, басқа адамдардың пікірлерін ойлауға, әлемге және әсіресе оның айналасына қалай қарау керектігі туралы жаңа көзқарасқа ие болатын процесс. Ол сөйлеуші мен тыңдаушы арасында болашақта өнімді болуы мүмкін байланыс жасайды. Сондықтанда, тыңдалым дағдысын сабақ барысында қолдануымыз керек. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, топ ішінде бір-бірімен бірге жұмыстар жасап, өздерінің ойларын білдіре отырып, ортаға салып, талқылап, үйреніп білгендерін көрсете білу тыңдалым дағдысын арттыруға мүмкіндіктер туады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <http://www2.bigpi.biysk.ru/vkr2018/file/kiya>
2. <https://afterthemillennials.com/homelanders-our-youngest-generation/>
3. <https://www.researchgate.net/publication>
4. <https://mgu-russian.com/ru/teach/blog/528103/>
5. 14. Зимняя, И.И. Психология обучения иностранному языку в школе / И.И. Зимняя - М., 1991. – С. 15



Дүйсенбек Әзиза Сәрсенғалиқызы

**Школа-лицей "Қазғарыш"
№ 50 имени Райымбек батыра" акимата города Астаны
Учитель русского языка и литературы**

Функциональная грамотность на уроках русского языка: содержание обучения, типология упражнений и заданий (вводные замечания)

Происходящие процессы в различных сферах жизни социума определяют востребованность тех или иных профессий и специальностей, диктуют определенный набор компетенций специалистов. Содержание образования и требования к результатам обучения призваны отвечать вызовам современного мира и создавать условия для формирования умений и навыков, способных обеспечить успешное развитие личности. Именно поэтому современное образование, в том числе и отечественное, ориентировано на формирование функциональной грамотности обучающихся, выступающей условием для дальнейшего самообучения, эффективной самореализации и активного взаимодействия личности в обществе.

Разберемся, что есть «функциональная грамотность», в чем проявляется функциональная грамотность при изучении русского языка, посредством каких упражнений и заданий следует формировать функциональную грамотность у обучающихся.

Функциональная грамотность – способность человека применять приобретенные знания, умения и навыки для достижения поставленных целей и решения различных жизненных задач в различных сферах деятельности. Функциональная грамотность включает в себя комплекс умений и навыков: читательскую, математическую, финансовую, естественнонаучную грамотность, глобальные компетенции, критическое мышление.

Формирование и развитие функциональной грамотности на уроках русского языка обеспечивается как содержанием обучения, так и средствами обучения, и осуществляется в нескольких направлениях.

1. Содержание обучения предмету «Русский язык».

Если функциональная грамотность предполагает развитие способности применять полученные знания для решения различного рода задач в разнообразных жизненных ситуациях, то особую роль в процессе овладения данной компетенцией должно играть содержание получаемых знаний, которые призваны сформировать у обучающихся адекватное представление об изучаемом объекте. Изучаемым объектом в нашем случае выступает язык – русский язык. Соответственно, знания о языке, его законах, устройстве и единицах не должны противоречить функциональной сущности языка, а наоборот, обеспечивать формирование целостного представления о языке как системе, устройство которой подчинено выполнению социально значимой функции. Такой функцией, обусловившей возникновения языка и его устройство, является целенаправленное воздействие на собеседника: формирование или преобразование знания или ценностных представлений о чем-то, побуждение к конкретным действиям, вызов определенных эмоций и чувств. Поэтому сведения о языке, его подсистемах и единицах, предполагаемые содержанием образовательной программой и включенные в учебники, должны быть изложены в соответствии с указанной функцией. Основное внимание в подаче теоретического лингвистического материала необходимо уделить функциональной сущности изучаемых явлений, то есть исходить из содержания, а не характеризовать особенности и свойства формы и структуры языковых явлений.

В этом случае принципиальное значение приобретает формулировка определения языковой единицы, характеристика форм её существования (функциональный инвариант и варианты его реализации), распределение единиц по языковым подсистемам.

Например, *словосочетание* – средство именованя, которое является вариантом выражения языкового понятия в конкретных условиях и представляет собой соединение двух или нескольких слов, связанных по смыслу и грамматически (ср. традиционное определение: словосочетание – соединение двух или нескольких слов, связанных по смыслу и грамматически). Аналогично следует формулировать дефиниции и других языковых единиц.

2. Функциональна грамотность как способность применять полученные знания о языковой системе, его нормах для решения различных задач, то есть способность пользоваться языком согласно его назначению – быть инструментом воздействия.

Обучение языку и изучение языка предполагает формирование умения эффективного пользования языком, которое проявляется в достижении планируемого говорящим воздействия на собеседника в разнообразных ситуациях речевого взаимодействия. Что в свою очередь зависит от развития умения выбирать вербальные средства для выражения мысли и способ их организации. Поэтому важную роль играет системная работа с учащимися над усвоением номинативной системы языка (традиционно – лексической), которая должна быть направлена на овладение системой вариантов выражения языковых понятий и позициями номинации для каждого из вариантов.

Формирование умения применения полученных знаний о языке в процессе его практического использования – создания текстов – зависит от особой организации и подачи материала в учебниках и на уроке по русскому языку. Программные теоретические языковые, речеведческие темы, темы, направленные на формирование орфографической и пунктуационной грамотности, на развитие речи, творческих способностей должны быть взаимосвязаны. Отработку и закрепление изучаемого материала необходимо осуществлять посредством упражнений, выполнение которых предполагает создание собственных устных или письменных текстов, в том числе и вторичных. При этом задания к этим упражнениям

должны быть стимулятивно-мотивационными, то есть в формулировке задания необходимо задать параметры ситуации речевого взаимодействия, для которой текст должен быть создан. Ситуации и темы, которые предлагаются, должны быть как близкими, актуальными для обучающихся соответствующего возраста, так и неактуальными, но возможными в будущем.

3. Читательская грамотность.

Читательская грамотность как способность понимать прочитанную информацию и использовать ее для решения различных задач предполагает формирование и развитие трех групп умений обучающихся:

- поиск и извлечение информации;
- интерпретация, преобразование;
- оценка и критическое осмысление.

Указанные группы умений связаны с формированием навыков мышления высшего порядка: *поиск и извлечение информации* – анализ, *интерпретация, преобразование* – синтез, *оценка и критическое осмысление* – оценка.

Развитие каждой группы умений осуществляется комплексом упражнений и заданий, которые встраиваются в учебный процесс и включаются в разные формы работы на всех этапах урока: на мобилизационном и мотивационном, освоении новой темы, отработки и закрепления.

Навык читательской грамотности формируется и развивается как специальными упражнениями, основная цель которых обеспечить овладение всеми группами читательских умений на материале одного или нескольких текстов, так и неспециальными, основная цель которых не предполагает развитие данных умений, но овладение ими осуществляется попутно и определяет эффективность выполнения упражнения в целом. В случае использования специальных упражнений, как правило, задания формулируются с учетом формирования всех трех группы умений и на материале сплошных текстов. Например:

1. Прочитайте текст/тексты. Найдите информацию о... / В какой части говорится о.../ Сравните, как автор/автор характеризуют... и т.д.

2. Сформулируйте основную мысль текста/текстов /Скажите, какой вывод можно сделать, прочитав текст/ Озаглавьте текст, отражая основную мысль/ Передайте основное содержание текста, сохраняя основную мысль, учитывая следующую ситуацию речевого взаимодействия... / Составьте план текста и т. д./ Составьте текст о..., отразив ... , используя информацию из предложенных для прочтения текстов/ Составьте задание к тексту и т.д.

3. Укажите, подтверждает или опровергает автор/авторы мысль о том, что.../ Представьте аргументы, подтверждающие мысль о том, что.../ Докажите, что в прочитанном тексте нет ложной информации / Выразите свое мнение по поводу изложенной в тексте точки зрения на... / Оцените сделанные автором выводы с точки зрения современности... .

В том случае, когда читательская грамотность развивается неспециальными упражнениями, то обучающиеся овладевают одним/двумя умениями на материале как сплошных, так и несплошных текстов (таблицы, схемы). На этапе освоения новой темы и знакомства с теоретическим материалом такие задания особенно важны, так как позволяют учащимся самостоятельно прийти к формулированию теоретических положений, правил, поработав с той или иной информацией, эффективнее усвоить и понять теоретический

материал, успешно справиться с выполнением упражнения при условии понимания дополнительной информации.

Примерами таких заданий могут быть следующие:

1. Поиск и извлечение информации.

1). Прочитайте материал Какая информация вам известна, а какая оказалась для вас новой.

2). Прочитайте материал параграфа и сопоставьте его со схемой/таблицей. Какая информация не отражена в таблице/схеме?

3). Спишите текст, ставя слова в скобках в нужную грамматическую форму, предварительно ознакомившись с материалом памятки *Внимание*. Что необходимо усвоить, согласно материалам памятки, чтобы правильно выполнить упражнение?/ Какую информацию памятки вы будете учитывать, выполняя упражнение?

2. Интерпретация, преобразование.

1). Используя материал параграфа, подготовьте сообщение о... .

2). В материалах параграфа найдите информацию о... Выпишите ... Приведите примеры к каждому выдвинутому положению... Используя эти материалы, подготовьте высказывание на тему...

3). Представьте содержание материала параграфа в виде схемы или таблицы... / Составьте высказывание о... , пользуясь материалами схемы или таблицы.

4). Прочитайте материал параграфа. Задайте друг другу вопросы по материалам параграфа.

3. Оценка и критическое осмысление.

1). Ознакомьтесь с примерами... Докажите, что...

2). Рассмотрите.. Назовите... . Распределите.... Самостоятельно сформулируйте определения ...Сверьте свое определение с определением, данным в теоретической части параграфа. / Рассмотрите.... Подчеркните.. Сделайте вывод об особенностях...



БҚО Теректі ауданы "Ұзынкөл" ауылы

МКҚК "Бүлдіршін" бөбекжайы

Еркін Жанар Балтабекқызы

БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАСТАМАНЫ ДАМУ

Қазіргі таңда заманауи білім беру технологияларын қолданбай балалардың жан-жақты дамуы мүмкін емес. Мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті ойын екенін ескере отырып, біз өз жұмысымызда негізгі заманауи ойын технологияларын қолданамыз. Дамытушылық ойындарды қолданудың арқасында мектеп жасына дейінгі баланың білім беру процесі қол жетімді және тартымды түрде өтеді, баланың интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасалады

Құрметті әріптестер, менің баяндамамның тақырыбы кездейсоқ таңдалмады. Өкінішке орай, қазіргі кезде балалар аз ойнай бастады. Зерттеулер көрсеткендей, балалардың ойын тәжірибесі мен ойын сюжетін дамыту қабілеті жоқ. Педагогтер ата-аналардың "әлеуметтік тапсырысын" орындауға, яғни мектепке үйретуге және дайындауға тырысады. Ойынға бөлінген уақыт кітап оқумен, мерекелерге дайындықпен, ұйымдастырушылық қызметпен толтырылады. Кейбір ата-аналар балаларын балабақшаға кеш әкеліп, ерте алып кетеді. Көптеген ата-аналар ойынды қажетсіз, бос уақыт деп санайды. Сұрақ туындайды: неліктен тәрбиешілер мен ата-аналар кез-келген басқа әрекеттің пайдасына ойнауға уақыт бөледі? Неліктен ересектер баланы құрдастарымен ойнау мүмкіндігінен айырады?

Тақырыптың өзектілігі: балабақшада заманауи ойын технологияларын қолданудың өзектілігі қазіргі уақытта қоғамның өмір сүру және даму жағдайларының өзгеруіне байланысты оқытудың жаңа технологияларына көшу болып табылады.

Мақсаты: ойын технологияларын пайдалану арқылы балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту.

Міндеттер:

1. Баланың өзіндік белсенділігі арқылы білім мен дағдыларды игеруге деген ынтаның, саналы қажеттіліктің жоғары деңгейіне жету.
2. Балалардың белсенділігін және оның тиімділігін арттыратын құралдарды таңдау.

Күтілетін нәтиже:

- тәрбиеленушілерді жандандырады;
- танымдық қызығушылықты арттырады;
- шығармашылықтың дамуына ықпал етеді;
- ойынның нақты тұжырымдалған шарттарына байланысты оқу қызметі уақытын барынша шоғырландырады;
- тәрбиешіге материалды игеру деңгейіне байланысты ойын тапсырмаларын қиындату немесе жеңілдету арқылы ойын әрекеттерінің стратегиясы мен тактикасын өзгертуге мүмкіндік береді.

Бұрын мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ойын элементтерін қолдана отырып, оқу қызметі түрінде өткізілетін. Бүгінгі таңда жетекші қызмет – бұл ойын, дәлірек айтсақ, тақырыпқа байланысты тығыз байланысты ойын жаттығуларының жиынтығы.

Ойын технологиясының маңыздылығы оның ойын-сауық және демалу екендігінде емес, дұрыс басшылықпен: оқыту тәсілі; шығармашылықты жүзеге асыру қызметі; терапия әдісі; баланы қоғамда әлеуметтендірудің алғашқы қадамы.

Ойын іс-әрекетінде шығармашылық бастаманы дамыту мектепке дейінгі білім берудегі маңызды міндет болып табылады. Ойын осы жастағы балаларды оқыту мен дамытудың негізгі тәсілі болып табылады және ол шығармашылық ой мен бастаманы ынталандырудың күшті құралы бола алады.

Міне, балалардың ойын әрекетінде шығармашылық бастамасын дамытуға көмектесетін бірнеше әдістер:

Бос уақыт пен кеңістікті қамтамасыз ету: балаларға еркін ойнауға және шығармашылық бастамаларын көрсетуге уақыт пен орын қажет. Оларға әртүрлі ойын материалдарына, дизайн жиынтықтарына, сурет салуға, модельдеуге және басқа да шығармашылық құралдарға қол жеткізуді қамтамасыз етіңіз.

Идеяларды қолдау және ынталандыру: балаларды ойында өз идеялары мен ұсыныстарын айтуға ынталандыру маңызды. Олардың ойлауы мен қиялын ынталандыратын ашық сұрақтар қойыңыз. Оларды тәжірибе жасауға, жаңа идеялар мен шешімдерді қолдануға шақырыңыз.

Рөлдер мен сюжеттік ойындар: рөлдер мен сюжеттік ойындар шығармашылық бастаманы дамытудың тамаша тәсілі бола алады. Балаларға өздерінің сюжеттері мен кейіпкерлерін құруға, сондай-ақ бар ойындарға өзгерістер енгізуге мүмкіндік беріңіз. Бұл олардың қиялын және шығармашылығын дамытуға көмектеседі.

Ынтымақтастық және бірлескен ойын: Балаларды бірге ойнауға және бір-бірімен ынтымақтастықта болуға шақырыңыз. Бірлескен ойын шығармашылық бастаманы дамытады, өйткені балалар өз идеялары мен ұсыныстарын енгізе алады, сонымен қатар басқалардың идеяларын қабылдауға және құрметтеуге үйренеді.

Ашық тапсырмалар мен жобалар: балаларға шығармашылық ойлау мен бастаманы қажет ететін ашық тапсырмалар мен жобаларды ұсыныңыз. Мысалы, балаларға өз ойынын жасауға немесе қол жетімді материалдардан бірдеңе жасауға шақыруға болады. Бұл оларға жоспарлау, проблемалық ойлау және Тәуелсіздік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Шығармашылық бастаманы дамыту уақыт пен қолдауды қажет ететінін есте ұстаған жөн. Мұғалімдер мен ата-аналар ынталандырушы ортаны құруда және балалардың шығармашылық белсенділігін ынталандыруда маңызды рөл атқара алады. Ойын қауіпсіз болуы керек және балалардың ойлары мен идеяларын еркін білдіруге қолдау көрсетуі керек.

Біздің балабақшада ойын технологиясын ерте жастан бастап дайындық тобына дейін қолдана бастаймыз. Өйткені, ойын – бұл мектеп жасына дейінгі жетекші қызмет түрі. Сондықтан жылдық міндеттердің бірі оқу-тәрбие процесінде ойын технологияларын жүйелеу болды.



Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылы
Жалпы білім беретін №9орта мектеп

Ескалиева Бақытгүл Жанбырбайқызы

«Қазақ тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын жетілдіру жолдары»

Тілдің грамматикасын меңгеру баланың жалпы дамуымен де (ақыл – ой қызметінің кеңеюі, өз бетінше ізденістері) сабақтас дамиды. Сондықтан да түрліше әрекет жасау барысында баланың мазмұнды өмір сүріп, ой - өрісін дамытуы, үлкендермен тілдік қарым – қатынас жасауы оның тілінің дамуына ықпал етеді. Олардың сөздік қоры молайып, алғашқы грамматикалық формаларды меңгеруі жетіле түседі. Баланың сөйлеу білуге деген алғашқы талпынысы – оның дамуының бастапқы кезіндегі басты нәрсе. Ол үлкендердің сөйлеген сөздерінен бірнеше мәрте қайталанатын белгілерді ептеп түсіне бастайды. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, екі жастан бастап бала тілі күрт дамиды. Мектеп жасына келген бала, яғни 6-7 жасар бала 3,5-4 мыңға жуық сөз біледі екен. Демек, ол тілдің бүкіл фонологиялық жүйесін түсінеді. Олай болса, өз бетінше сөйлемдер құрастыра, өз ойын өзгеге түсіндіре, жеткізе алады. Зерттеулер көрсеткендей түске, үлкендікке, заттың жай күйіне байланысты ерекшеліктерді жас баланың естіп қабылдауынан гөрі, сол заттарды көріп, қолмен ұстап барып, ажырата қабылдауы 10-12 есе тезірек іске асады да, бала жадында ұзақ сақталады.

«Сөзге» қарағанда, балаға сол зат, белгі, құбылысты көрсету, оларды ажырата отырып көрсету арнайы үйретусіз-ақ тез қабылданады. Сөз жалпылама ұғым болғандықтан, бала тез арада өзі қабылдаған сөздерді белгілі бір топтарға бөле отырып меңгере бастайды. Баланың өз бетінше меңгеруі алғашқыда әрине, қателесусіз жүрмейді. Табиғаттағы зат пен құбылыс арасындағы байланысты білдіретін сөздер (кеңістік, сан т.б.) сезімдік қабылдауға негізделеді де, балаға көрінбейтін болғандықтан, ол нәрселер мен байланыстарды үлкендер түсіндіреді. Бұларды түсінуге талпыну және тілде қолдану баланың ойлау қабілетін дамытады. Сол секілді үлкендердің сезімдік, эмоциялық күйін білдіретін сөздерде балаға түсінікті бола бастайды да, бала да эстетика, адамгершілік туралы алғашқы түсінік қалыптасады. Балада алғашқы кезде өз шамасын байқап көру қасиеті үлкендермен, заттармен байланысқа түсу, яғни сөз арқылы жүзеге асады.

Алғашқыда ол зат пен құбылыстың аттары арқылы, ал кейінірек жіктеу есімдіктері арқылы, содан соң өзін басқа балалармен салыстыру арқылы жақсы және жаман қасиеттерді ажырата бастайды. Сөздік қорын дамыту арқылы бала ертегі, өлең тыңдауға, ән салуға, мәнерлі де, мәнді сөйлесуге бейімделе бастайды.

Демек, баланың алғашқы сатысында оның физиологиялық және физикалық дамуы мен ойлау белсенділігі үлкендердің жүйелі тәрбиелік жұмыстарына байланысты болады. Өмірдегі құбылыстарды көру, есту арқылы бұл жаста бала психикасында үлкен өзгерістер байқалады. Ол өзін қоршаған құбылыстарды, үлкендердің сөздері мен іс-әрекеттерін ойын арқылы ойнап, сол ойындарда қолдана бастайды.

Дұрыс ұйымдастырылған ойындарда балаларда жақсы дағдылар қалыптаса бастайды, яғни ойын – ойды дұрыс дамытады. Тек баланың ақыл-ой қызметін активтендіру және ұйымдастыру нәтижесінде ғана білімді меңгертуге болады. Н.А.Менчинскаяның пікірінше, «таным, танымның қалыптасуы өзара байланысты екі процестен тұрады: білімді игеру және оны қолдану».

Баланың екінші сигналдық жүйесі ретіндегі сөйлеуі бірінші сигналдарға қарағанда жетекші орында болады, екінші сигналдар оған қызмет етеді. Ал сөздік қоры мен ойлау жүйесі нашар дамыған балалардың сөздік қоры, сөз байланыстары тек белгілі бір ғана бағытта болады да, әр түрлі жағдайдың өзгеруіне қарамай, олардың жауаптары бір жақты болады. Психикалық процестердің дамуындағы сөйлеудің рөлі жайындағы бұл саладағы зерттеулердің объектісіне жататын көптеген өзекті мәселелерінің туындауына әкеледі.

Балалардың тілінің дамуы мен қалыптасуын зерттеу балалар технологиясы мен психолингвистиканың проблемаларын шешуде ғана емес, сонымен қатар тілдің табиғаты жөніндегі аса маңызды, әсіресе, балалар тілі онтогенезін, оның осы арқылы тілдің лексикалық, грамматикалық категорияларын, оның фонологиялық жүйесін және мәтін тудыру механизмдерін танып-білуді аса маңызды роль атқарады.

XXI ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында балалардың сөйлеу тілін зерттеу психологтар мен тілші ғалымдар назарын өзіне аударды, балалар ойлауының, ой-өрісінің деңгейін білдіретін алғашқы жиілік сөздіктер пайда болды.

Оқушылардың сөйлеу әрекеті, оның құрылымдық типологиялық ерекшеліктері жоғары лингвистикалық шамалар лексикалық, морфологиялық, семантика – синтаксистік ерекшеліктер нәтижесінде қалыптасады.

Элькониннің пікірінше, бала қызметінің барлық жағы мазмұны, формасы бойынша қоғамға байланысты, сондықтан бала өз өмірінің алғашқы ағашқы күндерінен бастап, қоғамдық дене болып табылады. Оның адамзатқа тән мәдениетке жетуі белсенді әрекетіне байланысты болады.

Баланың сөздік қоры сыртқы жағдайлармен, динамикалық әрекетпен сипатталады. Баланың жеке іс - әрекеттерінің күшеюіне және өзге балалармен көбірек араласуы оның өз жолдастарынан көргендері мен алған әсерін айту үшін монолог түрінде түсіндіру, айту қажеттілігін тудырады. Бұған қоса әрекеттердің өзара байланысуы, бір нәрсеге баға беру, бұйыру т.б. формасында да сөйлеуі үнемі даму үстінде болады. Мұның барлығы балалардың сөздік құрам мен тілдің грамматикалық құрылысын интенсивті меңгеруіне әкеледі де, олардың сөзі бір-бірімен байланысты, жүйелі бола түседі. Ауызша тілді меңгерудің жүйесіз түрінен мектепте морфология мен лексиканы үйретудің жүйелі тәсілдеріне көшу үшін мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің сөздігіне мүмкіндігінше тілімізде жиі және сирек қолданылатын жаңа мәнге ие сөздерді сұрыптап ала білудің айрықша маңызы бар.

Тілдің синтаксисі мен семантикасына квантитативтік әдістер қолдануда көптеген қиындықтар бар: біріншіден, өте үлкен мөлшердегі сөз, сөз тіркестерінің жиыны қажет, екіншіден, мәтіндердегі сөз тіркестерін қарастыруда жекелеген қиындықтар туындамай қоймайды.

Балалар тілін квантитативтік әдіспен зерттеу – олардың лексика – грамматикалық ерекшеліктерін ашуда, сонымен қатар бастауыш білім беру кезінде оларға берілуге тиісті материалдың сандық және сапалық ерекшеліктерін анықтай отырып, алынған зерттеу нәтижелерін көркем әдебиет пен публицистикалық жанрдағы үлгілермен салыстыру арқылы тілді меңгерудің кейбір тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануда аса маңызды.

Kurastyrylqan standart negizinde bastyush bilimniq baqdarlamalary жарык kordi. Sauat ashu elippe men oqu kitabyнан тұрады. Bastyush synyp pėni бойынша oquшылардың oqu мен жазу дағдыларын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын байыту, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; алғашқы грамматикалық мағлұматтарды меңгерту, танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту; ана тіліне деген сүйіспеншілік, құрмет, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, адамгершілікке, ізгілікке, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсаттарын көздейді. Bastyush synypта oquшылар сөйлеу, сөйлем, сөз дыбыс және олардың шартты белгілерімен танысады. Дауысты, дауыссыз дыбысқа байланысты грамматикалық материалдар талдау әдісімен беріледі. Тіл дамытудың төрт міндеті жүзеге асырылады. -сөздік қорын дамыту;

-байланыстырып сөйлеуге үйрету;

-грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге үйрету; -сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Сөз тілдің негізгі единицасы, дыбыстық таңбалар мен мағынаның көрінісі. Дыбыстық таңба сөздің материалдық жағынан қаласа мағына (мазмұн) оның идеялық жағын қарастырады. Бұлардың бірлігі т сөздің өмір сүруі мен қызмет атқаруының белгісі.

Сөз – тіл білімінің барлық саласының негізгі зерттеу объектісінің бірі болып табылады. Бірақ тіл білімінің әр саласы сөздің бір қырын ғана өз объектісі етіп алады да, өз заңдылықтары негізінде сөз етеді. Бұл сөздің күрделі құбылыс екеніндігін білдіреді. Тілдегі сөздер бір-бірімен дыбыстық ерекшелігі мен морфологиялық құрамы жағынан да қилы-қилы. Мәселен, Жомарт кеше Алматыдан жүрдек поездбен келді, деген сөйлемдердегі сөздерді жеке-жеке алып қарасақ, дыбысталу жағынан да, морфологиялық тұлғасы жағынан да, керек десеңіз, сөйлемдегі атқарылып тұрған қызметі мен орын тәртібі жағынан да түрлі-түрлі. Осындағы сөздерсіз ешқандай ой пікір құруға болмас еді. Сол сияқты тілдің грамматикалық заңдарынсыз айтылатын ой түсініксіз, әрсіз болар еді. Сондықтанда бұлардың әрқайсысына тән ерекшелігімен қызметі бар негізгі элементтер екендігін көреміз.

Сөздерді фонетикалық, грамматикалық жақтан талдау мүмкін болғанымен, сөздердің барлық қасиеттерін грамматикалық белгілері арқылы ашылу мүмкін емес. Фонотиканың ең кіші элементі болып саналатын морфема болсын – барлығы да сөз бойынан табылатын нәрселер. Сөз мағынасы, оның даму заңдылықтары, синоним, онтоним сияқты құбылыстарда сөздерге тән заңдылықтар. Дегенмен осы ата аталған қасиеттерді жеке – жеке өмір сүретіні анық, бірақ олар бірігіп қана сөз жасай алады. Екінші сөзбен айтқанда, дыбыссыз сөз болмайтындығы сияқты, грамматикалық жақтан тұлғаланбаған сөздер болмайды. Сөз болуы үшін дыбыстық, грамматикалық формалардың болуы жеткіліксіз. Жоғарыда аты аталған белгілері сөз элементтері деп аталуы үшін сол белгілер мен бірге, лексикалық мағынасының да болуы шарт. Жалаң лексикалық мағынаның грамматикалық мағынамен байланысын, астасып жататындығын, олардың өмір сүру формасы тек дыбыстық тіл болатындығын ескеріп талдау жасайтын болсақ, онда сөз мәселесінің қаншалықты қиын, күрделі екендігін дәлелдеп жатпай-ақ көз жеткізуге болады. Тіпті сөзге көпшілік тілші ғалымдар мойындаған ғылыми анықтаманың да берілмегендігін айтудың бұл мәселенің қаншалықты қиын екендігін көрсетеді.

Көптеген оқулықтарда «Сөз мағына мен дыбыстардың бірлігі» деген анықтама берілген. Ой елегінен өткізе зерделесе, шындығында сөздің құрамында мағына мен дыбыстың болатыны даусыз. Дыбысталусыз сөз болмайтын сияқты, мағынасыз да сөз болмайды. Бірақ бұл анықтама сөздердің барлық қасиеттерін анықтап бере алмайды, өйткені бір сөздің мағынасы тіл-тілдерде әртүрлі сөз арқылы беріледі. Сондай-ақ бұл анықтама сөздердің көп мағыналы қасиеттімен синоним, антоним

сияқты тілдік құбылыстардың басын ашып бере алмайды. І. Кеңесбаев «Сөз – дыбыстар мен мағынаның тұтастығы, ақиқат заттың, құбылыстың жиынтық белгісі», - деп, сөздің мағынасын күрделендірген.

1979 жылы жарық көрген Ә.Болғанбаевтың оқулығында: «Сөз дыбысталу мен мағына бірлігінен тұрады. Әрбір сөз – белгілі бір құбылыстың аты», - деп анықтама береді Сөзге мағына мен дыбыстың бірлігі, не мағына мен дыбыстың және грамматикалық категориялардың бірлігі деп берілген анықтамалардың қазіргі тілшілерімізді қанағаттандыра алмайтындығы анық.

Тіл – тілдердегі сөздердің табиғаты мен түрлі қасиеттерінің өзара сәйкес келе бермейтіндігі кей ғалымдарымыздың жалпы сөзге тиянақты анықтама бежруге болмайды деген қорытындыға келуіне себепші болған. Мысалы, М.Н. Петерсон: «Сөздерге қанағаттанарлық анықтама жоқ, оны біреудің өзі де екі талай: сөз логикалық анықтама беріп болмайтын түсінік, сондықтан оны тек сипаттап не белгілерін көрсету мен ғана шектелгені дұрыс», - деген болатын. Осы пікірге жақын Л.В. Шербада да бар: «Шындығында, сөз деген не? меніңше, бұл түрлі тілдерде түрліше болады. Бұдан жалпы, сөз деген түсінік жоқ деген туады мен сөз туралы көптен бері ойлап жүрсемде, бұл проблеманы шешуді өз алдыма мақсат ете алмаймын», - дегенді айтады.

Мұнан сөзге тіпті анықтама беруге болмайды деген түсінік тумаса керек. Біз жоғарыдағы пікірлерді сөздің аса күрделі құбылыс екенін дәлелдеу үшін келтірттік. Біздің ойымызша, профессор М.Оразовтың «Сөз теориясы» деген еңбегінде «Сөз дегеніміз мағыны мен дыбысталудың тарихи әлеуметтік шартты байланысы», - деп берген анықтамасы сөздің аса күрделі қасиеттеріне жан-жақты талдау жасап берілген анықтама деп білеміз.

Олай дейтін себебіміз: тілдің негізгі қызметі адамдардың қатынас құралы болу екендігі анық. Сондықтан да тілдің белгілі бір адамзат қоғамына танылған сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымы да болуы керек. Бұлардың барлығы да дыбыстар арқылы өмір сүреді, сол себепті дүниедегі тілдердің барлығыда тіл дегенге ешкім дау айтпаса керек. Бірақ мағынасыз дыбыстардың жалаң сөздері қатынас құралы қызметін атқара алмайды. Осы негізінде жүйелі дыбысталудың барлығыда сөз бола бермейтіндігі анық. Қатынас құралы болатын тілдің негізгі қызметі – адамдардың пікір алысуы. Бұл процесс сөз адамдарға тәуелді болмаған табиғи құбылыстар мен объективті дүниедегі түрлі жағдайлармен байланысты болады. Демек ғалымның (М.Оразов) сөзге берілген анықтамасы көңілге қонымды.

Жоғарыда аталған пікірлерден өз мақсатымызға ой қорытындысын шығаруға болады.

Жас балаға тіл үйреткенде дайын сөздерді мағына мен дыбыстар бірлігін үйретеміз де, оған біртіндеп мағынаны ажыратуды көрсетеміз. Екінші сөзбен айтқанда, тіл не жаңа сөз үйренгенде әр адам жаңа тіл не жаңа сөз жұмсайды, ертеден келе жатқан ата-бабадан мұра болып берілетін даяр форманы қабылдайды, біртіндеп оны үйренеді. Тіл үйренгенде үйренуші бала сөздің жеке фонемалық көтерілгенде ғана сөздің тұлғасына, байланысу тәсіліне, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібіне, тағы басқаларына көңіл аударады.

«Сөз» деген ұғым мектеп жасына дейінгі балаларға үйретіле бастайды. Бала – бақшаларда аталмыш тақырыпта балаларға кез келген заттарды көрсету арқылы үйретіледі. Мысалы, мынау – орындық, анау – парта, бұл – кітап, ол – қалам тағы бақа. Осындай мысалдар келтіріп, әрбір заттың, құбылыстың аты «сөз» деп аталатындығы түсіндіріледі. Тәрбиешінің мұндағы көздеген мақсаты - әрбір сөздің жекежеке

uymdy bilDIRU, tSindiru, arbir zatтар мен qubylыстардың атауы «сөз» деп есептелетіндігін uғындыру.

Айналадағы заттар мен санамызға, ойлау мүшелерімізге өзінiң бейнесін, сәулесін түсіріп, uғымпейда етеді. Uғым арқылы танылған зат пен qubylыстарға шартты түрде атау беріледі. Ол атау жеке сөз, сөз тіркестері арқылы жасалады. Сөз мағына арқылы ақиқатты бейнелейді. Мағына болмаған жерде сөз де өмір сүре алмайды. Сөз бір тектес зат пен qubylыстардың жеке атауын билдірумен бірге, олардың жалпылауыш атын да танытады.

Өмірдің бүгінгі таңдағы талабы қазақ тілін жас ұрпаққа үйретудің тиімді әдістемесі жасалуын қажет етіп отырғаны белгілі. Өйкені таяу жылдарда қазақ тілінің қоғамдық қарым-қатынастардың барлық салаларында: саудада, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінде, кеңсе ісінде, т.б. жерлердің барлығында да қолдану аясының кеңі түсуін қамтамасыз ету міндеті қойылуда. Мұның өзі қазақ тілінің қарым-қатынас құралы ретіндегі мәнімен қатар, танымдық құралы ретіндегі рөлін де күшейте түсетіні мәлім. Осыған орай, жас ұрпаққа білім беру, оларды қажетті дағды мен іскерлікке төселдіру, өз пікірлерін билдіріп, қорытынды жасай алуға баулу, бұл мәселелерде балалардың жеке ерекшеліктері мен жалпы даму деңгейін ескеру, мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған басты міндеттердің біріне айналуға. Бұл міндеттер, әсіресе, бастауыш сыныптарда балаларды ауызша, жазбаша тілін дамыту жұмысын күн тәртібіне бірінші мәселе етіп қойып отыр.

Мектептердегі тіл дамыту – бір сыпыра ғылым өкілдерінің бірігіп шешуін талап ететін психологиялық, педагогикалық және лингвистикалық проблема.

Қазақ бастауыш мектептеріндегі тіл дамыту мәселесі белгілі себептермен осы уақытқа дейін тиісті дәрежеде ғылымның зерттеу объектісі бола алмады. Балардың туған тілін үйрену аясы бірте-бірте тарылып, көптеген көкей кесті жайттары өз шешімін таба алмай келеді.

Жалпы оқыту барысында ұлттық ерекшеліктің ескерілмеуі бастауыш сыныптардағы тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға да кері әсерін тигізді. Оқулықтар мен оқу құралдарының тілі тым жұтаң болды. Бастауыш сыныптарға арналған мақалмәтелдер жұмбақтар мен жаңылтпаштар, шешендер мен билер сөздері жинақ түрінде жарық көрмеді, түрлі сөздіктер жасалмады. «Ана тіл» оқулықтарына қосымша «Хрестоматия», грамматикаға қосымша «Жаттығулар жинағы»

Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің "М.Өтемісұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Информатика пәні мұғалімі

Әбдірахман Индира Әбілханқызы

Ғылым мен Білім әлемінде цифрлы Қазақстан және ІТ технологиялар

Бүгінгі заман талабы білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойылып отыр. Елбасы өзжолдауында атап өткендей, цифрлық индустрияны дамыту басқа барлық салаларға сепін береді. Сондықтан үкімет ІТ саласын дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстауы тиіс. Жаңа индустриялар қалыптастырудың маңызды шарты ғылыми -техникалық инновацияларды қолдау, оларды әлеуметтік -экономикалық өмірімізге тезірек енгізуде жаңа биіктікке және жеңіске ұмтылуымыз қажет.

Білім беру мекемелерінің ұстаздарының электрондық білім беру ресурстарын құра білуі дегеніміз мұғалімнің шығармашылық потенциялын қолданбалы және инструментальдық құралдың негізінде өзінің оқу пәнінің төл оқу әдістемесін құрып, оны жүзеге асыруға бағытталған электрондық білім беру ресурстарын құру және пайдаланудың теориясы мен практикасын меңгеруі.

Электрондық оқыту жүйесінің 2011-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасы орта білім беру ұйымдарында ақпараттандыру үдерісінің ағымдағы жай күйді талдауға баға береді. Сонымен бірге электрондық оқытудың бірінғай жүйесін енгізу бойынша процестерді жеделдету үшін қажетті шараларды анықтайды. Осылайша оқу-тәрбие үдерісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. Мектеп өміріне компьютердің келгеніне біраз жыл өтті, осы жылдарда оқу процесінде есептеуіш техникаларды қолданудың тұжырымдамалары бірінің орнын бірі алмастыруда. Компьютерлік бағдарламалар ғана емес, компьютерлік техниканың жаңа түлері қолданысқа енуде. Ал, бүгінде бізге сандық білім беру ресурстарын жасау және пайдалану қажеттігі туындады. Оқу үрдісінде электрондық оқу басылымдары, арнайы энциклопедиялар, тестілеу мен бақылау бағдарламалары, анықтамалық жүйелер, географиялық карталар және жердің жасанды серігінен алған суреттердің жиынтығына негізделген білім беру ортасы, виртуальдық зертханалар немесе оның құбылыстарын зерттеуге негізделген модельдер, күрделі интерактивтік оқу материалдары және басқада ОКҚ –лар кеңінен қолданыс табуда. Қазіргі білім беру жағдайында электронды құрал жабдықтарға негізделген ақпараттық технологияларды, сандық білім қорының біртұтас жиынтығын, интерактивті тақта мүмкіндіктерін пайдаланбай, соларға сүйенбей толыққанды сабақ беру мүмкін емес.

Зерттеушілердің пікірі бойынша дәстүрлі оқу әдісімен берілген материалдардың интербелсенді оқыту бағдарламалары көмегімен материалдың есту арқылы-22%-ы көру арқылы-35%-ы көру-есту арқылы-50%, ал мультимедиялық интербелсенді оқыту бағдарламалары көмегімен берілген материалдың 80% есте сақталады екен. Олай болса оқу тәрбие үрдісінде цифрлық білім беру қорларын пайдалану білімнің сапасына рттыру, білім беру үрдісін интендификациялау мен жаңартудың тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Мұны жүзеге асырудың бір бағыты цифрлық білім беру контенттерін қолданбалы программаларда жасақтау болса, дайын интерактивтік орталарда өз қорларын даярлап оқу үрдісінде тиімді пайдалана білу бұл да маңызды болып табылады.

Жалпы, педагогтердің ІТ саласын жан жақты меңгеруі үшін кез келген педагог кең жолақты Интернет желісіне қосылған ноутбукпен қамтамасыз етілуі қажет. Сонда ғана ол іздене бастайды. Олардың кәсіби деңгейіне қойылатын талаптардың бірі ретінде ақпараттық -коммуникациялық және технологиялық құзырлылығын қалыптастыру нормативтерін қарастыру көзделген. Аталған үрдістер тәжірибеге енгізілген жағдайда, педагогтың ақпараттық коммукациялық құзырлылығын қалыптастыруға толық мүмкіндігі болатындығы дәлелденген.

Алайда ІТ саласының динамикалық өзгерісіне сәйкес республикадағы 300000-нан аса педагогтың ақпараттық –коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыруды бір жылда жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл қажеттілікті шешу барысында республикалық институт ЮНЕСКО, Майкрософт және Интел компанияларымен бірлесе отырып жұмыс істеп келеді. Еліміздің болашақ дамуын, Қазақстанның үшінші жаңғыруын, яғни мемлекет экономикасын дамытуды қазіргі озық заманның технологиясын игеруімен байланыстырады. Әлемнің дамыған елдері қазіргі таңда төртінші технологиялық төңкерісті басынан өткеріп жатыр. Сондықтан Елбасы «Цифрды индустрияны, ІТ саласын дамытуды және өндіріске жасау міндетін инновациялық жаңалыты кеңінен тарту арқылы мүлде жаңа индустриалды экономика жасау міндетін қойды». Қазақстанда ақпараттық технология саласын меңгерген адамдарға мұқтаждық бар екенін ІТ мамандары растайды. Қазақстанда бұл салада әсіресі нақты бір бағытқа маманданған адамдар өте аз. VPS (виртуальды жеке сервер) баптайтын маман, веб бағдарламашы, дизайнер, SEO оптимизатор өте тапшы. Біздің елде ІТ саласында бәсекелестік мүлде дамымаған, жаңа технологияларды білетін технологиялық мамандарға сұраныс өте көп жергілікті компанияның ол жақты орнын өздерінше толтыруға мәжбүр.

Біз интернет дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Елімізде Интернет пайдаланушылар саны күн сайын өсіп келеді. Әсіресе мобильді интернетті пайдаланушылардың саны артуда. Сондықтан болашақта онлайн контент пен сервиске сұраныс пен талаптар өсе береді. Ал электронды оқыту осының бір ажырамас бөлшегі. Интернетте ақпарат өте көп, дегенмен оны пайдаланушыларға тексерілген және қауіпсіз материалдар қажет. Уақыт өте келе осы бағытта жұмыс істейтін компанияларда көбейеді. Бәсекелестік өскен сайын сапа да артады. Сондықтан Қазақстандағы электронды оқыту нарығына біз оң көзбен қараймыз. Қазақстанның ІТ

саласында бес мыңнан аса маман қажет. Бұл туралы ҚР Білім мен Ғылым вице министрі мәлім етті. Ақпараттық технологиялар әлемді басқарып отыр. Сондықтан бізде ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамытуға күш салуымыз керек.

Біздің елімізде соның ішінде Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданына қарасты мектеп, мектеп интернатта ІТ сыныптары ашылды. Бұл айтулы шараға «Аманат» партиясы, Маңғыстау облыстық филиалының төрағасының орынбасары, аудан әкімі, маслихат депутаттары, БАҚ өкілдері мектеп ұжымдары қатысқан. Осы сынып ашылғалы мектеп оқушылары облыстық және аудан деңгейіндегі ауқымды шараларға белсене қатысып жүр.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Олай болса оқу үрдісінде АКТ мүмкіндіктерін, мультимедиялық контенттерді толығымен пайдалану, тақырып бойынша интерактивтік, видео-роликтер әзірлеп, оны зерттеу арқылы тақырыпқа сай орындалатын тапсырмаларды анықтау және жасалу алгоритмін өздеріне құрғызу арқылы шығармашылықпен жұмыстануға итермелейді. Әрине бұл ұзақ уақыт талап ететін процесс, сондықтан бірнеше сабаққа есептеліп, жоспарланады. Бұл бір жағынан студенттердің ақпаратты жинақтауға, өздеріне қажетті материалды Интернет желісінен іріктей білуіне және қажетті программаны өз бетімен үйренуіне әкеледі, бір сөзбен айтқанда АКТ-құзыреттіліктерін қалыптастырылады. Қорыта келе, қазіргі уақытта білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат- еліміздегі білім беруді халықаралық деңгейде көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігінде кіріктіру болмақ.

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Сарыкөл ЖОББ мектебінің
жанындағы шағын орталық тәрбиешісі

Әбілханова Сая Жұмагелдіқызы



Тәрбие сағатының тақырыбы: Жол тәртібін білейік!

Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, есте сақтауға үйрету. Танымдық белсенділігін жол белгілерін білу мен олардың атқаратын қызметін, қоғамдық көліктермен жай көліктердегі тәртіпті сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін, ойын арқылы ойлау қабілетін, тақпақ арқылы тіл байлықтарын дамыту. Жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру. Жолда жүру ережелерін орындауға, дамытушы ойындар арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: Көрсету, түсіндіру, ойын ойнату, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: Бағдаршам, , жол белгілер плакаттары, буклет, жолақ жолдар, ойыншық көліктер.

Ұйымдастыру:

— Сәлеметсіздер ме балалар! Бүгін бізге қонаққа инспектор мырзамен ұстаздар қауымы келіп отыр. Ендеше қонақтармен амандасып алайық!

Шаттық шеңбері (балалар бірге айтады)

Алтын сәуле арайлы,
Бақшамызға тарайды.
Қуанышпен шат күліп,
Қарсы алайық арайды!
Жыл мезгілдерін сұрау

— Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілі

— Дұрыс айтасындар балалар! Қазір күз мезгілі. Біз балабақшаға келерде жол ережесін білуіміз керек. Сондықтанда бүгін балалар біз жолда жүру ережелерімен және қауіпсіздігімен танысамыз.

Бұл нені білдіреді?(пешеход)

*Бізге жолдан өтуге көмектеседі.

— Дұрыс айтасындар балалар! Оны «Жаяу жүргіншілер өтпесі» деп атаймыз.

— Келесі суретте не бейнеленген балалар? (светофор)

*Бағдаршам

— Дұрыс айтасындар балалар! Бағдаршамда қанша көз бар? Қандай қандай?

HAHQAPAPALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

*Ysh kóz bar - Qyzyl

- Sarı

- Jasyıl

— Öte jaqsı balalar!

Qyzyl közin ashqanda,
Sabyr saqta, baspa alğa.
Sarı közin ashqanda,
Qaraп қалма аспанға.
Jasyıl közin ashqanda,
Jüre бергін, жасқанба

— Балалар қалада қозғалыстар көп болса да, көліктер мен адамдар бір-біріне кедергі келтірмей жүреді. Өйткені көліктер де жаяу жүретін адамдар да жол ережесін қатаң сақтайды. Сондықтан көшенің екінші бетіне өтуге бағдаршамның-қызыл, сары, жасыл үш көзі көмектеседі. Ал егер бағдаршам өшіп қалған жағдайда тәртіпті реттеуші жүргізеді. Бұрын қолдарындағы таяқшасымен реттейтін, ал қазір ысқырықпен реттейді.

1. Ескерту белгісі!
2. Балалар өтетін жол!
3. Автобус аялдайтын орын!
4. Кіруге болмайды!
5. Жаяу жүргіншілерге жүруге болмайды!
6. Токтауға болмайды!
7. Токта! (стоп)
8. Тайғақ жол!
9. Телефон!
10. Дәмхана!
11. Жанармай бекеті!
12. Алғашқы медициналық көмек пункті



— Мінекей балалар,біз көптеген жол белгілерімен таныстық.
Шаршадықпа балалар?

*Иә— Ендеше сергіту сәтін ұйымдастырайық!

Сергіту сәті.

Бұзба көше тәртібін,
Ұрынарың апатқа.
Қызықты өтсін әр күнің,
Жақын болма шатаққа!

Дидактикалық ойын: «Жол белгісін құрастыр!»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін жетілдіріп, ой-өрісін дамыту. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты: Тақтаға Жол белгілерін құрастырып, аттарын атап айту.

Қимылды ойын: «Реттеуші»

Ойын шарты: Бағдаршам бағдарына бағыну, жолақ жол мен жол белгілерін іс-жүзінде орындап көру.

Қорытынды:

— Бүгінгі Тәрбие сағатында не жайында айттық?

*Көше қауіпсіздігі, жол ережесі, белгілер жайында.

— Бағдаршам түстері нені білдіреді?

*Қызыл көзі — Тоқта! — дейді.

*Сары көзі — Дайындал! — дейді.

*Жасыл көзі — Жүр! — дейді.

— Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты не дейді?


*Ақ жолақ немесе зебра.

Мақтау, мадақтау! Қонақтармен қоштасу.

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly


Әбішева Әйгерім Мұратқызы
№280 орта мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі
Қызылорда қаласы



Білім беру ұйымының атауы	№280 орта мектеп			
Пәні:	Дүниетану			
Бөлім:	Атақты тұлғалар			
Педагогтің аты-жөні:	Әбішева Әйгерім Мұратқызы			
Күні:				
Сынып: 3 « »	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	№26 Азаттық үшін күрескендер			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру			
Сабақтың мақсаты:	- тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіріп, казак батырлары мен билері туралы біліп, азаттық үшін күрескені туралы өлең шығарып, сурет сала алады.			
Құндылықтарды дарыту	Құрмет, қарым-қатынас			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңдері:	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 10 мин	<p>I. Психологиялық дайындық Қайырлы күн, көздерім! Ояныңдар ма? (қабақтарын сипайды). Қайырлы күн, құлақтарым! Ояныңдар ма? (құлақтарын сипайды). Қайырлы күн, қолдарым! Ояныңдар ма? (қолдарымен шапалақтайды). Қайырлы күн, аяқтарым! Ояныңдар ма? (аяқпен жерді тебу). Қайырлы күн, мұғалім! Біз ояндық!. (Күлімсіреп, мұғалімге қолдарын созады)</p> <p>II. Өткен сабақты бекіту Сабақ тақырыбы мен мақсаты хабарланады.</p>	<p>Бір-біріне жылы лебіз білдіріп, сабаққа дайындық жасайды.</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады.</p>	<p>«Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың! Тамаша! Жақсы! Оқушылар жауабын толықтырып, әр қайсысына тиімді кері байланыс беріп отыру.</p>	<p>Слайд 1</p> <p>Слайд 2</p>

HAҒАРААҒА ҒАҒАРААҒА ҒАҒАРААҒА

Halyqaralyq gыymy-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

<p>Ортасы 25 ин</p>	<p>1-тапсырма. Жұптық жұмыс Оқушыларға Қазақстанның түрлі қалаларында орнатылған ескерткіштердің фотосуреттері көрсетіледі. Оқушылар кімнің құрметіне және неге қойылғаны туралы болжап айтады.</p>  <p>-Бұл ескерткіштер Астана, Орал, Атырау, Алматы қалаларында орнатылған</p> <p>ЕБҚ тапсырмасы Сурет бойынша әңгімелейді</p> <p>2-тапсырма. (Ұ.Ж) - Оқулықтағы мәтінді жеке оқып шығып зерттеулерін сұрау. - Қазақстанның Ресейге қосылу себептерін анықтауды ұсыну.</p> <p>3-тапсырма. «Дәлелдеуді үйрен» Топтық жұмыс Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Әрбір топқа Қазақстанның Ресейге қосылу себептері туралы мәтін беріледі. Тапсырма: - Мәтінді жеке оқу. - Топта талқылау. - Қазақстанның Ресейге қосылуының оң жақтарын табу; - 2 мысал келтіру; - Параққа мысалдар жазып, пікір алу үшін басқа топқа жіберу; Ең көп жағымды пікір алған топ жеңімпаз деп танылады.</p> <p>ЕБҚ тапсырмасы Мұғалімнің көмегімен орындайды.</p> <p>4-тапсырма «Анықтама құра» тапсырмасы (жұпта) Оқушылар жұпта "көтеріліс" және "тәуелсіздік" ұғымдарына анықтама береді. Содан кейін бірге талқылайды және жұп жалпы анықтама шығарады. Көтеріліс-бұл үкімет билігіне қарсы жаппай ұйымдастырылған шара. Тәуелсіздік-бұл бағыныштылықтың болмауы, мемлекеттің дербестігі.</p> <p>5-тапсырма.Шығармашылық тапсырма (топта) - Тәуелсіздік үшін көтеріліс жетекшілерінің біріне</p>	<p>Қазақстанның түрлі қалаларында орнатылған ескерткіштердің фотосуреттерімен танысады.</p> <p>Мәтінді жеке оқып шығып зерттеулерін айтады. Қазақстанның Ресейге қосылу себептерін анықтап айтады.</p> <p>Мәтінді оқиды.</p> <p>"Көтеріліс" және "тәуелсіздік" ұғымдарына берілген анықтаманы оқиды.</p> <p>Топпен</p>	<p>Декриптор: -Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күресушілермен танысады;(16) - Қазақстанның тәуелсіздігін алудағы күресушілердің рөлін айтады.(16)</p> <p>Декриптор: -Қазақстанның Ресейге қосылуының негізгі себептерін анықтайды;(16) -Ресейге қосылудың жағымды жағын көрсететін екі мысал келтіреді;(16)</p> <p>Декриптор: -"Көтеріліс" және "Тәуелсіздік" ұғымдарының мағынасын түсіндіреді.(16)</p> <p>Декриптор: -Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күресушілердің рөлін шығармашылықпен таныстырады.(16) - Тәуелсіздік үшін көтеріліс жетекшілерінің біріне синквейн шығарады;(16) -"Еркіндік ел мұраты» тақырыбында эссе жазады;(16)</p>	<p>Слайд 3</p> <p>Слайд 4</p> <p>Слайд 5</p> <p>Слайд 6</p> <p>Слайд 7</p>
-------------------------	--	--	--	--

НАҒЫҚАРАЛЫҚ ӨРЛЕҮ-ӨРКЕНДЕҮ

Halyqaralyq gıymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>синквейн шығару. Ресурстар: Сырым Датов туралы ақпарат. - "Еркіндік ел мұраты» тақырыбында эссе жазу. Ресурстар: Исатай Тайманов туралы ақпарат. - «Тәуелсіздік үшін күрескер» тақырыбында сурет салу. Ресурстар: Махамбет Өтемісұлы туралы ақпарат. - «Қазақ халқының Тәуелсіздік үшін күресі» тақырыбына презентация (көрсетілім) жаса. Ресурстар: Кенесары Қасымұлы туралы ақпарат. Жұмыстар топта орындалады және ұжымға таныстырылады. ЕБҚ тапсырмасы Тобының икемегімен тапсырманы орындайды.</p>	<p>тапсырманы орындайды.</p>	<p>-«Тәуелсіздік үшін күрескер» тақырыбында сурет салады;(16) -«Қазақ халқының Тәуелсіздік үшін күресі» тақырыбына презентация жасайды.(16)</p>	
<p>Соңы 10 мин</p>	<p>Сабақты бекіту. «Балмұздақ таяқшасы» арқылы өткен сабақты бекіту. Рефлексия:</p>  <p>Үйге тапсырма. Оқу, мазмұндау.</p>	<p>Бүгінгі сабақта алған білімдері бойынша рефлексия жасайды.</p>	<p>Оқушылар 1-10 балдық жүйемен бағаланады.</p>	<p>Слайд 8 Слайд 9</p>

№19 Раушан бөбекжай бақшасы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Жакипова Жаксыгуль Базархановна

«Ата-аналармен байланыс технологиясының формалары мен заманауи модельдері»

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру қоғамдағы ең ірі, маңызды мәселе болып тұр.

«Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы мұң» деп Ұлы Абай айтқандай, балалардың тәрбиесіне ерте жастан мән беру керек.

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстазы ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, әдептілік сияқты қасиеттер отбасында балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің ісімен сіңеді.

Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, ана да балаларының жан дүниесіне үніліп мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Әрбір ата-ана балабақшаға келіп күнделікті өткізілетін іс-әрекеттерге қатысып отырса, мерекелік ертеңгіліктерге атсалысып жүрсе, ол ата-ана баласының көпшілік ортада өзін қалай ұстайтынын, басқалармен қалай араласып, тіл табысуын, білім деңгейін зерттей алады.

Сондай ақ өзінің берген тәрбиесінің дұрыс-бұрыстығына бір сәт көз жүгіртеді. Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз балаларының ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, балалармен қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па, үйде және балабақшада өзін қалай ұстайтынын салыстырады. Ата-аналардың балабақшадағы балалардың өмірін мейлінше қызықты етіп өткізуіне мейлінше үлес қосу үшін тәрбие шараларына қатысып отырғаны нәтижесін берері сөзсіз. Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы іс-әрекеті арқылы балаға үлгі көрсетеді. «Жұмылы көтерген жүк жеңіл» дегендей, отбасы және балабақша біріге күш салып, бала болашағына зор үмітпен қарап, түзу жолға салуда ерінбей еңбектенсек, өте жақсы нәтижелерге қол жеткізетініміз айдан анық. Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды. Әрбір ата-ана – өзінің баласының алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Балабақша мен ата-ана арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін пайдасы тиімді болмақ. Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру. Баланы және ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу.

Ата-аналарға балалармен жұмыстың дағдыларын қалыптастырып, ата-аналармен жұмыста әріптестіктің әртүрлі формалары мен заманауи модельдерін қолданған дұрыс болмақ.

Ата-анамен бірігіп жұмыс жасау тәрбиешінің жұмысын жеңілдетіп, баламен қарым-қатынастары жақсартады. Ата-анамен бірігіп жұмыс жасауда тәрбиеші жұмысты әр түрлі бағытта жүргізіп, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланғаны жөн.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдерінің» түрлері:

Ата-аналар конференциясы

Ата-аналар бұрышы

Сұрақтар мен жауаптар кеші
Ата-анамен жеке жұмыс
Тенингтер
Көрмелер
Отбасылық сайыстар
Тәрбиелеудің үш көзі
Ашық есіктер күні
Сауалнама жүргізу

Отбасы- бұл баланың өмір сүру ортасы, қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орны.

Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әректі арқылы баласына үлгі көрсетеді. Отбасы адамзат тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Бала тәрбиесі- ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланысу арқылы одан әрі жалғасады. Бала тәрбиесіне тек балабақша ғана емес отбасы мүшелерінің тигізер әсері мол. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі бала.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Ата-аналармен бірлесе жасаған жұмыстың маңыздылығы:

Ата-аналар балабақшадағы оқу қызметтеріне, іс-шараларға қатысқан кезде балаға жақын болудың, онымен ашық сөйлесудің, балаға көбірек көңіл бөлудің маңыздылығын түсінеді. Әке де, ана да баларының жан дүниесіне үңіліп, мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Өкінішке орай өз баласымен ашық сөйлесе, сырласа білмейтін ата-аналар болады. « екуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді , баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Әрине ол дұрыс емес. Баланың бас ұстазы ата-ана. Көбінесе ата-аналар тарапынан мектепке дейінгі ұйымдарға көңілі толмай тұстары болып жатады. Себебі ата-аналар баланы таңертең балабақшаға қалдырады, ал кешке дейінгі мұндағы атқарылатын жұмыс түрінен бейхабар. Ата-аналар күнделікті балабақша ішілік жұмыстарға қатысып отырса тәрбиешіге оқу қызметіне көмектеседі, балаларының жақсы жақтары мен көмек қажет ететін әлсіз жақтары турулы мәліметтер бере алады.

«Бақытты балалық шақ » деген ұғымның өзі отбасы мен балабақшаның тығыз байланыста ұйымдастыра жүргізген жұмысының нәтижесі іспетті. Балабақша мен отбасы арасында тығыз сабақтастық қажет, өйткені осы бағыттағы тәлім тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргенде ғана көздеген мақсат нәтижелі болмақ . Жүсіп Баласағұнның зерделі ойлары біздің өрбітіп отырған мәселеміздің түйінін шешкендей

Бала білім жалын қусын десеңіз,
Бесігінде-ақ білім шоғын көсеңіз,
Білім үйрет сәбиіңе сарыла,
Уыздай ұйыт,сүттей сіңір қанына.

“Балақай” бобекжай-балабақшасы
Музыка жетекшісі

Жақсылық Қарлығаш Бахытқалиқызы



Тақырыбы: «Музыка әлеміне саяхат».

Мақсаты: Балалардың ноталарды таныуын, оны жатқа айтуын, музыкалық аспаптарға және ұлттық музыкалық аспаптарға деген қызығушылығын арттыру, оларды дыбысынан ажырата біліуге, музыкаларды тыңдау арқылы, эстетикалық талғамдарын, музыканы қабылдау деңгейін дамытуға мінезіне жанрна қарай ажырата біліу деңгейін бекемдеу.

Көрнекілігі: нота сызығы, ноталардың суреттері, музыкалық аспаптармен ұлттық аспаптар.

Ұйымдастырылған іс әрекеттің барысы:

1. Мотивациялық қозғаушылық

Балалар «марш» екпінімен залға кіреді де айналып шеңбер жасап тұрады.

Балалармен амандасады.

Шаттық шеңбер жасайды. (Музыкамен)

Көтеріліп шаңарақ,

Уықтары шаншылар.

Керегелер керіліп,

Өрімдей боп өрілер.

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй болып көрінер.

Достарымның жылыуы,

Бәрімізге бөлінер.

Бақыт толы шеңберге,

тұрайықшы бері кел.

Музыка жетекшісі: Балалар сендер қандай сабаққа келдіңдер?

Балалар – Музыка сабағына келдік.

Музыка сабағында не үйренеміз?

Балалар- Ноталарды, ән айтуды, би билеуді, музыкалық аспаптарды, қазақтың ұлттық аспаптарын біліп, олармен оркестір жасауды.

Музыка жетекшісі: жарайсыңдар!

2. Ұйымдастырыу кезеңі.

Муз жетекшісі: Балалар айтыңдаршы музыка шығаруы үшін ең алдымен бізге

не керек еді ? сендер онымен таныссындар.

Балалар:Музыка шығарыу үшін ноталар керек.

Жетекші: иә дұрыс айтасындар! ноталар керек. Әнмен күйді тез үйреніп алыуымыз үшін нота біліуіміз керек екен

Бізде

неше дыбыс нотасы бар? Олардың атын айтып көрейікші?

Балалар: Бізде жеті дыбыс нотасы бар:до,ре,ми,фо,соль,ля,си,

Жетекші: Неше нота сызығы бар?

Балалар: 5 нота сызығы бар,

Музыка жетекші:қанеки балалар осы жеті ноталарды ,тақтадағы 5 сызықтың үстіне апарып орналастырамыз.

Жетекші:Ендеше дұрыс орналастыма?бәріміз бірге оқып көрейікші:

до,ре,ми,фа,,ля,. Балалар бізде барлық нота толық болдыма?

Балалар:Жооқ , екі нота түсіп қалған.

Жетекші: Қандай екі нота ?

Балалар:Соль,си, ноталары түсіп қалыпты,(балалар бес сызыққа апарып

орналастрады. **Жетекші:** жарайсындар енді дұрыс болды.(балалар оқыиды)

Қанеки енді өзіміз нота боламыз(балалар бастарына ноталар салынған маскалар киеді)

Жетекші: Ендеше ноталардың алдында не тұруы қажет?

Балалар: Скрипка кілті тұруы қажет.

i:

Жетекші:Мен сендерге жұмбақ жасырамын!

Ұзын мойын екі ішек

Қатар-қатар тепкішек.

Басып қалсаң бір бірлеп,

Күй шығады күмбірлеп. Бұл қандай аспап? (Домбыра)

Бас құлақ мойны бар,

Үп үлкен шанағы бар,

Әндетіп шығар әні бар,

Бұл аспап қай аспап?(Қобыз)

Балалар бұл жұмбақтың шешімін білесіңдер деп ойлаймын.(Балалар жұмбақ

шешімін айтады.) Біз домбыра, қобыз т.б. басқа аспаптардыда білеміз ғой иә

Осы кезде есік қағылады. Балалар бұл кім?

Муз жетекші: таң қалады,Міне кереметті қараңдаршы, қазақтың ұлттық аспаптары келіп біздің ортамызды толтрды,қуанышпен қарсалайық!

Төрлетіңіздер, бәріміз амандасайықшы, сәлеметсіздерме? Ұлт аспаптары.

Аспаптар: сәлеметпе? Ноталар! Біз алматы қаласындағы құрманғазы

оркестрнен келіп тұрмыз, бізді танийсындарма?

Муз

жетекші:Құрметті ұлттық аспаптар,біздің ноталар(балалармыз) сіздерді жақсы

таныйды. Қане ноталар айтып беріңдерші? бұл қандай аспап?.

Балалар: (домбыра, қазақтың ұлттық аспабы.Шертпелі аппап)

бұл қандай аспап?(сыбызғы үрлемелі)Асатаяқ(сілкімелі)шаңқобыз (үрмелі)

Тұяқ тас(ұрмалы) жетіген(шертпелі)

(Балалар яғни ноталар ұлттық аспаптарды қысқаша таныстырып айтып береді)

3.Негізгі бөлім. Муз жетекші: жарайсындар, олай болса құрметті ұлттық музыкалық аспаптар,біздің ноталармен музыка әлеміне бірге саяхат жасауға қалай қарайсындар? (аспаптар иә деп жауап береді)кеттік ендеше.

(музыка әуенімен залды бір айналады,бірінші аялдамаға келіп тоқтайды, залда хат жатады) **музыка жетекші** хатты алып, балалар қараңдаршы мында хат жатыр екен,оқып көрейікші! Сәлеметсіңдерме

кішкентай ноталармен ұлттық музыкалық аспаптар? Мен музыка әлемінің ханшайымымын, сендерге менің әлеміме жетіу үшін әр аялдамаға бірнеше түрлі тапсырма беремін,

1- тапсырма:маған ноталармен ұлт аспаптарының бірлесіп бір ән салып бергенін қалаймын? Депті.

Муз жетекші Ендеше даусымызға жаттығу жасап қалыпқа келтіріп, «Біз өнерлі баламыз» деген әнді айтып берейік.(бәрі ән айтады)

Муз жетекші: Жарайсындар ноталармен аспаптар, әнді жақсы орындадыңдар. Ендеше тағыда поездға отырып жолғашығайық,(музыка ойналып екінші аялдамаға келеді) бұл аялдама

қандай тапсырма бар екенін хаттан оқып білейік.

2- Тапсырма:Балалар күй табақтағы музыкаларды тыңдап оның мінезін ажыратып,ритм соғып беріңдер? Депті.

Балалар:Иә біріншісі көңілді әуен екіншісі көңілсіз әуен.

Музыка жетекшісі: Балалар дұрыс айтасындар енді осы көңілді әуенге ритм соғып береміз.(бәрі қол соғып көңілденеді)

Муз жетекші:балалар осындай тамаша көңіл күймен үшінші аялдамаға жетіп,Ханшайымның тапсырмасын орындайық.(музыка ойналып үшінші аялдамаға жетеді)**муз жетекші** бұл аялдамада қандай тапсырма бар екен, хатты оқып көрейік: **3-**

Тапсырма: бұл хатта қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарымен бірікте, маған қазақтың жақсы бір күйін оркестрде ойнап берсеңдер қатты қуанып қалар едім? Депті. **Муз жетекші:** ноталармен аспаптар,олай болса қазақтың бір туар композитор күйшісі Нұрғиса Тілендиев атамиздың «Ата толғауы» күйін орындап берейікші? Композитор,күйші деген кім?

Балалар:Компоитор деген ән -күйді жасайтын адам. Күйші,соны орындайтын

адам. (оркестр ойнап береді) . **Муз жетекші:** тағы қандай тапсырма бар екен қарап көрейік. осы кезде есік қағылып музыка ханшайымы келеді.

Ханышайым: жарайсыңдар балалар! менің тапсырмамды өте жақсы орындадыңдар, сол үшін сендерге арнайы силық дайындап әкелдім. (Муз жетекшіге нотамен аспаптар суреті бар қорапша береді) мұны балабақшаға барғанда беріңіз, сау болыңдар балалар, менің әлеміме келіп тұрыңдар деп шығып кетеді.

Муз жетекшісі: Ноталар яғни балалармен аспаптар, біздіңде балабақшаға қайтатын уақытымыз болып қалды. Мінеки поездда келді, қайтайық енді енді. (әуенмен залды бір айналып шығады)

Муз жетекші: Ал міне бақшамызға да жеттік. Балалар біз бүгін қайда бардық? не көрдік? (балалар не көрненін қайда барғанын әңгімелейді) музқа әлемі ханышайымының берген қорапшасын ашып силығын табыстайды.

Музыка жетекшісі: жарайсыңдар балалар, барлық тапсырмаларға дұрыс жауап бердіңдер. Сендер өте білімді тәртіпті өнерлі баласыңдар. Бүгінгі оқу қызыметіміз аяқталды келесі сабақта кездескенше сау болыңыздар! Тобымызға кетейік.

Балалар: сау болыңыз! деп, музыка ырғақымен сапқа тізіліп шығып кетеді.

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

Ән: « біздің оркестр»
Өтпейді әр кеш құр,
Ойнаймыз әркестр.
Дауылпаз бастайды,
Даңғыра қостайды. Та,та- та ,та,та, бум -бум.
Сыбызғы ысқырық,
Қосылар ысқырып.
Домбыра сырнайда,
Күй төгер мұндайда. Дың,дың -дың,дығы,дың- дың,дың
Еш аспап аспап қалмасын,
Оркестр самғасын.
Бар аймақ кешкісін,
Дауысын естісін. Та,та- та ,та,та, бум -бум.

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп –интернат»
кешені КММ

Жанахметова Махаббат Рысбековна

Психологиялық- педагогикалық қолдау табысты баланың дамуының шарты ретінде

Соңғы жылдары көптеген елдерде мүмкіндіктері шектеулі балаларға ерте жастан түзете-дамытушылық көмекті көрсету бағдарламаларын іс жүзіне асыру денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау салаларының өзекті мәселерінің бірі болып, ірі әлеуметтік мәселе сипатына ие болды. Бұл мәселенің аумағында мүмкіндіктері шектеулі балаларға мектепке дейінгі кезеңде олардың мектепке дайындығын қамтамасыз ететін даму жағдайларын жасау ерекше рөлге ие. Балалық шақтың ерте жасында мектепте оқудың табысты болуына әсер ететін мектепке дейінгі дайындықтың қалыптасуына алғышарттар жасалады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепте оқытуға жоспарлы түрде дайындау үшін ерте жастан көмек көрсетуді анықтайтын факторлар қатары бар. Біріншіден, бұл бағыттың болашағы баланың белсенді түрдегі динамикалық жағдайда дамуы және кез келген жағдайда баланың даму заңдылықтарының жалпыламалығы туралы ұғымдар арқылы түсіндіріледі. Бұл мәселе қажетті жағдай жасалған кезде баланың орнын толтыру күшін іс жүзіне асыруға және қалыпты жағдайға келуге болатынын көрсетеді. Баланың дамуында басым жүйе ретінде орталық жүйе жүйесі болып табылатыны және ерте жаста бұл жүйе жоғары деңгейдегі бейімделуші және үйлесімді қызметке ие екендігі, сонымен қоса бала өмірінің алғашқы жылдары ең икемді екендігі дәлелденген. Ерте жастағы белсенді түрдегі репрезентация мен физикалық және әлеуметтік өмірді түсінудегі туа біткен және басты кестелерді қолдануға қабілетті болып табылады. Бала өмірінің алғашқы жылдарына бала ағзасының психикалық және моторлы қызметтердің белсенді дамуы тән.

Ерте жастағы кезеңдердің маңыздылығының дәлелі ретінде жүйелілік, иерархиялық, сатылық, ырғақтылық, қарқын, мазмұн, бала психикасының қалыптасу бағыттарымен байқалатын көпқырлылық пен құрылымдылық болып табылады. Ең кішкентай баланың психикалық өмірінің ретке келуі кез келген жағдайда оның ынталану мүмкіндігіне жету болатынын байқатады.

Ерте жастағы баланың дамуындағы кез келген жаңа кезеңде әр психикалық үдеріс жаңа сапа мен қасиеттерге ие болатын күрделі қызметаралық жаңа құрылымдар нәтижесі ретінде болады. Нәтижесінде баланың дамуындағы әр кезең түзету жұмысының ерекше стратегияларын талап етеді.

Баланың дамуына отбасында тәрбиелеу мен күнделікті тұрмыс-тіршілік жағдайы, оның сырт пішіні, зердедегі өзара қатынасының қарқындылығы мен ұзақтылығы, сөйлеу арқылы қатынас пен тәрбиелеудің әдісі, ата-аналардың балалармен қарым-қатынасқа түсуге психикалық тұрғыдан дайындығы ерекше рөл атқарады.

Дамуында тежелістері бар балаларға арналған ерте жаста педагогикалық араласу бағдарламаларының тиімділігінің алғы шарты ерте жастағы жүйелі бағалау жұмысы болып

табылады. Бағалау жұмысы психикалық онтогенездің бастапқы кезең ерекшеліктеріне негізделеді. Бұл шақта бала жылдам даму ерекшелігіне ие. Сондықтан осы кездегі даму барысындағы мардымсыз кішігірім ауытқулардың өзі жас ұлғая келе күрделі мәселелерге әкеп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, ерте жаста атқарылатын түзету жұмыстарының мүмкіндіктері де мол. Себебі бұл кезде бала психикасы икемді, сезімтал, әрі сыртқы әсерді қабылдағыш келеді. Ерте жаста «тәуекел» тобына жататын балаларды әртүрлі тиімді әдістер арқылы анықтап, олардың даму барысына бақылау жүргізу бастапқы ауытқуды анықтау мен оқыту жұмыстарының арасында болатын алшақтықтың алдын алар еді.

1. Ерте жаста кірігу бағдарламасын жобалау барысында баланың психикалық қызметтерінің әлеуметтік көрінісін, бала дамуының жүйелік құрылымы мен қарқындылығын есепке алу тиіс.
2. Бағдарламаның жобалау бірлігі іс-әрекет ерекшеліктерімен анықталған баланың стандартталған жас кезеңі болып табылады.
3. Педагогикалық түзету жұмысының құрылымы мен мазмұныны анықтайтын даму профилін қолдану жұмыстың негізгі принципі жеке-жіктеу бағытын ұстануға мүмкіндік береді. Яғни түзете-дамыту көмегі баланың жеке қажеттілігін өтеуге бағытталады.
4. Жеке дамыту бағдарламасы баланың жас ерекшеліктеріне сай аффективті, ақыл-ой және қимыл-қозғалыс қызметтерін ынталандыру арқылы онтогенездік реттілікті қамсыздандыру керек.
5. Ерте жаста кірігу бағдарламасы вариативті, пәнаралық және отбасына жұмылдырылған сипатта болуы тиіс.

Пайдаланған әдебеттер:

1. Мағжан Жұмабаев Педагогика 1992ж
2. Қ.Жұмасова Психология Астана -2006ж
3. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000



Жапар Гүлнар

"Келешек" бөбекжай балабақшасы

Қазақ тілі педагогі

«Балабақшада өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйрету»

Аннотация

Тіл үйрену мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Бұл жастағы балалар тілді үйренуге бейім, ересектерге еліктейді. Мектепке дейінгі балалық шақта мемлекеттік тілді ерте үйрену баланың жеке

басының үйлесімді дамуына ықпал етеді. Әр түрлі ұлт өкілдерінің балаларына мемлекеттік тілді үйрету тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастырудың күрделі процесі болып табылады. Балаларда әлеуметтік қарым-қатынастың алғашқы дағдылары құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйымдар балаларды сөйлеуге үйретуде маңызды рөл атқарады. Тілдерді ерте жастан үйрету баланың зияткерлік қабілетін дамытуға сонымен қатар, балаларды мемлекеттік тілге және өз елінің мәдениетіне баулуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Балабақша, өзге ұлт өкілдері, балалар, қазақ тілі

Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында. Сондықтан бүгінгі таңда бүлдіршіндердің бойына отансүйгіштік пен азаматтық сезімдерді тәрбиелеу қажет. Бұл сезімдерді тәрбиелеудің маңызды факторы – өз мемлекетінің тіліне деген терең құрметі. Олар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қазақ тілді ерте оқытуды заңды деп санайды, өйткені мектепке дейінгі жаста тұлғаның негізгі қасиеттері қалыптасады, физикалық, адамгершілік және психикалық дамудың негіздері қаланады.

Ұлттық мәдениеттің негізгі элементі ретінде қазақ тіліне көңіл бөлу күнделікті қарым-қатынас саласымен және айналадағы шындықпен, сондай-ақ ауызекі халық шығармашылығы тілімен байланысты сөйлеу тілі мектепке дейінгі жаста қалыптасады. Қазақ тілінің үйрену өзге ұлт балаларына да қызық. Демек, мектепке дейінгі мекемеде көп ұлтты балалар тобында ана тілі мен мәдениеті туралы объективті түсінік қалыптасады, бала балабақшаға келген алғашқы күннен бастап қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеу мен қызығушылықты қалыптастырады.

Біздің балабақшада бүлдіршіндерге балабақшаның орта тобынан (3-4 жас) бастап жүйелі түрде қазақ тілі оқытылады. Мақсаты – мемлекеттік тілді меңгеруге дайындық пен үлкендермен тіл табысуға деген құштарлықты дамыту. Бұл жас кезеңінде мұғалімнің алдына қоятын міндеттері балаларды ойыншықтардың, тұрмыстық заттардың, кейбір жануарлардың атауларын қабылдауға және түсінуге үйрету; «Мынау не?» деген сұрақты түсінуге үйрету, сұраққа қысқа сөйлем түрінде жауап беруге үйрету. Балалардың мемлекеттік тілді білуінің мазмұны мемлекеттік стандарт бойынша мектепке дейінгі балаларға арналған оқыту бағдарламаларында көрсетілген. Болуы тиіс негізгі міндеттер балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тіліне оқыту бойынша тәрбие жұмысы процесінде жүзеге асырылады:

- мемлекеттік тілге (қазақ тіліне) тұрақты, мүдделі, құрметпен қарауды қалыптастыру;
- қазақ тіліне тән белгілі дыбыстарды (ә, ө, ұ, ү, і, ғ, қ, ң, ы) дұрыс айтуға тәрбиелеу;
- сөздік қорын байыту.

Балалар қазақ тілін байланыстырып сөйлеуді дамыту, сөйлеудің дыбыстық, сөздік жұмысын жүргізу, сөйлеудің грамматикалық жағын қалыптастыру арқылы меңгереді.

Өзге ұлттың балаларын қазақ тіліне үйрету – тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастырудың күрделі процесі. Балаға қазақ тілін меңгеру мүмкіндігі неғұрлым тезірек берілсе, яғни қолайлы сөйлеу ортасы жасалса, қазақ тілді меңгеру бойынша жұмысты мақсатты түрде ұйымдастырса, соғұрлым болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тіліне оқыту үдерісін екі тілді – қазақ және орыс тілдерін меңгерген мұғалім жүзеге асырады.

Дұрыс айту дағдысын қалыптастыруда тәжірибеде сәтті қолданылып жүрген қазақ тіліндегі әндер мен өлеңді жаттатудың алатын орны зор.

Әндерді, өлеңдерді үйрету балалардың тілді үйренуге деген қызығушылығын оятуға және айтылу дағдыларын нығайтуға арналған. Балаларға қазақ тілін үйрету кезінде көрнекі құралдарды пайдалана отырып, қызықты ойын түрінде жүзеге асырамын.

Ойын және сахналау процесінде балалар жаңа білім алады, бар білімдерін қолданады, дамиды. 3 жастан 4 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты – балалардың бойында мемлекеттік тілді үйренуге дайындығын және сол тілде ересектермен қарым-қатынас жасауға деген құштарлығын дамыту.

Тапсырмалар:

- Балаларды ойыншықтардың, кейбір тұрмыстық заттар мен жануарлардың атауларын қабылдауға және түсінуге және мұғалімнің талабы бойынша қарапайым әрекеттерді орындауға үйрету (беру, әкелу, алу)
- Қарапайым сұрақтарды түсінуге үйрету;
- Қысқа сөйлем түрінде сұрақтарға жауап беруге үйрету;

Мемлекеттік тілде сөйлеуді тыңдауға үйрету (халық аңыз әдебиеті, шағын өлеңдер мен әндер).

- сөздік жұмысы;
- балалардың мемлекеттік тілдегі сөздік қорын молайту:

- (ойыншықтар: қуыршақ, доп, машина: қазақтың ұлттық тағамдары: (кесе, қазан, тостақ)

- Жемістер: алма, алмұрт

- Жануарлар: түйе, жылқы, құлан, сиыр:

- Заттардың көлеміне қарай белгілерін білдіретін сөздер (үлкен, кіші);

- Түсі бойынша (қызыл, көк, сары, жасыл):

- Іс-әрекетті білдіретін сөздер (алу, беру, әкелу).

Сөйлеудің грамматикалық жағын қалыптастыру жай сөз тіркесін түсінуге үйрету: зат есім, мысалы, табақ бер (тарелкені бер). Допты алыңыз (допты ал)

Біріктірілген сөйлеуді дамыту.

Қарапайым сұрақтарды түсінуге үйреніңіз, мысалы: (Мынау емес пе?)

HAHQAPAPALYQ RLE-RKENE

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

4 jaстан 5 жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік тілге үйретудің мақсаты – мемлекеттік тілді меңгеруге дайын ең бастысы балабақшадағы баланың жеке тұлғасын қалыптастыру. Ана тілі мен мемлекеттік тілді меңгеруге мүмкіндігі бар және үлкендермен, құрдастарымен достық қарым-қатынаста болуға ұмтылу.

Қазақ тілі сабағының құрылымы міндетті түрде артикуляциялық жаттығу, айтылым жаттығулары және қазақ тіліндегі бұрын үйренген ұйқастарды, әндерді қолданатын дене жаттығуларын қамтиды. Балаларға қолжетімді қарапайым рифмалық жолдарды табу әрдайым мүмкін емес, содан кейін сабақта өз шығармасының рифмалары қолданылады. Мысалы, қ дыбысын орнату үшін:

Кел, кел балақан
Шапалақта алақан
Для звука ү;
Жүгір кәне күнім,
Тосып отыр інің.
Для звука Ә;
Әсеткелдіәне
Көрсет өнер қәне.

Жылсайын балабақшадағы өзге ұлт өкілдерінің тәрбиеленушілердің қазақ тілін үйренуге деген құлшыныстары артып келеді. Бұл толығымен мектепке дейінгі кезеңге қатысты. Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарының өз балаларының мемлекеттік тілді меңгеруіне қызығушылықтары артып келеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігі үшін сөйлеуді, ойлауды және басқалармен қарым-қатынас жасауды үйренетін бірінші тіл - орыс тілі. Қазіргі таңда еліміздегі барлық балабақшаларда мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік тілді меңгеруіне бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Балалар қазақ тілі арнайы ұйымдастырылған сабақтарда ғана емес, күнделікті өмірде де меңгереді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ – АҒАRTY МИНИСТІРЛІГІ

«Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған
«Үміт» мектеп-интернаты» КММ

Жаппарова Зарина Мәлікқызы

Бастауыш сыныптарындағы қазақ тілі сабағында ойын әдістері пайдалана отырып функционалдық сауаттылықты дамыту

Балалар әлемі - ерекше әлем. Оның өзіндік лексикасы, фольклоры, мөлшері, ар-намыс кодексі, өздік қызықтары бар. Бұл таңғажайып әлемнің құралы – ойын. Балалық шақта ойын қызықтырады және қуантады, барлық бос уақытты толтырады, балалар үшін өте маңызды жұмыс болып табылады.

Ойын – барлық балаларды педагогикалық ұйымдарға қосылуға, өзіндік шығармашылық әрекетпен шұғылдануға мүмкіндік береді. Ойын балаларды коммуникативті дамуын және жеке өзіндік бекінуін, өзін-өзі тануын қадағалайды.

Тәжірибе өзектілігі: Қазіргі таңда білім мен ғылымның уақыт өте өзгеріс үдерісінде бастауыш сынып оқушыларды оқытудағы мемлекеттік білім беру стандартының негізіне сүйене отырып жүйелік-белсенділік тәсілдері мен технологиялар мыналарды көздейді: әртүрлі ұйымдастырушылық нысандарды және әрбір оқушының жекеерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық әлеуеттің, танымдық мотивтердің өсуін қамтамасыз ету, танымдық әрекетте құрдастарымен жәнеересектермен өзара әрекеттесу формаларын байыту. Оқыту мен тәрбиелеу процестері өз бетінше тұлғаны тікелей дамытпайды, тек олардың белсенділік формалары болған кезде және тиісті мазмұнға ие болған кезде, белгілі бір жаста қызметтің белгілі бір түрлерінің қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, белсенділік баланың танымдық процестерін дамытудың сыртқы шарты ретінде әрекет етеді. Баланың толыққанды дамуы үшін оның іс-әрекетінің белсенділігін, оқуға деген қызығушылығын арттыратын жаңартылған бағдарлама мақсатына сүйене отырып дұрыс оқыту жүйесін ұйымдастыру керек. Көптеген педагогика саласында пайдаланып жүрген кез келген технологияның оқушының білім деңгейін және сабаққа деген құштарлығын, қызығушылығын, белсенділігін арттыратын тиімді тұстары болатыны сөзсіз. Білім көзі-бастауыштан басталатындықтан, педагогтердің таңдап алынған технологияларды дұрыс пайдаланып, мақсатқа жету-әрбірм әрбір ұстаздың шеберлігінде. Тиімді технологиялардың ішінен иен оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қазақ тілі бойынша тілдік дағдыларын, функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында тәжірибеде ойын технологиясының тиімділігін ашып ұсынып отырмын. Себебі педагогикалық ойын – оқытудың нақты белгіленген мақсатымен және оған сәйкес педагогикалық нәтижемен сипатталатын іс-әрекет түрі, оқытудың жүйелік-әрекеттік тәсілін жүзеге асыратын оқу-танымдық бағыт.

Бастауыш сыныпта сабақ барысында жалпы мәдени, ақпараттық, коммуникативтік сияқты негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру жүзеге асады. Бұл оқытуда жүйелік-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру үшін ойын технологияларын қолданудың өзектілігін білдіреді.

Тәжірибенің педагогикалық жаңаша идеясы:

Бастауыш сыныпта сабақта ойын технологияларын қолдану оқу процесін оқушы мен мұғалімнің бірлескен шығармашылық процесіне айналдырады, сол арқылы оқу мотивациясын арттырады және сабақта өнімді оқу-іс-әрекетін ұйымдастырады, бұл табысты өтудің ең маңызды шарты болып табылады. оқушылардың пәндік және негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру. Осыған сүйене отырып, тәжірибенің жетекші педагогикалық идеясы белсенділік тәсілін жүзеге асыру арқылы оқытуды жетілдіру болып табылады, сәйкесінше жұмыстың мақсаты – бастауыш мектепте білім сапасы мен оқуға деген қызығушылықты арттыру, сонымен қатар сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда

HAHQARALYQ 6RLEY-6RKENDEY

Halyqaralyq gыymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға жағдай жасау. **Жоба мақсаты** – ойын технологияларын оқу процесіне енгізу тәжірибесін қорытындылау, әдістеменің тиімділігін көрсету.

Міндеттері:

- ✓ жеке қасиеттердің барынша көрінуіне, әрқайсысының табысты болуына қолайлы жағдай жасау;
- ✓ оқушыларды табанды, жүйелі тәрбие жұмысына ынталандыратын оң және тұрақты мотивацияны дамыту;
- ✓ білім алушылардың жеке ресурсын дамытуға (тұлғаның мотивациялық, аспаптық және когнитивтік сфералары) оқу-тәрбие процесінің бағдарлануын қамтамасыз ету;
- ✓ әрбір оқушыны белсенді танымдық іс-әрекетке, білімді өз бетінше меңгеру процесіне қосу, оны осы процеске қызықтыру;
- ✓ оқушылардың жеке, шығармашылық және зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруарқылы шығармашылық әлеуетін дамыту;
- ✓ оқытылатын педагогикалық технологиялар негізінде оқудың оң нәтижелеріне қол жеткізе отырып, күнделікті тәжірибеде пәнді оқыту жүйесін дамыту.

Тәжірибенің жаңалығы:

Ойын технологияларын қолдану негізінде білім сапасы мен пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыс жүйесі құрылғандығында.

Инновациялық бағыттағы жаңашылдығы:

- ✓ оқушылардың ойынды оқу-тәрбие жұмысында қолдану мүмкіндіктері туралы түсініктерін кеңейту;
- ✓ оқушы тұлғасын дамыту, қазіргі қоғам жағдайында өз бетінше өндірістік әрекетке дайындау;
- ✓ шығармашылық ойлауды дамыту;
- ✓ бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамыту;
- ✓ қиын жағдайда оңтайлы шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ ақпараттық мәдениетті, ақпаратты өңдеу, оны ойын әрекетінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

Гипотеза: Ойын технологиялары оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тәрбиелеуге және белсенділіктерін арттыруға ықпал етеді

Өзектілігі:

Ойын балаларды ақыл-ой мен адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Ойынға тәрбие құралы ретінде үлкен мән берген А.С. Макаренко: «Бала ойында қандай болса, ол есейгенде көп жағынан жұмыста болады. Сондықтан болашақ қайраткердің тәрбиесің алдымен ойында жүзеге асады», деген.

Ойын немесе ойын жағдаяттарын қолданатын сабақтар оқыту мен тәрбиелеудің тиімді құралы болып табылады, өйткені сабақтың дәстүрлі құрылымынан үзіліс жасау және ойын сюжетін енгізу бүкіл сыныптың назарын аударады. Ойынның мазмұны әрқашан бірқатар оқу міндеттерін жүзеге асыру болып табылады. Ойында оқушылар белсенді әрекетте өз білімін сыни тұрғыдан бағалауға, осы білімді жүйеге келтіруге мүмкіндік беретін жағдайға тап болады.

Мен бұл маңызды қорытындыларға бірден келген жоқпын, бірақ кіші жастағы оқушылармен жұмыс істеудегі білім мен тәжірибені жинақтау барысында. Қойылған мәселенің өзектілігі балалардың дербестігін, интеллектуалдық, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында қалыптасып келе жатқан баланың жеке тұлғасына психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістерін жетілдіру қажеттілігінен туындады.

Мен тәжірибем бойынша жүргізілетін жұмысымның 3 аспектісін бөліп көрсетемін.

Әлеуметтік аспект	Қазіргі өмір жағдайында ата-аналардың көпшілігі балалармен қарым-қатынасқа және олардың дамуына бос уақыт бөле алмайды (олар кешке дейін жұмыс істейді, ең жақсы жағдайда үй тапсырмасын тексеруге уақыты бар). Ата-
-------------------	--

HAUQAPAPUQ 0RLEU-0RKENEU

Halyqaralyq guymu-aqparattyq, tanymduyq-tarbienk jurnaly

	аналардың өздерінің білім және мәдени деңгейі төмен (менің сыныбымда оқушылардың ата-анасының 21% жоғары білімді). Бұдан шығатыны, ата-аналар көп жағдайда өз балаларының ойлауын дамыта алмайды.
Ғылыми аспект	Қазіргі мектепте оқу-тәрбие үрдісінің қарқындылығы, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін пайдалануға арналған бағдарламалардың күрделенуі байқалады.
Практикалық аспект	Ойын оқушылардың көру, есту қабылдау жүйесін дамытуға көмектеседі. Сабақты қызықты, қолжетімді ету балалардың белсенділігін арттыруға, білім алуға, білім сапасын арттыруға көмектеседі.

Ойын технологиясы Үшінші деңгейлік курсының жеті модулімен ықпалдастыруға келетін ең тиімді әдіс. Сабақта қолданылатын жаңа тәсілдерді оқушылардың жас ерекшелігіне сай таңдаймын, әрі бұл тәсілдер ойынға өте жақын. Ойын элементтерін жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында пайдаланамын. Себебі ойындар оқушылардың ой - өрісін дамытып, қана қоймай ойлау қабілетін арттырады. Сөздік қорларын да молайтып, сауатты жазуға да баулиды және өтілген тақырыптарды меңгеруге үлкен әсер етеді. Ал, біркелкі сабақ оқушыны зерігу мен жайбарақаттылыққа алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, оқушылардың алған ақпаратты сақтауының орташа пайызын, яғни оқу пирамидасын, оның ішінде 0 % - дәріс, 10 % - оқу, 20 % - аудио – визуалды қабылдауы, 30 % - көрсетілім, 50 % - талқылау, 75 % - тәжірибеде жасау, 90 % - өзгелерді оқыту пайызын ескере отырсак, ойын технологиясын қолдана отырып, оқушылар алған теориясын тәжірибеде, яғни ойында қолданса оқу табысты болмақ.

Сабақ барысында ойын элементтеріне ақпараттық коммуникациялық технологияларды, атап айтсам интерактивті тақта, аудио жазбалар, электронды кітапшаларды да қолданамын. Ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарына мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс – әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Жалпы мектепте балалар сабақтааса зор ынтамен ойнайды, олар ешқашан шаршамайды, тіпті уақыттың қалай өткенін де байқамай қалады. Ойын оқушының жеке ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді, мысалы, өзара көмек, бірін - бірі қолдау, жолдастық сезім, сондай - ақ бірқатар психикалық үдерістердің: есте сақтау, ойлау, көңіл бөлу, сөйлеу, пайымдау т. б. дамуына әсер етеді. Ойын төменгі сынып оқушыларының топта жұмыс істеу арқылы ұжымдасуына көп көмегін тигізеді. Егер ойын сабақтың басында өткізілсе, балалар қалған уақытта тамаша жұмыс істейді, нашар оқушылар жеткілікті дәрежеде белсенділік танытады, сабақтың ортасында да, соңында да сабаққа қызығушылығы артып, назар аударуы жоғарлайды.

Жумадилова Айнура Абугалиевна

31 орта мектеп тарих пәні мұғалімі

Тараз қаласы, Ainura_29_Zhumadilova@mail.ru



1990-1991ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Биыл Жамбыл облысының құрылғанына 80 жылдық мерей тойын облыс көлемінде жан-жақты атап өтілуде, облысымыздың совет кезеңіндегі құрылу тарихына тоқталып өтудің керектігі де бар шығар, бірақ осы мақала аясында нақты тарихи кезеңдегі болып өткен әлеуметтік-экономикалық жағдайға тоқталып өтсем.

Сонымен, Қазақ ұлттық тәуелсіздігі үшін 400 жылға жуық күресті, алысты да шабысты, жеңді, тәуелсіздігін қолына мықтап алды. Қазір екі аяққа нық тұрып әлемдегі ең күшті, қуатты 50 мемлекеттің қатарында болуға күресуде, құдай қаласа ол да болар, оға дейінгі басты мақта Орта Азиядағы ең бірінші деген ел атануымызға барлық негіз барлығына ешкім күмән келтірмес. Ал, тәуелсіздік жылдарындағы Жамбыл облысы қалай дамыды деген сұраққа мына мақала барысында төменде келтірілген мәліметтермен баяндасам.

Шынтуында еліміз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Қазақстанның барлық облысындай Жамбыл облысы да барлық экономикалық, мәдени, әлеуметтік және басқа салаларда төмен құлдыраушылық қиыншылықтар мен күрделі мәселер болды, бірақ елбасы Н.Ә.Назарбаев басқарған саясаттың арқасында көп ұзамай еліміз еңсесін көтере бастады.

Елімізде нақты болған оқиғаларды саралап өту үшін енді мұрағат материалдарынан алынған үзіндіге көңіл бөлсек. Онда 1990 жылдардың басындағы өңір экономикасы жайлы мағлұматтардан сараптама жасап өтсек.

Сол кезеңде құрылған комиссиялардың алдында бірнеше нұсқаулықтар болды солардың бірі- өздерінің бақылауында халықтың тамақ өнімдеріне сұранысын анықтау етін. Сол комиссияның анықтамасынан үзінді келтірсек: тамақ өнімдеріне деген сұраныс толық шешілген анықтайды. Ауыл шаруашылық өнімдері 37 миллион сомға оның ішінде жеке меншік секторында 35млн.сомға. Астық өнімдері, қант қызылшасын өндіру, жеміс –жидек жинау азайып барады. Картошка өндіру 1990жылғыдай қалыпта көптеген аудандар картофель егумен айналыспай отыр, ал негізгі картофель егумен айналыспай отыр, негізгі егуші Жуалы ауданы оны егуді қысқартпақ, Жуалы ауданы картофельді 3160 тоннға қысқартпақ. Мұндай жағдай малшаруашылығында да байқалады. Қара малдың (сиырдың)

саны 1991 жылы 1990 жылдан 4570-ке кеміді. Жүн, каракуль, тері өндіруде азайды. Сүт өндіру 1990 жылғыдан 1991 жылы 7110 тоннаға азайды.

Планды кері қайтарып депутаттар айтқан толықтырулар енгізіп және де аудандардың қалалық исполкомдармен келісіп істеу керек. План жасағанда ауылшаруашылық өнімдерін көбейтудің жолдарын қарастыру әсіресе жекеменшік секторда.

Облыстық халық депутаттарының председателдігіне Байгелдиевті ұсыну Жамбыл облысының партиясының I хатшысына. Исполкомның председателдігіне облыстың халық депутаттарынан Чернов В.-ны – Жамбыл облыстық партиясының 2 хатшысына. Осы жазбалар арқылы облыстың Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғанда қандай жағдайда болғаны анық байқалады.

Қазіргі облыс аумағы ежелден көшпенділердің мал шаруашылығы. Отырықшы елдің егін шаруашылығы, қолөнері мен сауда дамыған өлке болды. Жамбыл облысы республикадағы өнеркәсібі жан – жақты дамыған ірі аймақтың бірі болып табылады. Халық шаруашылығының барлық дерлік саларының өркендеуіне облыстың табиғи – географиялық жағынан қолайлы орналасуы мүмкіндік береді. Қаратуда теңдесі жоқ бай (жалпы қоры 1,6млрд. тонна) фосфорит кені жинақталған. Мұндағы байлық облыс өнеркәсібінде жетекші орын алады. Сонымен қатар қоңыр көміт, алтын, мыс т.б түсті металдар, табиғи газ, құрылыс материалдары өндіріледі. Жер асты суы қоры бойынша республикада 3-орын алады.

Тағы бір мұрағат материалына тоқталсақ. Ол: «Қазақ ССР Халық депутаттарының Сарысу аудандық Советі. Халық депутаттары Жамбыл облыстық Советіне Халық депутаттары Жамбыл облыстық Советінің депутаттарына тапсырылған аманаттардың орындалу жөнінде Анықтамасынан алынған. Анықтама мәтіні қысқаша мынандай: Сарысу ауданынан облыстық Советіне сайланған 4 депутатқа сайлаушылармен кездесу жиналыстарында барлығы 14 аманат тапсырылып, жүзеге асырылуға шаралар қабалданған болатын. Қабалданған аманаттар түгелдей аудан еңбекшілерінің әлеуметтік –тұрмыс жағдайын жақсартуға, ауылдың мәдени бейнесін жетілдіре түсуге бағытталған.

Атап айтқанда, облыстық Советтің депутаттарына мәдени мекемелер, мектептер, спорт ғимараттары мен халыққа тұрғын депутаттарына мәдени мекемелер, мектептер, спорт ғимараттары мен халыққа тұрғын үйлер салу жөнінде – 6, елді мекендер мен жайлымдықтарды сумен қамтамасыз ету жөнінде -3, малшылардың тұрмыс жағдайын жақсарту телидидар, телефон байланыстарын, электр жүйелерін жетілдіру жөнінде 4 және автобус қатынасын жақсарту жөнінде I аманат тапсырылған болатын.

Халық депутаттары аудандық Советінің атқару комитеті, шаруашылық, мекеме басшылары депутаттарға тапсырылған аманаттарға сергек қарап, орындалуына тиісті көмектерін көрсетуде. Соның нәтижесінде 1990жылы облыстық Советтің депутаттарына тапсырылған 14 аманаттың 4-і жүзеге асырылып, 10аманатты орындау бағытында жұмыстар жүргізілуде. Облыстық Советтің №125 Байқадам сайлау округінен сайланған депутат Бектұрғанов Мамырға тапсырылған аманат «Байқадам совхозының Жаңаталап елді

мекенінде клуб үйін, Байқадам совхозының Ұйым елді мекенінде мектеп жанынан спорт залын салуға ықпал ету және Байқадам селосы тұрғындарының бау бақшаларын, егістіктерін сумен қамтамасыз ету» жөнінде болатын. Осы тапсырылған аманаттарды қазіргі таңда жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Жанаталап елді мекенінде клуб үйін және Ұйым елді мекенінде спорт ғимаратын салу үшін тиісті жобалау –құндық құжаттары жасалуда. Оны жасау үшін Жамбыл қаласының «Арх фонд» мекемесі Байқадам совхозынан 29мың сомға есеп ашып отыр. Жобалау құндық құжаттары 1991жылдың мамыр айында дайындалып бітеді.

1990жылы Байқадам селосының тұрғындарына үй жанындағы бау-бақша шаруашылықтарын суғару мақсатында сәуір – қыркүйек айларында 730м(куб) су бөлінді, бұл 138 гектар жерді 4 мезгіл суғаруға жеткілікті болды. №128 Жайылма сайлау округінен сайланған депутат И. Ешенқұлов жолдсақа тапсырылған аманат, Жайылма және Калинин атындағы совхоздар орталықтарына және Қызылдиқан, К.Маркс, Ақтөбе елді мекендерін ауыз сумен қамтамасыз ету, К.Маркс елді мекенінде мектеп үйін салдыруға ықпал ету, Бетпақдала арқылы Сарыарқа жайылымына мал айдау кезінде малышларға қолайлы жағжай қалыптастыру, Коммунар совхозында 100 номерлі АТС -ті пайдалануға беру тапсырылған болатын.

Жайылма және Калинин атындағы совхоздардың орталықтарын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында «Қаратау» өндірістік бірлестігі жалпы көлемі 14,5 км су құбырын тартып бітірді. Қазіргі кезеңде су құбыры К.Маркс елді мекеніне дейін тартылған. Бұған жұмысалған қаржының көлімі - 480мың сом болып отыр. «Казюжгипроводхоз» жобалу институты Калинин атындағы совхоз бен К.Маркс елді мекеніне арнап су желісін жүргізуге жобалау – құндық құжат даярлауда. Ақтөбе елді мекеніне су жеткізу мақсатында 30 км су жүйесі құрылысына 300мың сом ақша 1991жылғы бюджеттен қаралып отыр. Дегенмен бұл су жүйесі құрылысын соғуға «Қазпастбище» өндірістік бірлестігі дайын болғанымен, «Казюжгипроводхоз» жобалау институты осы күнге дейін жобалау –құндық құжаттарын дайындап бермей отыр. К.Маркс елді мекенінде тиіптік жобадағы мектеп үйін салуға арналған жобалау құжаттары дайындалуда. Бұл құжаттарды дайындау үшін Калинин атындағы совхоз «Главархитектура» мекемесіне 27 мың сом қаржы аударды.

«Қазпастбище» өндірістік бірлестігі Бетпақдала өңіріндегі мал суғаруға арналған трассаны ауқымды және күрделі жөндеуден және техникалық күтім жасауға 350мың сом беліп отыр, және де «Ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету жөніндегі» шаруашылық есептегі Байқадам бөлімшесімен келісім шарт жасалды. Коммунар совхозының Өндіріс елді мекенінде халық игілігіне 1990жылы 16 желтоқсанда 100 номерлік АТС пайдалануға берілді. Бұның толық құжыттық бағасы 46 мың сом болды.

№129 Түркістан сайлау округінен сайланған облыстық Советтің депутаты Жақсылықова Гүлшат өз аманатын жүзеге аысруда біршама жұмыстарды жүзеге асырды. Г. Жақсылықоваға тапсырылған аманат Жаңатас совхозының Ақтоғай елді мекенінде 146

орындық мектеп үйін салуға ықпал ету және Түркістан совхозының товарлы – сүт фермасы жұмысшыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету болатын.

Ақтоған елді мекенінде 1991жылы 246 орныдық мектеп үйін салу басталды, ол үшін облыстық аграрлық өнеркәсіптің комитеті 200мың сом қаржы бөлініп отыр. Бұл құрылысты «Қаратау Химстрой» тресті жүргізетін болады. Түркістан совхозы орталығынан «Қаратау» өнеркәсіптік бірлестігі көмегімен 5 екі квартиралық тұрғын үй салынды. 1991жылдың сәуір айында жалпы пайдалану көлемі 700 м (куб) тұрғын үйлер пайдалануға берілді.

№130 Сарысу сайлау округінен сайланған депутат Солтыбаев Еркінбек Бейсенбекұлына аманат етіп «Шығанақ совхозынан орталықтандырылған жылу жүйесі мен жылу қазандығын салу, Қамқалы совхозы малшылар қыстауын электрлендіру, Түгіскен совхозының 4200 гектар суармалы жерін Талас өзені арқылы суландыру, Түгіскен совхозы орталығы еңбекшілерінің Алматы телидидар бағдарламасын көрсетуге арналған шарасын жетілдіру, Алматы – Ұланбел автобус қатынасы Шығанақ совхозына дейін жеткізу мәселелері берілген болатын». Шығанақ совхозы орталығынан салынатын жылу жүйесі мен жылу қазандығы жөніндегі аманаттың орныдалу мерзімі 1994-1995 жылдар, қазір жобалау-құжатын дайындауға тапсырма берілді. Қамқалы совхозының малшылар қыстауына электр жүйесін тарту жөнінде құжат 1991жылы желтоқсан айында дайын болады, оны облыстық аграрлық кәсіпорындар комитетінің тапсырмасы бойынша «Селэнергопроект» институты жасау үстінде. Түгіскен совхозының еңбекшілері Алматы телидидар бағдарламасын көріп, тамашалауда, Түгіскен совхозы орталығына облыстық телеорталықтан 11 мың сомға РПТН-70 аппаратурасы сатып алынып орнатылды. Алматы – Ұланбел автобус қатынасын Шығанақ совхозына дейін ұзарту мәселесі жоғарғы жол қатынасы министрлігі арқылы бір жақты шешілу үстінде. Қазіргі таңда Ұланбелден Алматыға қатынайтын сағат 12⁰⁰-дегі автобус төменгі Шу бойындағы совхоздардан келетін жолаушыларға арнайы 10 орын сақтап отырады және Шығанақ совхозынан келетін автобусты күтетін болды.

Облыстық Советтің депутаттарына тапсырылған аманаттардың орындалу барысы аудандық Совет атқару комитетінің мәжілістерінде уақтылы қаралып отырады. Тапсырылған аманаттардың мерзімінде орындалуына барлық шаруашылық, мекеме басшылары мүмкіндігінше еңбек етуде. Облыстық Советтің депутаттарының ықпалымен, аудандық Совет атқару комитеті тапсырылған аманаттарды уақтылы орындайтын болды. Халық депутаттарының аудандық Советінің төрағасы: Е.Б. Солтыбаев.-қа жазылған .

Жоғарыда аталып өткен мәліметтердің барлығынан 1990-1991 жыл аралығындағы облыстағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды нақты жан-жақты көруге болады. Мақала барысында тек қана мұрағат қорларынан алынған мәліметтердегі облыстағы елді мекендердегі жағдай, аталып отырған кезеңдегі жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарының, жол транспортты мекемелер, ауылды елді мекендердің мәдениеті барлық әлеуметтік-экономикалық салалардан көрініс тауып отыр.

№19 Раушан бөбекжай бақшасы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Ибрагимова Карима Уринходжаевна

«Ұлттық тәрбие — сапалы білім берудің негізі»

Бүгінгі білім саласындағы өзгерістер, бірнеше ойдан таралған аса бай мұраларды қолға алу арқылы білім алушылардың ел мүддесі үшін жұмыс жасауына септігін тигізіп отыр.

Оқыту мен тәрбие бүгінгі өмірмен ғана астасып жатқан жоқ, тарихтың тұңғығымен астасып жатыр. Сол себептен де өткеннің кейбір іргелі тағылымдарына ден қоюға тура келеді. Бүгінде жаңа бетбұрыс жасау кезеңі деп білеміз. Педагогика ғылымы алдында оқу-тәрбие жүйесін ұдайы жетілдіру мәселесі қойылып келеді. Қазіргі кезде қазақ балабақша балаларының игеруіне арналған бағдарламалар бұрынғы жылдармен салыстырғанда анағұрлым күрделі. Ақпараттарды жоғары ғылыми-теориялық деңгейде терең және тыңғылықты оқыту, оқу мәліметтерін терең және шығармашылықпен меңгеру талап етіледі. Яғни өздік білімін көтеруіне, ақпарат көздерін алуға, ақыл-ой қабілетінің дамуына, білім негіздерін саналы түрде игеруіне барынша көңіл аударылуы қажет деп білеміз.

Еліміздің болашағы әлеуметтік тапсырыстың табысты орындалу деңгейіне байланысты. Әр бақшаның өзіндік ерекше сипаты бар екені бәрімізге белгілі. Нақтырақ ұлттық балабақшаларға тоқталар болсақ, балаларды ғылыми негізделген және сыналған әдістердің көмегімен іріктеуден басталады. Балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін анықтауға бағытталған кешенді психологиялық-диагностикалық тексеру міндетті түрде жүргізіледі. Тексерудің нәтижесінде баланың жалпы және психологиялық даму деңгейі анықталып қана қоймай, оның өзіндік қабілеттері мен дарындылығын, әлеуеттік мүмкіндіктерін одан әрі дамыту жолдары қарастырылады. Дарынды балаға талантты тәрбиеші қажет. Егер педагог өз жұмысын жан-тәнімен жақсы көрмесе, оның негізгі білімді жеткілікті түрде білім алушыға беруі мүмкін емес. «Еліміздің, ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында», - деп тұңғыш елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай әр тәрбиеші өзінің білімін үздіксіз көтеріп отыруы қажет. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ: — ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Бүгінгі балабақшалардың алдында тұрған басты міндет – балалардың ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту, яғни тәрбие беру мен оқыту әдістемелерінің түрлері көп. Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешілердің, ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты, өйткені, бірінші

ұлттық тәрбиені ошағы — отбасында, екіншіден, балабақшадан болғандықтан, ата-ана мен бақша болып бірігіп жұмыс атқару — біздің басты міндетіміз. Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу жалпы ұлтымыздың міндеті. Халқымыздың асыл қазынасын тиімді пайдалану, оның салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауға үйретуі сөзсіз. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазірде солай. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 20 жылдық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Сондықтан да болар, мемлекет тарапынан отансүйгіштікті дамыту, сапалы білімге жол бастау бағытында келелі шаралар атқарылып, көлемді бағдарламалар жасалып жатқаны қаншалық деген сұрақ ойға оралады.

Соңғы 20 жыл ішіндегі өзгерістер, шыққан биік, қайта оралған құндылықтар, өлмес-өшпес мұра, тапқан табыстарды тілге тиек етсек, әр қазақстандықтың жүрегіне қуаныш пен мақтаныш келер күнге деген сенім ұялатады. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл қазақстандықтар өз елінің, жерінің өткенін сезінбей, оның ерлікке, адамгершілікке толы тарихын, өнерін жете ұғынбай, отаншылдық сезімді қалыптастыру мүмкін емес.

Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Тек сол арқылы ғана халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани мұрасымен жастардың бойына адамгершілік ізгі қасиеттерді қалаыптастырып, сіңіртіп, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеу ата-ана мен тәрбиешілер қауымына жүктеледі.

Оқу мен тәрбиелеудің үлкен ортасы – балабақша екені белгілі. Ондағы жоспарлы тақырыптық сабақтар тәрбиенің ең негізгі, ықпалдастығы болып отыр. Бүгінгі таңда, ұрпағымыздың азамат болып қалыптасуы барысында біз олардың жаһандандудың теріс ықпалдарына қарсы тұруын ескеруіміз қажет. Бұл жағдайда тәрбие жұмысының тиімділігі ата-ана мен бақшаның өзара байланысынан көрінеді. Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық тәрбиені, отаншылдықты, сапалы білімді дарыту – қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Ақиқатында, осынау мәселе еліміздің тұтастығын, оны ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі жастарды отаншылдық, елжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуді жүктейді. Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін сақтады. Отансүйгіштік сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады. Ұлттық сезім – өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін , оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегендей, жеті атаға дейін қыз алыспай қанның тазалығын, яғни ұлттың таза болуына әкеледі екен, екіншіден, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын дегеннен болса керек. Балабақша қабырғасында тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақтарға ұлттық тәрбиені сіңіріп, оның ерекшелігін терең білуге, құрметтеуге, үйретуге тиіспіз.

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріштеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып , ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі балалар шығатынына сеніміміз мол.

Кру кбілеті бзылған балаларға арналған «мїт» мектеп –интернаты
музыка пні мғалїмі

Иноятова Айгуль Асановна

БЛБЛ ДОМБЫРА, ДЛДЛ Н!

Кзақ пен домбыра егїз ұғым демекші, қос ішектен тгілген сыйқырлы үнге клақ тріп, рухы ктерїлмейтїн, жан жрегі езіліп, денесї шымырламайтын кзақ жоқ. Талай ғасырлар сақталып келе жатқан кї кдіретїн, домбырадан тгілетїн әсем әуендї одан әрї әрлеп, келешек ұрпаққа аманаттау бїздїң парызымыз.

Домбыра – кзақтың ұлттық аспабы. Оның н бойында ата – бабамыздың ептілігі, даналығы, ұсталығы, шеберлігі мен нерїнің рнегі жатыр. Кзақ халқы домбыра аспабына ерекше крметпен қарап, оның әр блшегїн ұқыптылықпен әзїрлеуге тырысқан. Суырып салма ақындардың үніне үн қосып, сал – серїлердїң сенїмдї серїгїне айналған, кїшїлердїң ішкі тебїренїсїн толғаулар арқылы тамаша жеткїзе бїлген аспап – әрқашан ұлтымызбен бїрге жасай бермек.

Мен де домбыра сыныбының оқытушысы ретїнде скелең ұрпақтың нерге деген клшынысын оятып, қара шаңырақтың қақ трїнде орын алып, биїкке ілінетїн аспаптың кдїр қасиетїн терең ұғындыруға тырысамын. Қазїргї таңда ұлт ұландарының ұлттық кндылықтарға деген икемі мен клшынысының жоғары екенї жыл ткен сайын айқын аңғарылып келедї. Себебї, саз мектебїне келушїлер қатары артып, домбыраны үйренуге ниеттї жандар кбейїп келедї. Бұл әрїне, бїздї қатты қуантады. Халқымызға тән қазынаны бгїнгї жастар қастер ттып, кдїрїне жете алса, келешек үшїн алаңдауға еш себеп жоқ.

Мен он жылдан аса А.Байқыдыров атындағы саз мектебїнде еңбек етїп келемін. Осы уақыт аралығында талай шкірт шыңдалып, нерїмен рге жзїп, з дарындарын кллї кзақ еліне паш етїп келедї. Марқайып, мақтанатын оқушылар қатары аз емес. Бұл әрїне үлкен еңбек пен табандылықтың нтижесї. кїнїшке орай, кейбїр оқушылардың шыдамдылығы мен з – зіне деген сенїмдїлігі тмен болғандықтан, бастаған істї соңына дейїн жеткїзбей, домбыраны үйренудї орта жолдан тастап кететїн жайттар кездесетїні жасырын емес. Осы тста, мен педагогикалық іс – тжірибеммен қатар, психологиялық қолдауды да мейлінше жзеге асырып, әр шкірттїң жрегіне тек оқытушы ретїнде ғана жол табуды кздемей, оларға сенїмдї сырлас болуды жн кремін. Әр баламен жекелей жмыс жасап, оның зіне тән ерекшелїгїн айтып, бойындағы жалынды сндїрїп алмау менїң басты парызым. Сол себептї, нер саласында тлімгерлік қызметте еңбек етїп жрген жандардың тек ксїби шеберлігі ғана емес, адами кндылығы, адамдармен дрыс коммуникация қўра бїлу қасиетї, психологиялық машықтарды меңгеруї аса үлкен қажеттїлік.

Әрїне, оған қоса домбыра сыныбында әр баланың жлдызын жағып, мдениетке деген кзқарасын оң қалыптастыру үшїн тарихты та жетїк меңгерген абзал. Кї кдіретїнїн шексїздігі баршаға млім. Олардың здерїне тән тарихы, ұлттық боямасы, тамаша хикаясы бар. Сол тамаша жайттарды сабақ барысында сттї пайдаланып, оқушылардың ынтасын одан әрї арттыруға болады. Мселен, «Жошы ханның» жалғыз ұлына арнап шығарған «Ақсақ клан» кїнїнің зїн алып қарайтын болсақ, қанша тарихи оқиға, нерге деген керемет крмет, адамдардың тапқырлығы мен уэдесїне бїрїктїгі, домбыра аспабына тән

ерекшеліктермен жақын танысуға болады. Ал, айтыс өнерінің тамаша мақамдарынан үзінді келтіру, оқиға мен өнерді өз – ара байланыстыру, ауылдың алты ауызының шеберлігін жіпке тізгендей баяндау балалардың бойында домбыра аспабына тән құрметті одан әрі арттырып, ата – бабамыздың үлгі – өнегісін бойларына сіңіруге мүмкіндік береді.

Домбыра аспабын меңгеру барысында – ең алдымен балалардың жас ерекшелігін ескеріп, дене бітіміне сай құралдарының болуын қадағалап, әр сабақты алдын – ала жоспарлаймыз. Жүктеменің шамадан тыс көп болуы шәкірттерді шаршатып, сабаққа деген құлшынысты бәсеңдетеді. Сол себепті, балаларды жалықтырып алмауды ескерген дұрыс.

Оған қоса, қазіргі таңда инновациялық технологиялардың қарқынды дамып, сандық сауаттылықтың сайрап жатқан кезеңі. Оны да сабақ барысында сәтті пайдаланып, оқушылардың назарына мультимедияны ұсыну, дәріс элементтерін түсіндіру барысында көрнекілік ретінде қолдану артық етпейді. Бұл біріншіден архивте сақталған көне жәдігерлерді ғаламтор арқылы шәкірттерге таныстыруға негіз болып, оған қоса уақыт үнемдеуге септігін тигізбек. Дыбысты тыңдау, бейнені көзбен көру арқылы тәрбиеленушілер ақпаратты қабылдап, оны көпке дейін естерінде сақтайды. Олай болса, ұлттық аспапты меңгеру барысында заманаи құрал – жабдықтардың да көмегі тиеді.

Жалпы, бұлбұл домбыра, дүлділ ән исі қазақ иесін елеңдетпей қоймайды. Дәстүрлі әншілердің дауысы дархан даламыз тәрізді құлашын кеңге салып, құлақ құрышын қандырса, күмбірлеген күйдің құдіреті мың ауруға шипа, жүрекке тыныштық сыйлайтын тамаша үн. Ақындар айтысының арқасын қоздырып, алты алашты ауызына қаратуы домбыраның сүйемелдеуінсіз әсерлі де болмас еді. Олай болса, ұлттық аспабымызды қашан да биік көтеріп, оның қадір – қасиетін жас ұрпақ бойына дарыту біздің басты парызымыз.

Домбыра сыныбында тәлім алып жатқан жас буын өкілдеріне бойымдағы бар білімді дарытып, тағылымды тәрбие мен ұлтымызға тән ұлылықты дәріптеу менің алдымда тұрған үлкен міндет.

Өнер – жалпыға ортақ қасиет. Мәдениетті мәйегіне көтеретін ұл – қыздарымыз көп болып, ұлттық аспаптарымыз жасай берсін!

Калиева Женискуль Нуртугановна

*№280 орта мектеп
Бастауыш мұғалімі
Қызылорда қаласы*

Креативті ұстаз – заман талабы




Креативті ұстаз – заман талабы. Қазіргі уақытта ғылым мен техниканың жедел дамыған заманында ақыл – ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту – заманның басты талабы болып отыр. Осы жайттардың барлығын жүзеге асыратын адам, әрине ол – ұстаз. Ұстаздың алдынан өтпейтін ешкім жоқ. Нағыз ұстаз болу – үлкен абырой, зор еңбек, ішкі қажеттілік пен балаларға деген жалындаған махаббат. Ұстаз деген атқа ие болудың өзі бір бақыт. Қай заманда болмасын, ұстаз үздіксіз ізденуші, ұшқыр ойы болуы тиіс деп ойлаймын. Мектеп табалдырығын тарыдай болып аттаған бүлдіршіндер білім тұңғиығына еркін сүнгісе, шәкірттерім білім додасында қатарласынан оза шауып, оң нәтижеге қол жеткізіп жатса, ұстазға бұдан артық қуаныш бар ма? Қазіргі ақпараттық технологияның қарыштай дамыған шағында мектеп қабырғасындағы маңызды терминдердің бірі – «креативті ұстаз», «креативті ұстаздың құзыреттілігі». Креативті педагог құзыреттілігі ұғымының мазмұны төмендегі белгілерден тұрады: - білімнің жұмылдырылуы, білімді пайдалана білуі; - әдістердің икемділігі; - сыни ойлауы; - шешімді қабылдау іскерлігі, біліктілігі. "Креативтік" ұғымы шығармашылық, дарындылық, шығармашылыққа икемділік деңгейін білдіреді. Тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінің құрылымына мынадай қасиеттер жатады: шығармашылыққа икемділік, мәселелерді шешу, өзіне деген сенімділігі, талдауға деген икемділік және тағы да басқалары. Президентіміздің Жолдаудағы мақсат, міндеттерін іске асыру - әр педагог парызы. Жауапкершілігі шексіз, қадірі мол мамандық иесінің ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі алар орнын әр мұғалім бар болмысымен сезінгені абзал. Өйткені, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда білім сапасын көтерудің негізгі тетігі- білімді әрі креативті ұстаз. Креативті ұстаз шәкіртіне тек сапалы білім беріп қана қоймай оны қазіргі заманға сай цифрлық сауаттылығы дамыған, жан – жақсы интербелсенді болуына талпынуы қажет. Сабақтарында әртүрлі жаңашыл әдіс – тәсілдерді қолдануымен қатар, оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдап, әрқайсысының өз сара жолын қалыптастыруы тиіс. Сонымен қатар, креативті ұстаз ұжым ішіндеде белсенді болады. Әріптестерімен тіл табысуы, ұжыммен жұмыс жасауы, өзі жұмыс атқарып отырған мекеменің заманауи болып алға қарай, ілгері дамуына бірден – бір септігін тигізуі керек. Және де білім жүйесіндегі кез – келген өзгеріске дайын болуы қажет. Мен бастауыш мұғалімі ретінде биылғы білім жүйесіндегі үлкен өзгерістің бірі, оң өзгерістің

бірі Әліппеннің «қайта оралуы» деймін. Бұл жаңалық ұстаз үшін де, оқушы үшін де, тіпті ата – ана үшін де өте жағымды, қуанарлық жайт болды. Себебі: «Білім кілті - бастауышта». Ал бастауыш сынып мұғалімдері әрине берілген бағдарламамен жұмыс жасайды. Әліппе оқулығының қайта оралуы білімде жүйелілік пен тәртіп орнатқандай десем артық емес. Мектеп табалдырығын аттаған жас бүлдіршін ең алдымен қолына Әліппені алып, әріппен танысса, әрі қарай алар білімін жеңіл түсінеді деп ойлаймын. Себебі, қазіргі заманғы «спиральды оқыту» жүйесі бойынша алғашқы сыныптағы білімді меңгермейінше, келесі сыныптағы білімді игеру мүмкін емес. Осы орайда, Әліппе оқулығы бастауыш сынып оқушысына белгілі бір жүйені қалыптастыруы бастауыш сынып мұғалімі үшін көз қуанарлық жайт. Қорыта айтқанда, креативті ұстаз – заман талабы. Ол үшін әр педагог өзін үнемі жан – жақты жетілдіріп, соңғы шығып жатқан технологиялардың барлығын толықтай игеріп, оны игеріп қана қоймай білім алушыларға сол арқылы жұмыс жасауды үйретіп отырса, әр ұстаз алдынан бәсекеге қабілетті, дамыған, қоғамның жандануына өз үлесін қоса алатындай мықты оқушылар тәрбиеленіп шығатынына кәміл сенемін.

МАҒЫСТАУ ОНЫЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АҚТАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
№33 ӘЛИЯ БӨБЕКЖАЙЫ

КАМАЛОВА МӨЛДІРЖАН АСЫЛЖАНҚЫЗЫ



«Баланы өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»
(халық даналығы)

Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік- отбасы, ата- ана тәрбиесі болса, екінші бесік- білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие- барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан- жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын.

Патриоттық құндылықтары қалыптасқан тұлға мына төмендегідей қасиеттерге ие болуы тиіс:

- Жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарды меңгерген;
- Халық арасындағы достықты нығайтуға күш салатын;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, тарихына, тіліне, дәстүріне, діне құрметпен қарайтын;
- Жас ұрпаққа өз ауданымыздың тарихымен тереңірек таныстыру;
- Өлкемізде әр түрлі замандарда өмір сүрген тарихи тұлғалармен қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеп білу;
- Туып өскен жерлеріндегі өлкетану мұражайларына саяхаттар ұйымдастыру;
- Балаларға елін, жерін сүйетін патриоттық сезімдерін аша түсіп, жетілдіру;

Неге десеңіз, туған ел тарихы- халықтың рухани санасын ұлттық намысын оятатын бұлақ көзі, ал адам бойындағы патриоттық сезім- отансүйгіштік рухтың құнарлы мәйегі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы- ел дамуының жарқын үлесі мен нақты қадамдары көрсетілген келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық

болмыстан ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат- мүдделер туралы өзекті мәселе көтерілген.

Патриоттық тәрбие- біздің балабақшамыздың жұмысындағы басыңқы бағыттардың бірі болып табылады.

Балабақшаның басымдылық бағыты: балалардың бойында рухани- патриоттық сана сезімді қалыптастыру.

Мақсатымыз: балаларға ұлттық рухани мәдениетті танып біліп оны сақтап дамытуға ықпал ететін тұлға қалыптастыру.

Міндетіміз: «Тәуелсіз жеке тұлға бойына ұлттық рухты, ұлттық сананы, дәстүрді, әдет- ғұрыпты, мәдениетті сіңіру».

Бұл бағытта жұмысты бастамас бұрын:

1. Тәжірибеде бұрыннан қолданып келген жүйені өзгертіп, педагог мамандармен жүргізілетін жұмыстарға жаңалықтар енгізілді;
2. Жинақталған іс- тәжірибені шығармашылық іс- әрекетпен жаңартылды;
3. Әдістемелік көмек бетшілерін дайындап, тәрбиешілерге ұсынылды;
4. Тәрбиешілердің тәжірибелік іс- әрекетіндегі кейбір мәселелерді шешу жолында әдістемелік көмек берілді.

Сондай- ақ алдымен педагогтардың, балалардың ата- аналардың арасында сауалнама өткізілді, сауалнама қорытындылары бойынша жұмыстың міндеттері: педагогтармен, балалармен, ата- аналармен жұмыс жүргізудің негізгі үлгілері мен әдістері белгіленіп анықталды.

Балаларды оқыту үшін, алдымен педагогтың өзі ақпарат материалын толық түсінікті тілде жеткізе білуі қажет. Педагогтың берілген ақпаратының қандай әдіс- тәсілдер арқылы жеткізе алуына байланысты балалар оны қабылдайды және жаңа нәрсе білгісі келетін қызығушылығы пайда болды. Бақшамыздың тәрбиеші- педагогтары күнделікті жоспарларын жазумен шектеліп қоймай өз- өздерін дамытып, өз жұмысына жоғары жауапкершілікпен қарап, шығармашыл болуға тырысады. Балабақшаның шығармашылық тобы мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттыққа тәрбиелеу бойынша диагностикалық материалдар жасауда белсенді жұмыстар жүргізді. Біз әдістемелік жұмыстың мынандай формаларын да қолданамыз: мәселелі консультациялар, педагогикалық шеберхана, педагогикалық шеберлік мектебі, тәжірибелі педагогтардың шеберлік сыныптары, дөңгелек үстел, тақырыптық семинарлар, семинар – практикумдер, мәселелі жағдайларды талдау, педагогикалық және әдістемелік рейтингтер, байқаулар, сонымен қатар өзара әрекеттестікке негізделген интербелсенді әдістемелер кеңінен қолданылады.

Басымдылық бағыт тақырыбына сай балаларды рухани- патриоттық тәрбиелеу бойынша «Кәусар бұлақ», «Өлкетану» атты әдістемелік нұсқаулық құрастырылған. Бұл жинақтарда біріншіден, тәрбиешілерді шығармашылық талпынуға ынталандырады,

екіншіден вариативтік компонент бойынша шығармашылықпен айналысатын тәрбиешілерге жылдық жоспар дайын, үшіншіден үздік материалдар бір жерде жинақталып оны әр жас маман, әр тәрбиеші өз жұмысында пайдалана алады.

Ондағы тақырыптық- оқу жоспары туған өлке тарихы, өлкенің табиғи байлығы, салт- дәстүр, өлке мақтаныштары блоктар бойынша жүргізіледі. Ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті көңіл көтерулер, бой сергітулер, сайыстар, көрмелер, алғырлар мен тапқырлар клубы, марафондар түрінде өткізіледі. Оқу іс- әрекеті барысында балалар айналаны қоршаған әлемге, тарих пен мәдениетке, туған өлкенің қаламыздың әлеуметтік өміріне, өз- өзіне, адамдарға деген жақындасуларын, оң көзқарастарын байқатты. Мемлекеттік рәміздерге және халықтық мәдениетке арналған құрмет балалар жүрегінен орын алды.


Басқару саласында мектепке дейінгі балалар мекемесін дамыту және қалыптастыру толығымен ұйымдастырылды, әдістемелік жұмыстың белсенді, толық үлгілері әзірленді. Күнделікті барлық топтарда таңертеңгі қабылдаудан кейін Қазақстан Республикасының гимні балалар хормен орындау әдетке айналған.

Балалар жанына рухани- патриоттық тәрбие берудің жүйеленген және жоспарланған жұмыстары өзінің алғашқы нәтижелерін бере бастады, тәрбиеленушілердің еңбектері қалалық, облыстық, республикалық байқауларда жүлделі орындарды иеленді. Балалар мен үлкен және кіші Отан дегенді біледі,, олардың бойында азаматтылық сезімі, мақтаныш сезімі қалыптасты, ал педагогтардың кәсіби шеберліктері мен құзіреттілігі жоғарылады.

Жылдық өтпелі лексикалық тақырыбымызға сәйкестендіріп күнделікті ұйымдастырылған оқу іс әрекеті барысында күннің екінші жартысындағы іс- әрекеттерде ұлттық құндылығымызды дәріптеп қазақ елінің өткені мен болашағы тұрмыс- тіршілігі, оның жетістіктері мен жеңістері туралы айтып әңгімелеп, көрсетіп отырсақ, балалардың да өз еліне деген сүйіспеншілік сезімдері қалыптасады. Менің ойымша мұндай ұстанымдар «Шынайы патриотизм» түсінігінің мәнін ашып көрсетеді.

Карибаева Ғалия Асқарқызы

*«Жетісу облысы денсаулық сақтау
басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық
мамандандырылған балалар үйі» МКК
Тәрбиеші
Талдықорған қаласы*



***Қоршаған ортамен таныстыру барысында
бала танымын дамыту.***

Қазіргі таңда жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты мақсат ұлттық рухы жоғары.өз Отанын,туған жерін сүйе білетін азамат тәрбиелеу.

XXI ғасыр жеткіншегі дене,рухани ойлау жағынан жан-жақты өз-өзіне басшы,кез-келген сәтте шешім қабылдай алатын жеке тұлға болуы тиіс.

Бұл үшін тәрбиешінің шығармашылдығы,жаңашылдығы,көп ізденісті қажет етеді. Ал мектепке дейінгі оқытуда білім,білік дағдыларымен қатар тәрбие жұмыстарының сан алуан,қызықты,тартымды,баланы қажытып алмайтындай жұмыс түрлерін жүргізу тәрбиешіден шеберлікті талап етеді.

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып,суын ішіп отырған табиғат Ананы қорғап,аялау барша жұртқа тіршілік қамы,табиғи қажеттілік. Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету,табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады.Табиғатпен таныстыру-балалардың танымын дамытудың басты құралдарының бірі.Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты-табиғатты аялап,оны қамқорлыққа алып күту,табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып,тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру.Мұнда балалардың қоршаған орта жөніндегі ұғым түсініктерін байытатын жалпы және нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор.Табиғатпен таныстыру барысында «Табиғат бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы,тал бесігі,өсіп өнер мекені»екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі.Мектеп жасына дейінгі балалардың тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым-қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру,яғни табиғатты қорғау-экологиялық тәрбие мен білім беру жұмыстары арқылы жүргізіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру маңыздылығы.Табиғат әлемі таңғажайып және керемет.Дегенмен,барлығы бұл сұлулықты,аспан,су,жапырақ түстерінің алуандылығын көре білмейді. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді.Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді,үстірт қабылдайды.Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады,яғни,балаларды мейірімділікке,адамгершілікке жақын

адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуібізге, ересектерге байланысты. Балабақша балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: Саяхат, мұражайларға бару, мақсаттық серуен, телебағдарламалар, бейнефильмдер, табиғат туралы көркем әдебиеттер, суреттер, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау, музыка тыңдау, дидактикалық ойындар, мақал-мәтелдер. Мектепке дейінгі жастағы балаларға адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие беруге байланысты мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінің алдында негізінен мына төмендегі міндеттер тұр.

Атап айтқанда:

-педагогтардың экологиялық тәрбие беру жөнінде білім деңгейін көтеру;

-балаларды айналамен таныстырудың бағдарламасын, олардың ата-аналарына насихаттау;

-әртүрлі жастағы балалар топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстар;

Қоршаған ортаны аялауға деген адамның саналы көзқарасын қалыптастыру оның бала кезінен ерте басталуы тиіс.

Баланың дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы 7жыл оны тәрбиелеу мен оқытудағы ең басты кезең болғандықтан оны ескерусіз өткізіп алуға болмайды. Баланың болашағы сол кезеңде алған тәрбиесіне байланысты. Олай болса адамзаттың рухани және материалдық жағдайы осы кезеңде алған тәрбие негіздеріне тәуелді. Сұлулыққа тәрбиелемей тұрып жақсы ниеттегі, адамгершілігі бар, шығармашылықпен жұмыс істейтін адамды қалыптастыру мүмкін емес. Сұлулық бала бойында қуаныш сияқты ең жақсы сезімдерді тудыра отырып, баланың белсенді түрде шығармашылықпен жұмыс істеуі мен денсаулығына оң ықпалын тигізеді. Бірақ бала мұның бәрін сезіну үшін сұлулықты өз көзімен көріп оны қабылдай білуі керек. Балалар тәрбие арқылы, ересектердің өнегесі арқылы дүниені таниды, көруді, сезінуді, тыңдауды үйренеді. Тәрбиеші жақсы өнегені беруге неғұрлым қабілетті болса, балада соғұрлым көбірек үйренеді. Баланың өміріндегі алғашқы қабылдаған қуанышты сәттер оның болашақтағы өміріне жағымды бағыт бере отырып, өмір бойы есінде қалады. Сондықтан да балабақшадағы тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі «Балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру» болып табылады. Балалар өз туған өлкесінің табиғатын сүйеге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету мақсат.

Табиғатты бейнелеу әдісі-экологиялық тәрбие жүйесіндегі өзіндік орны бар әдіс түрі. Мұнда балалар табиғат көрінісін, кәсіби шеберлер дайындаған көркемдік суреттерді, музыкалық және әдеби шығармаларды тамашалап, табиғат күнтізбесімен жұмыс істеп, бейнелеу өнері туындыларымен таныса алады. Табиғатпен тікелей байланыста алынған халқымыздың ұлттық тұрмыс бұйымдары балалардың ол жөніндегі түсініктерін

байланыста және экологиялық тәрбие балабақшамен шектелмейді, мектепте осы білімдерін одан әрі өрбітіп, байытады.

Экологиялық саяхаттар, серуендер, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттердің барлығы ойын арқылы өрбіп, дамиды, түйсікте сақталады. Бала алған білімді көру, ұстап қарау арқылы тез қабылдайды. Балалармен өткізген ойындарым көп жетістіктерге жеткізді.

Жаңа ғасырда табиғатсыз баланы тәрбиелеуді көз алдымызға елестете алмаймыз. Біз әрдайым табиғат сұлулығын іздей жүріп және оның жаңа қырларын табу арқылы балаларды қуанта отырып табиғаттың сұлулығын бірге қарсы аламыз. Қорыты келгенде мен негізгі мақсатым балаларға дүниені тануды, көруді, сезінуді, тыңдаудың қоршаған ортаның сұлулығын сақтауды қалыптастыру.

«Ғаламның ғажайып көркі де сонда, сыры да сонда, мақамы да сонда... ғылымы да сонда, адамның өмірі де сонда», - деп А. Машанов айтпақшы тілсіз табиғаттың борышы. Себебі, табиғат пен адам-егіз. Біз жас ұрпақ табиғаттың қорғаны. Атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, анамыздай аялап, келер ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керек. Табиғат адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сол сұлулықты, әсемдікті жоғалтпай қастерлеуіміз керек. Бұл жағдайда халқымыздың қалдырған тағылымдылық, тәрбиелік мәні зор: «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Бір тал кессең, он тал ек» тағы да басқа ұлағатты сөздері, табиғатқа сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда, адамзат баласы үшін табиғат кең сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болады. Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы Табиғат-Анаға қарыздар. Сондықтан да табиғатқа немкетті қарау, онымен санаспау ана сүтін ақтамағанмен пара-пар.

Адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болуымен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. Табиғат озбырлықты көтермейді. Оны мәпелеп баптап, мейіріммен аялау арқылы ғана ұлы мұратқа жетеді, адамгершілігінің салмағын өлшегің келсе, табиғаттың сыр сипатын түсіне білуге әрекет жасап көр. Адам табиғаттың ең сенімді, айнымас досы, қамқоры, қорғаушысы.

«Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді» - демекші, барша байлықтың анасы-Жер.

Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игеріп ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда.

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýimi-aqparattyq, tanymaýq-tarbielik jurnaly





Картайганова Саулеш Ахметбековна

**“Алматы облысы білім басқармасының
Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі” мемлекеттік
мекемесінің**

**“Келешек” бөбекжай балабақшасы
коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан - ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Біздің ата-баларымыз бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөлген. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі - әлемде теңдесі жоқ тәрбие десек артық айтқандық емес. Баланың жастайынан ұлттық құндылықтарды дәріптеуінің, елімізді, туған жерімізді, дініміз бен тілімізді құрметтеуінің негізі осы ұлттық тәрбиенің негізінде жатыр.

Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат тәрбиелеу үшін ұлттық құндылықтарымызды басшылыққа алу қажет. Оның маңыздылығы мен қажеттілігі зор. Біз үшін еліміздің өркендеуі, ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына.

Осы ұлттық тәрбиені балалардың бойына сіңіру мақсатында “Келешек” балабақшасының тәрбиешілерінің, ата-аналарының атқарып жатқан жұмысы мен тәрбиеге қосып жатқан үлесі өте көп. Балалардың ұлттық санасының қалыптасуында әрбір жүргізілетін іс-шаралардың алатын орны ерекше. Балабақшамызда жүргізіліп отыратын тәрбиелік мәні зор іс-шаралар осының дәлелі десек болады.

Ұлттық құндылықтар адам өмірінің әр саласында өз көрінісін табады. Олар адамның моральдық қасиеттерін қалыптастырады, рухани байлығын арттырады, қоғамның дамуына ықпал етеді. Ұлттық құндылықтарды бала кезден бастап бойына сіңірген адам өзінің туған жеріне, еліне, тіліне, мәдениетіне құрметпен қарайды. Бұл қасиеттер адамның тұлғалық дамуында, әлеуметтік және рухани өмірінде маңызды рөл атқарады.

Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Олар балаларды патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Ұлттық құндылықтар арқылы балалардың өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігі артады, олардың рухани-адамгершілік қасиеттері дамиды. Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтарды пайдалану балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады.

Тіл – ұлттық құндылықтардың ең негізгісі. Тіл арқылы халықтың тарихы, мәдениеті, дәстүрі сақталады және ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Ана тілін білу және құрметтеу әрбір адамның азаматтық борышы

Мәдениет ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлігі. Халықтың мәдениеті оның рухани байлығын көрсетеді. Мәдениет арқылы халықтың өнері, әдебиеті, музыкасы, дәстүрлері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады

Дәстүрлер де ұлттық құндылықтардың маңызды құрамдас бөлігі. Олар халықтың өмір сүру салтын, әдет-ғұрыптарын, рухани мұраларын

көрсетеді. Дәстүрлер арқылы халықтың өмірі, оның құндылықтары мен ұстанымдары көрініс табады. Дәстүрлерді сақтау және оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – әрбір ата-ананың, тәрбиешінің міндеті. Дәстүрлерді сақтау арқылы балалар өз халқының мәдениеті мен тарихын терең түсінеді, оны құрметтейді

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар демекші, Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түп қазығы. Олар балаларды патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Ұлттық құндылықтарды білімге біріктіру мәдени

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

және ұлттық бірегейлікті сақтауға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бәсекеге қабілетті тұлға

қоғамдағы заманауи сын-кәтерлер мен өзгерістерді сәтті жеңуге мүмкіндік беретін бірқатар қасиеттер мен дағдыларды қамтиды.

Тіл, мәдениет, дәстүрлер арқылы ұлттық құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Бұл құндылықтарды сақтау және дамыту әрбір адамның міндеті болып табылады. Ұлттық құндылықтар тәрбиенің негізі бола отырып, қоғамның дамуына, оның бірегейлігін сақтауға үлкен үлес қосады.



HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýimi-aqparattyq, tanymdyq-tarbielik jurnaly





Касанова Жадра Беймбетовна
Әл-Фараби атындағы BINOM SCHOOL
мектеп лицейі
Бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін дамыту

Қазіргі мектептерде тәрбиенің сапасына, әдіс-тәсілдерінің мазмұнына, мақсатына зор көңіл бөлуде және жаңаша көзқарастар қалыптастырылуда. Жаңа талап негізі қарқынды өркениет бағыттарынан қалыспай, терең білімді игеру. Осыған орай, қазақ мектептерінің оқыту жүйесінде әлемдік және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту үшін өте орынды жағдайлар жасалып, нәтижелері көрінуде болашақ ұрпақты тәрбиелеу ең басты міндеттердің бірі- мектеп оқушыларының іс-әрекетін ізгілендіріп, рухани дамуының дұрыс жолға қойылуы. Ол үшін оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін гуманистік бағытта тәрбиелеп, олардың алдын-ала шығармашылықпен дамытуына жол ашу. Осыған орай біздің мектепте де тәрбиенің бағыттарына қарай бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу жолы қолға алынып отыр.

Оқушының бос уақытын ұйымдастыруы- тәрбие үрдісін ізгілендірудің және мектептен тыс тәрбие жұмысын жетілдірудің негізгі шарты - оқушыларға даралап ықпал ету тәсілі болып саналады. Оқудан бос уақытында жасөспірім ортақ істің ұйымдастырушысы, белсенді қатысушысы болуға үлкен мүмкіндік алады. Іске қатысушы ретінде ол алдына міндеттер қояды, оларды шешу жолдары мен құралдарын таңдайды ақпарат алды яғни жеке тұлғаның дамуы, ержетуі және әлеуметтік бағытталуы іске асады демекпіз. Бос уақытты жүйелі ұйымдастыру, мәдени құнды мазмұнмен толықтыру, әлемдік және отандық мәдениетке баулу, өзін-өзі саналы түрде бағалай білу сияқты аса маңызды әлеуметтік-

педагогикалық

шешуге

көмектеседі.

Оқушының демалуы, сауығуы мен бос уақытын өткізуі тәрбие ісінде маңызды функцияны атқарады, оны тек әлеуметтік тұрғыдан қорғау ғана емес, сондай-ақ, шығармашылық дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағдай жасалған. Әрбір ата-ана өз баласының толыққанды демалуын ғана көздеп қоймайды, сонымен қатар олардың қажетті дағды мен біліктерді меңгеруін, ой-өрісі мен іс-әрекетінің кеңейгенін қалайды.

Оқушылардың бос уақыттары мәдени шараларға; көлге шомылу, көкке шығу, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен ұйымдастырылып тұрады. Кітапхана қорында оқушыға керекті кітаптар жетерлік, кітапхананың жұмыс уақыты таңғы сағат 9 дан, кешкі сағат 9 ға дейін. Оқушылардың бос уақытына кинозал қызмет етеді. Және де сабақтан кейінгі уақытта үйірмелер жұмысын атқаруда.

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін дебаттық, спорттық, өнертапқыш клубтары және әр түрлі конкурстар, фестивальдар ұйымдастырылады.

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін және бос уақытын жоспарлы түрде ұйымдастыру тек ұстазға ғана жүктелмей, ата-ананың қолдауы қажет. Мектептен тыс орталықтар, аула мекемелерінің қолдауы арқылы ғана ұйымдастырылады. Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетін және бос уақытын жоспарлы түрде ұйымдастырудың пайдасы оқушының басқа немесе жаман әрекетке баруға уақыты болмайды. Ата-ананың да баласына деген сенімі арта түседі. Мұндай оқушылар өздерін қоғамда ұстауды үйренеді және ортамен жақсы байланыста болады.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихи қысқа уақыт аралығында еліміз экономика, қаржы саласында прогрессивті технологияларға арқа сүйей отырып, кешенді реформалар жүргізу үстінде. Сөйтіп әлемдік өркениетке қауымдаса отырып, қарқынды дамушы елдердің алдыңғы қатарынан көріне бастады.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі даму кезеңіндегі қоғамның түрлі салаларының құрылуы мен тұлғаның белсенділігінің жоғарылауы арасында байланыс айқындала түсуде. Осыған байланысты балалардың танымдық әрекетін белсенділендіру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік ұйымдастырушылық және моральдық-психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе емес, маңызды

әлеуметтік міндет болып табылады. Еліміздің егемендікке ие болып, Қазақстан өз алдына мемлекет мәртебесіне жетіп бүгін әлемге, жер жүзіне өзінің елдігін саясатын танытатын шаққа жетіп отыр. Елімізді танытып, оны жетілдіріп, дамытатын жас ұрпақ. Сондықтан да, егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектен білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Бастауыш мектеп бұл – оқушы тұлғасы мен санасы дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезеңі. Жас және педагогикалық психологияда бастауыш мектеп жасының өзіндік орны бар. Бұл жаста [оқу іс-әрекетін меңгереді](#), психикалық функцияның еріктілігі құрылады, рефлексия туындайды, өзін-өзі бақылауы ерекшеленеді, ал әрекет ішкі жоспармен арақатынаста болуды бастайды. Бастауыш сынып оқушылары мектепке келгенде, таным іс-әрекеті еркін сипатқа ие болады, әрі таным көлемін кеңейтеді. Оқу арқылы өзінен бұрынғылардың практикалық іс-әрекетін, ғылым-білім жүйелерін меңгереді, сөйтіп өзін практикалық іс-әрекетке даярлайды. Білім жүйесін меңгеру арқылы ғана адам ой мен дене еңбегінің тетіктерін түсінеді.


Танымдық іс-әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Бұл проблеманың кейбір қырлары тамыры тереңге бойлайтын көне замандардан бастау алады. Сократтың өзі де оқыту барысында шәкірттің танымдық іс-әрекетін арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсеткен. Баланың әрбір еңбегі құр босқа жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек. Баланың жас кезінен-ақ танымдық әлемін кеңейту, сол бағытта әрекет ету маңыздылығы Абай Құнанбаевтың да еңбектерінде көрініс тапқан. А.Байтұрсыновтың пікірі бойынша, «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімінің, шеберлігінің ұзақ жолды қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай өтуі үшін, керек білімді кешіктірмей, кезінде беріп отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзетіп отыру керек», - деген.

Оқушылардың іс-әрекет ерекшелігіне: өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (білім, білік және т.б.) оқушы іс-әрекеттінің жоспарлы жадайда өтуі (бағдарлама, оқыту мерзімі) оқыту құралдарының болуы (кітаптар, зертханалық құрал-жабдықтар, т.б.); жоғарғы интеллектуалды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, ғылыми жұмыс қорғау, т.б.) жатады.

«Жетісу облысының білім басқармасы»
ММ «Көксу ауданының №2 облыстық
психологиялық-медициналық-педагогтік консультациясы»
КММ

педагог-психолог маманы

Касенова Асем Сериковна



Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың мінез құлқын түзетудің алдын алу жұмыстары

Кейінгі кездері мүмкіндігі шектеулі балалар ерекшеліктері өзін – өзі бағалауы, қарым – қатынас жасауы, мінез – құлқы туралы мәселелер назардан тыс қалмауда. Сол себепті де мен қазір мүмкіндігі шектеулі оқушылардың мінез құлқын түзетудің алдын алу жұмыстары туралы айтпақпын. Мақсатым – мектебіміздегі мүмкіндігі шектеулі балалардың мінез – құлқындағы құлқындағы ерекшеліктерін зерттеу және өзіміздің ортамызға тарта отырып, олармен қарым – қатынасымызды дұрыс ұйымдастыру және жетістікке жету жолдарын анықтау. Міндетім: –мектебіміздегі мүмкіндігі шектеулі балалар мәселесі бойынша теориялық материалдарды талдау. –өз бетімен өмір сүруіне бағыт бағдар беру, мінезіндегі ауытқушылық мәселелеріне практикалық талдау жасау, сараптау , бақылау. –мектебіміздегі мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық көмек көрсету жүйесін орнату. Қазіргі кезде балалармен толық қарым – қатынасқа түспейтін, мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдер саны күннен күнге ұлғаюда. Себебі, толық емес отбасы жағдайына, заман талабына сай, әр түрлі зиянды заттарды пайдаланудың нәтижесінде ешқандай кінәсіз жасөспірімдер көбеюде. Мен мектептегі әр сыныпта бар мүмкіндігі шектеулі балалармен жиі жұмыс жасаймын. Пәндік материалдарды меңгерту үшін түзету- дамыту сабақтарын өткіземін. Оқу материалын алдын – ала меңгерулерін қадағалап отырамын. Баланы егжей-тегжейлі тексеруден өткіземін, сауаланама аламын. Мінз құлқын саралап диагностика жасаймын. Егер, дамудағы ауытқулар анықталса, даму кемшіліктерін барынша толықтыруға және қалпына келтіруге бағытталған жұмыс ұйымдастырамын. Оқушыларды бақылауға алдым және төмендегі әдіс – тәсілдерді қолдандым. Олар: 1.Ата – аналармен мүмкіндігі шектеулі балалардың көңіл – күйі, денсаулығы жайлы алдын ала әңгіме жүргіздім. Ата - аналармен қарым – қатынас жасай отырып , бірге жұмыс жасауыма келісіп алдым. 2.Түзете оқыту сыныбының оқушыларымен қарым – қатынасты

ұйымдастыру үшін және олардың бойындағы қиындықтарды түзету мақсатында мектеп психологымен, әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып арнайы бағдарлама құрдым. Мүмкіндігі шектеулі балалармен түзете оқыту сабағын жүргіздім. Сабақта оқушыларынан бойынан мынадай қиындықтарды анықтадым. Оқушылардың арасында «Менің өмірім» тренингін жүргіздім. Тренингке барлығы 5 оқушы қатысты. Мақсатым: Жеке тұлғаны өзінің күшті және әлсіз жақтары туралы айта білуге, жағымды және жағымсыз қасиеттері мен жеке ерекшеліктері туралы айта білуге үйрету. Нәтижесі: Оқушылар ортаға шығып, айналасындағы құрдастарының сұрақтарына жауап берді. Сұрақтар оның өмірі туралы, жағымды және жағымсыз қасиеттері туралы және т.б. мәселелерді қамтыды. Оқушылар сұрақтарға шын ниетпен жауап беріп, өз мінез-құлықтарына өздері талдау жасады, өздерінің әлсіз жақтарын анықтады. Мынадай сұрақтар бойынша әңгіме қозғалды: «Сенің қандай жағымсыз және жағымды қасиеттерің бар?», «Сен не үшін ашуланасың?», «Қандай мәселелер сені толғандырады?» т.б. Жүргізетін түзету – дамыту жұмыстарым: 1.Баланың даму мүмкіндігі мен қажеттілігін ескеріп, дамыту бағдарламасын жасау; 2.Түзету – дамыту жұмысымның мониторинг жасау; 3.Оқушымен түзету – дамыту сабақ өткізу жұмыс кестесін құру; 4.Өзара сабақтарға қатысу; 5.Ата – аналарға арналған бұрыш дайындау; Үшата Айдана Ердәулетқызы Түркістан облысы, Жетісай қаласы Т. Рысқұлов атындағы №20 мектеп Дефектолог маманы 6 Жалпы білім беретін мектептердегі пән мұғалімдеріне мынадай кеңес беремін. Егер сыныпта мүмкіндігі шектеулі немесе инклюзивті бала болса, ол баламен қарапайым түсінікті тілде сөйлесу; -Сабақты қызықты түрде ұйымдастыру; -Әр орындаған тапсырмасын мадақтап отыру; -Балалардың шаршауын болдырмау үшін сергіту сәттерін орындату; Балалардың дүниетанымын дамыту үшін, оларға көмектесуде қолданатын түрлі әдістер мен тәсілдерді ата – аналарымен кездесіп, түсіндіріп айтамын. Ата – аналарымен әрдайым тығыз байланыста боламын. Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте коррекциялық көмек көрсетіп отырамын. Мұғалім оқу жылы басында балалардағы бар ауытқуларды диагностикалауы керек. Сонымен қатар проблемасы бар баланың дамуына бір сабақ курсы өткізуге қабілетті болуы керек. Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерінде жағымды және жағымсыз жақтары болатыны баршаңызға белгілі. Оқушы бойындағы мінез құлық бір күні байқалмағанмен екінші күні байқалатыны анық. Сондықтан оқушыларды бақылау күнделігін жүргізу керек деп ойлаймын. Онда мүмкіндігі шектеулі оқушылардың мінез құлқын түзету үшін жыл бойы әр бала туралы мәлімет жазып отыран дұрыс. Оны әрі қысқа нақты жазу керек. Оқушының мінез – құлқын қиыншылықтарды анықтап оқы түзету үшін сынып жетекшілері мен ата

– аналар, мектеп психологы тығыз байланыста жұмыс жасаған дұрыс. П.Шуманның «Баланың психикалық немес дене дамуы неғұрлым төмен болса, ұстаздық білімділігі мен біліктілігі соғұрлым жоғары болу қажет», деп айтқан атақты неміс-педагог. Иә, бұл айтқан сөзінің жаны бар, қазіргі уақытта мектептерде мүмкіншілігі шектеулі немесе ерекше білім беруді қажет ететін балалар көбейіп келеді. Ол балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағдар беруде дефектолог маманының рөлі зор. Инклюзив - сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Яғни, жалпы білім беретін мектептерінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин сөз. Инклюзивті білім берудегі балалар барлық адамдар сияқты бір – бірлерімен тең қарым-қатынас жасайды, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін оқытуда ерекше жағдай жасалады. Дегенмен пән сабақтарында мұғалім бұл балаларға жеңілдетілген жұмыс түрлері беріледі. Алдымен дефектолог деген кім? сол сұраққа жауап беріп өтейін. Ол медицина мен педагогиканы біріктіретін мамандықтың атауы. Мен бұл мамандықты дефектология саласындағы мұғалім мен ерекше балалар және олардың ата-аналары үшін ең жақын дос және кеңесші деп айтар едім. Себебі, дефектолог - ақыл-ой дамуында артта қалған балаларды оқытуға мамандандырылған педагог. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім деңгейін көтеру, өмірге қажетті білім-білік дағдысын қалыптастыру, тәртібін, әлеуметтік ортаға бейімделуін қалыптастыруға байланысты әртүрлі жұмыс түрлерін жүргізу керек. Осы кезде әсіресе педагог- дефектолог маманы балалармен тығыз қарым – қатынаста жұмыс жасап, өз шеберлігін көрсеткені дұрыс. Жалпы білім беретін мектептерде психологпен қатар дефектолог мамандығы да қызмет атқаруы тиіс. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда жалпы білім беретін мектептегі дефектологтың көмегі өте маңызды болып табылады. Сөзімді қорытындылай келсем, егер мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамдық өмірге тартып, қарым – қатынасымызды үзбесек , онда олар қоғамда өздерін тең құқылы азамат ретінде сезіне алар еді. Бұрын дамуында мүмкіндігі шектеулі балаларға аз қамқорлық көрсетілсе, қазіргі кезде мұндай балаларға ерекше қамқорлық көрсетіліп жүр. Мұндай балаларға көңіл бөліп, сый- құрмет көрсетіліп жүргені белгілі. Менің де міндетім өзім осындай ерекше жандарға қамқорлық көрсетіп өз үлесімізді қоссам деймін. Біз адам баласын қиын өмір жолынына құтқарып, дұрыс жол көрсетуіміз керек

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы,

Абай атындағы мектеп-лицейі

Орыс тілі мен әдебиет пән мұғалімі


Кендирбаева Индира Сайлаубайқызы



Раздел V	Отцы и дети: диалог и конфликт поколений			
ФИО педагога:	Кендирбаева Индира Сайлаубайқызы			
Дата: 22.01.2024				
Класс 9	Количество присутствующих: 13			
ТЕМА УРОКА: 5.4 Тема взаимоотношения родителей и детей в рассказе К.Г.Паустовского «Телеграмма»				
Цели обучения в соответствии с учебной программой	<p>9.1.3.1 Понимать содержание прозаических, драматических, поэтических произведений/ фрагментов, определяя слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям, событиям</p> <p>9.2.5.1 участвовать в дискуссии по предложенной проблеме, синтезируя различные точки зрения и формулируя пути решения проблемы;</p>			
Цели урока	<p>понимать содержание прозаического произведения фрагментов, определяя слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям, событиям</p> <p>- выразить свое мнение в обсуждении проблемы, имеющей разные точки зрения, и предлагать пути решения</p>			
Ход урока				
Этап урока/время	Действия педагога	Действия учеников	Ресурсы	Оценивание
Начало урока	Погружение в тему урока С целью погружения в тему урока учитель представит	.	Интерактивная доска Видео	Похвала и поддержка учителя

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýumi-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>информац</p>  <p>- Посмотрите на фотографию этой женщины. Какое впечатление она производит? Учитель представит женщину на фото. (Марлен Дитрих – немецкая и американская актриса, певица, при жизни стала легендой, оказав больше влияние на моду, стиль и женское сознание)</p> <p>Далее учитель прочитает фрагмент из воспоминаний Марлен Дитрих:</p> <p><i>...Марлен Дитрих объяснила, что прочла она книг немало, но самым большим литературным событием в своей жизни считает рассказ советского писателя Константина Паустовского "Телеграмма", который она случайно прочтала в переводе на немецкий в каком-то сборнике, рекомендованном немецкому юношеству.</i></p>	<p>настрой урока</p>	<p>А4, рабочие тетради, Текст «Телеграмма»</p> <p>Презентация Слайд №1</p> <p>У каждого учащегося «Лист оценивания, включающий 10 моментов»</p>	<p>ФО самооценивание</p> <p>ФО Взаимооценивание</p> <p>Обратная связь</p> <p>Наблюдение учителя</p> <table border="1" data-bbox="1206 1115 1525 1930"> <tr> <td data-bbox="1206 1115 1525 1263">Дескрипторы</td> <td data-bbox="1525 1115 1525 1263">алы</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1206 1263 1525 1375">находит из содержания текста важные фрагменты</td> <td data-bbox="1525 1263 1525 1375"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1206 1375 1525 1473">определяет ключевые слова</td> <td data-bbox="1525 1375 1525 1473"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1206 1473 1525 1648">знает последовательность содержания текста;</td> <td data-bbox="1525 1473 1525 1648"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1206 1648 1525 1796">выражает оценочное отношение к героям.</td> <td data-bbox="1525 1648 1525 1796"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1206 1796 1525 1930">•</td> <td data-bbox="1525 1796 1525 1930"></td> </tr> </table>	Дескрипторы	алы	находит из содержания текста важные фрагменты		определяет ключевые слова		знает последовательность содержания текста;		выражает оценочное отношение к героям.		•	
Дескрипторы	алы															
находит из содержания текста важные фрагменты																
определяет ключевые слова																
знает последовательность содержания текста;																
выражает оценочное отношение к героям.																
•																

<p>Середина урока</p> <p>Задание</p>	<p><i>И, быстро утерев последнюю, совсем уж бриллиантовую слезу, Марлен сказала - очень просто: "С тех пор я чувствовала как бы некий долг - поцеловать руку писателя, который это написал. И вот - сбилось! Я счастлива, что я успела это сделать. Спасибо вам всем - и спасибо России!"...</i></p> <p style="text-align: center;">- Предположите, что могло вызвать желание этой всемирно известной женщины поцеловать руку советского писателя? (предположения детей)</p> <p>К</p> <p style="text-align: center;">Предтекстовая работа</p> <p>1. Учащиеся отвечают на вопросы по содержанию рассказа:</p> <p style="text-align: center;">– Какое впечатление произвёл на вас рассказ? Почему, читая его, мы испытываем волнение?</p> <p style="text-align: center;">-В чем заключена его притягательная сила?</p> <p style="text-align: center;">- Какая проблема затронута писателем?</p> <p style="text-align: center;">- Почему Катерина Ивановна, окруженная заботой Тихона и Манюшки, умирает в одиночестве?</p>	<p>Отвечают на вопросы, высказывают свое мнение.</p> <p>Выполняют задание на интерактивной доске через платформу LEARNING APPS</p>	<p>Слайд 2</p>	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 80%; text-align: center;">Дискрипторы</th> <th style="width: 20%; text-align: center;">аллы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td style="vertical-align: top;"> <ul style="list-style-type: none"> • выбирает одно из утверждений, для того чтобы принять участие в дискуссии; </td> <td></td> </tr> <tr> <td style="vertical-align: top;"> <ul style="list-style-type: none"> • аргументирует свое мнение, убеждая оппонента в правильности своей позиции; </td> <td></td> </tr> <tr> <td style="vertical-align: top;"> <p style="text-align: center;">предлагает различные точки зрения;</p> </td> <td></td> </tr> <tr> <td style="vertical-align: top;"> <p style="text-align: center;">- корректно выражает свое мнение;</p> </td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Дискрипторы	аллы	<ul style="list-style-type: none"> • выбирает одно из утверждений, для того чтобы принять участие в дискуссии; 		<ul style="list-style-type: none"> • аргументирует свое мнение, убеждая оппонента в правильности своей позиции; 		<p style="text-align: center;">предлагает различные точки зрения;</p>		<p style="text-align: center;">- корректно выражает свое мнение;</p>	
Дискрипторы	аллы													
<ul style="list-style-type: none"> • выбирает одно из утверждений, для того чтобы принять участие в дискуссии; 														
<ul style="list-style-type: none"> • аргументирует свое мнение, убеждая оппонента в правильности своей позиции; 														
<p style="text-align: center;">предлагает различные точки зрения;</p>														
<p style="text-align: center;">- корректно выражает свое мнение;</p>														

	<p>2. Учащиеся знакомятся со значениями слов.</p> <p>Телеграмма (от греч. τηλέ — далеко и γραμμα — запись) — сообщение, посланное по телеграфу, одному из первых видов связи, использующему электрическую передачу информации.</p> <p>Пустельга — 1. хищная птица из семейства соколиных;</p> <p>2. легкомысленный, пустой человек (разг., неодобрит.).</p> <p>Пакля — грубое, короткое, спутанное волокно, отход от первичной обработки конопли, льна и других лубяных культур (при мягчении и трепании), непригодное для прядения и сильно загрязнённое кострой.</p> <p style="text-align: center;">И</p> <p style="text-align: center;">IV. Стратегия «Истина / ложь»</p> <p>- Итак, вы уже познакомились с кратким содержанием произведения К. Паустовского.</p> <p>Каково душевное состояние Катерины Петровны?</p> <p>Рассказ называется «Телеграмма». Сколько их</p>	<p style="text-align: center;">Отвечаю т на вопросы, высказывают свое мнение.</p> <p style="text-align: center;">Заполня ют таблицу</p>	<p style="text-align: right;">Слайд № 3</p> <p style="text-align: right;">Слайд № 4</p>	<ul style="list-style-type: none"> • предлагае т выход/воз можное решение проблемы
--	--	---	---	---

	<p>было? Кто их адресаты и адресанты? (Две телеграммы. Первая отправлена Тихоном Насте в Ленинград, вторая — матери.)</p> <p>— Подумайте, какую телеграмму имел в виду автор? (Вторую.) Почему? (Обе телеграммы были отправлены Тихоном. Но вторая написана тогда, когда все уже поняли: Катерина Петровна доживает последние дни. Только надежда увидеть дочь поддерживала в ней жизнь.) Зачем Тихон отправил телеграмму от имени Насти? (Чтобы облегчить страдания Катерины, Тихон решает послать телеграмму от имени дочери.)</p> <p>— Ребята, а вы поняли, почему Катерина Петровна тихо сказала: «Не надо, Тиша! Не надо, милый! Бог с тобой!»? (Она поняла, что телеграмма написана не Настей.)</p> <p>— В чём важность этой телеграммы, поступка Тихона? (Поступок Тихона — искренний поступок добра и милосердия. Он оказался по-настоящему отзывчивым, действительно переживал за свою соседку, его порыв — свидетельство сострадания, великодушия.)</p>		Слайд № 5	
--	---	--	--------------	--

	<p>- Ребята, внимательно прочитайте отрывок из рассказа К .Г. Паустовского « Телеграмма».</p> <p>Октябрь был на редкость холодный, ненастный. Тесовые крыши почернели.</p> <p>Спутанная трава в саду полегла, и все доцветал и никак не мог доцвести и осыпаться один только маленький подсолнечник у забора.</p> <p>Над лугами тащились из-за реки, цеплялись за облетевшие ветлы рыхлые тучи. Из них назойливо сыпался дождь.</p> <p>По дорогам уже нельзя было ни пройти, ни проехать, и пастухи перестали гонять в луга стадо. Пастуший рожок затих до весны.</p> <p>Катерине Петровне стало еще труднее вставать по утрам и видеть все то же: комнаты, где застоялся горький запах нетопленных печей, пыльный «Вестник Европы», пожелтевшие чашки на столе, давно не чищенный самовар и картины на стенах. Может быть, в комнатах было слишком сумрачно, а в глазах Катерины Петровны</p>			
--	--	--	--	--

	<p>уже появилась темная вода, или, может быть, картины потускнели от времени, но на них ничего нельзя было разобрать. Катерина Петровна только по памяти знала, что вот эта – портрет ее отца, а вот эта – маленькая, в золотой раме – подарок Крамского, эскиз к его «Неизвестной». Катерина Петровна доживала свой век в старом доме, построенном ее отцом – известным художником.</p> <p>Ночи были уже долгие, тяжелые, как бессонница. Рассвет все больше медлил, все запаздывал и нехотя сочился в невымытые окна, где между рам еще с прошлого года лежали поверх ваты когда-то желтые осенние, а теперь истлевшие и черные листья.</p> <p>Настя, дочь Катерины Петровны и единственный родной человек, жила далеко, в Ленинграде. Последний раз она приезжала три года назад.</p> <p>Катерина Петровна знала, что Насте теперь не до нее, старухи. У них, у молодых, свои дела, свои непонятные интересы, свое счастье. Лучше не мешать. Поэтому Катерина Петровна очень редко писала Насте, но думала о ней все дни, сидя на краешке</p>			
--	--	--	--	--

	<p>продавленного дивана так тихо, что мышь, обманутая тишиной, выбегала из-за печки, становилась на задние лапки и долго, поводя носом, нюхала застоявшийся воздух.</p>			
<p>Задание</p>	<p>- Ребята, давайте обсудим с вами и выразим свою точку зрения , предлагая пути решения к поступку Насти . «Считаете ли вы убедительными причины, по которым Настя не могла навестить мать?»</p> <p>Дескриптор:</p> <p>- определяет свою позицию;</p> <p>- приводит аргументы, раскрывающие его позицию;</p> <p>- делает вывод по проблеме;</p> <p>- предлагает пути решения проблем</p> <p>- Сегодня у нас урок-размышление и одновременно урок-открытие. Размышление потому, что мы будем говорить о писателе, чтение произведений которого требует большой работы мысли и сердца. А открытие потому, что рассказ, над</p>		<p>Слайд №6</p> <p>Слайд № 7</p>	

<p>Рефлексия</p>	<p>которым мы сегодня будем работать, - это нравственная заповедь, вернее, заповеди, оставленные нам, потомкам Паустовского. Дома вы прочитали рассказ К.Г.Паустовского «Телеграмма». Поделитесь своими чувствами</p>	<p>Учащиеся отвечают на вопросы, выполняют задания.</p>	<p>Слайд №8</p>	
<p>Самостоятельная работа</p>	<p style="text-align: center;">- Ребята, нужно написать эссе на тему «Пробудилась ли совесть у Насти?» .</p>			

	<p style="text-align: center;">Критерии: Пишет эссе-рассуждения</p> <p style="text-align: center;">Дескрипторы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - правильно определяет проблему; - обосновывает свое мнение; - аргументирует свою позицию, используя цитаты из прочитанных произведений; - соблюдая особенности текста рассуждения; <p style="text-align: center;">VI. Итог урока:</p> <p style="text-align: center;">Заключительное слово учителя.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Я поняла, что этот рассказ растрожил ваши души, а лишь растроженная душа способна в полной мере воспитать в каждом из нас человека. - Ребята, я хочу закончить свой урок словами Бернарда Шоу: «Мы научились плавать, как рыбы, летать, как птицы, нам осталось научиться жить по-человечески». Будьте Человеком! Не забывайте о самых близких и родных людях. Не гасите свет своей души. 		<p>Слайд №9</p>	
--	---	--	-----------------	--

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýmı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>Спасибо за внимание! До свидания!</p>			



Шебер тiлдi суреткер- Оралхан Бөкей
Астана қаласы әкiмдiгiнiң «Дулат Бабатайұлы атындағы
№89 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Қазақ тiлi мен әдебиетi пәнiнiң мұғалiмi

Китмамбетова Мархабат Акилбековна

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ НЕГІЗГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация: мақалада қазақ әдебиеті пәні арқылы негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызы, оқушының бойына ана тіліне, төл мәдениетіне, отан тарихына деген құрметті дарытудың қажеттілігі айтылады.

Түйін сөздер: рухани-адамгершілік даму, патриотизм, әлеуметтік ынтымақтастық, халық фольклоры, әлеуметтену.

Қазіргі заманғы білім берудің ең маңызды мақсаты және қоғам мен мемлекеттің басым міндеттерінің бірі - Қазақстанның моральдық, жауапты, белсенді және құзыретті азаматын тәрбиелеу. Мектепте оқушының интеллектуалдық және азаматтық, рухани және мәдени өмірі шоғырлануы керек. Ана тіліне, төл мәдениетіне, отан тарихына деген құрметті қалыптастыру – қазіргі ұстаздың алдына қоятын міндеттерінің бірі.

Қазақ әдебиеті сабағында рухани — моральдық даму мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттері:

- қоғамда қабылданған жақсылық пен жамандық, дұрыс және қабылданбайтын ұғымдарға негізделген белгілі бір мінез-құлық қажеттілігі ретінде адамгершілікті қалыптастыру;
- ар-ожданды жеке тұлғаның моральдық өзіндік санасы ретінде дамыту, өзінің моральдық міндеттерін тұжырымдау, моральдық өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру, өзінен моральдық нормаларды сақтауды талап ету, өзінің және басқалардың іс-әрекетіне моральдық баға беру;
- адамның негізгі ұлттық құндылықтарды, ұлттық рухани дәстүрлерді қабылдауы;
- моральдық таңдау негізінде жасалатын өз бетінше әрекеттер мен әрекеттерді жасай білу, олардың нәтижелері үшін жауапкершілікті қабылдау.

Тәрбие белгілі бір идеалға, яғни нақты - тарихи әлеуметтік-мәдени жағдайларда қоғам үшін басымдыққа ие адам бейнесіне қол жеткізуге бағытталған. Бұл идеал Қазақстан азаматының жеке тұлғасын рухани-адамгершілік дамыту және тәрбиелеу тұжырымдамасында сипатталған

Тұжырымдама жалпы білім беру ұйымдарының әлеуметтенудің басқа субъектілерімен - отбасымен, қоғамдық ұйымдармен, діни бірлестіктермен, қосымша білім беру, мәдениет және спорт мекемелерімен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылының құндылық — нормативтік негізін білдіреді. Бұл өзара іс-қимылдың мақсаты студенттердің рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесі үшін жағдайларды бірлесіп қамтамасыз ету болып табылады.

Тұжырымдама анықтайды:

- қазіргі ұлттық тәрбиелік идеалдың сипаты;
- балалар мен жастарды рухани-адамгершілік дамыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттері;
- Қазақстан Республикасының көпұлтты халқының рухани-адамгершілік консолидациясының негізінде негізгі ұлттық құндылықтар жүйесі;
- оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесінің негізгі әлеуметтік-педагогикалық шарттары мен принциптері.

Көріп отырғанымыздай, рухани — моральдық дамудың, тәрбиенің және әлеуметтенудің негізгі мазмұны Қазақстанның көпұлтты халқының әлеуметтік — тарихи, мәдени отбасылық дәстүрлерінде сақталған негізгі ұлттық құндылықтар болып табылады.

Адамгершіліктің дәстүрлі көздері: Қазақстан, Қазақстан Республикасының көпұлтты халқы, азаматтық қоғам, отбасы, еңбек, өнер, ғылым, дін, табиғат, адамзат. Олар сондай-ақ негізгі ұлттық құндылықтарды анықтайды, олардың әрқайсысы моральдық құндылықтар жүйесінде ашылады:

- патриотизм – Қазақстанға, өз халқына, шағын Отанына, Отанға қызмет етуге деген сүйіспеншілік;
- әлеуметтік ынтымақтастық – жеке және ұлттық бостандық, адамдарға, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарына сенім, әділдік, мейірімділік, ар-намыс, қадір-қасиет;
- азаматтық – Отанға қызмет ету, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, құқық тәртібі, көпмәдениетті бейбітшілік, ар-ождан және дін бостандығы;
- отбасы – махаббат пен адалдық, денсаулық, береке, ата-анаға құрмет, үлкенді-кішілігіне қамқорлық, ұрпақ қалдыруға қамқорлық жасау;
- еңбек және шығармашылық – еңбекке, шығармашылық пен жасампаздыққа, табандылық пен табандылыққа құрмет;
- ғылым – білімнің құндылығы, ақиқатқа ұмтылу, дүниенің ғылыми бейнесі;
- дәстүрлі діндер – ислам, руханият, адамның діни өмірі, діни дүниетаным, толеранттылық құндылықтары туралы идеялар;
- өнер және әдебиет – сұлулық, үйлесімділік, адамның рухани әлемі, адамгершілік таңдау, өмірдің мәні, эстетикалық даму, этикалық даму;
- табиғат – эволюция, туған жер, қорғалатын табиғат, Жер планетасы, экологиялық сана;
- адамзат – дүние жүзіндегі бейбітшілік, мәдениеттер мен халықтардың әртүрлілігі, адамзаттың прогресі, халықаралық ынтымақтастық.

Қазақ әлебиеті мектептегі жетекші гуманитарлық оқу пәндерінің бірі ретінде жан-жақты дамыған, үйлесімді тұлғаны қалыптастыруға, азамат пен патриотты тәрбиелеуге ықпал етеді. Мәдениеттің гуманистік құндылықтарымен таныстыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту – эмоционалды бай және интеллектуалды дамыған, конструктивті және сонымен бірге өзіне және қоршаған әлемге сын көзбен қарауға қабілетті адамның қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.

Қазақ әдебиеті әлеуметтенудің қуатты факторы болып табылады, оның көмегімен адам адамзат тарихының тәжірибесімен танысады, адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін, мәдени нормаларды, үлгілер мен құндылықтарды меңгереді.

Халық фольклоры мен поэзиясының негізі тайпалар шығарған ертегі, аңыз, мақал-мәтелдерде жатыр. Батырлардың отаншылдық сезімі, туған халқының азаттығы жолындағы күрестерін жырға қосқан батырлық эпостар («Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» т.б.), халық арасына кең тарап, сүйікті шығармасына айналған, жастардың адал махаббаты, алмағайып тағдыры жырланған лиро-эпикалық дастандар («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» т.б.) қазіргі қазақ әдебиетінің өз алдына мол мұрасы болып саналады. Аталған шығармалар тікелей ұлттық құндылығымызға жатады. Бала өмірге келісімен жыр-эпостарды ести бастайды. Бұл әдеби шығармалар арқылы ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиенің бастауы екені сөзсіз.

Ал, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы, Ғабит Мүсіреповтың, Жүсіпбек Аймауытұлының әңгімелері отбасының адам өміріндегі құндылығы, ғылым мен табиғаттың маңыздылығы туралы ой қозғайды, т.б. отбасы, табиғат, ғылым сияқты негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастырады.

Ар-намыс пен адамдық қадір-қасиет мәселелері Бауыржан Момышұлының, Бейімбет Майлиннің, Қасым Қайсеновтің, Шерхан Мұртазаның тарихи романында қарастырылған. Оралхан Бөкейдің, Мұхтар Мағауиннің, Асқар Сүлейменовтің шығармасы азамат болудың, Отанды сүю мен құрметтеудің, оған қызмет етудің, т.б. патриотизм, азаматтық, әділдік, ар-намыс, абырой сияқты негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастырады.

Қазақ әдебиеті сабақтарында құндылықтарды интериоризациялау процесін байқауға болады. Құндылықтарды интериоризациялау – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік қатысу ережелерінің, құралдарының және мақсаттарының маңыздылығын дамытудан тұратын жеке құндылықтар жүйесінің жеке, тұтас және иерархиялық қалыптасуының ішкі процесі, тұлғаны қалыптастыру процесі, оның қоғамға енуі, ол бейімделу, әлеуметтену және өзін-өзі белсендіру деңгейлерінен өтеді.

Құндылықтарды қалыптастырудың келесі қадамы - көркем шығарманы талдау. Бағдары мен мазмұны жағынан көркем шығарманы орта мектепте мұндай талдау құндылық-семантикалық талдау болып табылады. Оның барысында «орталыққа - көркем шығарманың семантикалық өзегіне және сонымен бірге өз болмысының орталығына қарай жылжиды. Мағынасы құндылық ретінде әрекет етеді және керісінше, егер ол мәтінде құндылық ретінде ашылса және әртүрлі көркемдік құралдарда бейнеленсе, ол жай ғана алынып тасталмайды, талдау арқылы құрастырылады және рефлексия арқылы көрсетіледі. Көркем шығарманың мағынасына ену дәрежесі мен тереңдігі көбінесе оқырманның ой-өрісі рефлексия процесінде қалай белсендірілетініне байланысты. Бұл жағдайда рефлексия жеке адамның санасында моральдық таңдау құралдарының бірі ретінде, іс-әрекет құрылымына кіретін мінез-құлық қызметінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде бейнеленетін болады. Әдебиет адамның ішкі жан дүниесін бейнелеуде, оның эмоциясын, сезімін, ой-өрісін, ниетін, қайталанбас, кейде ең күтпеген тоғысуын жаңғыртуда шын мәнінде ерекше мүмкіндіктерге ие. Әдебиеттегі адамның ішкі дүниесін меңгеру және қайта құру, ең алдымен, психология сияқты іліммен байланысты. Адамның мінез-құлқын түсіндіру мүмкін емес, бірақ оны адамды басқаратын ішкі күштерді талдау арқылы түсінуге болады. Біздің көзқарасымызда – психологизмді бейнелеудің әртүрлі әдістері мен тәсілдері: автордың психологиялық талдауы, дұрыс емес тікелей сөйлеуі,

кейіпкердің жады мен қиялының бейнелері, белгілі бір психологиялық процестің немесе жағдайдың атаулары, кейіпкердің әртүрлі реакциялары. Қоршаған орта, мысалы, заттарды қабылдаудың жоғарылауы, яғни кейіпкердің қоршаған күнделікті жағдайдан немесе табиғат құбылыстарынан алатын әсері. Барлық осы «тұлғалық қасиеттер» жеке мағыналар сипатына ие және адамның дүниетанымын білдіреді, оны рухани қауымдастық, нақты әлемге қатысты жалпы сенсорлық көзқарас ретінде анықтауға болады. Сондықтан оқушы кейіпкерінің сезімдері мен тәжірибесінің астарында жанның мәндерін біртіндеп көруді үйренуі маңызды. Демек, бұл - құндылық шешімдеріне тікелей жол. Әдебиет сабақтарында негізгі құндылықтарды қалыптастыру үшін проблемалық көзқарас, мәдени бағыт, тұлғаға бағытталған оқыту маңызды. Қоғамға ену, өмірлік өзін-өзі анықтау, оқушылардың жеке басының әлеуметтік-психологиялық бейімделу процестеріне көмектесе алады.

Қазақ әдебиеті арқылы адамның және оның құндылықтарының қалыптасу процесін үш буын түрінде көрсетуге болады.

Бастапқы – нормалардың дамуы, өмір кеңістігінің қалыптасуы – адамның әлеуметтену процесі.

Екінші буын – тұлғаны дамыту, ойлаудың әртүрлі тәсілдері мен әрекет ету тәсілдерін меңгеру, әлеуметтік өмірдің жаңа формаларын жобалау.

Үшінші буын – өз имиджін қалыптастыру, жеке тарихыңызды сақтау, мәдени контексттер арқылы мәдениетке ену, оның белгілерін, нышандарын, сана түрлерін меңгеру.


Қорытындылай келе, қазақ әдебиеті пәні – біздің ұлттық құндылықтарымыз сақталған бірден бір пән. Сондай-ақ, әдебиет пәні қазақ халқының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы. Қазақтың сөз өнерінің тегі әріден, түркі тілдес тайпалардың өз алдына халық болып қалыптаспай тұрған кезінен басталады. Қазақ әдебиеті өзінің бүкіл даму барысында күрделі де қайшылықты жолдардан өтті. Бүгінгі қазақ ұлттық әдебиеті өсіп-өркендеген көп салалы, көп жанрлы, көрнекті авторлары бар, әлемдік әдебиет деңгейіне көтерілді. Ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықтарды қазақ әдебиеті арқылы дарыту аса маңызды және аса қажет болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>
2. "Қазақ энциклопедиясы"
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.

Ақтөбе облысы, Темір ауданы
Шұбарқұдық
"Балақай" бөбекжай балабақшасы

Койшыгулова Амангуль Жуманбековна



Тәрбиеші болу - бір бақыт

Мен балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істегеніме еш өкінбеймін. Тәрбиеші балаға бағыт-бағдар, тәлім-тәрбие беретін отбасынан кейінгі анасы. Балалармен жұмыс жасау үлкен бақыт. Себебі, тек қана бала еш нарсеге алаңдамай, мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақаныма қойып өз құпияларын айтып маған сенім артады. Қазағымның болашағы, келешек келбетін мен тәрбиелеген бүлдіршіндердің тәрбиесіне қосар үлесімде. Рухани адамдығымның өнегесі шексіз, тұлға асқақ, өн бойың тазалыққа тұнып тұрса өмірден алар орның ерекше деп түсінемін. Бүлдіршінді күлімдеп қарсы алып, бар өнерінді үйретіп бақытты етсең, өз ұлтыңды, адамзат баласын бақытты ету жолында тер төккенің. Тәрбиенің тал бесігі балабақшадағы тәрбиеленушімен өткізген әр бір сәтін қызықты. Бала-көз қуанышың. Бала-ел байлығы, қоғам бақыты. Баланың балабақшадан жақсы тәлім-тәрбие алғанын қалаймын, аянбай сол үшін де еңбек етемін. Еркіндікке жол беремін. Баланың еркін сезінуі оның бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баламен ойнасаң дүние сырының кілті іздемей ақ табылады, өз атын еркін айтады. Бала жүрегінен орын аласың. Бала тәрбиесінде заманауи технологияларды қолдануда белсенділік пен шығармашылық ізденіс дамиды. Баланың білімге деген құлшынысын арттырасың. Дамыта оқыту және бағдарлы оқыту, проблемалап оқыту, денсаулық сақтау технологиясымен жүргізер жұмысың баланы оқыту мен тәрбиелеудегі жүйелі атқарылатын жұмыс кешені болып табылады. Тәрбиеленуші бүлдіршінді күннің шұғыласына, судың тұнықтығына, жаңбырдың мөлдір тамшысына, айдың нұрына, желдің самал лебіне, жайқалған әсем гүлдерге және кемпірқосақтың алуан-алуан түстеріне теңеймін, шын ниетім, себебі жетер жетістігімде баланың арқасы.

Баламен арамыздағы сыйластық сезімді қалыпты ұстанамын да жаһандану дәуірінде, жасампаз ғасырда балабақшадағы бүлдіршіннің ұстазы-тәрбиешісі болғанымға мақтанамын.

Бұл сөздің астарында тәрбиеші мамандығының үлкен жауапкершілік иесі екендігі айқындап тұр. Бала тәрбиесі оның ішіндегі балабақшадағы сәбилерді

тәрбиелеу үлкен мәртебе деп білемін. Ақын М. Жумабаев айтқандай « тәрбие адам баласын кәметет жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша азық беріп өсіру » деген екен. Сондықтан біз балаларымыздың болашағына тәрбиесіне жауапты жандармыз.

Мен балабақшада төртінші жыл еңбек етудемін, бұл еңбектен ешбір жалыққан емеспін. Өйткені менің жас бүлдіршіндерге арнаған осы уақытымды өмірімдегі ең бір бағалы уақытым, бақытты кездерім деп айта аламын. Күнде ертеңгісін балабақшада жас бүлдіршіндерді қарсы алып, олардың жағымды үндерін, сыңғырлаған тәтті күлкілерін, «Сәлеметсіз бе?» «Қайырлы таң!» деген сөздерін естігенде, бойым бір серпіліп қалғандай болады.

Балалармен болған әрбір уақытым мені жаңа бір әлемге жетелегендей. Әрдайым балалардың маған деген ықыласын, маған ұмтылған үмітке толы көздерін, не нәрсені білуге құштар шабытты, сұраулы жанарларын байқаймын. Олардың менен күтетіндері өте көп екенін сеземін. Балабақшаға бара жатқанда басыма сол күннің жұмысы туралы неше түрлі ойлар келеді. Ойларым сан түрлі болады: менің кішкентай достарым қандай көңіл-күймен келер екен? Күніміз қызықты өту үшін оқу іс – әрекетін, ойын түрлерін қалай өткізем екен?...

Әрине әрбір оқу іс - әрекетіме жауапкершілікпен қарап, дайындалуды еш жадымнан шығарған емеспін. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жұмыстардың басты бағыты оқу тәрбие процесін жүйелі жоспарлау, жаңа инновациялық технологияларды ендіре отырып балаларды дамытудың тиімді жолдарын қарастыру. Міне осындай жұмыс жүйесі менің балабақшамда қалыптасқан. Менің өмірім балабақша, менің кішкентай бөбектерім. Әр күні олардың сүйкімді жүзін көргенде еріксіз күлімсіреймін. Өйткені олар мені қуана қарсы алады. Қуанышын жасыра алмай еркелей алдыма келеді. Бір үйдің үміті, шырағы, аяулысы, ардағы, еркесі, бұзығы, қызығы. Осынау мамандықтың қызығы мен қиындығын өзі бала ортасында жүрген жанғана түсінеді. Баларды «өмір гүлі» десе, тәрбиешілерді «бағбандар» деп атау тегін емес. Балаларды ойлау, оларға қамқоршы болу, оларды сүйу – бұл әр адамның басына берілмеген ең ғажап сезім. Менің миссиям ең керемет – өз махаббатынды балаларға сыйлау. «тәрбиеші деп мамандықты оқып, қолына диплом алған адам емес, тәрбиеші деген ол осы ұлағатты есіммен бірге жасайтын ұлы тұлға. Мамандыққа деген сенімділік сирек кездеседі, ол тек соған құрбан еткенде ғана дәлелденеді». Біреулер мақсатты түрде тәрбиеші болады, олар мектеп табалдырығынан бастап осы мамандықтың құндылығын түсініп, сол мақсатқа жетуге бар күш-жігерін салады. Сөзімді қорытындылай келе, тәрбиеші мамандығымды шексіз мақтан тұтамын.



Коктенова Эльмира Атакуловна

№19 Шұғыла бөбекжайы бақшасы

Өнер-білім берем десең басынан,

Бер оқуға балаларды жасынан.

Жүсіп Баласағұн

БІЗГЕ БАЛАБАҚША БІЗГЕ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Кейде ата-аналар баласын балабақшаға беруге күмәнданады. Бұл сұрақ әсіресе анасы үй шаруасындағы әйел болса, отбасында немерелерімен отыруға дайын әжелер болса немесе күтуші жалдауға мүмкіндік болса, жиі қойылатын сұрақтың бірі болып табылады. "Мектеп жасына дейінгі баланың қатарлас, құрдас балалармен өсуінің қандай маңыздылығы бар?" - деп ойлайды.

Бала жаңа әсерлер мен тәжірибелер алу арқылы дамиды. Ата-аналар балабақшаның көмегіне жүгінбей-ақ, балалардың жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдайларды өз беттерінше жасай алады: үнемі ерекше нәрселерді көрсету, шығармашылықпен және спортпен айналысу, мұражайларға бару, баланы музыкамен таныстыру, саяхаттау. Алынған тәжірибе бала әлемінің шекарасын кеңейтіп, санасын кеңірек қалыптастырады. Бірақ, тәжірибенің толық спектрін өз бетінше қамтамасыз ету үшін ата-аналар соншалықты көп уақыт пен күш

жұмсауы керек, сонда бұл қаншалықты ұтымды деген сұрақ туындайды. Өйткені, жақсы балабақша мұны тамаша жеңеді, барлық жүктелген міндеттерді шешеді және өте үлкен қолдау көрсетеді. Балабақша көптеген тактильді көрнекі, әлеуметтік мүмкіндіктерді жасайды, бала көптеген жаңа нәрселерді байқап көруге болатын әртүрлі ортаны ұсынады. Балабақша ата-анамен қарым-қатынасты алмастырмайды, балаға отбасыда да уақыт бөлуі қажет. Мұны елемеуге болмайды.

Денсаулық және физикалық даму

Балабақша баланың дамуын қадағалап, қиындықтар туындаған жағдайларды тез арада жеңуге көмектеседі. Балабақшада әрбір баланы мұқият қарастырады: олардың қалай жүріп, сөйлейтінін, физикалық және эмоционалдық дамуын бақылайды. Балабақша тәрбиешілерінің кәсіби тәжірибелері болғандықтан, олар не нәрсеге назар аудару керек екендігін айта алады.

Даму ортасы

Балабақшаның негізгі міндеті – дамытушылық ортаны құру. Балаға мүмкіндігінше көп білімді сыйғызуға тырысудың қажеті жоқ. Оның орнына, оған әртүрлі әрекеттерді сынап көру және өзіне ұнайтын нәрсені табу үшін мүмкіндігінше көп мүмкіндік беруге тырысу маңызды.

Жақсы балабақша спорттық және шығармашылық шаралардың кең ауқымын ұсынуы керек. Әртүрлілік үлкен рөл атқарады, өйткені әрекеттің әртүрін басынан өткеру арқылы ғана бала таланты нені баурап алатынын, оның темпераментіне не сәйкес келетінін түсінуге болады. Балабақшада әр баланың жыл бойына әртүрлі іс-шараларда өзін сынауға тырысады: би, құм, су терапиясы, сурет, модельдеу, музыка, балет, футбол және т.б. Әдетте тәрбиеші балаға не ұнайтынын көреді және бірінші болып көруге тұрарлық заттарды ұсына алады. Баланың ұзақ мерзімді құмарлықтарын дамытып, дарындылығын толық дамыту үшін, сүйікті іс-әрекетін анықтау өте маңызды.

Үйрену және ойнау

Баланың жеке басының үйлесімді қалыптасу үшін спортты, шығармашылықты және интеллектуалды дамуды үйлестіру қажет, ал әртүрлі әрекет түрлерінің дұрыс теңгерімі шамадан тыс күйзелістен аулақ болуға көмектеседі. Мектепке дейінгі жаста дәстүрлі мағынада оқыту жоқ. Балабақшадағы тәрбие барлық формадағы ойын: санау, карточкаларды

қайта реттеу, ән айту, оның барысында дыбыстар басқа дыбыстарға қосылып, сөз алынады. Балалар керемет ізденімпаз, олар жаңа нәрселерді сынап көргісі келеді, олар әлемде және кез келген тәжірибеге таңданады. Біздің міндетіміз-оларға білім алу мүмкіндігіне бай жайлы орта жасау.

Көбінесе оқу есте сақтау, қайталау, қайта жазумен байланысты деген стереотип бар. Біз балалардың ойын және белсенді әрекет арқылы жақсырақ үйренетінін түсіндіре отырып, бұл мифті жоюға тырысамыз. Тапсырманы күшпен орындау арқылы баланы қинамау керек. Барлығын, оның ішінде академиялық бөлімді ойын ретінде көрсету керек. Біздің басты міндетіміз-баламен ойнау, оны баурап алу, оған өзі үшін өте қызықты және маңызды іспен айналысып жатқанын сезіндіру арқылы нәтижеге жету.

Бірдей нәрселерді әртүрлі тәсілдермен үйретуге болады және нәтиже тікелей тәсілге байланысты болады.

Байланыс

Балаларда өте ерте жастан қалыптаса бастайтын негізгі дағдылардың бірі – басқа адамдармен тіл табыса білу. Әлеуметтенудегі басты рөлді, әрине, ата-аналар атқарады: балалар анасы мен әкесінің мінез-құлқын олардың реакциясын, сөйлеуін және қоршаған әлемге деген көзқарасын көшіреді. Бірақ үш жастан бастап басқа балалармен қарым-қатынас маңызды бола бастайды. Бала өз бетімен достасуды және осы қарым-қатынастарды сақтауды, бір нәрсені бірге істеуді, басқалардың жеке кеңістігін құрметтеуді, бөлісуді және бас ((тартуды, өз көзқарасын қорғауды үйренуі керек. Балабақша қарым-қатынас жасау үшін көптеген мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, жақсы балабақшада балалар арасындағы кез келген қарым-қатынас ересектердің бақылауымен өтеді. Тәрбиешілер өзін және айналсындағыларды түсінуге көмектеседі, оған қоғамдағы қарым-қатынас пен мінез құлық нормаларын үйетеді, әртүрлі жағдайлардан қалай шығу керектігін іс жүзінде көрсетеді, психологиялық қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

ТОО “ЕСКАМ” “Еркемай” бөбекжай балабақшасы

Куаншалина Динара Елубайкызы

Балабақша бақыт мекені

Бала шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап ана мен әке мейірімімен сусындап, бар жылулыққа шомылып өседі. Кішкентай шағын ғана мемлекеттен болашақтың негізін қалаушылар пайда болады. Өсіп келе жатқан баланы тәрбиелеудің алғашқы мектебі отбасы екенін осыдан ұғынуға болады. Ол бала үшін тұтас әлем, мұнда ол сүюді, қуану мен жанашырлық, мейірімділікті үйренеді. Сондықтан балабақша жұмысын жүргізуде негізгі міндеттеріміз ата-анамен тығыз байланыста болу. Екі жақтап берілетін тәрбиеден нәтиже шығару. Бұл міндеттер «балабақша және отбасы» міндеттерін жүйелі дұрыс атқарған кезде бала әрдайым даму үстінде болады. Мекеме дәрежесі тәрбиеші қызметінің көрінісі. Тәрбиешіге артылар жүк жеңіл емес. Балабақшада дұрыс тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барған кезде де саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Біз тәрбиешілер болашақ негізін қалаушы ұрпақтарды тәрбиелемекпіз. Олар тілі шығып, өзіндік ойы өрісі дамыған сәттен бастап ойын ойнай отырып өзі армандаған мамандықтың рөлін сомдайды. Балабақшада қаланған негіз болашақтың үлкен жоспарлы сәулетшісі. Құрылымы жүйелі, нақты мақсатқа бағытталған әрекет. Тәрбиеленушілер ойын кезінде ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділіктерін арттырып, достары мен қарым-қатынас кезінде бір-бірін құрметтеуге үйренеді. Еркін ойын кезінде бала өз қалауымен ойнай жүріп кейде ересектердің көмегіне мұқтаж болуы мүмкін. Ойын кезінде күтпеген жағдайлар да кездесуі мүмкін. Бала шығармашылық қиялы мен сөйлеу дағдысы жоспардан тыс дами береді. Балабақша баланың барлық қырын ашуға мүмкіндік беретін орта. Ән салып, би билеп, түрлі сайыстар мен жеке жұмыстар жүргізе отырып бала үйреншікті күн тәртібінде бекітілген жоспарға сай жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Балабақша бала тәрбиесіне ғана емес ата-ананы жақын тани отырып баланың дамуы үшін әрдайым кеңестер жүргізіп отырады. «Тәрбие тал бесіктен» басталады. Баланың бірінші тәрбие алатын ортасы-отбасы болса, екіншісі ол балабақша. Тәрбиеші бала бойына ылғи тек жақсы қасиеттер мен жақсы сөйлеуді үйреді. Көбіне балалар үйреткеннен көрі бақылай жүріп қандай қасиеттер болса да бойына сіңіріп өседі. Балабақша –шексіз қиялдарға жетелейтін құтты мекен.

Балабақшаның жұмысы топ тазалығы мен бала қабылдауынан басталады. Таңғы жаттығудан кейін таңғы асқа, дәрігер қабылдауынан өту, таза жүру, оқу іс-әрекетіне қатысу, серуен, ойын, қосымша үйірмелер, ертеңгіліктер мен ертегі қойылымдарына дайындық, ұлттық құндылықтармен қатар жағымды орта құрып алады. Тәрбиешінің міндеті- топта эмоционалды жайлылықты ортана білу. Балалардағы шаршаудың алдын ала отырып, белсенді әрекет етуге үйрету. Қазақстан мемлекеті ешқашан ұлттар мен дінге бөліп қарамайтыны секілді, топ тәрбиесі мен жұмыстар жүргізу барысында оларды әлеуметтік жағдайлар мен топтарына қарамай, жеке ерекшеліктеріне мән бермей барлығына бірдей әділ болу. Тәрбиеленушілердің алдында ылғи мейірім мен жанашырлық таныту. Ата-ананың үмітін ақтап әрқашан өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беру. Ойымның түйіні «Ағаш түзу өссін десең шыбық кезінде түзет». Тамыры жайылған діңі қатайған ағашты ешқашан да түзу мүмкін болмайды. Нәсондықтан алдымызға келген әр бүлдіршінге балабақшадан бастап тәрбие беріп, ұлтжандылыққа тәрбиелейік. Балабақша бақытының ең бірінші баспалдағы –бала болашағы.



Астана қаласы, «Ақылтай» балабақшасының тәрбиешісі

Кушмагамбетова Шұғыла Серікқызы

Бала мен Балабақша!

Бала - енді қалыптасып келе жатқан, әлсіз жеке тұлға! Баланыңда өз ойы, өз пікірі, өз қалыптасуы бар! Баланыңда әр сөзін мұқият тыңдап, бағалап ата - ана және педагогикалық кеңеспен қамқорлық жасауымыз керек! Тұрпайы дәрежелік баланың сағын сындырмауы керек! Балаға байлықтан гөрі, махаббат көбірек керек! Ата- аналық жылулыққа тойып өскен бала, таныс түйсігі кең, өй өрісі дамыған мықты тұлға болады деп сенемін! Себебі, ата - аналық жылулыққа бәрі сыяды! Тәлім-тәрбие, мінез - құлық, түйсік пен сана!

Тәрбиеші - тәрбие беруші жан! Жан-жақты даму мен қалыптастырудың негізгі айнасы! Тәрбиеші бірақта, әрине ата ананың тәрбиесін бере алмайды, бірақта болашаққа бағыт-бағдар берері анық!

Балабақша- орта әрі топ! Баланың қауіпсіздігімен білімін шыңдайтын орта! Балабақшаның өзіндік қағидалары бар! Өзіндік орта бүлдіршіндердің топтық жұмыстары, тіл дыбыстарының дамуы, зейіннің қалыптасуына септігін тигізеді!

Ойын және түрлері- заманына сай адамы демекші, ойынныңда тигізер пайдасы мол! Ойын ойнап қана қоймай бала- зейін мен ойлауды қалыптастырады! Екпінділікпен табандылықты шыңдайды! Қазір ойын түрлері өте көп! Балаға қызықтыра отырып, дидактикалық ойын ұйымдастырамыз! Дидактикалық ойын арқылы- қол моторикасын қарастырамыз! Қол моторикасының пайдасы, қол қозғалса-мида дамиды! Ми арқылы баланың ой өрісін дамытамыз! Құрастыру, жапсыру, сурет салу және т.б баланың тікелей әрі жеке дамуы үшін қарастырылады!

Менің тәрбиеші ретінде көз қарасым әрі ойым - Бала ол -тұлға! Ал біз тұлға болып қалыптасуына бағдар береміз! Себебі, ертең келешек - бүгінгі жас ұрпақтың қолында! Жас ұрпақтың тәрбиесі мен білімі, патриоттық санасы бәрі біздің қолымызда!

Менің негізгі қағидам- тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы!



*Атырау облысы, Жылыой ауданы,
Майкөмген селосы
«Бәйшешек» бөбекжай бақшасы
Тәрбиеші*

Қабидуллина Ақмарал Жалғасбайқызы

Мамандықтың бәрі жақсы

Қызығушылықты ояту.

Балаларды ортаға шақырады.

Балалар қазір мына әуен аяқталғанша әрбір мамандықтың қажетті деген заттарды алып келіңдер.

- Балалар бұл заттардың көмегінсіз мамандар жұмыс жасай ала ма?

Ой дамыту.

Суретпен жұмыс.

Дид ойын:

«Не артық?»

Бұл заттардың бәрі әр маман иесіне қажетті заттар.

Дид ойын: «Менің заттарым» дидактикалық материалдармен жұмыс олардың қажеттілігі, жайлы айтып түсіндіру.

Әр затты түсіндіру кезінде сұрақ-жауап әдісін қолдану.

Мысалы: Бұл кім? Бұл балық аулаушы. Мынау не? Бұл ау онымен балық аулайды. Балықтар теңізде мекендейді. Адамдар күнделікті тағам ретінде дайындайды.

Әр мамандықтың құралдарының барлығына жеке-жеке тоқталу.

НАЛҚАРАЛЫҚ ӨРЛЕУ-ӨРКЕНДЕУ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly



Сергіту сәті.

Бұғының үлкен үйі бар

Терезеден қарайды

Қоян қашып келеді

Бұғының үйін көреді

Тук тук досым, Есік аш

Анау орман, Аңшы қаш

Қоян, қоян келе ғой

Қолыңды маған бере ғой!

Балаларды топқа бөлу.

Бірінші топ: Аспазшы жұмысымен танысу.



Жұмыс жасаудың әдісін түсіндіру.

Енді дайын болған пирцамызды пеш салуымыз керек.

Екінші топ: Балық аулаушы.

Түрлі түсті балықтарды ажырату. Қанша балық аулағаның санау.

HAHQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbielik jurnaly



*Yshinshi top: Qurylyshy.
Qurylysh zatтарымен танысу.*

Jумыс

qayıncızdıgın

saqtau.



Tortinshi top: Dngelik jamaushy.

Kelikterdın dngeliksiz juru mımkin emes ekenıń tısındıru.

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbielik jurnaly



Қортынды. Балаларды мадақтау.



жолы-оқытуда тиімді әдістерді қолдану, яғни мұғалім әр сабағында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятатын тиімді әдістерді қолдану. Оның тиімді тұстарын атап өтсем, оқушының пәнге қызығушылығын оятады; танымдық қабілеттерін қалыптастырады; оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды; оқушының уақытын үнемдейді; қосымша мәліметтер береді:

Жаңа әдістерді күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтың мақсат-мүддесіне байланысты өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа әдістер жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалау ерекше орын алады. [1.386]

Тәжірбиемде жиі қолданатын әдістер «Суретті сөйлету» әдісі оқушылардың сыни тұрғыдан ойландырып қана қоймай олардың шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «ПОПС», «Кейіпкерге хат жазу», «РАФТ» стратегиясы, «Түйінді сөз», «Талдау картасы» секілді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың жазылым дағдылары қалыптасқандығын байқадым. Жұмыс барысында мына әдістер тиімді екенін айта аламын. Қызығушылық ояту кезінде «Миға шабуыл», «Т кестесі», «Топтастыру» стратегиясы арқылы қолдану тиімді. Өйткені орыс мектебіндегі оқушыға сөздерді мәтін мазмұнын тез түсініп, ойын қағазға түсіруіне оңай әдістің бірі. Мағынаны тану кезінде «Кейіпкерге хат жазу» немесе «РАФТ» стратегиясын, Түртіп алу, талдау картасын әдіс-тәсілдерін қолдану тиімді деп ойлаймын. Жазылым дағдысы оқылым арқылы келетінін ұмытпауымыз керек. Соған дәлел ретінде газет-журнал мақалалары мен жұмысты алуға болады. Мысалы, «негативтен-позитивке» тапсырманы мақаланы қайта өңдеп жазуға көмектесу. Ол үшін жағымсыз хабар айтылған газет мақалаларын қиып ала келемін. Әр оқушыға әр түрлі мақаланы беріп, оқуды тапсырамын. Мақаланың ішінен өздеріне жағымсыз әсер тудыратын сөздерді бірінің астына бірін теріп жазғаннан соң, сол сөздерге антоним сөздерді табады. Сөйтіп, тапқан сөздерін пайдалана отырып, позитив мақала жазып шығады

Бағдарлама бойынша әр бөлімнің тақырыбына сәйкес сабақтың жазылым мақсатына сай жазба жұмысы жүргізіледі. Мысалы, «Жоспар құруда», «Күнделік жазу», «Бір минуттық эссе», «Қызықты мозайка» әдісі, мәтін құрастыруда «Күнделік жазу», «Бір минуттық эссе» қолданам. Ал, эссе жазуда «Дербес пікір» әдісін қолданған тиімді. Бұл әдіс эссенің жазуына өте жақын. Бір тезис-бір сөйлем, оны дәлелдеу, оған мысал келтіру, алдыңғы пікірге қарсы пікір келтіру, қарсы пікірді жоққа шығаратын мысал келтіру және қорытынды жазу. Кері байланысқа «ПОПС» әдісін қолданамын.

Жазылымға арналған сабақтардың ең бір қызық бөлігі-кері байланыс. Жазылым жұмысына кері байланыс беру туралы ағылшын педагогі Феррис «оқушылардың өз жазба жұмыстарына сыныпастарымен тікелей кері байланыс алуы олардың жазуының сапасына жағымды әсер етеді», -деп көрсетеді. Расымен де, оқушыларға мұғалімнен гөрі, сыныптастарының беретін кері байланысы қатты әсер етеді. Жазылым дағдысын меңгеру кезінде мына стратегиялар сабақта қолдану ұтымды болып табылады. Атап айтқанда, «Фильм бойынша сұрақ қою», «Бумиранг» тәсілі, «Бес жолды өлең», «Қос жазба күнделігі» т.б.

Тіл меңгеруде оқушының жазылым дағдыларын жас ерекшелігіне сай тиімді әдістәсілдері арқылы дамытатын болсақ, оқушының тілін дамытуда үлкен мүмкіндік туғызады. Күнделікті сабақ барысында жазылым әрекеттерінде мұғалім бірсарынды жаттығу жұмыстарын орындатудан бас тартып, бүгінгі өмір мен жаңа тақырып мазмұнын байланыстырған жазба жұмыстарына көп көңіл бөлсе, оқушының алдағы уақытта сабаққа деген қызығушылығы артып, берілген тапсырмаларды ынтамен орындайтынына сенімдімін.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Ф.Ш. Оразбаева. Тіл әлемі. Алматы 2020.
2. Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед. ғыл. канд. автореф... – Алматы, 2018.
3. Сағира Рахметова «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы 2019.
4. Т.М.Көпжасарова, К.Г. Утешева. «Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері» Алматы 2018.

LEVEL UP бөбекжай бақшасы

Қожабекова Маржан Мадиханқызы

ЖОБА ТАҚЫРЫБЫ

«Көңілді шарлар»
Қимылды ойыны

1. Кіріспе

- Тақырыптың өзектілігі
- Жобаның мақсаты
- Жұмыстың жоспары (мазмұны)

2. Жобалық жұмыстың сипаттамасы және оның нәтижелері

- Теориялық білім
- Практикалық бөлімі (зерттеудің әдістерін, барысын және оның нәтижелерін сипаттау)
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер тізімі, электрондық мекен-жай

3. Ис-әрекеттің рефлексиясы

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі

Жоба бойынша жұмыс нәтижесінде баланың физикалық қасиеттерінің дамуы, коммуникативтік, танымдық-зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылық –зерттеу іс әрекеті және негіздері қалыптасады. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіру.

Қай ойын түрлері болмасын балаларға ұлттық нақышта үйретіп, балаларды Отансүйгіштікке, қамқорлыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу-мектепке дейінгі мекеменің, ондағы тәрбиеші педагогтардың басты міндеті.

Жобаның мақсаты:

НАҲҚАРААҲҚ ӨРЛЕҲ-ӨРКЕНДЕҲ

Halyqaralyq gyymti-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру болып табылады.

Жобаны жүзеге асыру міндеттері:

- Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: берілген бағытта шеңбер бойымен бір-бірінің қолынан ұстап жүру, берілген бағытта шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру, 30-40 с. бойына тоқтамай жүгіру;
- -Жалпы дамытушы жаттығуларды: қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу арқылы балалардың денсаулығын нығайту;
- -Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және ересектің нұсқауымен құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.

Жоба кезеңдері:

Жұмыс жоспарын құру;



Теориялық және практикалық материалдарды дайындау



практикалық жұмыс, ұйымдасқан іс-әрекет



Жұмыстың сипаттамасы, материалды ресімдеу.Қорғ

Негізгі бөлім

Ойын тапсырмаларды кезек-кезеңімен орындау.

Тәрбиеші:Балалар кім келді? (Баланың жауабы)

Сайқымазақтың қолында не бар екен?

Шарлар оған не үшін қажет?Бұл шарларды кімге әкелді? Не үшін әкелді? Қалай ойлайсыңдар?



HAHQAPAPALYQ RLE-RKENDE

Halyqaralyq gyymt-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly



Серуен. «Ауа райын» бақылау

Еңбек. « Әдемі гүлдер»

Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.

Жеке жұмыс. Балалармен гүлдер туралы тақпақ айту.

Гүлім, гүлім өсе бер
Әдемі боп, асыл боп
Күндей жайнап, кете бер
Қызыл, сары, жасыл боп.

Қимылдық ойын. «Мысық пен балапандар»

Мақсаты: Кейіпкерлердің қарапайым іс-әрекеттерін қайталауға, орындауға дағдыландыру.

Шарты: Күнге шықты балапан,
Мойнын созып, тамсанып.
Анасына қарады,
«Чик-чирик», - деп ән салды.
Көріп қалып кенеттен,
Ас іздеген мысықты.
Жан ұшыра шырылдап,
Анасына асықты.

Еркін ойындар ойнау

Серуеннен оралу.

Балалардың дербес әрекеті Балаларды топқа бөлу.

“SMART ILIM” мектеп-гимназиясы

Қуатова Айдана Бердіханқызы

Оқушылардың ойлау қабілетін логикалық есептер шығару арқылы дамыту

Математиканы оқуда, еңбекке деген оң көзқарас жүзеге асырылатын оқу үрдісіне қалыптаса бастайды. Оқушының оқуға деген дайындығын қалыптастыратын барлық нәрсе осы математиканы оқу барысында қалыптасады.

Математика сабағында өздігінен жұмыс істеудің тәрбиелік мәні бар. Тек өздігінен жұмыс істегенде ғана оқушы өз мүмкіндіктерін біледі. Математиканы оқып еңбектену барысында оқушының рухани өмірінің байлығы: ой өрісі мен сезімдерінің тереңдігі, қиял еркінің күші ашылып, мінезінің негізгі қырлары қалыптасады.

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған. Бастауыш сынып оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі. Бастауыш сыныпта балалардың ойлары нақты бейнеліден абстрактылы логикалық ойлауға қарай дамиды. Логикалық ойлауды дамыту туралы сөз етпес бұрын логика туралы қысқаша айтып кету керек. Логика (грек тілінен алынған *logis* – сөз, ой, ойлау, ақыл-ой) ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым.

Оқушыларды логикалық ойлауға қалай үйретуге болады? Бастауыш сынып оқушыларын логикалық ойлауға үйретуге бола ма? Балаларға жас ерекшелігіне байланысты қандай қиындықтағы тапсырмалар беру керек?

Мұғалімнің басшылығымен балалар түрлі есептер мен тапсырмалар орындай отыра логикалық тәсілдер қолдануды үйренеді. Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының ойлау қабілеті дамып, ізденуге, өз жұмыстарының ойларын ортаға салуға дағдыланады, сөз қорлары молаяды. Олардың басқа пәнге қарағанда математика ойлау, есте сақтауын қажет етеді, қызығушылығы оянып, ой-өрісі дамып, алған білімдерін анықтайды.

Оқушының математикалық ойлауы дамуы үшін түрлі тапсырмаларды орындауы тиіс.

1. Өз бетінше есеп шығарудың сан қилы жолын іздестіру.
2. Пәнге қызығып, оған көңіл қойып, тереңдете оқып үйрену.
3. Сабақ барысында қолданылатын ойындарға, математикалық сайыстарға, жарыстарға қатысу.

Осы мәселе тұсындағы өзін жүргізіп жүрген шаралармен таныстырайын. Есеп шығару көбінесе байқап көру, іздену үрдісімен жүреді. Ойша болжай білу балалардың бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады. Аңғарымпаздық өз білімін пайдалана білудің көрсеткіші. Осы мақсатта дәстүрден тыс қолданылатын әдіс-тәсілдерге математикалық ойындар, ауызша есептер, шығармашылық тапсырмалар қолданылады. «Ойлан тап!», «Кім жылдам!», «Тез есепте!», «секілді ойындар ойнатуға болады. Бұл ойындарға логикалық ойлаудың деңгейін көтеру мақсатында төмендегідей есептерді сабақ басында немесе соңында беруге болады.

..Логикалық жаттығулар.

1. Айжан мен Маржанның әкелерінің аттарын ата.

Айжан мен Маржан – Асқар мен Мұраттың қыздары. Айжан Асқардың қызынан үш жас кіші болса, бұлардың әр-қайсысының әкелерінің аты кім?

(Айжан-Мұраттың, Маржан-Асқардың қызы)

2. Үш ағайынды.

Арман, Аян, Абзал ағайынды үшеуі әр түрлі сыныпта оқиды. Абзал Арманнан, ал Аян Абзалдан кіші емес. Бұл үйдің үлкені ортаншысы, кішісі кім?

(Ең үлкені Аян, ең кішісі Арман, ортаншысы Абзал)

3. Қай ауылдың балалары?

Әділет, Еркін, Ерлік үшеуі лагерьде кездесті. Бұлардың біреуі-Қосқұдықтан, екіншісі-Үштөбеден, үшіншісі- Көктөбеден. Әділет пен Қосқұдықтан келген Еркін екеуі бір бөлмеге орналасты, екеуі де Үштөбеде болып көрмегендігі белгілі болса, қай бала қайдан келген? (Еркін-Қосқұдықтан, Әділет-Көктөбеден, Ерлік-Үштөбеден).

Қызықты әзіл есептер.

1. Түнгі сағат 10-да жауын жауып тұрса, 24 сағаттан кейін күннің жарық болып

тұруы мүмкін бе?

2. Дорбадағы 10 асықты 10 бала бір-бірлеп алды. Сонда бір асық дорбада қалды.

Бұл қалай?

3. 7 таяқша арқылы 3 үшбұрышты 2 шаршыны қалай құрастыруға болады?

Дидактикалық ойындар.

«Математикалық телефон»

Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды ауызша қосуға және азайтуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: Ойыншық телефон, картон қағаздан дайындалған телефон тұтқасы.

Мазмұны: Бұл ойынды мұғалім мен сынып толығымен болып, екі оқушы дара, немесе бір оқушымен сынып болып ойнайды. Күнделікті өз үйлеріндегі телефонмен сөйлескендегі сияқты екі бала бір-біріне математикалық тапсырмалар беріп, жауабын алады. Ойынға қатыспаған балалар олардың жауаптарының дұрыс не бұрыстығын тексеріп отырады. Бір бала сұрақ қояды, ал екінші бала жауап береді. Жауап бере алмаса орнына отырады да, ойынды басқа бала жалғастырады. Осылайша тездете отырып, бүкіл сыныптың балаларын толық қамтуға болады.

Тапсырмаларды түрлендіріп, күрделендіріп жалғастырып ойнай беруге болады.

2. Оқушылардың ойлау қабілеттерін логикалық есептер арқылы дамыту.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың программалық материалдарды меңгеруі берік білімдеріне, сонымен бірге математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты.

Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған ынтасы зор да бар. Оларды жеңіл бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар беру қажет.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында бастауыш сыныптан бастап логикалық есептерді шығару керек.

Ұлы ғалым Д.И. Менделеев мұғалімдердің ғылымының сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған. Ғылымда мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады деген.

Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады.

1. Қабылдау.

2. Түсіну.

3. Есте сақтау.

4. Қорыту және жүйелеу.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М. Жұмабаев былай деген: Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау-жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде басқыштап іс істеу керек.

Өркендету жолдары мыналар:

1. Баланың жанында ашық суреттердің болуына жағдай жасау керек. Себебі адам суреттер бойынша ойлайды. Сондықтан бала пікір айту үшін суреттен шығарып алсын.

2. Бала заттарды, көріністерді, ұқсас сандары бойынша топ-топқа бөлу.

3. Бала көрністерінің, ойларының аралығындағы байламды, олардың қайсысы қайсысына себеп екенін біліп үйренсін. Бұл арқылы балаға мысалдардан ерекше заң шығарып үйренеді.

Жаңа буын математика оқулықтарында жасыл қоршаудағы стандартты емес тапсырмалар берілген. Бұл материал қазіргі математиканың бастауыш буынының білім мазмұнындағы – төртінші блок-мазмұндық логикалық есептер. Әрбір сабақ қызықты есептермен аяқталып, логикалық есептер баланың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

Оқулықтағы шығармашылық жаттығулар оқушылардан тек математикалық білім емес, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі жағдайға байланысты білім талап етілетін тапсырмалар. Бұлар негізінен оқушылардың байқағыштығын, ойлауын, қиялын дамытуға негізделген.

3. Баланың ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық ойындар.

Ойын-баланың даму құралы, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. А.С. Макаренко былай деп жазды: Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскенде сол жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады. Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады. Мысалы: Сақина салу, Ақсүйек ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар сан үйренеді. Санға аты ұйқас заттарды танып біледі. Санамақтар сан үйретеді, әрі дүние танытады. Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды. Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

асырады. Ойын шарттарының өзі баладан заттарға айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді.

Сабақ үстінде жүргізілетін дамытуға арналған логикалық ойындар баланың ойлау белсенділігін қажет етеді. Сондықтан сабақта оқушылардың ойлау қабілетін арттыратын түрлі логикалық тапсырмаларды қолданып, балалардың пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды көздеймін.

Талдықорған қаласы, №5 орта мектебі
М.Ломоносов атындағы
Дене шынықтыру мұғалімі

Айтбаев Мақсат Унласунович

« Шынықсаң шымыр боласың»

«Денсаулық» саласы ол дене тәрбиесін жетілдіріп қана қоймай, оны мәдениетін тәрбиелеуді үлкен бір мәселе етіп шешу жолдарын іздестірді. Дене тәрбие сабақтары мен таңертөңгі және реалаксация-шынығу жаттығулары балалардың дене мүшелерінің қимылын шапшаңдыққа, үйлесімді қозғалуға әбден машықтандыруда қалыптасқан шаралар. Ал біздің педагогикалық ұжымды ойландырған басқа мәселе болады. Ол бала қозғалу қимыл әрекетінде өз шығармашылығын білдіре ме қимыл қозғалыстарын мәдениетін ереже талаптарымен үйлестіре қолдана ала ма.

Мысалы күнделікті жаттығуларды балдырғандарға дене шынықтыру нұсқаушысына қарап көрсетумен орындауға, үйретіп, меңгертеміз. Ал жалпы өмірдегі жағдайларда бала сол жаттықтырылған қимыл-қозғалысын қолдана ма, жоқ өзінің денесіне қолайлы, өз еркімен жасайтын қозғалысты ептілікпен орындай ма.

Мысалы, бөрене үстімен өрмелеп өту жаттығуын дене тәрбиесі оқу қызметінде нұсқаушы әр балаға жеке үйретеді. Ал серуенде бала демалыс алаңындағы бөренеден нұсқаушы үйреткен әдісімен емес, өзінің үйреншікті әдісімен тез және шапшаң өрмелеп өте алады.

Міне осындай бақылауларды және зерттеулерді доппен, секіртпелермен, сатыларда орындалатын жаттығуларда ұйымдастырдық және ата-аналар қауымы осы жаттығуларды орындай алатынын немесе орындай алмайтынын бақыладық. Нәтиже анықталғаны:

-Біріншіден балаларға жаттығуларды орындау әдісін меңгертуді қалыпты ету қажет.

-Екіншіден тәрбиешіге ол жаттығуларды автоматтандыру жолдары мен әдістерін меңгерту қажет.

- Үшіншіден ата - аналарға қимыл - қозғалыс жаттығулардың таныс болуы және тәрбиеші ата - анамен бірге балаға жаттығуды үйреткенде талаптың бір ізділігін қалыптастыру.

-Төртіншіден баланың қимыл-қозғалыс мәдениеті мен құрастырушылық қабілетін қалыптастыру.

Сондықтан көрсетілген жаттығуларды автоматты түрде жаттап алып, орындауда тез және жылдам қимыл қозғалысты реттеп, таңдауды бала мүмкіндігіне беріледі. Оны біз қимылды ойындар арқылы ұйымдастырдық. Оны біз қимылды ойындар арқылы ұйымдастырдық. Мысалы мысық тышқанды қуған тышқан жаттанды қимылдарды емес, қимыл арқылы ойлана жанын сақтау әрекетін жасайды. Осы стереотип (қалып негізінде «маймылдар» ойынында көрсетілген жаттығулар мен қатар, маймылдарды жолбарыс қуды деп айтқанда, әр маймыл өзінше ойлап тапқан қимыл әрекетін жасайды. Сонда әр баланың

иілуі, созылуы, епті қимылдауы, сонымен қатар ол қимылдарды тез орындау қабілеті айқын көрініс табады.

Мұндай қимылдарды қайталаусыз еркінше орындату ойындардың қатарына «Тауық аңдыған түлкі», «Соқыр теке», «Аюдың апаны», «Көбелектер», «Аңшылық», т.б ойындар жатады. Бұл ойындар арқылы біз тәжірибе аясында Н.А.Бернштейннің 1920 жылдары дәлелденген қайталаусыз қайталау теориясын орындап, әр балаға бірдей жүгіру, қашу жаттығуында, бір-біріне ұқсамас жүгіру түрлерін меңгерттік.

Сондықтан біздің түсінігіміз бойынша бірде бір бала үлгі жаттығу эталонын толық меңгермейді, егер оны қолдану фантазиясы болмаса. Ал оны меңгертіп қалыпқа айналдыру үшін міндетті үш талапты орындау қажет

1. Қимыл-қозғалыстың үлгісі дайындап өзгертпей бекіту.
2. Үлгі қимыл қозғалысты жасағанда белгілі бір жағдайды шешу нәтижесінің болуы мүмкін.
3. Үлгі қимыл әрекеті түрлі дәстүрден тыс жағдайларда қолдануға ықшамды, өзгертуге қолайлы болуы қажет.

Осындай қағида болып қалыптасқан жағдайларды біздің ұжымда барлық дәстүрлі дене тәрбие оқу қызметінде қолдануды қалыптастырған тәжірибеміз бар. Баланың дене қимылын дұрыс қалыптастырып және өз бетінше қимылын шабытпен өндей білу, күнделікті қозғалыстарда, ерекше қолайлы, дұрыс қозғалыс жасай білуге бейімдеу.

Аталған қимыл қозғалыстарды орындауды еріктендіру мақсатын біздің ұжым дене тәрбиесіндегі тапсырмаларды шешу, жеңіп шығу әдісімен ұйымдастырады.

Сондықтан балабақшадан балалармен дене тәрбиесін ұйымдастыруда оның қимыл әрекетті дұрыс орындау мен ойлау қабілетін қатар дамыту бұл біздің негізгі ұстаным.

Әйпесе бала жаттап алған бір сарынды қимылын түрлі жағдайларда қолдануы екі талай.

Ал тәжірибе жүзінде осы зерттеулеріміз түрлі әдістемелік құралдар ретінде жинақталды «Мектепалды және ересек топтарындағы дене тәрбие» оқу қызметі жинағы, «Бөлме ішінде ұйымдастырылатын ойындар» жинағы, «Тынығу (релаксация) жаттығулар», «Спорттық шерулер, эстафеталар» бағдарламаларының жинағы. Бұл әдістемелік құралдар балабақшаға жанадан жұмысқа, университет қабырғасынан келген жас маманға, алғашқы кеңесшісі болады. Ал тәжірибелі педагогтарды ізденуде қалыптағы жаттығуларды басқа түрлі әдістермен орындау жолдарын іздестіріп, дене тәрбие оқу қызметтерін ұйымдастыруда өз шығармаларын танытуға мүмкіндік туғызды.

№19 Раушан бөбекжай бақшасы
Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Мамбетова Жансая Ерманқызы

«Тәрбие тал бесіктен басталады»

А.С.Макаренконың “Балаларды тәрбиелеу – біздің өміріміздегі ең жауапты сала. Дұрыс тәрбиелеу – бұл біздің бақытты қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу – бұл біздің келешек қасіретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдар алдындағы, бүкіл ел алдындағы айыбымыз” – деген пікірінің мағынасын түсінуі тиіс.

Неліктен мен барлық мамандықтардың ішінен балабақша тәрбиешісі мамандығын таңдадым?

Кішкентай кезімде мен мектепте оқитынмын. Анам балабақшада күтуші – тәрбиешінің көмекшісі болып жұмыс істеді. Мен оның жұмысына көмектесу үшін жиі баратынмын. Ал бірнеше жылдан кейін мен анама емес, тәрбиешіге көмектесетінімді түсіндім. Мен балаларға кітап оқыдым - ертегілер, әнгімелер, жұмбақтар жасыратынмын. Олармен түрлі ойындар ойнадым. Және бұл маған қатты ұнады. Сегізінші сыныпта «Менің сүйікті мамандығым» деген тақырыпта шығарма жазған болатынбыз. Ал мен «Тәрбиеші мамандығы» деген тақырыпта жаздым. Он бірінші сыныпты бітірген соң тәрбиеші мамандығына оқуға түскім келді. Мен 2015 жылы мектепті бітіргеннен кейін, Қарағанды қаласындағы Болашақ колледжіне педагогика мамандығына оқуға түстім. Тәрбиеші мамандығы бойынша орта арнаулы білім алдым. 2018 жылы шілде айында оқуымды тәмәмдап дипломымды алдым. Тәрбие тал бесіктен басталады деген бос сөз емес. Бес жарым жаста тұлғаның негізі қалыптаса бастайды. Әр баланың табиғи даралығы болады. Ал оны отбасылық, қоғамдық қарым-қатынастармен бұзбау, басып тастамау өте маңызды. Туғаннан бастап тәрбиелеу баланың табиғатқа тән қабілеттерін дамытуға арналған. Сонымен, бастаудың басы - жаңа туған нәрестенің жасы. Ата-ана мен бала жүйесіндегі қарым-қатынастар өмірдің алғашқы айларынан бастап күрделі. Жеке ерекшеліктер қазірдің өзінде баланың бірінші жылауында көрінеді. Бірі ренжіген күйде, екіншісі талапшыл, ашулы айқайлайды. Бала бастапқыда өзінің даралығын қабылдайды. Білім алтын ортаны ұстануы керек және ондағы кез келген шектен шыққан қателік.

Көбінесе ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас келесі схема бойынша дамиды: алғашында сәбидің үлкен отбасы мүшелерінен басқа мінез-құлық үлгісі жоқ, сондықтан оларға еліктеуге тырысады. Әкесін, анасын, әжесін, атасын қуантады. Бәріне бірінші сөйлеген сөз, содан кейін үйренген өлеңдері әсер етеді және әндер, ертегілер бала-балабақшаға барған кезде бәрі жақсы болып жатқан сияқты.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мінезінің жас ерекшеліктеріне осындай қасиеттер жатады. жауаптылық, білуге құмарлық, стихиялылық, сенгіштік. Балалар өз сезімдерін тежеуді, олардың сыртқы көрінісін басқаруды білмейді, олар қуанышты, қайғыны, қорқынышты, ләззат немесе наразылықты тікелей және ашық білдіреді. Бала сөзге деген қажеттілігін білдіре алмайды, себебі ол әлі сөйлеуді меңгермеген. Көбінесе балалардың жылауы мен қыңырлығы біз ересектерге сигнал болып табылады; біз дұрыс жасаймыз деген

үміт. Олардың шифрын ашып, когнитивтік инстинктің жүзеге асуы үшін оңтайлы жағдай жасау. Үш жасқа қарай балаларда әлем туралы негізгі база құрылады. Болашақта ол толықтырылады, нақтыланады, бірақ онша қарқынды емес, ерте балалық шақта»

Мен әрқашан балалардың қаншалықты эмоционалды, өте байқағыш, риясыз және сенімді екеніне таң қаламын. Олар кішкентай нәрселерді байқайды. Менің шаш үлгімді, қандай жейде, кроссовкам бар... Олар мақтау айтуды біледі және бұл өте жақсы! Бұл олардың отбасында бұл маңызды және ересектер оған назар аударатынын білдіреді. Тәрбиеші мамандығы қазіргі қоғам өміріндегі ең маңызды және маңызды мамандықтардың бірі деп есептеймін. Бұл үлкен жұмыс болса да және үнемі өзін-өзі жетілдіру мен үшін маңызды нәтиже. Кішкентай балалар үлкендердің қамқорлығына эмоционалды түрде мұқтаж, шын жүректен сенеді, жақсы көреді және күтеді. Тәрбиеші, менің ойымша, негізі сүйіспеншілік, сенім, түсіністік болып табылатын санаулы мамандықтардың бірі. Балабақшаға келген бүлдіршіндердің жарқыраған көздері, ашық жүректері мен махаббаттары маған өмірдің мәнін береді. Мен өмірде дұрыс таңдау жасағаным сенімді болдым. Неліктен мен тәрбиеші мамандығын таңдадым? Жылдар өткен соң, мен баратын жерге ешқашан күмәнданбаған сұрағым жауап бере аламын. Бұл өмірде әрқайсымыз қажет адам болу қажеттілігін сезінеміз.

Қазіргі жағдайда тәрбиеші – ғылыми психологиялық-педагогикалық ойлауы, сыни талдауы бар, озық педагогикалық тәжірибені орынды пайдаланатын, сонымен қатар өзін-өзі жетілдіруді қажет ететін зерттеуші. Бұдан шығатыны, жаңашылдықтарды пайдалана отырып, өзінің кәсіби шеберлік деңгейін үнемі жетілдіріп отыратын ұстаз ғана оқу-тәрбие процесін сапалы жүргізе алады.

Біздің бәріміз де, ата-аналар да, ұстаздар да балаларымыз бен шәкірттеріміздің тамаша, ақылды және табысты адам болып өсуін армандаймыз. Жаңа талаптар бойынша Мұғалім санаты бойынша өттім. Міне қазір балабақшада жұмыс істеп жүрмін. Мен өз мамандығымды жақсы көремін. Мен өз мамандығымды өте жақсы көремін, мен бақытты адаммын, күн сайын балалардың күлкісімен қоршалған сүйікті ана мен әйелмін.

Қорытындылай келе айтарым: Мен өз мамандығымды мақтан тұтамын.

«Сен тәрбиеші және мұғалім болып туылуың керек; ол табиғи әдептілікке негізделген».

А.Дистерверг

Мен әрқашан мақтанышпен айтамын: «Мен тәрбиешімін!»

Мамырбекова Молдир Сериковна

Шет тілін оқытуды ұйымдастырудың әдістемелік негіздері

Бүгінде егемен еліміз еңселі елу елдің қатарына енуді стратегиялық маңызы бар міндеттеме етіп отырғаны белгілі. Сол үшінде елбасымыз білім реформаларына ерекше мән беріп отыр. Озық елдер қатарына ену үшін оның тілін үйренуде айырықша маңызды болмақ. Осы ретте тәуелсіз мемлекетіміздегі аранулы білім беретін колледждерде шет тілдері пәні бойынша білім мазмұнын игерту, оқу әрекетін ұйымдастыру әдістеме саласының күн тәртібіндегі өзекті мәселесіне айналып отыр. Бұл орайда шет тілінің граммтикалық тұрғыдан дұрыс игерілуі бүгінгі жаңашыл технологиялар мен сабақтың типтері, құрылымдық түрлерінің ерекшелігі негізінде іске асырылады.

Жалпыға бірдей білім беретін отандық мектебімізде және оның даму тарихы мен кезеңдерінде оқыту әрекетін ұйымдастырудың сан алуан бағыты бір түрлері пайда болды. Шет тілін оқыту түрлерінің өзгерістерге ұшырауы мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінің заман талабына сай және ғылыми-техникалық жетістіктерге байланысты екені баршамызға мәлім.

Сабақ шет тілдерін оқыту әрекетін ұйымдастырудың негізгі өзегі болып танылады. Сабақ - бұл ұстаз бен шәкірттердің бірлесе атқарған ұжымдық әрі шығармашылық еңбегінің жемісі. Сабақта оқыту үрдісіне және тәрбие көздерінің мақсат – міндеттері ескеріледі, тұрлаулы білім алуға талпынған оқушылардың танымдық ой-өрісі кеңийді, қабілеті мен дағдылар қалыптасады, дамиды. Сонымен қатар, оқушылардың жаңа ғасыр адамзатына тән жан – жақты шығармашылық тұрғыдан кемелденген жеке тұлға ретінде қалыптасып, оның өмірге қоғамдық ортаға деген көзқарасы, адамгершілік рухы қалыптасады.

Оқыту үрдісінің көздеген нысанасы - жеке тұлғаны, оның қабілеті мен дарындылығын білім мазмұнына сүйене отырып дамыту болып келеді. Әрбір сабақ үрдісі әсіресе шет тілі сабақтары ғылыми мазмұны терең, әдістемелік тұрғыдан сапалы, қисын тұрғысынан қиюласқан мұғалімінің шығармашылық әрекеті.

“Қисындық бірлік - бұл оқыту мен сабақ үрдісінің, яғни құрылым бөліктерінің аралығындағы өзара заңды байланыс” деген пікір орынды да нақты десек қателеспейміз. [1:52] Мәселен, шет тілдері сабағында өткен материалдарды қайталау, қорытындылау бөліктері білім мазмұнын толыққанды меңгеруіне мүмкіндіктер ашады. Қайталау, қорытындылау сабағын бүгінгі таңда педагогикалық технологиялар шеңберінде озық деп танылған

Ж.Қараевтың “Оқу материалдарын деңгейлеп оқыту” технологиясы, сын тұрғысынан ойлау стратегиясы және тағы да басқа дамыта оқыту технологияларын қолдану арқылы жүзелендіруге болады. Сонымен қатар, бұл сабақ түрі дәріс, әңгіме, жаппай сұрау, сынды жұмыс түрлері шеңберінде де қамтыла қарастырылса нәтижелі болмақ. Мұндай сабақта игерілген білім, еске түсіріледі және бір жүйеге келтіріледі, екіншіден, білім іскерлік, дағды, ұғым шеңберіндегі кемшіліктер жойылады. Үшіншіден, игерілетін білім мазмұны толық ашылады. [1:64] Сонымен қатар, бүгінгі өмір талабына сай, өмірмен байланысты мысалдар келтіріледі. Ұстаз бен шәкірт алдындағы соны міндеттер шешімін табады.

Оқыту әрекетін ұйымдастыруда психологиялық бірлік өлшемінің де өзіндік маңызын ешкім жоққа шығармайды. Бұл арнада оқушылардың танымдық іс-әрекетіндегі белсенділік дағдысы ұқыптылық пен жинақтылығы түйсік, қабылдау, ойлау, зейін сынды психологиялық үрдіспен тығыз байланыста келетіні анық. Бұл бірлік өлшемі іс-әрекет пен таным мотивтерін жасауды көздейді. Мәселен, сабақ үрдісінде тікелей талаптандыру, басымдықтар бойынша талаптандыру және ой белсенділігін арттыру дағдылары қалыптасқан. Сонымен қатар, психологиялық бірлік өлшемі оқушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алуды, ескеруді талап етеді. Шет тілдері сабағында білім мазмұнын ғылыми әрі практикалық тұрғыдан игертуде

психологиялық бірлік ұйымдастыру бірлігімен тығыз байланыста болған жағдайда оқыту үрдісі нәтижелі болмақ.

Ұйымдастыру бірлігі – сабақ үрдісінде жүргізілетін дұрыс түрлерін және алдын – ала қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтарды пайдалану, сабақ бойында оқушыларды белсенді, тиімді жұмысқа бағыттау және ұйымдастыру. Сабақ үрдісін тиімді ұйымдастыру және оқушылар қызығушылығы мен белсенділігін артыру алғы кезекте тұруы шарт. [2:42]

Ағылшын тілі пәні сабақтарының осы талаптарға сай өткізілуі үшін әр түрлі жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалуы қажет. Атап айтсақ, біріншіден, әлеуметтік - педогогикалық жағдай. Бұл жағдайда мұғалімнің қазақ тілі сабағында жан - жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру тұрғысындағы ізденісі мен шығармашылық жұмысы, шет тілі бойынша игерілетін білімнің көлемі мен сапасының тамырластығы, ынтымақтастық, яғни ұстаз бен оқушылардың бірлескен әрекеті және шет тілдері бөлмелерінің жаңа заман талабы мен сұранысына сай жабдықталу міндеттері қарастырылады. Екіншіден, дидактикалық жағдай. Дидактикалық жағдайда оқыту үрдісінің берік те іргелі ұстанымдары мен әдіс - тәсілдерінің бір мүдде мен әр алуан бағыттағы заңдылықтарын сақтау, дамыту және оны әдістемелік тұрғыдан тиімді де ұтымды етіп қолдану көздері болып табылмақ. Сонымен қатар бүгінгі білім беру мәселесіндегі жаңашыл мұғалімдердің озық әдіс - тәсілдері мен іс - тәжірибелерін анықтау, тарату, зерттеу мен зерделеу қажеттіліктері де туындайды. Жалпыға бірдей білім беретін мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі және қазақ тілі сабақтарына қандай дидактикалық талаптар мен міндеттер қатары қойылады.

Шет тілдері сабақтарының білімдік және танымдық, тәрбиелік міндеттері, яғни үш таған бірліктері жаңашыл технологиялар мен сабақтың түрлері мен құрылымдақ ерекшеліктеріне негізделері белгілі. Қазақ тілі сабағының дидактикалық мақсаты болып пән бойынша білім дағдыларын оқыту арқылы игерту және ұлттық менталитет пен ұлттық рух, ұлттық өрнек негізінде тәрбие үрдісін дұрыс жолға қою екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Міне, осындай бағыттағы арналас жұмыстар негізінде дидактикалық мақсат тиімділігі айқындалары белгілі.

Ағылшын тілі сабағында оқыту мақсатын ұйымдастыру негізінде жаңа білім материалдары игеріледі, бұл пәннің ғылыми - практикалық міндеті іске асырылады, оқушылардың іскерлік дағдылары қалыптасады.

Шет тілі сабақтарында оқу материалдарының көлемі мен жүргізілу сапасы әдістемелік тұрғыдан дұрыс жолға қойылған жағдайда ғана, оқыту үрдісі нәтижелі болмақ. Бұл тұрғыда мұғалімдер тарапынан ізденімпаздық пен әдістемелік біліктілігін жетілдіру қажеттілігі ескерілуі шарт. Сабақтық дидактикалық мақсатына сай, яғни оқушылардың білім деңгейі мен біліктілік дәрежесі, жас және дербес ерекшелігі ескеріледі.

Оқыту мен тәрбие ажырамас бірліктегі міндеттер болып табылады. Шет тілі сабағында оқыта отырып тәрбиелеудің маңызы мен міндеттері, ерекшеліктері айқындалған. Оқытудың ұтымды да тиімді әрі озық әдістерін сұрыптай - іріктеп алудың сабақ түрлеріне, сабақтың әрбір кезеңіндегі оқу материалының мазмұнына сәйкес жүргізілуі оқушылардың қазақ тілі пәнін ғылыми - практикалық тұрғыдан сапалы да саналы игеруіне мүмкіндік береді. [2:62]

Шет тілі сабақтарында білім мазмұнын игерту орайында көрнекі құралдар мен арнайы жабдықтарды үйлестіру, дұрыс та ұтымды қолдану, қазіргі таңдағы оқыту үрдісінде кеңінен қолданылатын жаңа техникалық құралдарды, атап айтсақ, компьютерлерді, бағдарлама бойынша оқыту машиналарын қолдану екені белгілі. Әсіресе, ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың білімді терең ұғынуын қамтамасыз ету үшін мұғалім тарапынан әдістемелік шеберлік пен ізденімпаздық талап етіліп, оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде отандық және әлемдік әдістемелік көмекші құралдар кеңінен қолданылу талабы туындайды. Шет тілі пәні бойынша білім мазмұнын толыққанды игерту орайында негізгі талаптарды комплексті түрде жүзеге асыру

әрекеті оқыту үрдісінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы мен сабақтың сапасын арттыруға жол ашады, әдістемелік мүмкіндіктер береді.

Шет тілінен сапалы білім беруде оның күрделі грамматикасын меңгертіп, оқушылардың пән бойынша сауаттылық дағдысын қалыптастырып, дамыту әрекеті қарастырылады. Және осындай әдістемелік шеңберде оқыту әрекетін ұйымдастырудың өзге де түрлерінің ескерілгені жөн. Соңғы кезеңде жалпыға бірдей білім беретін мектептерде сабақтан өзге оқытуды ұйымдастырудың бірнеше түрлері белсенді қолданыс тауып жүргені белгілі. Десекте, шет тілі пәнінен білім мазмұнын сапалы игертуде сабақта және сабақтан тыс жұмыстар бір мүдде мен әр бағытта жүргізілуі қатаң ескерілуі шарт.

Оқыту үрдісі кезеңінде оқушылардың зейіні мен қабылдау деңгейлері және олардың ақпаратты саралай білу, өз ойын еркін де дәл жеткізе білу дағдыларын ескеру шарт. Себебі, оқушылардың психикалық ерекшеліктерін есепке алу негізінде олардың ауыз екі сөйлеу дағдысы және сөйлеу мәдениетін жетілдіру негізінде сөздік қор, тіл байлығы кеңейіп, тіл ұстарту жұмыстарының маңыздылығы арта түспек. [3: 54]

Оқушының танымдық әрі ой - өріс қабілетін қалыптастыруда білім, білік, дағды, ұғым шеңберлерімен қатар оқу дағдысы және жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігі қатар зерделеніп, қарастырылуда. Шет тілдер сабақтарында оқыту үрдісін ұйымдастыру дұрыс жолға қойылған жағдайда оқушылардың сауатты оқу, жазу, яғни орфоэпия мен орфографиялық заңдылықтарды игеру дағдылары қалыптасады, ой қорыту, тұжырым жасау, көркем ойлау сынды қабілеттері де нәтижелі болмақ.

Шет тілдер сабақтарында оқыту үрдісін нәтижелі ұйымдастыруда назарда ұстайтын негізгі шарттар білім мазмұнын толыққанды әрі сапалы игеруінде негізгі маңдай түзер темірқазық болып табылады. Атап айтсақ, оқушының шығармашылық тұрғыдан ойлануына бағыт беру, өз ойын, пікірі мен тұжырымын өзгелермен бөлісуіне мүмкіндік беру, игерілген материал мазмұны бойынша түсінігі мен шешімін ортаға салуға жағдай жасау, оқушылардың топта, жұпта жұмыс әрекетін ұйымдастыра алу дағдыларын ұштау және олардың өзгелердің жауабы мен сұрағына сын айту біліктілігін қалыптастыру маңызды болып табылмақ. Міне, осындай сипаттағы ұстанымдар мен шарттар негізінде оқушылардың білім қорының молайуына мүмкіндік жасалады.

Шет тілдер сабақтарында оқыту үрдісін ұйымдастыруда білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттарын белгілеу алғы шарт екені баршамызға мәлім. Білім беру мазмұнын қоғамның қазіргі әлеуметтік - экономикалық сұранысына сәйкестендіру, білім беру мазмұнын ізгілендіруді қамтамасыз ету қажеттілігі орын алып отыр. Білім беру мазмұнын оқушының ғылыми тәсілмен тануына, өз бетімен ізденуіне мақсатты және жүйелі таратуға бағдарлау әрекеті де ескерілсе оқытуды ұйымдастыру ісі нәтижелі болмақ. Сонымен қатар білім мазмұнын ұлттық мәдениетті құрметтеуге, өзге мәдени бастамаларға құштарлықтарын дамыту ісі де алға қойылуды талап етеді. [4: 82]

Жалпыға бірдей білім беретін мектептерде ағылшын тілі пәні бойынша оқытуды ұйымдастыру жалпы дидактикалық ұстанымдармен бірге шешуші мәні зор мынандай ұстанымдарға негізделуі талап етіледі. Атап айтсақ, жеке тұлғаның жас және психофизиологиялық даму ерекшеліктерінің ескерілуі, пән бойынша игерілген білім мазмұнынан қол жеткізетін нәтижеге жетуге бағдарлығы мен интерактивтігі болмақ. Баланың тұлғалық қалыптасуын, оның қабілеттерінің тұтастай дамуын қамтамасыз ету - басты міндет. Шет тілдері сабақтарында қажетті біліктер мен дағдыларды игеруге, сауатты оқу, жазу, шығармашылықпен ойлау, көркем ой мен тіл байлығын кеңейтуге ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыруға талпыныс жасау әдістемелік тұрғыдан қажеттіліктер туындатуда.

Оқыту әрекетін ұйымдастыру кезеңінде ізденімпаз маман әрі шебер әдіскер ұстаз оқыту әдістерін сұрыптау, таңдау және ұтымды қолдануда білім мазмұнын игертудегі басым

дидактикалық ұстанымдарға сүйенуі шарт. [5:64] Оқыту үрдісін ұйымдастыруда оқу жоспары, оқу бағдарламалары мен оқулықтар басым қызмет атқарады. Сол себепті оқулықтар мазмұны терең, оқу бағдарламалары нақты құрылып, сабақтың білімділік мақсатын дұрыс жүзеленуіне мүмкіндік жасауы қажет. Оқыту үрдісін ұйымдастыруда оқушылардың білім, білік, дағды, ұғым, зейін шеңберлерін қалыптастырып, олардың рухани келбеттерін, адамгершілік қасиеттерін және ақыл – ой қабілеттерін дамыту мақсаты басты нысана болмақ, яғни оқытуды ұйымдастыруда сабақтың білімділік, танымдық, тәрбиелік міндеттері педагогикалық ұстанымдар негізінде іске асырылуы тиіс. Сонымен қатар оқыту әрекетін ұйымдастыруда білім беру саласының пәндік және негізгі мақсаттарын ескере отырып, оқу үрдісінің нақты мақсаттарын жобалау, сабақты білім беру стандарттарының талаптарына сай конструкциялау, оқу материалдарын даярлау және оқу мақсаттарына сәйкес оқытуды ұйымдастыру, оқу үрдісін жобалауға және іс жүзінде іске асыруда ақпараттық ортаның әлеуетін кеңінен пайдалану және оқушының озық дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау, оқушының оқу материалын меңгеруінің тұлғалық - әрекеттік бағыттылығын реттеу сынды мақсаттар көзделуі шарт.[6:75]

Қорыта айтқанда, шет тілі сабағында оқыту үрдісін ұйымдастыру арқылы білім мазмұны ғылыми - практикалық тұрғыдан толық игеріліп, сабақтың үш таған бірлігі негізінде шығармашылық тұрғыдан жан - жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыруға талпыныс жасау қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әміров Р. Қоғам реформасына сай шет тілін оқыту концепциясы. // Қазақстан мектебі\1992. №15
2. Әміров Р., Дәулетбекова Ж. Шет тілі пәні мазмұнының жаңа бағыттары жөнінінде. //Қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие деңгейін көтеру проблемалары.//Ғылыми . прак. конф. материалдары//, Алматы, 1966.
3. Сарыбаев Ш. Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. I-бөлім. Алматы, ОПБ, 1956.



Түркістан облысы Төлеби ауданы
Қ.Мамытов ЖББМ

Мизамбай Толғанай Балатайқызы

Affixation in Kazakh and English languages.

Word is the principal and basic unit of the language system. The term morpheme is derived from Greek morphē “form” + -eme. The Greek suffix -eme has been adopted by linguistics to denote the smallest unit or the minimum distinctive feature. Affixational morphemes include inflectional affixes or inflections and derivational affixes. Inflections carry only grammatical meaning and are thus relevant only for the formation of word-forms. Derivational affixes are relevant for building various types of words. They are lexically dependent on the root which they modify. They possess the same types of meaning as found in roots, most of them have the part-of-speech meaning which makes them structurally the important part of the word as they condition the lexico-grammatical class the word belongs to. Due to this component of their meaning the derivational affixes are classified into affixes building different parts of speech: nouns, verbs, adjectives or adverbs

Word formation is a process of creating new words from material available in the language after a certain structural and semantic formulas and pattern, forming words by combining root & affix morphemes. There are different types of word formation. One of them is affixation.

Affixation is the formation of new words by means of suffixes and prefixes to stems\basis.

All suffixes are divided into lexical and grammatical. In the Kazakh language affixes are divided into the same groups: inflectional affixes and derivational affixes. The study of derivational affixes focuses on the derivational words, which can be formed by adding prefixes or suffixes or prefixes plus suffixes. Meanwhile the meanings of the derivational words will be changed. While the study of inflectional affixes pays attention to the Inflectional Morphology, which shows grammatical changes between words but does not change word meanings.

1) Lexical suffixes build new word. Productive affixes. For example in English: read-readable, happy-happiness, act-actor and in Kazakh: бір-бірлік, көк-көгеру, оқу-оқушы.

2) Grammatical suffixes change the grammatical form of a word. For example in English: finish-finished, say-says, rose-roses. In Kazakh: айту-айтты, келдім-келді, бала-балалар, үйге-үйден.

By grammatical structure Kazakh language and English languages are very different. If we compare the inflectional affixes in Kazakh and in English forms, we will see the difference between them.

1) Plural: KL has six various affixes to express the plural form of words, which usually are directly linked to the general nouns, pronouns and numerals. There are: -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер. For example: балалар, дәрігерлер, ұстаздар, үстелдер, оқулықтар, етістіктер.

In English the plural is formed by adding – (e) s. For example: clocks, kisses. The English language has other non-productive ways of expressing the number opposition this is vowel interchange in several relict forms (man-men, woman-women, box-boxes), the archaic suffix – (e) n

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýmı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

supported by phonemic interchange in a couple of other relict forms (ox-oxen, child-children, brother-brethren), the correlation of individual singular and plural suffixes in a limited number of borrowed nouns (formula-formulae, phenomenon-phenomena). In some cases the plural form of the noun is homonymous with the singular form (sheep, deer, fish).

2) Possessive pronouns: KL has six various affixes to express the possessive forms of personal pronouns.

Мені ң	- ым/ім/м	Менің қаламы м , менің дәптері м , менің бала м
Сені ң/Сіздің	- ың/ің/ң - ыңыз/іңіз -ңыз/ңіз	Сенің достары ң , сенің әже ң Сіздің достары ңыз , сіздің әже ңіз
Оны ң	-ы/і -сы/-сі	Оның қала мы , Оның бала сы
Бізді ң	- ымыз/іміз - мыз/міз	Біздің досы мыз , біздің үйі міз Біздің достары мыз , біздің әкелері міз
Сенд ердің/ Сізде рдің	- ң/ің/ың - ыңыз/іңіз -ңыз/ңіз	Сендердің кеңестері ң Сіздердің кеңестері ңіз
Олар дың	-ы/і	Олардың қаламдары, олардың әжесі

In English we don't use affixes to express the possessive forms of personal pronouns.

Possessive determiners	Possessive pronouns
my	mine
your	yours
his	his
her	hers
its	its

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýmı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

our	ours
your	yours
their	theirs
For example	
These are our books.	The books are ours .

3) Cases: KL has seven various affixes to express the different cases. So KL has seven cases. Case endings are applied only to the last element of a noun phrase, which are closely linked to the following verbs.

es	Cas	Questions	Affixes	Examples
у	Ата	Кім? Не?		Әже, кітап
	Ілік	Кімнің? Ненің?	-ның/нің –дың/дің -тың/тің	Әженің, кітаптың
ыс	Бар	Кімге? Неге? Қайда?	-ға/ге –қа/ке –а/е	Әжеге, кітапқа
ыс	Таб	Кімді?нені?	-ны/ні/н –ды/ді – ты/ті	Әжені, кітапты
ыс	Жат	Кімде? Неде?	-да/де –та/те -нда/нде	Әжеде, кітапта
ғыс	Шы	Кімнен? Неден?	-дан/ден –тан/тен -нан/нен	Әжеден, кітаптан
ектес	Көм	Кіммен?неммен?	-мен/бен/пен	Әжемен, кітаппен

In English the apostrophize –‘s and prepositions express the different cases.

Cases	Structure	Examples
Nominative	subject to a verb	Rain falls
Genitive	of+Noun; apostrophize – ‘s	The duty of man The man’s duty
Vocative	address	Are you coming, my friend ?
Dative	Indirect object to a verb	I gave John a penny
Accusative	direct object	The man killed a rat

4) Predicative Person: The first, second and third personal pronouns are usually followed by the words with additive predicative personal elements.

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	ng.	si	examples	pl	examples
The first person	ен	М	мен дәрігермін мен барамын	із Б	біз дәрігерлерміз біз барамыз
The second person	ен з	С Сi	сен барасың сіз барасыз	ендер іздер С С	сендер барасындар сіздер барасыздар
The third person	л	О	ол барады	лар О	олар барады

In English personal pronouns (I, you, he, she, it, we, you, they) are grouped the same: the first person, the second person and the third person. They have the ending only in the third person.

	ng.	si	examples	pl	examples
The first person		I	I go	е W	We go
The second person	ou	Y	You go	ou Y	You go
The third person	е he	H S It	He goes She goes It goes	It	It goes

Conclusion. An affix is a morpheme that is attached to a word stem to form a new word. Affixes may be derivational, like English *-ness* and *pre-*, or inflectional, like English plural *-s* and past tense *-ed*. They are bound morphemes by definition; prefixes and suffixes may be separable affixes. Affixation is, thus, the linguistic process speakers use to form different words by adding affixes. In Kazakh and English affixation is different. Because that they belong to different groups. Kazakh is an agglutinative language, and it employs vowel harmony. It is branch of the Turkic languages. In Kazakh exists almost exclusively in the form of suffixes. The English language belongs to the Anglo-Frisian sub-group of the West Germanic branch of the Germanic family, a member of the Indo-European languages. English has been forming compound words and affixing existing words separately from other languages. Abstract nouns in English may be formed from native words by the suffixes *"-hood"*, *"-ship"*, *"-dom"* and *"-ness"*. Modern English, unlike Kazakh language can show the sex by suffixal derivation (actor-actress, loin-lioness). So English and Kazakh languages are very different by grammatically suffixes. And to learn English and comparing it with Kazakh grammar is very difficult process.

Түркестан облысы, Түркестан қаласы
МКҚК " Күншуақ"бөбекжай - бақшасының әдіскері

Моминова Айткүл Татибаевна

Салт - дәстүр тәрбие құралы болған

Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады. Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық — өнеге тәжірибесін құраған.Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы — мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет-ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі. Қазіргі таңда салт-дәстүр мәселесі алғашқы орындарды тіреп тұр. Қазақ халқында көптеген салт-дәстүрлер мен ырымдар бар. Бірақ өкінішке орай адамдардың көбісі ырым мен салт- дәстүрді шатастырады екен. Ата баба өсиеті болып келе жатқан салт-дәстүрлердің өзіндік ерекшеліктері болса, ырым жырымдар арнайы тыйымдар үшін қолданылған. Дана халықтың өзі жасаған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және өмірде қолдану – ағайынды адастырмас сара жол. Мұны отбасында ата-ана, мектепте ұстаз, көпшілік ортада ақсақалдар жастарға үйретіп, айтып отырса, ұтарымыз көп болар еді

Қазақта баланы қайырымдылыққа, бауырмалдыққа, еңбекқорлықа тәрбиелейтін дәстүрлер көп,– дейді Құралай Сәрсембина. Өйткені этнографтың айтуынша, ұрпақ жалғастығына, әулеттің азып кетпеуіне, саналы ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы зор болған.

Айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай деген: "Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды". Сондықтан дәстүр мен тәрбиені ұштастыра білу керек.

Мысалы, "Қол ұшын беру" деген керемет дәстүр бар. Бұл дәстүр әлі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Қол ұшын беру – ауыл адамы біреудің үйінің жанынан өтіп бара жатып, кірпіш құйып, үй салып жатқандарын көрсе, өтіп кетпеген. Қол ұшын беріп, көмектескен. Яғни, бұл дәстүр арқылы адамды қайырымдылыққа

Алматы қаласы Наурызбай район №157 жалпы былым беретын мектеп

Мукашева Асем Канатовна

«Санды жауап» сабағы.

Мен бастауыш сынып оқушыларына математикадан, қазақ тілінен, әдебиеттік оқу, дүниетану және жаратылыстану пәндерінен сайыс сабақтың бірер түрлерін топтық, жұптық, жеке жұмыс түрлерін қолданып жүрмін. Жасыратыны жоқ, жалпылама сөздер оқушыларды жалықтырып, ынтасын кемітеді.

Сондықтан сабақтың дидактикалық құрылымын өзгертіп, оқушылардың ақыл - ойын, танымдық белсенділігін арттыру үшін жаңа материалды үйрету мен өткен тақырыпты тексеруде «Санды жауап» әдіс-тәсілін енгіздім. Ол берілген немесе оқыған материалдың ішінен ең негізгілері мен басты фактілерін табуға бағыттайды. Мұндай ойын элементін қолдану себебім біріншіден балалардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады екіншіден балалар сабақтың соңында бүгін қандай сандар бізге тосын сый болады екен деген оймен тапсырманы қызыға орындайды.

Бағдарлама бойынша белгілі бір бөлім материалын әңгіме немесе сұрақ-жауап әдісімен өткізсе уақыт көп кетеді, мұғалім де оқушылар да шаршайды. Мұғалімге оқушыларды жиі жетелеп, көп сөйлеуіне тура келеді. Мұндайда бар баланы қатыстыру мүмкіндігі жүзеге аса бермейді. Ал «санды жауап» әдісінде барлық бала қамтылады және деңгейлік тапсырмалар беруге де мүмкіндік болады.

Мәселен 2 сынып оқушыларының әдебиеттік оқудан жүйелі түрде оқу және оны игеру қызметінің алғашқы сатысы екендігін ескеріп, сабақ процесі оқушылардың көз алдында өтуіне ден қойдым. Бұл санды сабақ әдісін пайдалануда мұғалімнің шеберлігіне байланысты саралау, жеке, жұптық, топтық жұмыстарды да тексеруге болады. Мен мына жерде топтық жұмысқа қысқаша үлгі ұсындым.

Сабақтың тақырыбы: Дауысты дыбыстар

1. Психологиялық ахуал

2. Оқушылар үш топқа бөлініп, топ жетекшілері белгіленді.

Қатаң, ұяң, үнді дыбыстарын флешка әдісі бойынша алып үш топқа бөлінді. Топ ережесі таныстырылады.

3. Өткен сабақ бойынша үш топқа тапсырмалар беріліп, үй тапсырмасы тексеріліп, смарт сағаты бойынша оқушылар өздерінің жұмыстарын бағалады. (Өзін – өзі бағалау)

4. Жаңа сабақтың тақырыбын айтып, мақсатымен таныстырдым

5. Жаңа сабаққа ену үшін слайд бойынша дауысты дыбыстардың екі түрі болатыны олар кейде жуан кейде жіңішке болып айтылуы т.б мәліметтер көрсетілді.

6. Оқушылар жаңа тақырыптан не түсінгендерін ауызша айтып, жеткізуге тырысты. (Сұрақ-жауап әдісі пайдаланылды)

7. Бой сергіту сәті (әуенмен)

8. 1 топқа тапсырма

А. Жуан дауысты дыбыстар нешеу?

3. 5

7. 12

В. Жінішке дауысты дыбысы бар сөздер қатарын белгіле

1.Ірімшік,тиін

4.Қала,торғай

С. Шаңырақ сөзінде неше дауысты дыбыс бар?

2. 6

8. 3

--	--	--

Жауап:

Осыған ұқсас етіп, үш топқа үш түрлі тапсырма беріліп орындалады, (осы кезде мұғалімнің шеберлігіне байланысты саралау тапсырмасын да беріп жіберуге болады).Әр топ өздерінің жауаптарын слайдта тұрған дұрыс жауаптармен тексеріп, әр топ өздерінің жұмыстарын бағалайды.

Мысалы:

1 топ жауабы: 3 1 8

2 топ жауабы: 4 9 2

3 топ жауабы: 8 6 7

Сабақта кемінде әр түрлі 4 тапсырма орындалуы тиіс.

Егер уақыт мүмкіндік берсе, ары қарай басқа да жұмыс түрлері жалғастырылуы мүмкін. Жұмыстың түрлерін,орындау шарты мен ретін өзім белгілеймін.

Сабақта қоңыраулы сағат қойып,өздерімен келісіп, әр тапсырмаға уақыт белгілеп отырамын.

Естеріне сақтауды ескертіп,қысқаша қорытындылаймын.

Сабақ барысындағы топ мүшелерінің баға қоры жинақталуы тиіс.

Топ жетекшілері оқушының қызметіне

баға береді. Орташа және нашар оқушылардың орындаған

жұмысы , ынта-белсенділігі, бәрі-бәрі есепке алынады. Ал, топаралық сайыстың қорытындысы жалпы баллмен шығарылып орындар беріледі.

Сонымен балаларға екі баға, алғашқы - топтары оқушының сабақтары білімі мен іскерлігіне, екіншісі санды сабақ үшін қойылады. Уақыт үнемдеу үшін хабарлаған бағалауды топ жетекшілерінің айтуымен сабақтан кейін сыныптың электронды журналына көшіремін.Оқушылар өздерінің алған балдарына қарап, тіпті нашар оқитын оқушы да ізденіс танытып, жетекшіден ,досынан көмек алады, сол ортаға бейімделіп. қатарынан қалмауға тырысады. Оқушылар бір жұмыстан екінші жұмысқа тез ауысып отырады, жалықпайды.

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

«Санды жауап» балалардың білімін тексеруге, дағдысы мен іскерлігін есепке алуға қолайлы. Мундай сабақта мұғалімнің қызметі түбірінен өзгереді. Ол шәкірттердің танымдық, тапқырлық қабілетін бағыттаушы, жеке оқушы мен топтың ынтымағын, коллективтік еңбекті ұйымдастырушы ролін атқарады. Керісінше ой еңбегін атқарушы, оны сарапқа салушы сабақ иелері - оқушылар болады.

Жеңілден - ауырға, белгіліден-белгісізге жетелейтін «санды сабақ» құрылымын дұрыс ұйымдастырса, жарыстастық ахуал туындап, білімді және тәрбиелік сипаты арта түседі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж
балаларды қолдау орталығы тәрбиешісі
Мухамеджанова Салтанат Узакбаевна



Тақырыбы: «Ертегі әлеміндегі жабайы жануарлар»

Мақсаты: Жабайы жануарлар және олардың төлдері туралы білімдерін толықтыру. Олардың төлдерінің аттарын үйрету. Ертегі әлеміндегі жануарлардың мінезіне сипаттама бере отырып, қандай ертегі кейіпкері екенін ажыратуға дағдыландыру. Сурет арқылы ертегі мазмұнын құрастыруға дағдыландыру. Жан- жануарларды қорғауға тәрбиелеу.

Билингвалдық компонент: қасқыр-волк, лиса- түлкі, қоян-заяц.

Сөздік жұмыс: мыршай, көжек.

Көрнекіліктер: жабай жануарлардың макеті, суреттер

Балалар қане шаттық шеңберін айтып сабағымызды бастаймыз. Бір кезде бір дауыс естіледі.

Балалар, қане тыңдайықшы, бір дауыс шығатын сияқты. Қараңдаршы бізге адасып қалған қасқыр келіп қалыпты.

Балалар қане, қасқырмен амандасайық. Бұл қасқыр бізге Қызыл телпек ертегісінен келіпті. Ертегіде қасқыр не істеп еді еске түсірейікші. Біз қасқырды орманға жеткізуіміз керек.

- Ал, осы қасқырдан басқа қандай жабайы жануарларды білесіңдер?

- Ия, балалар осы жабайы жануарлардың көбі біздің ертегілеріміздің кейіпкерлері.

Балалар, осы қасқыр туралы ертегі білесіңдер ме?

- Балалар қасқырдың ертегідегі рөлін айтып береді.
- Балалар көмектесуге тырысады.
- -Балалар білген жабайы жануарларды айтып береді.

Балалар, қасқыр қайда өмір сүреді?

Ал, ендеше бiз орманға барайық.

Орман ауасы қандай таза, олай болса тыныс алайық.

Балалар қасқырдың үйі апан деп аталады, сол апанға жеткізүміз керек, ол үшiн кедергiлерден өтсек, қасқырды үйшiгiне жеткіземiз.

1. Аюдың тапсырмасы- сендер мен туралы не бiлесiңдер?
2. Тiлдерiңдi жаттықтырып, жаттығу жасаңдар.

Ю-ю-ю –аю

Балалар, аюдың баласын қонжық деп айтады.

Маған мына жерден әр қайсысың бiр балықтан аулап берiңдер. Балалар балықты аулап, артындағы суреттi әңгiмелейдi.

Балалар сергiту сәтiн орындайды.

3. Менiң жұмбақтарыма жауап берiңдер.

Өзi қу, айлакер, жүрген жүрiсi бұлғаң, бұлғаң.

Жазда қыдырады,

Қыста демалады.

Бұтадан- бұтаға секiредi,

Кiшкентай ғана шапшаң аң.

Орғыған қорқақ, көзi қыли.

Қысы-жазы екi түрлi тон киедi.

Балалар, жарайсыңдар, ендi аюдың кедергiсiнен өттiк. Ендi түлкiнiң кедергiсiнен өтуiмiз керек. Түлкi қандай аң? Балалар түлкiнiң баласын мыршай деп атайды. Орғыған қорқақ, көзi қыли.

Қысы-жазы екi түрлi тон киедi.

Балалар, жарайсыңдар, ендi аюдың кедергiсiнен өттiк. Ендi түлкiнiң кедергiсiнен өтуiмiз керек. Түлкi қандай аң? Балалар түлкiнiң баласын мыршай деп атаймыз.

1. Тапсырмасы. «Кiм немен қоректенедi»

НАҲҚАРАЛЫҚ ӨРЛЕҮ-ӨРКЕНДЕҮ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

2. Балалар, үйшік ертегісінде түлкі не істеді?.

3 тапсырма. Балалар мына кітаптарының ішінен бір ертегіні суретіне қарап айтып берсеңдер өтесіңдер.

Ендеше, бәріміз жиналып, көзімізді жұмып 1,2,3 деп санасақ, өзіміздің топқа келеміз.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жабайы жануарларды.

Үйренеді: Жабайы жануарлардың тілдерін.

Қолданады: ертегі кейіпкері ретінде жабайы жануарларды қолданды.

<p>Ұйымдастырушылық ізденіс.</p>	<p>Балалар, қасқыр қайда өмір сүреді?</p> <p>Ал, ендеше біз орманға барайық.</p> <p>Орман ауасы қандай таза, олай болса тыныс алайық.</p> <p>Балалар қасқырдың үйі апан деп аталады, сол апанға жеткізуіміз керек, ол үшін кедергілерден өтсек, қасқырды үйшігіне жеткіземіз.</p> <p>3. Аюдың тапсырмасы-сендер мен туралы не білесіңдер?</p> <p>4. Тілдеріңді жаттықтырып, жаттығу жасаңдар.</p> <p>Ю-ю-ю –аю</p> <p>Балалар, аюдың баласын қонжық деп айтады.</p> <p>Маған мына жерден әр қайсысың бір балықтан аулап беріңдер. Балалар балықты аулап, артындағы суретті</p>	<ul style="list-style-type: none">• Орманда.• Балалар тыныс алу жаттығуын жасайды.• Балалар, тәрбиешіні мұқият тыңдап, кедергілерден өтуге тырысады.• Балалар, аю туралы өз ойларын айтып береді.• Балалар аюдың баласы қонжық деп кайталайды.
---	--	--

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>әңгімелейді.</p> <p>Балалар сергіту сәтін орындайды.</p> <p>3.Менің жұмбақтарыма жауап беріндер.</p> <p>Өзі қу, айлакер, жүрген жүрісі бұлғаң, бұлғаң.</p> <p>Жазда қыдырады, Қыста демалады.</p> <p>Бұтадан- бұтаға секіреді, Кішкентай ғана шапшаң аң.</p> <p>Орғыған қорқақ, көзі қыли.</p> <p>Қысы-жазы екі түрлі тон киеді.</p> <p>Балалар, жарайсыңдар, енді аюдың кедергісінен өттік.Енді түлкінің кедергісінен өтуіміз керек.Түлкі қандай аң?Балалар түлкінің баласын мыршай деп атаймыз.</p> <p>2. Тапсырмасы. Д;О «Кім немен қоректенеді»</p> <p>3. Берілген таблицалардан сөйлем құрастыру.</p> <p>4. Балалар, үйшік ертегісінде түлкі не істеді?.</p> <p>3 тапсырма.Балалар мына кітаптарының ішінен бір ертегіні суретіне қарап айтып берсеңдер өтесіңдер.</p> <p>Ендеше, бәріміз жиналып, көзімізді жұмып 1,2,3 деп санасақ, өзіміздің топқа</p>	<p>Балалар барлығы қосылып қайталайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Балалар, үстел үстіндегі балықтарды аулап, әрқайсысы балықтағы суреттен сөйлемдер құрастырады. • Ұзын құлақ сұр қоян. <p>Естіп қалып сыбдырды</p> <p>Ойлы қырлы жерлерден</p> <p>Ытқып, ытқып жүгірді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Балалар жұмбақтың жауабын айтады.
--	---	--

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>келеміз.</p>	<p>Балалар түлкі қандай аң екенін айтып береді.</p> <p>Балалар жабайы жануарлар немен қоректенетінін айтып береді.</p> <p>Балалар, түлкінің суретіне қарап түлкі туралы білгендерін айтады.</p> <p>Балалар қай ертегіде барын айтады.</p> <p>Балалар суретке қарап ертегіні айтып береді. «Үш аю»</p> <p>Балалар көздерін жұмып, тәрбиешіні қайталайды.</p>
<p>Рефлексивті коррекциялау</p>	<p>Балалар, қолымызға микрофонды алып сабақта не істегенімізді айтайық.</p>	<p>Балалар сабақтан алған әсерлерімен бөліседі.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жабайы жануарларды.

Үйренеді: Жабайы жануарлардың тілдерін.

Қолданады: ертегі кейіпкері ретінде жабайы жануарларды қ

Нсамбаева Замзагул Тулегеновна

“Құлыншақ” бөбекжай бақшасы

Тәрбиеші



БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕСІ – БАЛАБАҚШАДА

«Ұлт тәрбиесі – ұлт болашағы» демекші, өскелең өсіп келе жатқан бала – біздің болашағымыз, оларға бала кезінде сіңірген тәрбие еліміздің ертеңі үшін маңызды рөл атқарады. Ел ертеңі – жастар болғандықтан, оларға беретін тәрбие мен білімнің деңгейі өте жоғары болуы керек. Білімді, ұлт болашағын ойлайтын азаматтарды тәрбиелеудің бастауы балабақшадан басталады. Бала бақытының шынайы бағбаны – отбасы, балабақша мен мектеп. Білімнің бастауы – балабақшадан, себебі баланың өмірге басатын қадамының алғашқы баспалдағы дәл осы жерден басталады. Олай болса, балабақша барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы қақпасы деп сенімді айта аламыз.

Бұл өмірде әр адам жаратылысынан бір-біріне ұқсамаса да, олардың жақсы болып өсуі өскен ортасы мен тәрбиесіне байланысты. Жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты мақсат – оның бойына отансүйгіштік, адамгершілік құндылықтары бар, жан-жақты дамыған, көзі ашық, көкірегі ояу азаматты тәрбиелеу. Әрбір ата-ана баласын балабақшаға берер кезде оның болашағына, біліміне, қауіпсіздігіне бей-жай қарай алмайды, өзінің талаптарына сай орын іздейді, тәрбиешілердің біліктілігіне де назар аударады. Баласының болашағын ойлаған ата-ана үшін осындай сұрақтардың болуы әрине қалыпты. Сондықтан да мемлекет тарапынан да бұл сұрақтар бақылауға алынып, мектепке дейінгі мекемелерде балаға арнап қолайлы ортаның болуы қатаң бақылауда ұсталады.

Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымдардың инфрақұрылымдық дамуын және білім мазмұнын жақсартуға арналған мектепке дейінгі мекемелер қызметінің үлгілік қағидалары бекітілген. Мектепке дейінгі мекемелерде бала дұрыс және пайдалы тамақтануға, таза ауыз суға, тиісті санитарлық жағдайдар мен медициналық көмекке, ал ең бастысы, тәрбие мен оқуға құқылы.

Осы тұста айтылған баланың тәрбиесі мен біліміне біздің, яғни педагогикалық ұжымның әсері өте көп. Білікті маман болып, бар білгенімізді бала бойына сіңіруде аянбай еңбек етуіміз керек. Әрине, мектеп оқушысы мен балабақша тәрбиеленушісінің арасында үлкен айырмашылық бар. Біздің алдымызға оңы мен солын әлі танып үлгермеген кішкентай ғана бүлдіршіндер келеді. Олар ата-аналары жұмыста болған уақытта, күнінің көп бөлігін балабақшада өткізетін болғандықтан, біз олар үшін екінші ата-анадай боламыз. Әр баланың психологиясына, мінез-құлқына байланысты тілін табуға тырысамыз. Ең бірінші, олардың қауіпсіздігін жіті қадағалаймыз. Үлкендерден гөрі, балалармен қарым-қатынас жасау аса үлкен шыдамдылық пен ыждахаттылықты талап ететін жұмыс болып табылады. Осы тұста біз оларға психолог та бола білуіміз керек.

Балабақшадағы берілетін тәлім-тәрбиенің мықты болуы, ондағы қызметкерлерге байланысты. Балабақша тәрбиешісі – суретші де, әнші де, ақылшы да, баланың жанын түсінер психолог та, ұстаз да болуы керек. Бұл мамандық қызметкердің бойынан жан-жақтылықты талап ететін сала. Біз бүлдіршіндермен жұмыс жасау барысында олардың көңіл-күйінің жақсы болуына көп назар аударамыз. Себебі, бала тек жақсы көңіл-күйде болған кезде ғана жақсы білім ала алады, көп нәрселерге зейінін дұрыс қойып, бөтен нәрселерге көңілін салмайтын болады. Әсіресе мерекелік іс-шаралар ұйымдастырған кезде біз әр баланың концертте қалып кетпей өнер көрсетуіне, ойындарға қызығушылықпен қатысуына, бала бойындағы таланттың іште қалып кетпей, оның ашылуына көп көңіл бөлеміз.

Осы салада қызмет етіп жүрген тәрбиешілерге қойылатын негізгі талаптар бар және олар жайлы төменде айта кетейін:

1. Тәрбиеші болатын адам өзінің мінезін, жүріс-тұрысын үнемі қадағалап, балалар іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуі керек;
- 2.
3. Арнаулы білім, білік пен іскерлік дағдыны меңгеруі керек;
- 4.
5. Баламен еркін, оны жақын тартып сөйлесе білуі керек;
- 6.
7. Жұмысты жүйелі ұйымдастыра білуі керек, қажет жерде қаталдығын да, кей жерде

ezildesede biluı kerек. Eñ bastysy – балаға тиісті көңіл бөліп, оның да көңілін аударта алуы керек

9. Бала бізге қарап бой түзейтін болғандықтан, оларға өнеге, тәлім-тәрбие беруші ретінде

өзімізді дұрыс ұстай білуіміз керек;

10.

11. Және тағы бір керек талап – ата-аналармен үнемі байланыста болып, тіл табыса білу.

Алдымызға келген 2 жасар сәбиден бастап мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді тәрбиелейтін болғандықтан, олардың сөйлеу тілін дамытып, қарым-қатынасқа икемдейтін, оны мен солын ажыратуға үйрете отырып, сурет салу, мүсіндеу сынды бойына шығармашлық қабілеттерді де сіңіртетін ол әрине, біз – тәрбиешілер. Осы тұста байқайтынымыз, ұлт болашағының негізі – балабақшадан бастау алатыны. Оны дұрыс қалау, берік етіп орналастыру – ең негізгі міндет.

Сондықтан да, тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалықтарынан сыртқары қалмай, үнемі ізденіс үстінде болуы керек. М.И.Калиннің «мұғалім ең жауапты міндетті орындайды – ол адамды қалыптастырады» деген сөзінен-ақ мұғалім мамандығының жүгін де, жемісін де, жеңісін де байқай аламыз. Жақсы ұрпақ тәрбиелеудің қандай абыройлы да, жауапты іс екенін осы сөздерден-ақ түсінеміз.

Қорытындылай келе айтарымыз, балабақша – болашақтың іргетасы, жас ұрпақты тәрбиелейтін киелі ұя. Балабақшадан дұрыс тәрбие мен білім алып шыққан бала, болашақта мектепке аяқ басқан кезде де сол білімі мен тәрбиесін жалғастырып, болашақта елінің мықты азаматы болады. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», деп әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби айтқандай, балаға ең бірінші жақсы тәрбие беріп, сол тәрбие арқылы қоғамды тануға, білім мен ғылымды игеруге жол ашамыз. Бұл тұста, әуелгі міндет ата-анада болса, екінші және ең жауапты міндет ұстаздарда болады. Олай болса, осындай абыройлы міндетті жақсы атқарып шығу жолында аянбай еңбек етіп, жақсы жұмыс істейік! Ұлттың болашағын тәрбиелейтін – ұстаз есімімізге кір келтірмей, асқақтата берейік!

Талғар ауданы
Бауыржан Момышұлы атындағы №35 мектеп-гимназиясы
Химия пәнінің мұғалімі

Нұрғалиева Жанар Талғатқызы

Педагог-сарапшы

«Химия сабағында PISA тапсырмаларын қолдану»

Мен өз тәжірибемде стандартты емес ойлауы бар, бірақ мектептің білім беру бағдарламасы бойынша тапсырмаларды орындау қиынға соғатын оқушыларға сабақ бердім. Мақалада оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту үшін химия кейстерінің технологияларын қолданудың жаңалығы және бұл оқушылардың білім сапасына қалай әсер ететіні көрсетілген.

Түйінді сөздер: кейс, креативті ойлау, креативті ойлауды бағалау, инновациялық шешімдер

Кіріспе

Қазіргі әлем кез-келген қызмет саласында шығармашылық тұлғаны қажет етеді. Сондықтан қазіргі уақытта кәсіби білім беруді жан-жақты бәсекеге қабілетті тұлғаның өзін-өзі дамытуын ынталандыруға бағыттау маңызды. Шығармашылық ойлау-инновациялық шешімдерді (инновациялық, түпнұсқа, стандартты емес), әсерлі көріністі (әсер қалдыратын) алу үшін идеяларды жетілдіруге қатысу мүмкіндігі. 2021-2022 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде білім беру процесін ұйымдастыру туралы ақпараттық-әдістемелік хатта: "2022 жылы оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық зерттеудің кезекті циклін (бұдан әрі – PISA) өткізу күтілуде. PISA зерттеуі 15 жастағы жасөспірімдердің өмірдегі нақты мәселелерді шешу үшін мектепте алған білімдері мен дағдыларын пайдалану қабілетін өлшейді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау үш негізгі бағыт бойынша жүргізіледі: математика, жаратылыстану ғылымдары және оқу. PISA-2022 негізгі бағыты математикалық сауаттылықты бағалау болады, шығармашылық ойлау дағдылары қосымша бағаланады. Бұл ретте адам өмірдің төрт саласында: жеке, ғылыми, кәсіби және қоғамдық дағдыларды қолдана білуі қажет" [1].

Зерттеудің негізгі мақсаты: Сабақта PISA тапсырмаларының кейстерін қолдану оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға, одан әрі оқушылардың білім сапасына қалай ықпал ететінін анықтау.

Зерттеудің өзектілігі мынада: PISA тапсырмалары оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді және болашақта сабақта оқу процесін ұйымдастыруға ықпал етеді.

- **Зерттеу жоспары:** PISA бойынша халықаралық зерттеулермен танысу
- Сабақ барысын бақылау
- Мұғалімдерден сауалнама алу
- Оқушылардан сауалнама алу
- Оқушыларды PISA –ға дайындаудың тиімді жолдарын ұсыну

Зерттеудің сұрақтары мен әдістері әртүрлі көздерден алынған ақпаратты зерттеуге негізделген, осы тапсырмаларды қолданғаннан кейін тәжірибеде өзгерістерді жоспарлау және жүзеге асыру, негізгі тұжырымдар жасалды және одан әрі іс-қимыл жоспары жасалды. Зерттеу келесі сұрақтарға негізделген:

- 1) Шығармашылық ойлайтын оқушыларды қалай анықтауға болады?
- 2) PISA форматындағы тапсырмалар оқушылардың білім сапасын арттыруға қалай ықпал етеді?

Сондықтан зерттеу мақсатында келесі зерттеу әдістері қолданылды: бақылау, сауалнама. Зерттеу мәселесін зерделеу және қарастыру кезінде оқушыларға осындай тапсырманы орындау қиынға соғатыны анықталды. Сондықтан оқушыларды бағалаудың инновациялық әдістеріне негізделген оқытуға жеке көзқарас бұл мәселені шешуге ықпал етеді.

Оқу процесін дұрыс ұйымдастыру үшін оқушының барлық жеке сипаттамаларын қамтамасыз ету қажет. Кез-келген сыныпта шығармашылық тұрғыдан ойлайтын оқушылар бар және мұғалім әрқайсысына көзқарас табуы керек.

Егер оқушы тапсырмалардың қажетті деңгейін орындаған болса, онда ол негізгі дайындық деңгейін игерді деп саналады. Осыдан кейін материалды игерудің жоғары деңгейлері қалыптасады.

Бірақ оқушылардың ерекше қабілеттерін анықтауға арналған тапсырмалар болса, қалай ары қарай жүруге болады?

Өз сабақтарында өз тәжірибесіне өзгерістер енгізе отырып, оқушыларға тапсырмалар бере бастады. Барлық оқушылар тапсырмаларды тез орындай алмады, кейбіреулері маған тапсырмалардың қиын екенін айтты.

Зерттеуімнің басында Мен креативті оқушыларды және олардың стандартты емес тапсырмаларға деген көзқарасын анықтау мақсатында оқушылар арасында сауалнама жүргіздім.

Сұрақтар:

- 1.Сіз өзіңізді шығармашылық адам деп санайсыз ба?
- 2.Өзіңізде шығармашылықты дамыту үшін не істер едіңіз?

Менің жұмысымның келесі кезеңі креативті оқушыларды анықтау болды. Мен бұл тапсырманы әртүрлі жастағы, 7-10 сынып оқушыларына бердім. "Шеңберлер" тапсырмасы, онда 5 минут ішінде оқушылар шеңбердің ішіне немесе айналасына 20 сурет салуы керек болды. Бұл тапсырма балаларға өте ұнады, олардың қиялында шекара болмады, мысалы, мен олардың ғарышқа қаншалықты қызығушылық танытатынын, қаншалықты тапқырлыққа ие екенін білдім.

Осы тапсырманы орындағаннан кейін Мен өзім үшін жас оқушының шығармашылығына ешқандай әсер етпейтінін түсіндім, егер адам табиғаты бойынша сыйлық алса, онда ол әрқашан солай болады.

"Шығармашылық туралы .Мұнда ешқандай ереже жоқ "автор Джон Хегарти көптеген түрлі пікірлер айтады, олардың кейбіреулері менің пікіріммен сәйкес келеді" өте аз адамдар "шығармашылық" ұғымын және "шығармашылық адам"сөзінің мағынасын анық көрсетеді. Шығармашылық адам ұзын шашты өсірген, бейтаныс киім киген және айналасындағыларға хамит киген адам емес. Шығармашылық адам, егер ол шынымен қаласа, солай болуы мүмкін, бірақ бұл қасиеттердің өзі Жаратушының анықтайтын сипаттамалары емес. Шығармашылық адам-ол құмар, сезімтал, айналасында болып жатқан оқиғаларға мән береді, өзін саналы ұстайды, сөздеріне жауап береді, толық жұмыс істеуге ақша салады, ең бастысы, ол өнертапқыш. Бұл нағыз шығармашылық адамның қасиеттері, басқаша айтқанда, бұл біздің кез-келгеніміз болуы мүмкін. Автор жазады, " кез-келген шығармашылық идеяларға негізделген. Түпкілікті шығармашылық өнім қандай болмасын: роман, фильм немесе сурет – бәрі идеядан басталады. Идеясыз бұл әлемде ештеңе пайда болмайды. Идея-бұл "ой немесе ойдың күшімен жасалған жоспар". [2].

Оқушылардың жауаптарын талдай отырып, оқушылар мұны түсінеді деп айтуға болады Шығармашылық бұл қораптан тыс ойлау, бірақ бәрі де оның дамыған-дамымағанын түсінбейді, бірақ оны дамытудың тиімді жолдарын ұсынады.

Тапсырманы орындау кезінде 7-сынып оқушылары белсенді болды, идеялар әртүрлі болды, 10-сынып оқушылары дәлірек жауаптар берді, бұл тақырыпқа аса қызығушылық танытпайтын, бірақ қиял мен шығармашылық ойлау қабілеті дамыған оқушылар. Олар стандартты емес ойлау және математикалық қабілеттерге ие, 7 және 8 сынып оқушылары болды."В" және "А" оқушылары тапсырмаларға толық емес жауаптар ұсынды, негізгі қиындық батискафты есептеу және жетілдіру. Зерттеу үшін Мен үш оқушыны таңдадым: С -" күшті", В -" орташа "және А - "әлсіз" - әр түрлі сынып

оқушылары. Дегенмен, оқшаулау қиын болды, өйткені оқушы оқу және шығармашылық дәрежесі бойынша мүлдем басқа ұғымдар. Менің ойымша, барлық оқушылар сәтті оқи алады, бұл шығармашылық адам ма, жоқ па маңызды емес. Маслоу өзін-өзі көрсетудің бір түрі оқыту деп есептеді. Кез-келген оқушыға тапсырмаларды орындау үшін әр түрлі уақыт қажет, және бұл бөлінген уақыт көптеген факторларға байланысты, мысалы, оқушының "өзін-өзі бағалауы", мен "әлсіз" оқушы ретінде анықтаған оқушы үшін, өйткені мен оның өзін кейбіреулеріне қарағанда төмен деп санайтынын көрдім сынып оқушылары және кез-келген қателік жасамау үшін жетекшілік етеді. PISA тапсырмаларын орындау, әсіресе, өзін-өзі бағалауы төмен, бірақ батискафты есептеу мен жетілдіруді ұсынуда қиындықтарға тап болған А, В оқушыларының сенімсіз оқушыларына оң әсер етті. С типті оқушылар тапсырмаларды аса сенімділікпен орындамады. Жыл қорытындысы бойынша барлық 3 оқушы жақсы аяқтады, А-85% оқушы, В -84% оқушы, С - 100% оқушы. Оқушының шығармашылық ойлауы әрқашан оқушылардың білім сапасына әсер етпейді. PISA форматындағы тапсырмалар оқушылардың оқу мақсаттарына жетуге деген ынтасын арттыруға ықпал етеді. Сабақта оқушылардың қызығушылығын сақтау үшін тапсырмалар мен бағыттардың форматтарын жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтан біртіндеп шығармашылық ойлауға өзгерту керек, үнемі ізденісте болу керек. Оқушылар өз жұмыстарын бағалау барысында олардың шығармашылық қабілеттерін ескере отырып, орындау дағдыларын тексеруге көбірек көңіл бөлінетінін түсінеді. Тапсырмалар оқушылардың өзін-өзі бағалау және өзара бағалау қабілетін дамытады. А, В немесе С деңгейін таңдаған оқушының жұмысын бағалау кезінде оқушының пайдасына бағалау. Сондай-ақ, осындай тапсырмаларды орындау оқушылардың оқу мақсаттарына жету бағытында шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді,

оқушылардың зерттелетін материалға деген қызығушылығы оқушылардың пән бойынша білім сапасын арттырады. Студент жасына қарамастан өзінің оқулықтарын өз бетінше және саналы түрде анықтай алады және мұғаліммен бірге оларды жою үшін жұмыс істей алады, осылайша ол өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі бағалауға ауысады және өзін-өзі реттеуге ықпал етеді. Осы сипаттағы тапсырмаларды орындау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және тақырыпты одан әрі зерттеуге ынталандыруға ықпал етеді. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы оқушылардың білімін тереңдетеді, өзара оқуға ықпал етеді. Көптеген теориялық және эксперименттік зерттеулерге қарамастан, шығармашылықты дамыту мәселесі әлі де қосымша зерттеуді қажет етеді, өйткені белгілі тұжырымдамаларда табиғат, шығармашылықты дамыту факторлары туралы сұрақтарға нақты жауап жоқ, феноменологияға, шығармашылық тұлғаның қасиеттерін жіктеуге бірыңғай көзқарас жоқ. [2], Бірақ мен оқушылардың білім сапасын арттыру және пәнге деген ынтасын арттыру мақсатында осы бағытта жұмысты жалғастырамын.

1a	16	2	3	4	5	6
----	----	---	---	---	---	---

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY


Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

қарапайым заңдылықтарды анықтай алатын, негізгі ғылыми терминдерді білуге арналған тапсырмалар	негізгі қарапайым деректер жиынтығы негізінде қорытынды жасай алуға бағытталған тапсырмалар	шама таныс құбылыстарды ұсынылған кеңестерді пайдаланып, түсініктеме бере алатын тапсырмалар	білімді қолдана алатын, күрделі немүлдем таныс емес жағдайлар мен үдерістерді түсіндіруге тапсырмалар	бірнеше себеп-салдарлық байланыстардан тұратын кешенді құбылыстар мен үдерістерді ғылыми идеяларды немесе ұғымдарды қолдана отырып түсіндіретін тапсырмалар	болжамдар мен болжауларды қалыптастыру үшін деректерді интерпретациялауға арналған тапсырмалар
100%	100%	100%	82%	67%	48%

PISA тапсырмасы

АУЫЗ СУ

Берілген тапсырма



Жоғарыда көрсетілген суретте, қаладағы үйлерге берілетін судың ішуге қалай жарамды болатыны көрсетілген.

Сұрақ 24: АУЫЗ СУ

Су тазалатын құрылыс қызметкерлері, су сапасын бақылауға жауаптылар, кезекті тазалау процесін жасап болғаннан кейін суда қауіпті бактериялар бар екенін анықтады деп болжайық.

Адамдар өз үйлерінде бұл суды ішер алдында не істеу керек?

Сұрақ 25: АУЫЗ СУ

Лас суды қолдану келесі ауруларға әкеліп соғуы мүмкін бе?
(«Иә» немесе «Жоқ» жауаптарын айналдыра сызыңыз)


Лас суды қолдану келесі ауруларға әкеліп соғады ма?	Иә немесе Жоқ?
Диабет	Иә / Жоқ
Диарея	Иә / Жоқ
ВИЧ-инфекциясы немесе ЖҚТБ	Иә / Жоқ

Сұрақтар:

3. Суды тазалаудың екінші кезеңінде суды неден тазалайды?
4. Суды не үшін хлорлайды?
5. Не себепті суды тұрғындарға жіберер алдында лабораториялық тексеруден өткізеді?

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýımı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly



HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly



пәнаралық және пәнішілік байланыстарды қолданады.



тапсырмаларды алдын-ала анықтайды, сабақ барысында оқушыларға ұсынады. Дегенмен, кейде сабақ уақытында толық анализ жүргізуге, кері байланыс жүргізуге уақыт жетпей қалады



сурет, график, кестемен жұмыс барысында академиялық тілге назар аудара отырып, оқушылардың жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.



Ғылыми үдерістерді пайымдау үшін дәлелдер келтіруге тапсырмалар беріліп, оқушылармен талданады. Дегенмен, кейбір күрделі немесе таныс емес үдерістерді, тәжірибелерді, деректерді интерпретациялауда оқушыларды көбірек сөйлету көзделеді.



оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріледі.

Сабақты зерттеу нәтижесі:

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2021-2022 оқу жылындағы ақпараттық-әдістемелік хат
2. Жолдасбеков А.А., Әжібеков К. ж., Мамбетов М. К., Жолдасбекова К. А., Сихымбаев к. с. оқу процесінде студенттердің шығармашылық ойлауын дамыту// Халықаралық эксперименттік білім журналы. – 2015. – № 2-2. – 136-137 ББ;
3. Джон Хагерти " Шығармашылық туралы .Мұнда ережелер жоқ " http://loveread.ec/read_book.php?id=66343&p=1

№19 Раушан бөбекжай бақшасы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Омарбекова Динара Аманбаевна

Балабақша – тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді жан-жақты қабілетті ұрпақ-ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы-балабақшада. Балабақша баланың жаңа өмірге деген алғашқы қадамы. Себебі балабақшада оны күткен өзі қатарлас балалардың, бала күтушілер мен тәрбиешілерден тұратын үлкен ұжым бар. Балабақшада тәрбиеленуші таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді.

«Балалар – біздің болашағымыз.» Сондықтан балаларды ерекше күтіп тәрбиелеу керек. Әсіресе ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіміз керек. Және баланың үйде отырмай, балабақшаға барғаны жөн. Өйткені, бала сыртқа шықса айналадағы ортаға үйренеді, мінезі ашылып тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша ең алдымен баланы тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Баланың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы ұрпақты жақсылыққа тәрбиелейміз. Ата – бабаларымыз айтқандай баланың тәрбиесі бесіктен басталады, яғни тәрбиенің негізі отбасынан бастау алады. Балабақша, одан кейін мектеп, адамның қоршаған ортада жеке тұлға ретінде қалып- тасуына көмектеседі. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады деп ойлаймын. Ата – аналар таңертең бізге балаларын әкеліп, жұмысқа кетеді. Ата – анасы аманаттап бізге сеніп тапсырып кеткен балаларға жауапкершілікпен қарамауға болмайды. Балалар аман, қуанып жүрсе, бізге одан артық бақыт жоқ.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім саласының басты міндеттерінің бірі өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балаларды мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс тәсілдер көбейіп, жаңарып толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдану.

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата-анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезімен, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт дәстүр, мақал мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата-ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол ашады.

Адамгершілік – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, мақал-мәтелдер болып келеді. Сәбилер бесік жырын тындай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. Үлкенге - құрмет, кішіге – ізет деген мақал – мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Тәрбиеші – киелі мамандық. Ол ертеңгі болашақты, болашақ иесін, ұлтын тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мағлұмат беру, баланы өмір сүруге икемдеу, адами қылықтарды бойына дарыту - оңай шаруа емес.

Тәрбиеші – суретші, әртіс, әнші, биші, ақылшы, дос және баланың тілін түсінетін, жанын ұғатын жан.

Балабақшадағы оқу қызметтері бес сала бойынша іске асып, балалар бойына ойын түрінде білім нәрін сусындатады. Тілін дамытып ортаға бейімдеп қарым – қатынасқа икемдейді. Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын – қысқа, үлкен кішіні ажыратады. Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығарымашылығы дамып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімделеді. Қоршаған ортада табиғи құбылыстармен кеңінен танысады. Өздері түрлі рөлдерді сомдай отырып салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұчстап өсу жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз.

Осы бүлдіршіндеріміз әр мерекелік іс-шараларға белсене ат салысып өз өнерлерін көрсетуге тырысады. Балалардың ішінде әнші, биші, бояушы, сынды өнерлі балалардың қабілеті ашылады. Балалар үнемі бір-біріне кешір, өтінем сөзін жиі айта отырып, мейірімділіктің негізін қалайды, осылайша немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына,

үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды. Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті ермексаз, тақтайша, қылқалам т.б дайындауға көмектеседі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз. Әрбәір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымызды немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілер. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан. Тәрбиеші – балаға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды. Балаларға мінез қалыптастыруға, байланыстырып сөйлеуді, ойлау қабілетін дамытуға, дүниетанымын кеңейтіп, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды шағызды шақ болып келеді. Осы кезде баланың бойындағы табиғи дарыны жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дейінгі шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім беру балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала-болашағымыз, бала-қуанышымыз.

«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім – тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Балабақша бақыттың ең алғашқы баспалдағы, баланың болашағы. Бала тәрбиесі – үлкен өнер. Әр балаға әр түрлі тәсіл керек. Біреуіне ақыл айтсаң да жетеді, біреуіне ақыл жүрмейді, мінез құлқына қарай басқа амал табу керек. Бала жүрегі кішкентай ғана күй сандық, оның кілтін тапсаң ғана ашылады.

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

Қорыта келгенде, өмірін осы қызметке арнаған адам, өз өнерін, бойындағы барлық қасиеттерін дарытқысы келетін адамды нағыз тәрбиеші деп санауға болады. Тәрбиеші – болашаққа ізгілік нұрын себушілер. Сол ұлы жолда шаршамайық, ізгілік нұрын себуші, жол нұсқаушы тәрбиешілер.

НАҒЫҚАРАЛЫҚ ӨРЛЕҮ-ӨРКЕНДЕҮ

Halyqaralyq gyymti-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

Туркістан облысы. Сауран ауданы.
Ескі Иқан ауылы.«Әл-Фараби»
атындағы жалпы орта мектебі.
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі





Расулова Гулноза Пайзурахмановна

Бөлім:	3-бөлім. Жердегі климаттық өзгерістер.		
Күні:	20.10.2023		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Д. Дефо «Робинзон Крузо»		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	7.1.1.2. Мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау; 7.4.5.1 Тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер).		
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - «Робинзон Крузо» тақырыбы бойынша берілген мәтін үзінділер арқылы оқиғаның дамуын болжау; - Д. Дефо «Робинзон Крузо» тақырыбы бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу. 		
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> - «Робинзон Крузо» тақырыбы бойынша берілген мәтін үзінділер арқылы оқиғаның дамуын болжайды; - Д. Дефо «Робинзон Крузо» тақырыбы бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазады. 		
Сабақтың барысы			
абақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
	<p>1.Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>2.Психологиялық ахуал туғызу. Өлең жолдары арқылы психологиялық ахуал туғызу</p> <p>Өткен сабақты пысықтау. «Колеса фортуна» әдісі арқылы орындалады. Әлемде климаттың өзгеруі неге байланысты? Ғалымдардың болжауынша су тасқынынан қай елдер зардап шегуі мүмкін?</p>		
		Дескрипторлар:	





HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>Әлемде 2005 жылы қандай өзгерістер болды? 2003 жылы Еуропада күн қандай болды? Поляк ғалымдары қандай болжам айтты? Мұхит суының қызуы неге әсер етеді? «Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі Мәтін желісі бойынша ақпараттардың дұрыс, бұрыстығын анықтайды.</p>	<p>-сұрақтарға нақты жауап береді; - өз ойын дәлел келтіре отырып айтады.</p>	<p style="text-align: center;">М адақтау сөздер Қ. Б 2 ұпай</p>	
	<p>Жаңа тақырыпқа болжам жасау: Айтылым. «Монополия» әдісі арқылы орындалады. Сөздікпен жұмыс арал – остров (елсіз мекен) апат – бедствие (қауіп-қатер, жұт) қол үзу – потерять надежду қайғыға ұшырау – впасть в уныние ажал – смерть кеменің шөгуі – оседания судна Д. Дефо өмірбаянын тыңдап, негізгі ақпараттарды айтады.</p>	<p>Оқушылар берілген сандық ішіндегі тапсырманы орындау арқылы жаңа тақырыпқа болжам жасайды.</p>		<p style="text-align: center;"> 7- сынып қазақ тілі мен әдебиеті оқулығы</p>
	<p>Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы. Құрмалас сөйлемдерді тап. Тапсырма «Хикая картасы» әдісі арқылы орындалады. «Робинзон Крузо» фильмінен үзінді тамашалайды.</p>	<p>Дескрипторлар: - мәтінді оқып, мазмұнын айтады; - картаға түсіреді; - құрмалас сөйлемдерді тауып, айтады.</p>	<p style="text-align: center;">М адақтау сөздер Қ. Б 2 ұпай</p>	<p style="text-align: center;">7- сынып қазақ тілі мен әдебиеті оқулығы</p> <p style="text-align: right;"><small>«Хикая картасы» әдісі</small></p> 
	<p>Жазылым. 2-тапсырма. Мәтінді екінші жақтан жаз. Етістіктерді тауып, астын сыз. Сергіту сәті</p>	<p>Дескрипторлар: - мәтінді екінші жақтан жазады; - етістіктерді тауып, астын сызады; - тапсырманы орфографиялық нормаға сай</p>	<p style="text-align: center;">М адақтау сөздер Қ.Б 2 ұпай</p>	<p style="text-align: center;">7- сынып қазақ тілі мен әдебиеті оқулығы</p>

НАҲҚАРАЛҢҚ ӨРЛЕҮ-ӨРКЕНДЕҮ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>Сахналық қойылым</p> <p>Айтылым. Жазылым. Әңгімеге сатылай кешенді талдау жаса.</p>	<p>орындайды.</p> <p>Дескрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқушылар мәтіннен үзінді көрсетеді; - пікірлерін еркін әрі жүйелі жеткізеді. <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әңгімеге сатылай кешенді талдау жасайды; - тапсырманы орфографиялық нормаға сай орындайды. 	<p>М адақтау сөздер Қ.Б 2 ұпай</p> <p>М адақтау сөздер Қ. Б 2 ұпай</p>	
	<p>Сабақты бекіту Кері байланыс Бағалау Үйге: 11-тапсырма</p>	<p>Тақырып бойынша біліп үйренгенін айтады.</p> <p>Белгілеп алады.</p>	<p>ҚБ</p>	<p>Күн delik.kz</p> 

Сұрақтың жауабын іздену барысында, мектеп кітапханасымен де тыңыз байланыста жұмыс атқара бастадық.

Мектеп кітапханасында «Ғажайып ертегілер елінде», «Абай -175жыл», «Ұлы дала жеті қыры», «Жаңа кітап -жан азығы», «Атаулы даталар күнтізбегі», «Конституция- кемел келешектің кепілі», «Елбасы мұраты, халық бақыты- гүлденген Қазақстан», «Мемлекеттік тіл –тәуелсіздік тірегі», «Табиғат тіршілік көзі», «Ұстаздарға көмек» «Ана мәңгілік жыр», «Мағжан-сыршыл ақын», «Ақиық ақын –Мұқағали» «Ұлттық бірыңғай тестілеу», «Қазақ хандығына-550 жыл», «Ер есімі ел есінде» -деген тақырыптармен кітап көрмесі ұйымдастырылған. Кітапханашымыз оқырмандардың көркем әдебиетті оқып, қызығушылықтарын арттыру мақсатында кітапханаға түскен жаңа әдебиеттермен таныстырып, библиографиялық шолу, ұсыныс тізім, әңгімелер өткізіліп тұрады. Әр көрме өзінің ең қызықты мәліметімен құнды. Көрмеге көркем әдебиет өкілдерінің портреттерін қою, көз тартарлық әдемі безендірілген кітаптармен таныстыру, қыры мен сыры мол өмірді бейнелеген шығармаларды ұсыну арқылы оқырмандардың әдеби шығармаларға қызығушылығын оятуға болады. Көрме ұйымдастыруда оқушының жас ерекшелігі де ескеріледі, әсіресе төменгі сынып оқушылары ерекше анық түсті бояулармен көркемделген кітаптарға қызығушылық танытып, кітаптың ішіне көз жүгірте бастайды.



Зерттеушілердің айтуынша, бала жасының 4-6 жасы нағыз оқу үйренетін кезі болса, 6-7 жасы одан да күрделі кітаптар оқуға көшетін жасы екен. Осы зерттеу негізінде оқушыларды сауат ашу пәні кезеңдерінен бастап, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру керек.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл - ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан - ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Алғаш оқу кезеңдерден ойын технологиясы және де дидактикалық материалдар да үлкен үлес қосады.

НАҲҚАРАЛЫҚ ӨРЛЕҮ-ӨРКЕНДЕҮ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

Сауат ашу сабақтарында қолданылып жүрген ойын түрлерінен :



Жұмыртқадан балапан аштыруға көмек береміз деп ойнатуға болады. Тапсырмаларды жұмыртқаның артына маркермен жазуға болады. Тапсырманы орындап болған соң балапанмен ауыстырамыз.



Әріптерден буындар мен сөздер құрау



Жоғалған әріпті тауып, сөзді оқы



Кіт...п




Қарын...аш


НАҒЫҚАРАЛЫҚ ӨРЛЕҮ-ӨРКЕНДЕҮ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

Кім жылдам?

 20-30 сөз	Те-ре-зе-ден кы-ды-ру күн-діз-гі кү-рек-тер ү-лес-кер
--	---

 21-25 сөз	Гүл-нур Қыр-мы-зы зы-мы-ран ко-гер-шін Зер-де
--	---

 16-20 сөз	Ко-ныз те-ңіз-ші ан-шы-лар Ман-ғыс-тау е-рін-шек
--	--

 16-20 сөз	Өр-мек-ші Ка-лам-кас кү-мырс-ка ше-гірт-ке
--	---

Талпын, тырыс (жаттығу жұмыстары)

Талпырма-2
1. Суреттердің атын жаз



2. Сәйкес сөзді қойып сөйлемді аяқта.

Марат шығарды.
Таңат жеді.
Ғалымбек алды.

3. Тіністі әріпті қойып сөз жасап жаз.
. F . Қ PA . C . Pы
К . ЙЛЕК ДӨПТ . P Т . МАҚ

Тез оқы.

1. Ұн тақ
2. ұр
3. ұ сак
4. құ лын



10. ұс та
11. құ рық
12. ұш кыр
13. құ лақ
14. құ дық



5. ұ лу
6. ұн
7. ұ -лар
8. ұт
9. ұш



15. ұ шак
16. ұл дар
17. ұ лан
18. құ мы ра
19. ұ ра
20. құ мырс ка



Тез оқы.

1. Ұн тақ
2. ұр
3. ұ сак
4. құ лын



10. ұс та
11. құ рық
12. ұш кыр
13. құ лақ
14. құ дық



5. ұ лу
6. ұн
7. ұ -лар
8. ұт
9. ұш




15. ұ шак
16. ұл дар
17. ұ лан
18. құ мы ра
19. ұ ра
20. құ мырс ка



Ертегілер арқылы бала бойында адамдық қасиеттер дәнін егу мақсатында мазмұнын сахналау сияқты рөлдік ойындар бала санасында жақсы сақталады және де оқып, білуге қызығушылығын арттырады. Осы мақсатта мектебімізде бастауыш сынып оқушылары арасында әр аптаның сәрсенбі күні әр түрлі іс –шаралар өтізіп тұрамыз.


Мысалы: Ертегілерді суреттер арқылы диалог құрығызу.



Бастауыш сынып оқушыларының оқыған әдеби кітаптарының кейіпкерлерін сомдауы



Оқушылардың салған суреттері



Қызығушылық болған жағдайда ғана балалар өзінің сүйікті кітаптары мен жазушыларын тауып алары сөзсіз. Бастауыш 1-4 сынып оқушыларына өздігінен ізденуге көмектесу мақсатында балалардың оқу шеңберін анықтап, талдау бойынша бастауыш сынып оқушылары ертегі, өлеңдерге құмар ерекше қызығушылық танытатыны анықталды.

Бала оқыған кітапты бірге талқыға салып, «Кітап саған ұнады ма?» деген тақырыпта әңгіме жүргізу тиімді тәсіл. Оқуған әңгіме, ертегі т.б мысалдарды талқылау барысында сөздік жұмыстары да жүргізіліп отырады.

Мысалы: Қазақтың ұлттық ежелгі қолданбалы бұйымдарының атаулары.

Ашамай — баланы атқа мінуге үйрету үшін қолданылатын ердің қарапайым түрі. **Ашамайдың** ер сияқты екі қасы (алдыңғы және артқы), екі қапталы, оқпаны болады. Үзеңгінің орнына тепкішек қолданылады. **Күлдіреуіш** түндік киізді көтеріп тұрады. Шаңырақ **күлдіреуіш** арқылы бақанмен көтеріледі.

Сағанақ дегеніміз – киіз үйдің керегесін тұйықтайтын шыбық т.б.

Оқырмандарды әдеби кітап оқуға тарту және қызығушылықты арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар, әдеби кештер, конференция, библиографиялық шолу, әңгіме, ертеңгілік, семинар-кеңестерді жиі ұйымдастырып өткіземіз. Кітапты оқуға қызықтыра түсу мақсатында балалармен ойын түрінде, сайыс түрінде іс-шаралар тиімді. Нәтежесінде

НАҒЫҚАРАЛЫҚ ӨРЛЕҮ-ӨРКЕНДЕҮ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

баланың ойлау өрісі артады, өз ойын қысылмай еркін жеткізеді, табандылық, тапқырлық қасиеттерді қалыптастырады.


Мысалы: Викториналық ойындар «Ертегілер патшалығында» Ертегіні тап.



Кейбір жанұяларда көркем әдебиеттерді жинау, балаларына оқып беру, балаларын кітап оқуға тәрбиелеу сияқты жақсы дәстүр қалыптасқан. Осындай жанұяларды анықтап, бүкіл ата-аналарға үлгі етіп насихаттап отыру керек. Жас ұрпаққа ата-аналармен тығыз байланыста болып, кітапханадан кітап алып оқуын қадағалап, оған аса көңіл бөлуіне баулу қажет. Сондықтан да «мектеп – жанұя – кітапхана», бірлесе жұмыстанса, біздің болашақ ұрпағымыз жан-жақты білімді тәрбие алады деген ойдамын. Осы жоба негізінде, «Кітап оқу-жақсы әдет» «Әжеммен ертегі оқимын» челлендж өткізілді.



Оқушыларды әдеби кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында ынталандыру әдістерін қолданамыз. «Кітапты оқы да, тосын сыйды ұтып ал!» акциясы ұйымдастырылып тұрады.



Біздің басты мақсатымыз – ақпаратты өзі ізденіп табатын, және сарапқа салатын, өз білімін жетілдіре алатын оқушыларды тәрбиелеу. Балаларды жүйелі түрде кітап оқуға дағдыландыру барысында біршама жұмыс атқарудамыз.

Жыл сайын оқушылар арасында "Үздік оқырман" байқауы өткізіліп тұрады.

Баланы кітапқа қызықтырудың бір жолы – шығарманы жатқа мәнерлеп оқу және ата-аналардың өздерінің кітапшыл болып, біліктілікпен, биік талғаммен оқып, отбасында әңгіме-дүкен құрып, ондағы оқиганы тілге тиек ету. Бастауыш сыныптан бастап баланы кітапханаға тарту керек.

Оқығын ертегі, әдеби кітаптарының қысқаша мазмұнын айтса, немесе сұрақтарға жауап берсе, тосын сый сандығын ашып ішіндегі жасырылған сыйды берсе, жас оқырмандардың ынтасы көтеріліп, оқуға деген қызығушылықтары арта түсері сөзсіз.

Оқушыны әдеби кітап оқуға үйретуде оқушы сауаттанады, сөз қоры ұлғаяды, ойын еркін жеткізе алады. Сөйлегенде мәдени, әдеби тілде көптеген сөздердің баламасын тауып айтып, өз ойы бойынша мазмұндап айта алады. Көркем әдебиетті үнемі оқитын оқушылар суреттер бойынша сөйлегенде шешендік қабілеттерін де көрсете біледі сөз таңдай алады. Сонымен қатар баланы өмірге дайындаудың негізі болып табылады.

Қорыта келе, оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, бастауыш сыныпта сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Мұғалімнің шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыра отырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғарыда айтылған жұмыстардың барлығынан көретін нәтижеміз, тұлғаның; сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, ойын еркін айтады, белсенділігі артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді.

Сөзімнің соңында «Қыран-түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды», - деген ата-бабамыздың даналық сөзіндегідей, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншылықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2015-2016 оқу жылындағы мектеп кітапханасының жұмысының сараптамасы.
2. Абишева Р. Оқырмандардың кітапханаға құштарлығын ояту // Мектептегі кітапхана. – 2014. - № 3. – Б. 3-5.
3. Джумагазиева Б. Оқырманның кітап оқуға қызығушылығын ояту // Мектептегі кітапхана. – 2016. - № 3. – Б. 3-4.
4. Досанова Ф. Оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттырудағы кітапханашы рөлі // Мектептегі кітапхана. – 2012. - № 4. – Б. 2-4.
5. Жақсыбаева К. Кітап оқуды дамыту: жаңа мүмкіндіктері // Мектептегі кітапхана. – 2014. - № 6. – Б. 10-12.
6. Нурмолдина А. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы кітапхананың рөлі // Мектептегі кітапхана. – 2014. - № 4. – Б. 6-7.



Режепова Ырысбала Мұратжанқызы

КММ "Жанұя" кешені

Дефектолог-мұғалімі

ТАҚЫРЫБЫ: «МАМАНДЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ»

Дефектолог мамандығы- ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды заманауи қоғамға бейімдейтін мамандық. Балалардың әр түрлі даму деңгейіндегі бұзылыстармен жұмыс жасайды.

«Баланың психикалық немесе дене дамуы неғұрлым төмен болса, ұстаздық білімділігі мен біліктілігі соғұрлым жоғары болу қажет», деп жазған атақты неміс-педагог дефектологы П.Шуман.

Менің мамандығым ерекше аяқталмайтын балалық шақ секілді, сиқырға ұқсайды. Өйткені ерекше балаларға көмектесе алатын жағдайым бар. Ол

баланың ерекшелігін, таным және басқа процестерінің дамуының жағдайын ескере отырып білім беру бағдарламасын жеткізе аламын.

Дефектолог маманының **мақсаты:**

Дамуында әртүрлі ауытқулары бар тұлғаларды оқыту және тәрбиелеу.

Осындай ерекше балаларды бақылайтын «Жұлдыз-Ай» бөбекжай балабақшамызда Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум құрылған.

Нақты құрылған консилиум мамандарының алға қойған мақсаты: өз уақытында түзетуді қажет ететін балаларды тексеріп анықтап ОПМПК комиссиясынан өтуге жіберу,

педагогтармен және ата-аналармен кеңес беру жұмысын жүргізу, балалардың мінезінің ауытқушылықтарын бақылау.

Біздің балабақшада 11 топ болса, оның ішінде 1 арнайы топ «Ерке» тобында түзету және дамыту жұмыстарын қажет ететін балалар отыр. Жалпы сөйлеу тілінің бқзылыстары және психикалық дамуы тежелген балардан жинақталған топ болып табылады.

Балабақшамызда түзету дамыту жұмыстарын қажет ететін балаларға сенсорика бөлмесі ашылды, сенсорлық ойындарға керекті құралдармен

заманауи жабдықталған. Балабақшамызда сенсорика ойындарын және ертегілерді балаларды дамытуға көп пайдаланамын.

Сенсорлық ойын баламен байланыс орнатуға көмектеседі онсыз түзету жұмыстарын жүргізу мүмкін емес.

Ұсақ қол моторикасын сенсорикалық ойындар арқылы дамыту

Түстеріне қарай көкөністерді

ажырату

Резеңкелер сенсорлы тақтайша

Фетра матасын жасалынған Саусақтардысанаймыз ойыны

Шығармашылықпен түрлендіре отырып, логикалық ойлауын,

математикалық қабілеттерін қалыптастыру

(Түрлі-түсті бояулармен және пішіндермен жұмыс)

Сенсорлық ойындар арқылы балалардың

ақыл-ойының дамуын қалыптастыру

Бизиборд

Құрғақ бассейінде түрлі – түсті доптармен ойын

Оқшау бұрышы, сенсорлы отырғыштар, құрғақ жаңбыр, сенсорлы жолдар

(Құммен, түрлі-түсті моншақтармен ,пазлдармен

және сюжеттік ойын)

Лепбукпен жұмыс

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

Ата-аналармен жұмыс, гүлдердің күлтелерін тап, су аймағы, ұнтақ жармамен жұмыс, жапсыру, гажайып кітап, су джок добымен массаж, ата аналар алғысы

Дефектология мамандығы адамдардың жанын емдейтін, өмір туралы сауаттылығын арттыратын, қоғамға бейімдейтін, жүректеріне үміт отын ұялататын мамандық.

Балаларға бар күш- жігер, ынтамызды жұмсап Қазақстан Республикасының жақсы азаматы етіп тәрбиелеп шығу біздің мақсатымыздың бірі екенін ұмытпағанымыз дұрыс.

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly



Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылы

"№ 49 орта мектеп" КММ

Рысбекова Мақпал Сейтбекқызы

География пәні мұғалімі

Бөлім:	4.1 Халық географиясы	
Педагогтің аты-жөні:	Рысбекова Мақпал Сейтбекқызы	
Сыныбы:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтақырыбы:	Әлем халқының діни құрамы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.4.1.2 -дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтайды	
Сабақтың мақсаты:	Дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын сипаттай алады.	

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин.	I. Ұйымдастыру кезеңі: а) Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Үй тапсырмасын тексеру. Оқушылар бір біріне сұрақтар қояды.	Үй тапсырмасы бойынша: «Серпілген сауал»	Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс білдіріп, белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен	География. 7 сынып. Атлас. Слайдтар.

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

<p>Жаңа сабаққа кіріспе</p>	<p>(Ұ) «Миға шабуыл» <i>Миға шабуыл.</i> <i>«Кезектескен интервью»</i> әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу түрлері беріледі. Әр оқушы өз оймен бөліседі. Жаттығу жасайды. <i>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау және дене жаттығуларын жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.</i></p>	<p><i>Миға шабуыл.</i> <i>«Кезектескен интервью» әдісі.</i> 1. Дін деген не? 2. Қандай әлемдік діндерді білесіңдер? 3. Әлемдік діндерден басқа тағы қандай ұлттық діндер бар?</p>	<p>Ынталандыру Қалыптастырушы бағалау: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға <u>«Жарайсың!»</u> деген <u>мадақтау сөзімен</u> ынталандыру</p>	<p>Тақырыпқа байланысты интернет көздерін пайдаланып алынған діндер мен діндердің таралу аймақтары туралы слайдтар.</p>
<p>Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 26 мин.</p>	<p>Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді. «Оқу - тану - жазу»</p>	<p>«Оқу - тану - жазу» Оқулықтан тақырыпты оқып танысып шығады. Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады. 1. Діндердің таралу аймақтарын картадан сипаттайды</p>	<p>1. Діндердің таралу аймақтарын картадан сипаттайды.</p>	<p>Әлемдік діндер картасы</p>
	<p>Тапсырмалар аялдмасы. Төмендегі сұрақтарға жауап</p>	<p>1-Тапсырма. Дін деген</p>	<p>Дескриптор: Жалпы – 1</p>	<p>7-сынып</p>

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	.	кескін картада белгілеңіз. \Қазақстанна н басқа\	таралған 2 аймақты кескін картада белгілесе- 1 балл. Жалпы – 1 балл	
	<p>«Тест аялдамасы». 4 – тапсырма. Ұлттық діндер мен елдерді сәйкестендіру А . Индуизм 1. Израиль. Б. Конфуциандық 2. Жапония С. Синтоизм 3. Қытай Д. Иудаизм 4 . Үндістан</p>	<p>► А – 4 ► Б - 3 ► С – 2 Д – 1</p>	<p>4- тапсырма. Дескриптор. Әр дұрыс жауап -1 балл. Жалпы- 4 балл.</p>	
<p>Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.</p>	<p>«Бір ауыз сөз» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.</p>	<p>Жеке жұмыс: Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын. т.б.</p>	<p>Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды.</p>	

Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп

Бастауыш сынып мұғалімі

Сагинғалиева Жазира Асқарқызы



БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОРЫС ТІЛІН ОҚИТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі - білім беру жүйесін ақпараттандыру. Оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіләлемдік коммуникация желісіне шығару. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың әлемдік дамыған 50 елдің қатарына ену саясаты бүгінгі ұстаздан жан – жақты ізденісті талап етеді. Біздің алдымызда тұрған басты міндет жас ұрпақтың, егеменді еліміздің саналы, бәсекеге қабілетті азамат болып өсуі, әлеуметтік белсенді шығармашыл тұлғаны қалыптасытру болып отыр.

Мемлекетіміздің келешегі ұрпағымыз бастапқы білім негізін мектептен алатын болғандықтан шет тілін оқытатын оқытушылардың шәкірттеріне сапалы білім берудегі жауапкершілігі зор. Сондықтан шет тілін оқытудың тиімді әдіс- тәсілдерін анықтап, оларды жетілдіруге ерекше көңіл бөлу керек. Тіл туралы Заң мен Қазақстан Республикасында қазақ тілі мен басқа тілдерді оқытудың мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асуын қадағалап үлес қосуы абзал. Ағылшын, қазақ, орыс тілдерін білу өмір талабы, заман ағымына сай құбылыс. «Болашақ» бағдарламасы бойынша дайындалған тестті тапсыру үшін осы үш тілді жетік білу керек екендігі белгілі.

Орыс тілі оқуы қазақ тіліндегі мектептерде мұғалім жас жеткіншектерге орыс тілін үйретудің ең тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланса,

сол берген білімінің де сапасы биік деңгейден көрінетіні сөзсіз. «Мұғалімнің бүкіл мақтанышы – шәкірттерінде, өзі шашқан ұрықтарының өсіп-өнуінде» деп ғылым алыбы, көрнекті орыс химигі Д.Менделеев айтқандай алдыңғы толқындағы ұлы ұстаздарымыздан сіңірген білім нәрімізді өзіміздің шәкірттер санасына таратуды ортақ парызымыз санау керек.

Ұстаз шәкіртінің көңілінен шығып, өз пәніне деген қызығушылығын арттырса ғана ол екеуінің бір-біріне деген көзқарас, қарым – қатынасы ойдағыдай болмақ. Осы мақсатқа жету үшін мұғалім үнемі жаңа заман ағымына сай пәнге деген ұмытылысын нығайту үшін әрдайым алға қарай талпынып, жан-жақты болуы ықтимал.

Орыс халқының ұлы педагог жазушысы Лев Толстой: «Егер мұғалім іске деген және оқушыға деген сүйіспеншілігін біріктірген болса, онда ол нағыз мұғалім болғаны» деген екен. Ұстаздар осы талапты терең түсініп, шәкірт жүрегіне жол тауып, пәнге деген қызығушылығын арттырғаны абзал. Әрбір сәтті өткен сабақ мұғалім мерейін өсіріп оны балаларға жақындата түсері сөзсіз.

Мектепте шет тілін оқытудың негізгі мақсаты – оқушыларды шет тілінде сөйлеуге үйрету.

Білім мәселесі мен тәрбиенің білгірі Ниль Буш: «Ата – ана мен мектептің зорлығымен емес, бала өзі қызығып оқуы керек» дейді.

Жас маман ретінде ұстаздық жолдағы алға қойған мақсатымыз, жаңа технологиялармен жұмыс істей отырып, орыс тілі сабақтарын мультимедиа кабинеттерінде оқытып, шәкірттердің талғамынан шығып, орыс тілінде еркін сөйлетуге қол жеткізу. Сол үшін аянбай еңбек ету.

Бастауыш сыныптарда осы мақсатқа жету барысында бүлдіршіндердің сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру үшін сабақты түрлендіріп өткізу керек.

Ойын элементтерін тиімді пайдаланып, өтілетін тақырыпқа сай жоспарлану керек. Сабақ барысында сыныптағы оқушылар төрт топқа бөлінеді. Үлгерімі төмен және орташа үлгеретін оқушыларға дидактикалық карточкалар таратылып, ойланып, асықпай жауап берулеріне уақыт бөлінеді. Үлгерімі жақсы, өте жақсы оқушылар өтілген тақырып бойынша әңгімелер құрастырып, тірек сұрақтарын шешсе, қабілеті төмендеу оқушыларға жеке тапсырмалар беріліп, шамасына қарай сөздіктерді жатқа айту тапсырылады.

Оқушылармен тіл дамыту жұмысы ауызша және жазбаша екі бағытта жүргізіледі. Олардың тілін дамытуда көрнекіліктердің алатын орны ерекше, онсыз сабақ өткізу мүмкін емес. Көрнекі құралдарды тиімді пайдалану мұғалімнің шеберлігі мен ізденісіне байланысты.


Бастауыш сынып оқушыларының сабақ үстінде шаршамай сергек отырулары үшін, ойын түрлерін ұсынамыз: «Сөйлемдерді тез құрастыр», «Берілген сөздерден сөйлем құра».

Ойын – оқушылардың белсенділігін арттырып, әрі өтілген тақырыпты қалай меңгергенін көрсетеді.

4 сынып оқулығында "Разные слова" деген мәтінде сөздердің түрлі топтарын өткенде оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ойын түрінде өткізіледі: үлкен терек салып, оның бұтақтарына мәтіндегі сөз түрлерін жазып, сол бұтақтағы атауларға жататын сөз топтамаларын жапырақша қағаздарға жазып, әр бұтаққа қыстырамыз.

Мұғалім : "Найдите дорожие слова и нацепите на ветки" деп бағыт беріп отырады.

Дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау кезінде «Раскрась гласные звуки красным карандашом, согласные звуки синим» немесе «Раскрась звонкие согласные жёлтым, а глухие согласные зелёным» деген суреттермен байланысты тапсырманы оқушылар әрі тез, әрі жақсы көңілмен орындайды



HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýmı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

С	З	Г
Т	В	Ч
Р	Ш	Д

Сабақ барысында мұғалім тапсырманы түрлендіріп өткізуі өз еркінде. Мысалы: «Помогите ученикам дойти до школы. Для этого назовите слова начинающие из данных букв». (Орыс тіліне тән әріптер беріледі).

Чайник, чашка, часы,....

Форточка, фонарь, ртук,....

Ворона,воробей,

Щука, щётка, щека,...

Кестедегі тізбектелген әріптер жиынтығы бойынша сөздер тауып құрастыру балалардың ойлау қабілетін дамытатыны анық. Бұл тапсырманы сайыс түрінде де ұйымдастырған орынды. (У кого больше слов?). Берілген әріптер тізбегінен кем дегенде 25 сөзге дейін құрап шығуға болады. Әр оқушы шамаларына қарай орындайды.

п	а	к	р
л	а	н	у
а	р	т	а
п	з	и	б

Мысалы: парк, карта, папка, картина, лупа, банка, арна, арбуз, утка, палка, бак, рак, раб, тазик, изба, танк, рана, три, луна, палатка, акула, пара, кара, раба, папа, лук.

Тапсырманы орындаған соң мақтау, мадақтау бастауыш сынып оқушыларына міндетті түрде айтылуы керек. (Молодцы! Вы справились с этим заданием!)

Қатемен жұмыс кезінде де ойын түрінде өткізуге болады.

«Касса ошибок» деген қатты қағаздан жасалған қалташаларға бақылау жұмыстары кезінде жіберілген буындарды, сөздерді үйде үлестірмелі парақ сияқты етіп әдемілеп жазса, және де қате жіберілген сөзді, әрі сол сөзге ұқсас сөз, буын тізбектерін тақтаға жазғызып жіберген қателерін екінші рет қайталамайтындай етіп жұмыс жүргізу керек.

Кто самый грамотный? У кого пустые кармашки? деп сайыс ретінде, қолдап, қошеметтеп қойса, бүлдіршіндер бір – бірінен асып түсуге тырысады.

3 – 4 сыныптың орыс тілі оқулықтарында балаларға арналған ән топтамалары бар. Орыс тілінде ән айту, оқушылардың сөйлеу мәнерін жаттықтырады. Әндегі сөздердің дұрыс айтылуына ерекше мән берілу керек.

ǒn taqyryptarmen тығыз байланыстырылғаны дұрыс. Мысалы: «Если из-за леса выйдут волки» әні жануар, аң – құстарға байланысты тақырып үйретілгенде, осы әннің ішінде кездесетін аң, құс, жануарлардың суретін салып келіндер деген тапсырма беруге болады. (Волк, цыплёнок, щенок, котёнок). Әнді айту барысында, осы жануарлардың суреттерін қолдарына ұстап, аттары айтылғанда кезекпен көрсетіп тұрады.

Білім берудің жаңа сапаға жетудегі басты мақсаты: әлемдік белсенді шығармашыл тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Оқушылардың білім алу процесіндегі өзіндік ой – пікірі мен ой жүйесінің негізі бастауышта қалыптасатындықтан, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, қоршаған ортаны игеріп сөйлесу, пікір алысу, сұраққа жауап беру, әңгімелесу тағы басқа тілді меңгеру жолында түрлі тапсырмаларды өзбетімен игеріп, шығармашыл деңгейге жетуі шет тілін үйретудегі басты міндет.

Мұғалім әр сабақтарында көрнекі құралдар, мазмұны таным – тәрбиеге мол материалдармен қамтылуы керек. Ол үшін мұғалім сабақ беруде оқулықпен ғана шектелмей, көмекші оқу - әдістемелік құралдарды пайдаланғаны абзал. Бастауыш сыныпқа арналған әдістемелік құралдар оқулықтың, бағдарламаның мазмұнын сапалы да, берік меңгертуді көздейді. Бастауыш сыныпқа арналған әдістемелік құралдардың мазмұны сыныптық, тақырыптық жүйеде құралады. Бастауыш сыныпқа «3 – 4 сыныпқа арналған орыс тілі оқулығына қосымша (тесттер, сабақ жоспарлары)» атты еңбегімізде (аудан көлемінде таратылған) орыс тілін бастауыш сыныпта оқытуға арналған оқулыққа қосымша ретінде өзіндік әдіс – тәсілдерді, ойын элементтері араласқан амалдарды оқушы назарына ұсынылды. Мақсат: оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ойын түрлерімен бірлікте әзірленген әдіс- тәсілдер арқылы орыс тілі пәнінің меңгерілуі.

Педагогика ғылымы ештеңеге қабілет, бейімі жоқ адам болмайды деп есептеп дәлелдейді. Ендеше, мұғалім «Әрбір бала бір жұлдыз, оның жарқылдауына көмектес» деген қағиданы берік ұстап баланың тым тереңде жатқан деңгейін танып, қабілеттерін арттыру үшін оқыту үрдістерінің әдіс-

тәсілдерін пайдаланып, оқушыларды шығармашылықпен айналысуға, өз бетімен жұмыс істеуге баулу мақсатында қолдану керек.

Ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген бағалы нақылын өзімізге бағдаршам етіп ұстап, ұстазға тән болмыспен тәлім – тәрбие көрсетіп, үйретуден жалықпайтын да, қажымайтын да, білім нәрімізді шәкірттеріміздің санасына таратуды ортақ парызымыз санау керек.

Қытай философы Конфудзының үздік шәкірті Иэн Иуэн айтқандай: «Ұстаздың білігі ойлана қарасаң биіктей береді, үніле қарасаң – тереңдей береді. Қол созсаң – қарсы алдында көрінеді, айналсаң – артында тұрғандай» асқақ көрінеді.

Сондықтан да осынау қасиетті де, қастерлі мамандықтың хас шебері атанып, жас ұрпақтың жадында жаңғырып тұрар жаңалықтың бастаулары бола білейік қадірменді ұстаздар қауымы !

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бадамбаева Г.А., Кабдолова К.Л., Жұмажанова Р.Ж «Задания для проверки речевых умений и языковых знаний по рускому языку в начальных классах школ с казахским /уйгурским языком обучения»

Алматы, «Атамұра» 2008 ж.

2. Бадамбаева и др. Русский язык. «Методическое руководство» Семей, 2007г.

3. Е.Ю.Пиглицина «Энциклопедия детских праздников»

4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан Республикасының 2030 стратегиялық бағдарламасы»

5. Қайырбекова Ж.А. «3 – 4 сыныпқа арналған орыс тілі оқулығына қосымша (тесттер, сабақ жоспарлары)». Семей, 2008ж.

Абай атындағы мектеп- лицей

Орыс тілі пәні

Садыкова Жанерке Нусхабаевна



Понятие «инновация» (латинское *in* – в, *novus* – новый) в современном словаре иностранных слов трактуется как нововведение.

Что же такое новое? Толковый словарь дает следующее определение: «Новый – впервые созданный или сделанный, появившийся или возникший недавно, взамен прежнего, вновь открытый, относящийся к ближайшему прошлому или к настоящему времени, недостаточно знакомый, малоизвестный». [3, 482]. Но не всегда все новое равно прогрессивному и современному. Прогрессивно лишь то, что эффективно, вне зависимости от времени возникновения.

Образование – это открытая социально-педагогическая система, которая создается обществом и призвана выполнять социально-значимые функции. По мере обновления общества и изменения социального заказа меняется и образование. Современная ситуация характеризуется глобальными изменениями во всех сферах жизни, и в образовании в частности. Сегодня:

- прежняя ориентация на цели государства сменяется личной ориентацией его членов;
- государство устанавливает образовательные стандарты и перестает давать жесткие заказы (типа «всестороннего и гармоничного развития личности»);
- государство перестало быть единственным учредителем образовательных учреждений;
- основными принципами образовательной политики государства стали гуманизация и демократизация.

Развитие университета без освоения новых идей невозможно, необходим инновационный процесс.

Установка на личностное развитие предполагает выделение в качестве основных критериев инновационной образовательной системы следующие:

- ❖ свободный доступ студентов к информации, приобщение к культуре, творчеству;
- ❖ сохранение жизни, физического, психического и нравственного здоровья студентов;
- ❖ способность системы образования включать не только познавательные, но и социальные программы, направленные на решение жизненных проблем студентов;
- ❖ демократическое устройство совместной жизни студентов и преподавателей, способность высшей школы гуманитарной культуры обеспечивать уровень воспитанности, отвечающий требованиям общечеловеческой нравственности и достижениям студентов, проявленных в культурном саморазвитии

Слово «инновация» появилось в науке в конце XIX века в работах экономистов и культурологов. В 30-е годы XX века на Западе возникла специальная отрасль исследования нововведений – инноватика. Первоначально предметом ее изучения были экономические и социальные закономерности создания и распространения научно-технических новинок. Но довольно быстро интересы новой научной отрасли расширились и стали охватывать и собственно социальные новшества, прежде всего – нововведения в организациях и на предприятиях (изменение структуры, способов принятия решений, освоение новой деятельности).

Инноватика изначально становилась как меж и многодисциплинарная сфера исследований. Ее родителями и «родственниками» оказались философия и социология, теория управления и психология, экономика и культурология.

Переход страны на путь инновационного развития прямо объявляется сегодня и обсуждается в целом ряде нормативных документов, рассматривающих несколько ключевых понятий инновационного развития:

- **инновация** – конечный результат творческого труда, получивший реализацию в виде новой или усовершенствованной продукции, нового или усовершенствованного технологического процесса, используемого в экономическом обороте;

- **инновационная деятельность** – создание новой или усовершенствованной продукции, нового или усовершенствованного процесса, реализуемых в экономическом обороте с использованием научных исследований, разработок, опытно-конструкторских работ либо иных научно-технических достижений;

- **инфраструктура инновационной деятельности** – организации, представляющие субъектам инновационной деятельности услуги, необходимые для осуществления инновационной деятельности.

Собственно инновационная деятельность направлена на то, чтобы открытие превратить в изобретение, изобретение – в проект, проект – в технологию реальной деятельности, результаты которой, по сути, и выступают в качестве **новации**:

Критерии	Новация	Инновация
Масштаб целей и задач	Частный	Системный
Методологическое обеспечение	В рамках существующих теорий	Выходит за рамки, существующих теорий
Научный контекст	Относительно легко вписывается в существующие «нормы» понимания и объяснения	Может вызвать ситуацию непонимания, разрыва и конфликта, поскольку противоречит принятым «нормам» науки
Характер действий (качество)	Экспериментальный (апробирование частных нововведений)	Целенаправленный поиск и максимально полное стремление получить новый результат

Характер действий (количество)	Ограниченный по масштабу и времени	Целостный, продолжительный
Тип действий	Информирование субъектов практики, передача «из рук в руки» локального новшества	Проектирование новой системы деятельности в данной практике
Реализация	Апробирование, внедрение как управленческий ход (сверху или по договоренности с администрацией)	Проращивание, культивирование (изнутри). Организация условий и пространства для соответствующей деятельности
Результат, продукт	Изменение отдельных элементов в существующей системе	Полное обновление позиции субъектов практики, преобразование связей в системе и самой системы
Новизна	Инициатива в действиях, рационализация, обновление методик, изобретение новой методики	Открытие новых направлений деятельности, создание новых технологий, обретение нового качества результатов деятельности
Последствия	Усовершенствование прежней системы, рационализация ее функциональных связей	Возможно рождение новой практики или новой парадигмы исследований и разработок

Схема полного цикла возникновения и реализации любой инновации в той или иной общественной практике:

- **источник инноваций** (наука, политика, производство, экономика и др);
- **инновационное предложение** (новация, изобретение, открытие, рационализация);
- **-деятельность (технология) по реализации новации** (обучение, внедрение, трансляция);
- **инновационный процесс** (формы и способы укоренения новаций в практике);

- новый тип или новая форма общественной практики.

В наше время люди все в большей мере осознают, что именно творчество – одна из самых важных составляющих личного счастья и профессионального успеха.

Какие бы новации не вводились, только на занятии как сотни и тысячи лет назад, встречаются участники образовательного процесса: студент и преподаватель. Между ними (всегда) – океан знаний и рифы противоречий. И это – нормально. Любой океан противоречит, препятствует, но преодолевающих его - одарит постоянно меняющимися пейзажами, неохватностью горизонта, скрытой жизнью своих глубин, долгожданным и неожиданно вырастающим берегом.

Инновационное занятие – это занятие, в результате которого открывается и создается что-то новое, собственный продукт творчества: открытие превращается в изобретение, изобретение – в проект, проект – в технологию реальной деятельности, результаты которой, по своей сути, и выступают в качестве новации.

Литература:

1. Кульневич С.В., Лакоценина Т.П. Современный урок. Часть 1. Научно-практич.пособие для учителей, методистов, руководителей образовательных учреждений, студентов пед.учеб.заведений, слушателей ИПК.-Ростов н/Д: Изд-во «Учитель», 2006.-288с.
2. Лакоценина Т.П., Алимова Е.Е, Оганезова Л.М. Современный урок. Часть 5. Научно-практич.пособие для учителей, методистов, руководителей образовательных учреждений, студентов пед.учеб.заведений, слушателей ИПК.-Ростов н/Д: Изд-во «Учитель», 2007.-208с.
3. Словарь иностранных слов, Государственное издательство иностранных и национальных словарей. М.: 1990.



Сапар Жансая Намазқызы

«Төржан» гимназиясы

Бастауыш сынып мұғалімі

Шымкент қаласы

Білім негізі – бастауышта

Мектептің жүрегі- мұғалім. Мемлекеттік білім саясаты ең алдымен осы ұстаздар арқылы жүзге асады. Бастауыш білім беру- үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы. Рухани жан дүниесі бай, жан — жақты дамыған , бәсекеге қабілетті, қоршаған ортаға тез бейімделетін жеке тұлғаны қалыптастыру - бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Бастауышта білім беру- үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы болып саналады. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде менің алдыға қойған мақсатым: бала бойында білім, білік, дағды, икемділік сияқты арнайы жоғарғы құзыреттілікті қалыптастыру, және оны жүзеге асыру. Ал, ол үшін оқу- тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық басымдылығын күнделікті сабақта ұштастыра білу қажет.

Ұстаз жетістіктерге жету үшін әдістемелік ұйымдастыру жағдайын төмендегі үлгілермен делелдей алады;

- ✓ Біріншіден, бастауыш сонып оқушыларына оқытылатын пәндердің әр түрлі болғандықтан оқушыларымен атқарылатын жұмыс та әр түрлі.
- ✓ Екіншіден, бастауыш сынып мұғалімнің жан-жақтылығы - оның математикасы, әдебиеттік оқуы, қазақ тілі, дүниетану, жаратылыстануы бейнелеу өнері, көркем еңбек пәндерінің барлығын оқытуында.
- ✓ Үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерімен санасып, оқу- тәрбие үрдісінде түрлі іс-шарлардың атқарылуында. Бұл, физиологиялық, психологиялық ерекшелікті анықтамаса, бала бойындағы ағза ауытқушылығы пайда болуы мүмкін.
- ✓ Төртіншіден, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалптастыруда, өздік әрекет үлкен орын алатындықтан, баланың жекелеме әрекет жасауы — оның толыққанды дамуының айғағы болмай ма?

Аталған нәтижелердің барлығы да мұғалімнің ұстаздық, психологиялық, әдістемелік және жеке тұлғалық қызметтері арқылы жүзеге аспақ.

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз.» Ендеше, бүгінгі бала-ертеңгі азамат. Алып та анадан туса, «Мейірімді анадан үйрен» деген балаға аналық мейірімділікпен қарау-бастауыш сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастыруда ұстаз бойындағы -басты қасиет болып саналады.

Kynnen de жарық - білімге қуштарлықты ояту жолын бастаудан бастайтынымыз шындық. Сондықтан да «Білім негізі-бастауышта» демей ме? Шәкірттерімізді; «Іздесен-табасың, талаптансан-жетесің, зейін салсаң –ұғасың» - деп шабыттандыра отырып, өнеріміздің сәулесін осы өрендерімізге шашуымыз қажет."Ұстазы жақсының -ұстанымы жақсы" демекші, табысқа жетуде айқын мақсат пен міндет арқылы жоспарлау, ізденіс, ақпарат құралдармен тығыз байланыста болуды ұстаз өзінен ғана емес, шәкірттерінің қадамынан да бағамдайды.

Қорыта айтқанда, білімнің негізі – бастауышта, демек, тәрбиенің атасы – бастауыш білім. Баланың бастауыш сыныптан бастап шығармашылық тұрғыдан ойлауы, өз бетінше шешім қабылдауы, практикалық әрекеттерге дайын болуы және оны шығармашылық бағытта дамытуы бүгінгі күннің басты талабы. «Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің іргетасы бастауыш мектепте қаланатыны белгілі. Бастауыш сыныпта әр түрлі пәндер оқушылардың білімін дамытып, танымдық қабілеттерін қалыптастыруға зор ықпал етеді. Сондықтан да болар, А.Байтұрсынұлы: «...бастауыш мектепте алған білім – әрбір адамға қажет білім. Адамға тіл, құлақ, қол қандай қажет болса, бастауышта алған білім де қажет» - деп, бастауыш сыныпта берілетін білімге ерекше көңіл бөлінеді. Яғни, ғылыми білімнің негізі осы бастауыш мектептен басталады. Баланың өз білімін өз бетімен толықтыра алатын деңгейге көтерілетін оқу әрекеттерінің танымдық белсенділігі де осында қалыптасып, олар білімдерін өз беттерімен толықтыра алатындай деңгейге көтеріледі.



Сатмағанбет Рита Айсәғалиқызы

Ә.Боранбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі

Қостанай облысы, Аманкелді ауданы

ЖАҢА ӘДІС - ТӘСІЛДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Бүгінгі таңда білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білімнің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы үлкен. Өйткені бұл жас ұрпаққа сапалы білім берудің негізі болып табылады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту заманның басты талабы.

Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту мұғалімнің зейін – зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі - дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарты: мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының «білім туралы» Заңында «Білім құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жана технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Шет тілді оқытудағы негізгі мақсат шет тілді коммуникативті қалыптастыру және дамыту, оны еркін игеру. Шет тілі - қазіргі заманның талабына сай, қоғамның экономикалық, ғылыми- әлеуметтік техникалық және мәдениет дамуының қайнар көзі. Қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары.

XXI ғасыр - озық технологиялар ғасыры. Сондықтан, беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Осы мақсатта еліміздің болашағы үшін осы мүмкіндікті қалай пайдалану, қоғамды ақпараттандыруды қолға алуда. Мақсатқа жетуде ғылым мен техниканың қазіргі замандағы озық үлгілерін пайдаланып, әлемдік ақпараттық кеңістікте әр түрлі деңгейдегі ақпараттарды қажетіне жарата білу керек. Білім берудің жүйесінің негізі мектеп болғандақтан, мектепте жаңа технологияларды кеңінен пайдаланудың маңызы ерекше. Сол себепті еліміздің барлық білім беру технологиялармен жабдықталып, мультимедиялық кабинеттер, ашылды.

Оқытудың ақпараттық технологиялары дегенімізді тұтас кешендік компьютерлік және басқа дальнодеріс қолданумен болатын дидактикалық әрекетін танығанымыз жөн. Поляк педагогы В. Оконь оқыту құралдарын мұғалімнің іс-әрекетін ауыстыру мен білім алушылардың автоматтандыру мүмкіндігінің өсуіне байланысты жіктейді. Осыған сәйкес, оқыту құралдары екі топқа бөлінеді: жәй және күрделі. Жәй құралдар: сөздіктер, оқулықтар және басқа да мәтіндер; қарапайым визуалды құралдар: нақтылы заттар, модельдер, суреттер.

Педагогикалық - әдістемелік оқыту барысында оқу міндеттерін шешуге бағытталған оқу құралдары (электронды оқулықтар, электронды курстар, дәрістер, слайд- дәрістер, мультимедиялық презентациялар және т.б.) кеңінен қолданылады. Бұл технологияларды әсіресе шетел тілін үйренуде пайдасы өте зор. Себебі, тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Ал оны толықтай меңгеру үшін оқулықтың аздық етері Адам көру, есту тіл арқылы қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Осы жаңа инновациялық технологиялардың ішіндегі АСТIVboard интерактивті революциялық жабдық екендігі даусыз. Тақтаны қолдану үшін бар болғаны компьютерлік білімін тақта жабдықтарды болып, инновациялық құрал қолдана білу шеберлігіңіз жетіп жатыр. Ең алдымен интерактивті тақтамен танысып алайық. Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға өздерінің кәсіби итеріп, нәтижесінде шеберлігінің қалыптасуына жол ашу керек, Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы педагогикалық заңдылықтардан тарайтын технологияларды ғана тиімді деп болады. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері оқушыларды

Көптеген интерактивті керемет таң қалдырады, шабыттандырады. Көптеген мектептерде интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін білмегендіктен, тек слайд көрнекіліктер көрсетумен ғана шектеліп жүрген мұғалімдер бар. Алайда интерактивті тақтаның қолдану мүмкіншіліктері өте көп. Мысалы, ActiveBoard электрондық тақтасы: талқылауға ерекше бөліп көрсетуге, нақтылауға, материалды қызу қосымша ақпарат қосуға, электрондық маркер арқылы түсін және сызықтың қалыңдығын өзгертуге; сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысын көрсете отырып, тақырыпты немесе сөйлемді толықтай аударуға; flash-анимацияларды пайдаланып, өлеңдер мәтінін жаттауға, суреттермен слайдтар жасауға; ағылшын тілінде сөйлеушілердің дауысымен жазылған видео - роликтер көруге, сол тілде жазылған мәтінді тындауға; тест сұрақтарымен таныстырып, бір топ оқушыны тесттен өткізуге, суреттерді бір фонға қойып, суреттерді қимылдатып сөйлесу ситуациясын ұйымдастыруға; сөзжұмбақтар шешуге, әртүрлі ойындар ойнатуға мүмкіндік береді; электрондық оқулықтарды экран бетіне шығарып көрсетуге болады. ActiveBoard тақтасының дайын бағдарламасын қолдану маңызды.

Ұстаздардың алдына қойған міндеті оқытудың әдіс- тәсілдерін үнемі жетілдіру. Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін- өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективтік әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды. Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту;

Оқыту үйрету арқылы іске асады. Бұл оқытудың маңызы. Оқыту мен тәрбие егіз үрдіс. Сондықтан да мұғалім инновациялық пайдалануға ықпал ететін технологияны көптеген шартты жағдайларды танып білуі талап етіледі. Жаңа жағдайларда оқытушы дәстүрлі оқу құралдарын ақпараттық технологияларды пайдалануға тиіс. Бүкіләлемдік желі, электрондық білім беру ресурстары өз оқушыларының, сондай-ақ өзінің білімін кеңейтуісі келетін оқытушы - пән мұғалімі үшін жақсы көмекші бола алады.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқытын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі - ағылшын тілін жана технологиялар арқылы оқыту ісі күннен күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық коммуникативтік технология арқылы оқыту тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы.

Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Қазіргі кезде ағылшын тілімен компьютер, телекоммуникациялық құралдарды меңгеруді уақыттың өзі талап етеді, тіпті кейінгі жылдары олардың рөлі зорая түсуде.

Оқушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әр түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын және мен өз сабақтарымда қолданамын. Және мен өз сабағымда электронды оқулықтарын жиі қолданамын. Жана ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- оқушыларың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Шетел тілін оқыту сабақтарында барлық ойын түрлері презентация көмегімен қолдануға болады. Себебі бұл ойындар сабақты сапалы, әрі қызықты етуіне септігін тигізеді.

Лексикалық ойындар сздерд оыту барысында қолданады. Компьютер кмегмен ағылшын тлі сабағын ойын арқылы кызыкты кылып ткзуге болады. Мысалы: Сзжмбақтар, сзтзбектер, берлген видео бейнен дыбыстау т.б. Шетел тлі сабағында кру, естумен жргзілетн жмыс, оқушыны кызыктыра тсед. Жмыс оқушыны бр жағынан ойлануға жетелесе, екнші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық қаблеттерн арттыруға, белсендлікке ынталандырады.

Мысалы:

1. р оқушы отырған компьютер экранына сз берлед. Берлген сздердн шнен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сз шығатын сздерд терп жаз: raw, read, saw, mug, e.c.t.

2. Берлген сздерге сз қосып мағынасы згерген сз жаз:tea +pot, bus+stop, e.t.c

3. Тмендегі рптерден сз крап жаз, бр рп бр сзде ек рет қайталанбауы тис:

Мысалы, be, eat, dear, read, saw, beat, team, e.t.c.

HAHQAPAPALYQ 0RLEY-0RKENDEY

Halyqaralyq gyymy-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly



Сыдыкова Айгерім Серікқызы

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы

Шелек ауылы “Келешек” бөбекжай балабақшасы

Ұйымдастырылған іс-әрекет


Ортаңғы топ		
Білім беру дағдылары: Танымдық-зерттеушілік дағдылар, әлеуметтік-эмоционалдык дағдылар		
Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер»		
Ұйымдастырылған іс-әрекетінің мақсаты:	Жемістер мен көкөністер түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту. Балалардың жеміс ағаштарын қорғап, оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу.	
Күтілетін нәтиже:	Дәрумендер тобына қандай жемістер мен көкөністер, азық түліктер жататынын ажырата алады, пайдалы және зиянды тағамдарды біледі;	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	«Себет» әдісі, ресустар арқылы саралау әдісі, «Алтыбақан», «Кемпіркосак» әдісі	
Ресурстар, дамытушы орта:	Көрнекі суреттер, себет	
Жоспарлау		
ҮІӨ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеті	Ресурстар
Басталуы	<p>Шаттық шеңбері: Жағымды көңіл-күй қалыптастыру «Себет» әдісі (4К: комуникациясы, сыни ойлауы дамиды) (Балалар жылы лебіздерін айта отырып, гүлді бір-біріне береді)</p> <p>Жаңа тақырып: Миға шауыл: Балалар жемістер мен көкөністердің айырмашылығы қандай?</p>	<p>Себет</p> 

Жемістер қайда өседі?
Көкөністер қайда өседі?
Сонымен, балалар бүгінгі оқу іс әрекетіміздің тақырыбы жемістер мен көкөністер жайлы әңгімелейміз.
Жемістер бақшада яғни ағашта, ал көкөністер бақта өседі. Жемістер мен көкөністерді қарайтын адамды бағбан дейміз.
Жемістерге: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, шие.
Көкөністерге: картоп, қызылша, пияз, сәбіз, қияр, қызанақ т. б. жатады.
Жемістер мен көкөністердің құрамында көптеген дәрумендер бар.
Көкөністерді тұқым себу арқылы өсіреміз көктем айында. Күз айында жинап аламыз.
Алманы көп жесеңдер түрлі ауруларға қарсы тұруға көмектеседі. Қараңғыда көруді жақсартады, шаштың, тырнақтың өсуіне әсер етеді. Ол жетіспегенде тері құрғап, жарылып, түсі күңгірттенеді.
Лимонды кесіп алып, шайға салып, ішіп жүрсе, қан жүрісі реттеледі, қан қысымының көтерілуі бәсеңдейді.
Лимонмен шай ішкен адамның жүйкесі бірқалыпты болады.
Банан қан мөлшерінің бір қалыпты болуы мен қан қысымының өзгермеуіне ықпал етеді. Сүйек, тырнақ, шаш өсіміне оң әсерін тигізеді.
Жемістерден тосап және компот қайнатады.
Көкөністерді тағам ретінде салаттар жасаймыз.
Ал көкөністердің пайдасы мысалы;
Қызанақ ол біріншіден, тағам ретінде өте пайдалы. Екіншіден, қызанақта С дәрумені өте көп. Үшіншіден, жас қызанақ пен томат шырынының шипалық қасиеті жақсы. Асқазан жарасы бар адамдар жас томат шырынын ішуге тиіс. Томат шырыны ағзадағы тастарды да ерітеді. Қызанақ бауыр



НАҲҚАРААҲҚ ӨРЛЕҮ-ӨРКЕНДЕҮ

НаҲқарааҲқ гууһи-ақарааууқ, тапуһууқ-тагуһеһк жуһналу

	<p>ауыратындар үшін де өте пайдалы. Бақшада өсіп тұрған жемісті сабағынан үзіп алып, жумаған күйде жеудің өзі зиянды. Адамның іш ауруын да, басқа да сырқаттарды туғызатын микробтарды көреміз.</p> <p>Жалпы жемістер мен көкөністер біріншіден дәрумен берсе, екіншіден тағам ретінде, ал үшіншіден дастарханға сән ретінде қоя аламыз.</p> <p>Көкөністер. Сәбіздің құрамында дәрумендер көп. Көп жесеңдер бойларың өседі.</p> <p>Сергіту сәті: «Буги-вуги!»</p>	<p>https://youtu.be/kzVdnP1jftE</p>
<p>Негізгі бөлігі</p>	<p>«Саралау арқылы топқа бөлу» әдісі (4К: командалық жұмыс, коммуникативті, креативтілік, сыни ойлау, саралап оқыту)</p> <p>1 топ: жемістер мен көкөністерді ажырату</p> <p>2 топ: Пайдалы және зиянды тағамдарды ажырату</p> <p>3 топ: Алма мен сәбізді мүсіндеу</p>	
<p>Қорытынды бөлімі</p>	<p>Кері байланыс: «Қар кесегі» әдісі (сұрақ қою арқылы бүгінгі ҰОҚ пысықтаймыз) (бала үні, 4К сыни ойлау, коммуникация)</p> <p>Рефлексия: «Кемпірқосақ» әдісі (Барлығын білемін, түсіндім-саусақ жоғары, тәрбиешінің көмегі қажет- саусақ төмен)</p> <p>Мадақтау: себеттегі алмалар таратылады.</p>	

Тлеубаева Анара Амантаевна

Оқушылардың ойлау қабілетін логикалық есептер шығару арқылы дамыту

Математиканы оқуда ,еңбекке деген оң көзқарас жүзеге асырылатын оқу үрдісіне қалыптаса бастайды.Оқушының оқуға деген дайындығын қалыптастыратын барлық нәрсе осы математиканы оқу барысында қалыптасады.

Математика сабағында өздігінен жұмыс істеудің тәрбиелік мәні бар.Тек өздігінен жұмыс істегенде ғана оқушы өз мүмкіндіктерін біледі.Математиканы оқып еңбектену барысында оқушының рухани өмірінің байлығы : ой өрісі мен сезімдерінің тереңдігі,қиял еркінің күші ашылып,мінезінің негізгі қырлары қалыптасады.

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған.Бастауыш сынып-оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі.Бастауыш сыныпта балалардың ойлары нақты бейнеліден абстрақтылы логикалық ойлауға қарай дамиды.

Логикалық ойлауды дамыту туралы сөз етпес бұрын логика туралы қысқаша айтып кету керек.Логика-(грек тілінен алынған logic –сөз ,ой,ойлау,ақыл-ой)ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым.

Оқушыларды логикалық ойлауға қалай үйретуге болады? Бастауыш сынып оқушыларын логикалық ойлауға үйретуге бола ма? Балаларға жас ерекшелігіне байланысты қандай қиындықтағы тапсырмалар беру керек?

Мұғалімнің басшылығымен балалар түрлі есептер мен тапсырмалар орындай отыра логикалық тәсілдер қолдануды үйренеді.Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының ойлау қабілеті дамып,ізденуге ,өз жұмыстарының ойларын ортаға салуға дағдыланады,сөз қорлары молаяды.Олардың басқа пәнге қарағанда математика ойлау,есте сақтауын қажет етеді,қызығушылығы оянып,ой-өрісі дамып,алған білімдерін анықтайды.

Оқушының математикалық ойлауы дамуы үшін түрлі тапсырмаларды орындауы тиіс.

- 1.Өз бетінше есеп шығарудың сан қилы жолын іздестіру.
- 2.Пәнге қызығып,оған көңіл қойып,тереңдете оқып үйрену.
- 3.Сабақ барысында қолданылатын ойындарға ,математикалық сайыстарға ,жарыстарға қатысу.

Осы мәселе тұсындағы өзін жүргізіп жүрген шаралармен таныстырайын.

Есеп шығару көбінесе байқап көру,іздену үрдісімен жүреді.Ойша болжай білу балалардың бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады.Аңғарымпаздық өз білімін пайдалана білудің көрсеткіші.Осы мақсатта дәстүрден тыс қолданылатын әдіс-тәсілдерге математикалық ойындар,ауызша есептер,шығармашылық тапсырмалар қолданылады.»Ойлан тап!» ,»Кім жылдам!»»Тез есепте!»секілді ойындар ойнатуға болады.Бұл ойындарға логикалық ойлаудың деңгейін көтеру мақсатында төмендегідей есептерді сабақ басында немесе соңында беруге болады.

..Логикалық жаттығулар.

1.Айжан мен Маржанның әкелерінің аттарын ата.

Айжан мен Маржан –Асқар менМұраттың қыздары.Айжан Асқардың қызынан үш жас кіші болса,бұлардың әр-қайсысының әкелерінің аты кім?

(Айжан-Мұраттың,Маржан-Асқардың қызы)

2.Үш ағайынды.

Арман, Аян, Абзал ағайынды үшеуі әр түрлі сыныпта оқиды. Абзал Арманнан, ал Аян Абзалдан кіші емес. Бұл үйдің үлкені ортаншысы, кішісі кім?
(Ең үлкені Аян, ең кішісі Арман, ортаншысы Абзал)

3. Қай ауылдың балалары?

Әділет, Еркін, Ерлік үшеуі лагерьде кездесті. Бұлардың біреуі-Қосқұдықтан, екіншісі-Үштөбеден, үшіншісі- Көктөбеден. Әділет пен Қосқұдықтан келген Еркін екеуі бір бөлмеге орналасты, екеуі де Үштөбеде болып көрмегендігі белгілі болса, қай бала қайдан келген?
(Еркін-Қосқұдықтан, Әділет-Көктөбеден, Ерлік-Үштөбеден).

Қызықты әзіл есептер.

1. Түнгі сағат 10-да жауын жауып тұрса, 24 сағаттан кейін күннің жарық болып

тұруы мүмкін бе?

2. Дорбадағы 10 асықты 10 бала бір-бірлеп алды. Сонда бір асық дорбада қалды.
Бұл қалай?

3. 7 таяқша арқылы 3 үшбұрышты 2 шаршыны қалай құрастыруға болады?

Дидактикалық ойындар.

«Математикалық телефон»

Дидактикалық мақсаты: 20 көлеміндегі сандарды ауызша қосуға және азайтуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: Ойыншық телефон, картон қағаздан дайындалған телефон тұтқасы.

Мазмұны: Бұл ойынды мұғалім мен сынып толығымен болып, екі оқушы дара, немесе бір оқушымен сынып болып ойнайды. Күнделікті өз үйлеріндегі телефонмен сөйлескендегі сияқты екі бала бір-біріне математикалық тапсырмалар беріп, жауабын алады. Ойынға қатыспаған балалар олардың жауаптарының дұрыс не бұрыстығын тексеріп отырады. Бір бала сұрақ қояды, ал екінші бала жауап береді. Жауап бере алмаса орнына отырады да, ойынды басқа бала жалғастырады. Осылайша тездете отырып, бүкіл сыныптың балаларын толық қамтуға болады.

Тапсырмаларды түрлендіріп, күрделендіріп жалғастырып ойнай беруге болады.

2. Оқушылардың ойлау қабілеттерін логикалық есептер арқылы дамыту.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың программалық материалдарды меңгеруі берік білімдеріне, сонымен бірге математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты.

Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған ынтасы зор да бар. Оларды жеңіл бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар беру қажет.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында бастауыш сыныптан бастап логикалық есептерді шығару керек.

Ұлы ғалым Д.И. Менделеев мұғалімдердің ғылымының сарқылмас көзін ашудағы еңбектерін жоғары бағалаған. Ғылымда мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады деген.

Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады.

1. Қабылдау.

2. Түсіну.

3. Есте сақтау.

4.orytu jne jyeleu.

Balalarдын oylauyn damytu turaly M.Jmabaev byлай деген: Oylaudy rkenдету жолдары.Oylau-jанның te бiр қиын,терең iсi.Жас балаға oylau тым ауыр.Сондықтан тәрбиешi баланың oylauyn rкендеткенде басқыштап iс iстеу керек.

rкендету жолдары мыналар:

- 1.Balаның жанында ашық суреттердiң болуына жағдай жасау керек.Себеби адам суреттер бойынша oylайды.Сондықтан бала пiкiр айту үшiн суреттен шығарып алсын.
- 2.Бала заттарды,көpiнiстердi ,дсас сандары бойынша топ-топқа бөлу.
- 3.Бала көpiнiстерiнiң ,ойларының аралығындағы байламды ,олардың қайсысы қайсысына себеп екенiн бiлiп үйренсiн.Бұл арқылы балаға мысалдардан ерекше заң шығарып үйренедi.

Жаңа буын математика оқулықтарында жасыл қоршаудағы стандартты емес тапсырмалар берiлген.Бұл материал қазiргi математиканың бастауыш буынының бiлiм мазмұнындағы –төртiншi блок-мазмұндық логикалық есептер.рбiр сабақ қызықты есептермен аяқталып,логикалық есептер баланың жас ерекшелiгiне қарай күрделене түсуi қажет.

Оқулықтағы шығармашылық жаттығулар оқушылардан тек математикалық бiлiм емес,күнделiктi өмiрде кездесетiн әр түрлi жағдайға байланысты бiлiм талап етiлетiн тапсырмалар.Бұл негiзiнен оқушылардың байқағыштығын ,oyлауын,қиялын дамытуға негiзделген.

3.Balаның oylau қабiлетiн дамытуға арналған логикалық ойындар.

Oйын-balаның даму құралы,тәрбиелiк дамытушылық мәнге ие бола отырып ,адамның жеке тұлға ретiнде қалыптасуына ықпал етедi.А.С.Макаренко былай деп жазды:Бала өмiрiнде ойынның маңызы зор,ересек адам үшiн еңбектiң,жұмыстың,қызметтiң қандай маңызы болса ,нақ сондай маңызы бар.Бала ойында қандай болса ,өскенде сол жұмыста да көп жағынан сондай болады.Сондықтан келешек қайраткердi тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады.Мысалы: Сақина салу,Ақсүйек ойыны белгiсiз санды табуға арналған ойын. Атау ұйқастарын санау арқылы оқушылар сан үйренедi.санға аты ұйқас заттарды танып бiледi.Санамақтар сан үйретедi,әpi дүние танытады.Oйында балалар әр нәрсеге жақсы зейiн қояды және көбiрек есiне сақтайды.Oйын үстiнде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады.Oйын шарттарының өзи баладан заттарға айналатын көpiнiстер мен сюжетке зейiн тоқтатуды талап етедi.

Сабақ үстiнде жүргiзiлетiн дамытуға арналған логикалық ойындар баланың oylau белсендiлiгiн қажет етедi.Сондықтан сабақта оқушылардың oylau қабiлетiн арттыратын түрлi логикалық тапсырмаларды қолданып ,балалардың пәнге деген сүйiспеншiлiгiн қалыптастыруды көздеймiн.

№19 Раушан бөбекжай бақшасы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекені

Турлыбекова Гулзада Уайсовна

Балабақша - бақыт мекені

Балабақша - баланың өмірге аттаған, алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан, баланың болашағы қаланады. Балабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан – жақты тәрбиемен дамыту негізін қалайтын орын.

Балабақша – білім мен ортаға биімделудің тірегі, бастамасы десек, ал тәрбиеші – сол балабақшаның жүрегі, яғни олардың қолында баланың тағдыры тұрады. Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күнсайын көзалдымызда өсіп, дамып келе жатқан жасұрпақпен жұмыс істеу.

Өмірге келген әрбір нәресте отбасында ата-анасынан бастап, барлық туған-туыстардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі. Әр отбасында тәлім – тәрбие алып 3 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп, толықтай бір күнге балабақшаға әкеліп тапсырады. Сол орайда ананың орнына ана бола білетін ол-балабақша тәрбиешісі. Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәттен көңілінің кілтін тауып, олардың жеке тұлға болып қалыптасуына үлес қосатын алтын ұя-балабақша. Аса сабырлықты, шыдамдылықты, жылулықты қажеттететін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады. Өйткені, бұл мамандық иелерінің мойнына, ешнәрседен хабары жоқ, мыңдаған тарыдай ғана бүлдіршіндердің бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие беріп, таудай азамат етіп шығару міндеті жүктеледі. Баланың да жеке тұлғасы қаланып, тұлғаның «Мені» қаланатын кезеңі де – балабақшада. Ары қарай өмірдің өсу сатысында білім мен тәрбие ұйымдарында қалыптасқан бірізділік жүйе арқылы өз көзқарастарын қалыптастырып, «Мені»-танылып, жеке тұлға ретінде қоршаған ортада өз орындарын тауып, азамат болып қалыптасады. Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындатып қоятын ерке балалар да жоқ емес. Бір үйдің кенжесі, біреуі тұла бойы тұңғыштары. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта-тағы да ол- балабақша.

Балабақшадағы оқу қызметтері бес сала бойынша іске асырылып, барлығы ойын түрінде балалар бойына білім нәрін сусындатады. Тілдері дамып ортаға биімделіп, қарым-қатынасқа негізі қалыптасады., Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын қысқа үлкен кішісін ажыратуға, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығармашылықтары дамытылып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімделулері, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақын танысып, ортаға жылдамырақ үйренеді. . Өздері әр түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап баланың өсуі жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз. Тәрбиеші балаларға білім беру үшін баланың іс-әрекеті , ойын арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, көздеген мақсатқа жеткізу арқылы білім нәрімен сусындатады. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған еңбек жолындағы педагогикалық ұстанымым -үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр баланың бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу. Балабақшаны-бала бағбандарының мекені деп тани отырып, балабақшаны- болашақтың қақпасы деп білуіміз керек.

Болашақтың қақпасы-әрбір бақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарында ертеңге деген нық сенім, жүректерінде патриоттық сезімдері жалындаған ұлт- ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбие беретін алтын қақпа болуы тиіс. Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын

ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те балабақшаға барған баламен, балабақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын – адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де және басқада жағдайларда да айырмашылық көп.

Ата-ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан да балабақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, балабақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен қатар балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін – сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек. Балабақшада дұрыс тәлім – тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Соның нәтижесінде елін сүйген азамат болып шығады. Біз, тәрбиешілер, әр түрлі болашақ мамандық иелерін тәрбиелеп жатырмыз десем артық болмас. Болашақ заңгерлерді – әділдікке үйрету, дәрігерлерді – жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету, құрылысшыларды – нақтылыққа тәрбиелеу – барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет.

Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, ұстазға байланысты. Баланың болашаққа қадам алып, жан-жақты, қоршаған ортасымен танысып, ең бірінші білім мен тәрбие алатын орны – балабақша. Сондықтан тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденіс үстінде жүру керек. «Мұғалімнің ең жауапты міндеті – ол адамды қалыптастырады.» М.И.Калинин, міне, біздің міндетіміз айқын. Олай болса заман талабынан қалмай, болашақ жастарымызды тәрбиелейік. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір баланың өз ана тілінде тілі шығып, сол тілде ойлау, сөйлеу қабілетінің дамуы, ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы, патриоттық сезімдерін ояту жолдары болып табылады. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім-тәрбие беріп ұлтжандылыққа, патриоттыққа тәрбиелейік. Балабақша бақыттың ең бірінші баспалдағы, баланың болашағы.

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

Туркистан каласы, М. Пошанов атындагы

21 жалпы орта мектеп

Орыс тілі мұғалімі

Турманова Айгул Амирбековна



Раздел	VIII. Знаменитые люди			
ФИО педагога	Школа: Евразийский лицей			
Класс 9	Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:		
ТЕМА УРОКА: Рассказы о писателях				
Цели обучения в соответствии с учебной программой	9.2.1.1 – владеть объемом словарного запаса, достаточным для эффективного общения по широкому кругу тем; 9.1.4.1- определять основную мысль текста, учитывая структуру; 9.2.2.1- пересказывать содержание текста , демонстрируя собственное понимание проблематики текста, позицию автора ;			
Цели урока	определять основную мысль текста, учитывая структуру			
Ход урока				
Этап урока/время	Действия педагога	Действия учеников	Ресурсы	Оценивание
Начало урока 1 мин	I. Организационный момент. Создание коллаборативной среды. Для создания психологической атмосферы: - Ребята, посмотрите друг на друга и улыбнитесь. Скажите, что вы сейчас почувствовали? - Я надеюсь, что это ощущение вы сохраните до конца урока.	Учащиеся улыбаются друг другу. Знакомятся с целями урока	Презентация Учебник Компьютер. Интерактивная доска. Раздаточный материал (листы с вопросами) Оценочный лист	
1 мин		Учащиеся определяют тему урока. Записывают в тетради число, классную работу		
3-4 мин	II. Актуализация знаний. «И через всю жизнь проносим мы в душе образ этого человека — грустного, строгого, нежного, властного, скромного, смелого, благородного, язвительного, мечтательного, насмешливого, застенчивого, наделенного могучими страстями и волей, и пронизательным беспощадным умом. Поэта гениального и так рано			ФО «Комментарий

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>погибшего. Бессмертного и навсегда молодого».</p> <p>Ираклий Андроников о Лермонтове.</p> <p>-Сегодня мы будем говорить о Михаиле Юрьевиче Лермонтове. Давайте вспомним биографию, творчество и его произведения.</p> <p>Показ презентации - Проверка Д/З</p> <p>Кластер «ЛЕРМОНТОВ»</p>	<p>Учащиеся рассказывают о фактах жизни п поэта, вспоминают основные его произведения.</p> <p>Учащиеся составляют кластер «Лермонтов» в тетради (проверка в конце урока)</p> <p><i>Дискриптор:</i></p> <p>-составляет кластер</p> <p>-записывает в тетради</p> <p>-соблюдает речевые нормы</p>	<p>Презентация</p> <p>2 балла</p> <p>1 балл</p>	<p>учителя»</p>				
<p>Середина урока</p> <p>4 мин (чтение)</p> <p>3 мин (составление вопросов, ответы)</p> <p>3 мин</p>	<p>III. Изучение нового материала.</p> <p>Упр.14 Прочитайте. Какие вопросы возникли у вас после прочтения? Чтение текста по цепочке. Работа по карточке-информатору</p> <p>IV. Освоение изученного материала.</p> <p>Заполните таблицу, что вам было уже известно о Лермонтове и что вы узнали нового (записываем в тетради по одному предложению)</p> <table border="1" data-bbox="256 1249 775 1317"> <tr> <td>Известная информация</td> <td>Новая информация</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	Известная информация	Новая информация			<p>Ученики читают текст по цепочке, формулируют вопросы, задают друг другу и отвечают на них.</p> <p>Работают по карточке-информатору</p> <p>Критерий оценивания:</p> <p>Заполняет таблицу.</p>	<p>1 балл</p>	<p>ФО «Похвала»</p> <p>ФО «Комментарий учителя»</p>
Известная информация	Новая информация							
<p>5-7 мин</p>	<p>Синтаксический разбор одного предложения из текста.</p> <p><u>[Ветер проносил в темноту охапки летящего снега]</u>, а <u>[Лермонтов все смотрел и смотрел на окно]</u>, (за которым <u>умирал Пушкин</u>).</p> <p>Сложное предложение состоит из 3-х частей.</p> <p>1 часть. Простое, двус. повеств., невоскл., распрост., неосложн. .</p> <p>2 часть. Простое, двустост. повеств., невоскл., распростр., неосложнен.</p> <p>3 часть. Простое, двусост., повеств., невоскл., распрост., неполн., неосл.</p> <p>[_____], а [_____ и _____], (за</p>	<p><i>Дискриптор:</i></p> <p>- вспоминает известную информацию,</p> <p>записывает новую информацию</p> <p>-соблюдает речевую норму</p> <p>Учащиеся выполняют синтаксический разбор предложения, записывают в тетради</p> <p>Учащиеся обмениваются тетрадками с соседом для взаимопроверки</p> <p>Критерий оценивания:</p> <p>-Записывает предложение, делает</p>	<p>2 балла</p> <p>3 балла</p>	<p>ФО «Взаимопроверка»</p> <p>Стратегия</p>				

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýmü-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

<p>7 мин</p>	<p>которым _____).</p> <p>V. Закрепление изученного материала. Выберите тип вопроса и ответьте на него Учащим предлагается ромашка вопросов.</p>	<p><i>полный синтаксический разбор</i> Дескриптор: -пишет предложение -подчеркивает главные и второстепенные члены предложения -делает полный синтаксический разбор</p> <p>Учащиеся выбирают вопросы «Ромшка вопросов» и отвечают на них. Критерий оценивания: Отвечает на вопросы по методу «Ромашки Блума» Дескриптор: -выбирает карточку с вопросом; - отвечает на свой вопрос; -соблюдает последовательность изложения; -не допускает речевых ошибок.</p>		<p>«Ромашка Блума» ФО «Комментарий учителя»</p>
<p>Конец урока 3 мин</p>	<p>Литературный диктант</p> <ol style="list-style-type: none"> В данном тексте повествуется о ... В тексте затрагивается тема ... Основную мысль текста можно сформулировать так: ... Автор с большой любовью и уважением относится к ... Могут доказать это такими примерами из текста: ... <p>Домашнее задание. Стр. 150 упр. 19 Используя ПОПС-формулу, попробуйте обосновать следующее высказывание знаменитого врача: «Грозное стихотворение, молодой человек. Оно взволновало меня глубоко. Оно достойно того, кому посвящено».</p>	<p>Критерий оценивания: -Продолжить мысль по данному началу Дескриптор: -читает предложение -продолжает мысль -дает правильные ответы - соблюдает речевые нормы.</p> <p>Критерий оценивания: -Выполняет задание, используя ПОПС - формулу Дескриптор: -использует ПОПС - формулу:</p>	<p>1 балл</p>	<p>ФО «Комментарий учителя»</p>

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

<p>1 мин</p>	<p>Рефлексия Приём «Три М» Учащимся предлагается назвать три момента, которые у них получились хорошо в процессе урока, и предложить одно действие, которое улучшит их работу на следующем уроке Завершение урока, выставление баллов Завершаем наш урок словами К.Г.Паустовского «Писатели не могут ни на минуту сдать перед невзгодами и отступить перед преградами. Что бы ни случилось, они должны непрерывно делать свое дело, завещанное им предшественниками и доверенное современниками».</p>	<p><i>-пишет</i> <i>ответы,</i> <i>обосновывая</i> <i>данное</i> <i>выскаывание</i> - <i>соблюдает</i> <i>речевые</i> <i>нормы.</i></p> <p>Учащиеся называют три момента</p>	<p><i>(За активность на уроке от 1 до 4 баллов)</i></p>	<p>ФО «Похвала»</p>
---------------------	---	--	---	----------------------------------

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы

Көру қабілет бұзылған балаларға арналған
№1арнайы балабақшасы "КММ

Турманова Мадина Тилегеновна



«Заманауи тәрбиешінің этикеті.Заманауи тәрбиеші қандай болу керек?»

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады»

Абай Құнанбаев.

Қазіргі заманда оқып, білім алу жас ұрпақтың бірден-бір міндеті. Ес біле балабақша табалдырығын аттайтын бүлдіршін санасы таза ақ парақ секілді. Не берсеңіз, соны қабылдайды. Не айтсаңыз, сол әрекетті бүлжытпай орындайды. Балалардың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына тәрбиешілердің сіңіретін еңбегі орасан зор. Тәрбиеленушілерге сапалы білім мен саналы тәрбие беру де тәрбиешінің еншісінде. Ахмет Байтұрсынов өзінің «Мектеп керектері» еңбегінде былай деп жазды: ... педагог қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы. Яғни, тәрбиеші білімді болса, ол балабақшадан балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болғандықтан, ең әуелі балабақшамызға керегі – білімді, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін, дұрыс тәлім-тәрбие беретін, қазіргі заманға сай бағыт-бағдар алып, балаларды осы заманға сай тәрбиелей алатын – тәрбиеші. Жаңашыл педагог Ш.А. Амонашвили тәрбиешіге төмендегідей талап қояды: педагог-тәрбиеші әріптестеріне мейірімді, жылы шырайлы, ықыласты болуы керек, әріптестерімен қарым-қатынас жасаудың әдебін, дауыс сарынын, жылы үнін игеру керек, әріптестерінің жетістігіне қызғанышпен, күншілдікпен қарауға құқы жоқ, әріптестерімен өз тәжірибесін бөлісуге міндетті, әріптестерінен үйренуге ұялмауы керек, әріптестеріне жоғарыдан менсінбей қарауға құқығы жоқ, әріптестерінің ар-намысын, атақ-даңқын сақтауы керек, балаға байланысты отбасы құпиясының бәрін білу керек, бірақ оны ешкімге шашпауы тиіс.

Жеке тақырыптық кеңестер-бұл ата-аналар мен өзінің, баласы жайында, балабақша тыныс-тіршілігі туралы ақпараттармен қамтамасыз етуде, пікір алысуда маңызды. Және де бүлдіршіндер, тәрбиешінің сырт келбеті мен киім киісіне де мән беріп, бойына сіңіре жүреді. Сол себепті тәрбиеші бұл факторларға да аса зор мән беру тиіс. Қай кезде болса да алдыңғы қатарлы ойшыл адамдар тәрбиеші еңбегін жоғары бағалап, оның, қоғамдағы рөлін құрметті де маңызды деп санаған. Бұл жөнінде К..Ушинский: «...тәрбиеші өзін өткен мен болашақтың арасында тірі дәнекермін, шындық пен жақсылықтың құдіретті жауынгерімін деп біледі және ол өз ісін сырт қарағанда қарапайым екендігін, бірақ тарихтың ұлы істерінің бірі екендігін, бұл іспен көптеген ұрпақтар нәр алатынын түсінеді» деп жазды. Еңбектеген баладан ғұлама ғалымға дейін ұстаз алдынан өтеді ХХІ ғасырдың нағыз тәрбиешісі ол өз кәсібінің, майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу керектігі айтпаса да

түсінікті. Бұл-әркімнің, қолынан келе бермейтін, ерекше талапты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет.

Сондай-ақ тәрбиеші күнбе-күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі кездейсоқ жайттардың, туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң, шешімін табуға дайын болуы тиіс. Сондықтан да тәрбиешіні әр баланың жан-дүниесін танып-білуші әрі оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады. Тәрбиеші сөздің, дұрыс айтылуына интонация арқылы, адамның түрлі сезімдерін білдіруге жаттыққан болуы керек. Мәселен, қуанышты, қайғыны, қорқынышты, салтанатты, мақұлдауды, ашу-ызаны, жылылықты білдіру үшін, сөйлеу қарқынының, дауыстың күшінің, дауыстың көтеріңкілігі мен төмендігінің, қандай дәрежеде болатынын білумен бірге өз сөйлеуінде қолданып, балаларға үлгі көрсетуі керек. Тәрбиеші өзінің, тілін барлық жағын үнемі жетілдіріп дамытып отырады. Ол – тәрбиешінің міндеті. Тәрбиеші өз тілін, сөздік қорын үнемі байыта отырып, грамматикалық құрылысының, ерекшеліктерін терең меңгере отырып, синонимдік, омонимдік ерекшеліктерін жан-жақты терең білуі керек. Біліп қана қоймай, бай сөздік қор не үшін керек, қосымшалар неге көп, олардың мағыналары қандай, олардың қалай қолданылатынын білумен бірге, оларды өз сөзінде қандай жағдайда қолдану орынды екенін анықтауы керек. Қазіргі заманғы тәрбиеші-бұл кәсіби маман. Педагогтың, кәсібилігі оның, кәсіби жарамдылығымен, кәсіби жол табуымен, дербес дамуымен, яғни өз бойында кәсіби қызметті орындау үшін қажетті қасиеттерді мақсатты түрде қалыптастыруымен анықталады. Осы жаңа ғасырдағы кәсіби маманның бойында мынандай қасиеттер болуы керек: сергектік, байқағыштық, сезімталдық, сенімділік, байсалдылық, ұстамдылық, сабыр сақтау, ілтипаттылық, мейірімділік.

Тәрбиеші маманымен дәрігерді салыстырып көрелік. Дәрігер баланы тексеріп алмай, диагноз қойып қателесуіне құқығы бар ма? Жоқ, құқығы жоқ.

Сол сияқты тәрбиеші маман да баланы алдын ала зерттеп алмай оған тәрбиелеу мен дамыту әдістерін қолдана алмайды. Бастысы ар баланы зерттеп, зерделеп алып, мінез-құлықтарындағы ерекшеліктеріне сай тәрбиелеу. Ал, енді «Заманға сай тәрбиеші қандай болу керек?» Заманауи тәрбиешінің алдында тұрған басты міндет- балабақшадағы барлық балаларға бірдей көзқараспен қарап, заманға сай білікті ұрпақ тәрбиелеу. Не меңгеру қажет? Заман талабына сай жаңа технологияларды меңгеріп, білімін жетілдіріп отырады. Адамгершілік қасиетті бүлдіршін бойына сіңіру-ол біздің басты міндетіміз. Сондықтан бақшада оқыту, білім беру жүйесіне арналған бағдарлама қандай жүйеде жасалу керектігін айқындау қажет. Себебі ол бағдарлама табиғатта болып жататын физикалық, биологиялық, қоғамдық құбылыстар жөнінде мағлұмат бере отырып, мектепте оқытудың, басты шартын орындауға тиісті. Өйткені балаларға адам қоғамы, табиғат, өнер туралы мағлұмат мектепке дейін-ақ берілуі керек. Ондай мағлұматтар олардың дүние танымын, ойын кеңейтіп, тілін дамыта отырып, балаларды мектептегі оқу ісіне даярлайды. Бақшадағы оқыту жұмыстары баланың, сәбилік шағынан басталуы тиіс.

Осыған орай балабақшада тәрбиелеп, оқытудың, басты құралы - бағдарлама жаңартылып, оқу-тәрбие жұмысының, мазмұнына елеулі өзгерістер енгізіліп отыр. Жаңа бағдарламада мектепке дейінгі кезеңде баланың, ой өрісін, дүниетанымын кеңейту, өмірге қажетті білім-дағдыларды меңгерту, ой еңбегіне баулып, өздігінен әрекет жасауға, еңбек ете білуге үйрету өзекті мақсат етіп алынған. Ақыл-ойды жетілдірудің, негізі болып табылатын баланың, тілін, сөз қорын молайту, еркін, дұрыс сөйлей білуге үйрету де негізгі нысана

болуы керек. Балаларды қай жастан бастап оқыту керек деген мәселе жөнінде ұлы педагог К.Д. Ушинский: «Мерзімінен бұрын оқуды оқыту кешіктіріп бастаудан зиянды.» Өздігінен даму технологиясы-бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі, мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады. М.Монтесори педагогикасының түсіндіруінше баланың, туғаннан азамат боғанға дейін барлық өмірі- оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.

- Бұл сұрақтың өзектілігі ата-аналардың қызығушылығынан туындайды. әрине, ата-аналардың көбі мемлекеттік балабақшаларға қарағанда жеке меншік балабақшаларға сеніммен қарайды. Ата-аналардың, бұл көзқарасы дұрыс емес. Ата-аналар балабақшаны таңдағанда, оның мелекеттік немесе жеке меншік екеніне мән бермей, жалпы балабақшаның, жұмыс жасау бағытына қарау керек.

Кез-келген ұлттың толыққанды ұлт болып қалыптасып дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы болуы керек. Сондықтан біз ұлттық, құндылықтарды ұрпақтарымыздың бойына сіңіріп, оларды ел қамын, жер қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық тәрбиені бойына дарытуда бірінші президентіміз Н.Назарбаевтың, мына бір ұлағатты сөзі баршамызға бағдаршам болмақ: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық, намысың болса, казактың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, едің де иесі өзің, екеніңді ұмытпа!»

Қорыта айтарым, халқымыздың, ғасырлар бойы жасап кеткен тарихы - бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес үлкен қазына, мұра. Бұл мұраларымыз имандылық, әдет-ғұрыппен, салт-дәстүрімен қымбат. Осынау ұлағатты тәрбие қазынасын мұралыққа алған біздер оның ішіне үңіліп, одан өз болмысымызға керегімізді алуға және соны ұрпақ бойына сіңіре білуге тиіспіз. Және де Қазақстан Республикасының, егеменді ел болуы жас ұрпақтың жан-жақты дамуын, дүниежүзілік алдыңғы қатардағы ақыл-ой мен тәжірибені өскелең

өмір талабына жеткізуін, халқымызды, көп жылдар бойы тұншығып келген тілін, мәдениетін, тәлім-тәрбиесін жаңартуды талап етеді. «Заманға сай тәрбиеші – ол өзіне артылған ауыр жүктің салмағын сезінген тәрбиеші, өз ісіне ерекше жауапкершілікпен қарайтын тұлға. «Заманға сай тәрбиеші» деген ұғымның тобықтай түйіні – өз кәсібінің майталманы, қазіргі ұрпаққа қажетті тәлім-тәрбие беретін, заманға сай технологияларды меңгерген, салиқалы ұрпақ тәрбиелейтін, терең білім мен адамгершілік қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіре алатын – тұлға.

г.Шымкент,Школа -интернат «Умит» с нарушением зрения.

Преподаватель начальных классов

Турумбетова Гульнара Байдабековна

СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ- ЖАУАПТЫ ІС

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке тұлға ретінде қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы, өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін талап етеді. Ал, осы аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін күнделікті сабақ үдерісінің жанды бір бөлігі – сабақтан тыс тәрбие жұмыстарының атқаратын рөлі өте зор.

Сыныптан тыс жұмыс – сабақтан тыс уақытта, баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға қажетті жағдай жасайтын, оқытушының оқушылармен оқу бағдарламасының шеңберіне кірмейтін және оқу кестесінен тыс мектепте өткізілетін әртүрлі тәрбиелік мағынасы бар іс-шаралар. Қазіргі кезеңдегі Қазақстанда болып жатқан түбегейлі өзгерістер, елдің жалпы білім беретін мектептеріне де өз ықпалын тигізуде. Әсіресе жас жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру, оны оқу-тәрбие процесіне енгізу мәселесі өркенді өрістеуде.

Осы орайда ұзақ жылғы еңбек тәжірибемде сабақтан тыс жұмыстарына ерекше мән-маңыз беріп, бірқатар нақтылы нәтижелерге қол жеткіздім деп айта аламын. Әлбетте, білім мен тәрбие егіз ұғым, оларды ұштастыра отырып жұмыс жүргізу әрбір мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Осы тұрғыда тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес сыныптан тыс іс-шараларды жүйелі түрде атқару шәкірттер бойында адамгершілік, қайырымдалық, жауапкершілік сынды ізгі қасиеттерді қалыптастырады. Түрлі сайыстар мен ашық тәрбие сағаттар, жас жеткіншектерді ұлттық рухта тәрбиелеуге қатысты ата-аналармен болған пікірталас, ұлттық спорт түрлері бойынша өткен қызықты жарыстар, сондай-ақ еліміздің Наурыз мейрамы, Халықтар бірлігі, Конституция, Тәуелсіздік күні сияқты ең басты, айтулы мерекелеріне орай ұйымдастырылған сабақтан тыс іс-шаралар.

Бұл шаралардың барлығына оқушылардың барынша мол қамтылуы ескерілді. Тіпті оқуға олақ, ұяң балалардың да қызығушылығын оятып, сыныптық іс-шараларға қатыстыруға ерекше маңыз берілді. Өткізілген іс-шаралардың дені – шәкірттер бойына ұлттық тәрбиенің негізін сіңіруге арналды.

Бұндай іс-шараларда білім мен тәрбиенің үш тағаны – мектеп, мұғалім, ата-аналардың бірлігі жақсы көрініс тапты. Барша іс-шаралардың көзайым көрермендері, сондай-ақ жеткіншектердің өрімтал өнерлері мен білім-білік, талап-тілектеріне әділқазылық еткен де осы – ата-аналар мен мектеп басшылығы, тәжірибесі ұшан-теңіз, аузы дуалы, сөзі уәлі ардагер ұстаздар болды.

Қай заманда болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім -тәрбиесі болатыны белгілі. Егемен қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының ұлттық сана-сезімін, мінез-құлқын оның сонау ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрлері мен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуы, қазақ

тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, «Білім туралы» заңының қабылдануы өскелең ұрпақ тәлім-тәрбиесіне жаңаша қарап, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеуді мақсат етіп қойды. Осыған орай мен өзімнің сабақтан тыс жұмыстарымда мынандай міндеттерді орындауға ұмтылдым:

- оқушыларды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу;

- теориялық білім, білік дағдыларын олардың қабілеттері мен дара ерекшеліктеріне сай, ой-өрісін, талғамын, дүниетанымын кеңейтіп, дамыта отырып, оқытып тәрбиелеу;

- әр оқушыны дара тұлға ретінде қарастырып, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату;

- ана тілін, дінін, оның тарихын, мәдениетін, өмірін, кәсібін қастерлеп, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларын меңгерту;

- сыныптың тәрбие жүйесін ұлттық мәдениет пен ұлттық педагогика идеяларына негіздеу.

Өскелең ұрпақ туған жері мен халқының перзенті. Ол қайда жүрсе де, өз ұлтының жарқын болашағы, әрі өкілі. Сондықтан ұлттық тәрбиеде отбасы мен мектептің рөлі және алатын орындары ерекше. Өйткені, отбасы мен мектепте жеке тұлғаға халықтың салт-дәстүрлер негізінде ұлттық тәлім-тәрбие беріледі. Ұлттық тәрбиенің нақты қалыптасуындағы ең шешуші орын отбасы болып табылады. Себебі, халқымыз «баланы жастан» деп текке айтпаған. Сондықтан да, алдымызға қойған мақсат пен міндеттерге негізделе отырып, мектепте оқушылар ұлттық дәстүрмен шектеле тәрбиеленуі керек. Яғни, тәрбиенің алғашқы ошағы – отбасы, ал екіншісі – мектеп пен қоршаған орта. Сондықтан да, ұлттық тәрбие жоғарылауы үшін, ата-ана, мектеп ұжымы әрдайым тығыз қатынаста болуы қажет. Өйткені, халықтық салт-дәстүрлер сан алуан болғандықтан, өзіне отбасынана танымал емес дәстүрлерді бала мектепте біліп, олар туралы кең ұғым алатыны анық.

«Білім жүйесінің басты міндеті жеке тұлғаның ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіптік тұрғыда жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген. Ғұлама жазушы М.Әуезовтің «Ел болам десен, бесігіңді түзе» деген ұлағатты сөзінің мән-мағынасына ой салсақ, тәрбие ұрпақты дүниеге келтіруден басталады, сол тәрбиенің ұлттық бастаулары мен бағдарын жан-жақты пайдаланып, даналықпен дамыта білу керек деген өсиеттің мәні өте зор.

Бастауыш сынып мұғалімі ретінде бұл бай мұраны, сан алуыан салт-дәстүрлерді баланың жас кезеңіне, дара ерекшеліктеріне сай, ұғымына байланысты сыныптан тыс уақытта немесе сабақ барысында сіңіруде педагогикалық тұрғыдан іріктей алдым деп білемін. Соның арқасында бүгінгі күннің жаңару бағыты – жасөспірімдердің дүниетанымының кеңеюі ұлттық мінез-құлықтарының қалыптасуы бағытында біршама табыстарға қол жеткіздік.

«Білім негізі бастауышта» деген сөз тегін айтылмаған, себебі, келешек еліміздің сауатты да салауатты азаматының түрлі қасиеттері осы бастауыш сыныпта қалыптасады. Бастауыш сынып мұғалімі таза, пәк жүректі шәкірт санасында үлкен орынға ие, мәңгі ұмытылмайтын ұстаз болып қалары хақ!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. С.Ахметов. «Бастауыш сыныптарда тәрбие берудің тиімділігін арттыру жолдары», Алматы: «Рауан», 2004.
2. С.Ұзақбаева. «Тамыры терең тәрбие». Алматы: «Білім», 2005.

Усарбай Сайдулла Бахтиёрұлы

Кенесары Қасымұлы атындағы

№82 ЖОББМ

Математика пәнінен мұғалім

Математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

Математиканың басқа ғылыми пәндермен өзара байланыстарын іске асыру оқушылардың дүниетанымын дұрыс қалыптастыруға, табиғаттың құбылыстары мен процестерінің бірлігін сезінуге ықпал жасайды. Атап айтқанда, олар математикада материалдық әлемнің кеңістік формалары мен сандық қатынастарын бейнелей отырып, математика болмыстың математикалық модельдері туралы ғылым екендігін оқушылардың түсінуіне себептеседі.

«Сан», «фигура», «туынды», «интеграл», «вектор» ұғымдары реалды болмыстың саналуандылығын айқындайды, сондықтан да олар мектептегі басқа пәндердің қолданбалы есептерін шешуде кеңінен қолданылады. Табиғаттың көптеген заңдарын сипаттайтын сизықтық, квадраттық, логарифмдік, көрсеткіштік және т.б. функционалдық тәуелділіктер табиғатта байқалатын заңдылықтардың жалпылауы болып табылады.

Пәнаралық байланыстарды іске асыру барысында табиғат құбылыстарының біртұтастығы мен өзара байланыстарын көрсете отырып, оқушылардың білім мен білігін тереңдетуге қосымша мүмкіндіктер туады.

Мектеп математика оқулықтарында пәнаралық байланыстарды ашуға келтірілген нақты материалдар саны шектеулі, ал қосымша оқу әдебиеттерінен ондай материалды алып, сабақ барысында пайдалана қою - күрделі мәселе. Және де кезкелген дерлік мектеп пәнінің оқу бағдарламасы пәнаралық байланыстарды қосымша анықтау қажет болады.

Математика сабағында оқу тақырыптарын ашуға, оларды бекітуге, есеп шығартуға, республикамыздың экономикалық жетістіктері мен даму стратегиясын, ұлттық ерекшеліктерін, т.б. сипаттаушы материалдарды іріктеп таңдап алуға, оларды мазмұнына кірістіруге студент-болашақ математика пәнінің мұғалімін даярлау қажет. Себебі, мұндай мазмұндағы оқу-әдістемелік құралдар әзерге жоқ есебі

Пәнаралық байланыстарды іске асыру жолдары да жан-жақты. Атап айтсақ:

1) Математикалық ұғымдарды қалыптастыруда сол ұғымның мазмұнын ашу. Сабақтас пәндерде кездесетін ұғымды, мүмкіндігінше, бірмәнді түрде талқылау. Ал бір терминмен аталатын ұғымдардың мазмұндары әртүрлі болып келсе, онда оны оқушыларға (жас ерекшеліктеріне қарай) жете түсіндіру.

2) Математикалық ұғымдарды қалыптастырудағы басқа пәндердің материалдарымен, мәліметтерін қолдану.

3) Пәнаралық есептер және оларға қойылатын талаптар; математикалық модельдеу, абстракция, абстракциялаудың түрлері; т.б. сұрақтарды қарастыру.

4) Математика пәнін оқыту барысында оқушылардың логикалық ой-қабілетін дамыту.

5) Оқытылған материалдың күнделікті өмірдегі және сабақтас пәндердегі практикалық қолданыстарын көрсету.

Аспан, жер, су, тіпті, бізді айнала қоршаған әлемнің бәрінде де геометриялық объектілер толып жатыр. Былайша айтқанда, адам әрқашан да геометриялық әлемнің қоршауында. Салынған сарай - үйлер, жасалған кемелер, көкке ұшқан ұшақтар, күнде көретін ұсақ-түйек заттар - бәрі де геометриялық бейнелер арқылы танылады.

Планиметриядан стереометриялық ауысу кезеңінде оқушылардың санасында кеңістікті сезіну біртіндеп кеңиді. Кеңістікті сезінудегі айқынсыздық, тиянақсыздық оқушыларды X-XI сыныптардағы геометрия курсына толығымен түсінбеуіне әкеліп соғады.

Стереометрия курсының негізгі мақсаттарының бірі - кеңістіктегі қарапайым геометриялық бейнелердің қалыптасқан көріністерін тереңдету және кеңейту болып табылады. Жаңа күрделі ұғымдар иллюстрациялауды қажет етеді. Мысалы: түзу мен жазықтықтың арасындағы бұрыш, аяқас түзулердің арасындағы бұрыш және оларға ортақ перпендикуляр, берілген екі жақты бұрыштың сызықтық бұрышы, дөңгелек денелер мен көпжақтар және т.б. Нақты мысал ретінде XI сыныпқа арналған геометрия оқулығындағы шардың анықтамасын қарастырайық: «Шар деп берілген нүктеден берілген қашықтықтан артық қашықтықта жататын кеңістіктің барлық нүктелерінен тұратын денені атайды. Бұл нүкте шардың центрі деп, ал берілген арақашықтық шардың радиусы деп аталады. Шардың шекарасы шардың беті немесе сфера деп аталады». [67, 325]. Бұдан оқушыларға беріліп жатқан ұғымдар турасында нақты түсінік алу қиынға соғуы мүмкін. Ал егер анықтаманы бермей тұрып, оқушыларға темірден құйылған шарды, ағаштан

жасалған шарды, допты, т.т. көрсетіп, ол заттардың әртүрлі қасиеттері бар екендігін еске түсірсек, мысалы, темірден жасалған шар - ток өткізеді, суға батады; ағаштан жасалған шар - ток өткізбейді, суға батпайды, т.т. Шарлардың жасалған материалдарының тығыздықтары әртүрлі, түрлері де әртүсті, иістері де әртүрлі, т.т. қасиеттері бар. Бұл заттардың бәріне ортақ бір ғана қасиеті бар - олардың формалары. Енді біз тек сол қасиетті ғана - форманы - еске алсақ - «сфера», «шар» ұғымы шығады - деп, шардың анықтамасын қарапайым тілмен келтірсек, онда, біріншіден, оқулықтағы анықтаманы түсіну қиындыққа соқпайды, екіншіден, ұғымның өмірмен байланысын (абстракциядан пайда болғандығын) көрсетіп кетеміз.

Қабылданған аксиомаларға нақты өмірден мысалдар келтіріп, олардың қолданысын, практикаға қайшылықсыз екендігін көрсетіп отыру қажет. Мектеп стереометрия курсының мына теоремасын (ол негізінде Евклид геометриясының аксиомасы болатыны белгілі) алайық: «Берілген түзде жатпайтын үш нүкте арқылы жазықтық жүргізуге болады және ол тек біреу ғана болады». Шынында да, үш аяқты орындық әрқашан орнықты тұрады. Ал төрт аяқты орындық болу үшін оның барлық аяқтарының ұзындықтары бірдей болуы қажет. Есік (жазықтықтың моделі) екі топсамен бекітілсе кеңістікте шексіз түрлі жағдайларда орналасады, ал егер оны қосымша бір жерінен тіресек (кілтпен, ілгекпен, таспен, т.т.) онда ол есік тек бір ғана жағдайда орналасады. Жоғарыда аталған аксиоманың іс жүсінде орынды болып отырғанын көреміз.

Тәжірибе көрсеткеніндей, 10-11 сыныптарда көрнекі құралдарды қолдану оқушылардың ойлау қабілетінің жас ерекшеліктерін және жеке-дара ерекшеліктерін айрықша еске алып отыруды қажет етеді: кейбір модельдеге тек сілтеме беруге болады, ал басқа ұғымдарды анықтағанда эскиз немесе суретпен шектелуге болады; кейбір модельдерді тек нақты ойлауы басым болып келетін оқушылардың арнайы тобында ғана қолдануға болады. Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың параллельдігін немесе перпендикулярлығын, екіжақты және көпжақты бұрыштарды оқытқанда көрнекі модельдердің аса маңыздылығын мектептегі жұмыс практикасы көрсетіп жүр.

Берілген фигураны дұрыс елестету, сызбаны дұрыс орындау үшін оқушылар алдымен кеңістіктегі фигураларды жазықтықта шартты түрде бейнелеудің негізгі талаптарын білулері қажет. Мұндай ережелер оқушылар үшін жазық емес фигураның сызбасын орындаудың бағыттық негізі болып табылады. Жоғары сынып оқушыларын бұл ережелер және әдістер мен геометриялық фигуралардың дербес түрлерін оқыту барысында бірте-бірте таныстыру керек. Бұл кезде параллель проекциялаудың қасиеттеріне және оқушылардың сызба курсында алған білімдері мен біліктеріне сүйеніп отыру қажет.

Негізінде фигураның параллель проекциясы туралы түсінікті қалыптастыру үшін шуақты күні сол фигураның картоннан немесе сымнан жасалған моделінің көлеңкесін қарастыруға болады. Күннің Жерден өте алыс қашықтықта екенін ескере отырып, Күн сәулелерін жуықтап өзара параллель деуге болады.

Кеңістіктегі фигураның кескінінің көрнекілігі сол фигураның проекциялау жазықтығына және проекциялай бағытына қатысты орналасуына тәуелді екені белгілі.

Үшбұрыштың моделінің көлеңкесін бақылай отырып, проекциялау жазықтығына қарағанда түп нұсқаның әртүрлі орналасуы арқылы берілген үшбұрыштың проекциясы кезкелген формадағы үшбұрыш (тіпті кесінді) болуы мүмкін деген ұйғарымға келеміз.

Кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың параллельдігін және перпендикулярлығын, екіжақты және көпжақты бұрыштарды оқытқанда картоннан, органикалық шыныдан жасалған көрнекі модельдерді қолдану маңызды.

Жоғары сыныптарда геометрияны оқутыдан бастап көпжақтар ұғымы енгізіледі (параллелепипед, призма, пирамида, дұрыс көпжақтар). Бұл бірінші жағынан, параллельдік пен перпендикулярлықтың қасиеттерін көпжақтар негізінде көрсетуге мүмкіндік береді, екінші жағынан, оқушылардың геометриялық шамаларды, қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Геометриялық денелердің көлемін табуды қарастырғанда, егер дене геометриялық формасы болса, онда көлемін

табу есебі математикалық әдіспен шешілмейді, ал физикада мензурканың көмегімен Архимед заңына сүйеніп шығаруға болады.

10-11 сынып оқушылары есептің шарты бойынша «пирамида берілді» десе үшбұрышты немесе төртбұрышты пирамиданы сызады, себебі пирамиданың бұл екі түрі стандартты сызбаларда жиірек кездеседі. Сондықтан әртүрлі дұрыс және емес, табан қабырғаларының саны әртүрлі болатын көпжақтарды бейнелеуді мұғалім өз практикасына еңгізсе, бұл кеңістіктегі фигура туралы абстрактілі ұғымды дұрыс қалыптастыру ықпал етеді.

Айналамыздағы бізді қоршап тұрған нәрселер геометриялық денелер туралы түсінік береді. Мысалы, кристалдар - көпбұрыштардан тұратын геометриялық денелердің пішінін береді. Ондай беттерді көпжақтар дейді.

Табиғи көпжақтар табиғаттағы геометрияның бір айқын көрінісі. Кристалл - қырлы біртекті қатты дене. Гректің «кристаллос» сөзі «мұз» деген ұғымды білдіреді. Бірақ бұл сөз тек қатқан мұздың кристалдарына ғана тән емес. Барлық тас, тау жыныстарыны көбі кристалдан тұрады. Металл рудалары, осы рудадан балқытып алынған металдың өзі, тұз, қант және айналамыздағы басқа да толып жатқан нәрселердің көбі кристалды заттар. Кристалдардың ішіндегі ең әдемісі - асыл тастар.

Кристалдардың ерекше қасиеті бар, мұның өзі олардың қандай атомдардан тұратындығына байланысты. Кристалдардың ішкі әлемін рентген сәулесі арқылы зерттеуге болады. Сонда, кристалдағы әрбір атом іргелес атомдардың нақты бір санымен байланысты болады және олар сонымен қосы белгілі ретпен орналасады екен. Әрбір кристалл формасы болады.

Кейбір заттардың бір емес, екі, үш, тіпті одан да көп кристалдық форма түзетіні кездеседі. Әрине, олардың бәрі де белгілі бір нақты тәртіппен орналасады. Мәселен, көміртегі осындай. Атомдардың орналасуына қарай, ол не алмасқа - жер бетіндегі ең әдемі, ең мөлдір, ең қатты тасқа, не кәдімгі қарындаштағы қара сұр түсті жұмсақ графитке айналады.

Кристалдардың басқа да қасиеттері бар. Кристалдың ұзыны мен көлденеңінен жылу біркелкі өтпейді. Қыздырған кезде ол әр бағытта, әр түрлі ұлғаяды.

Көпжақтардың көптеген формаларын (тау хрусталі, алмаз, гранит, т.б.) кристалдар түрінде табиғат өзі жаратқан (28-сурет).



Табиғи кристалдардың арасында тетраэдрдың, октаэдрдың, кубтың, додекаэдрдың формалары айқындалған.

Кристалдардан көптеген қажетті заттар жасайды. Қазіргі кезде дұрыс көпжақтардың формалары архитектурада, тұрмыстық заттарда да кеңінен қолданылады. Мәселен, жартылай өткізгіш кристалдар радиотехникада қолданылады. Сағат тасы да - кристалл. Кристалдың бұдан басқа да қолданылатын жері өте көп.

Мысал-1. Параболаның теңдеуі

Суреттегі көпірді модельдейік.

$$y = -\frac{1}{150}x^2 + \frac{21}{5}x.$$



1-сурет.

Шешуі: Айталық, x -жерден баспалдыққа дейінгі ара қашықтық болса, онда проекциясының ұзындығы $x-1$ м. Суретте көрсетілгендей баспалдақтың орналасуынан тік бұрышты үшбұрышты көруге болады. Пифагор теоремасын қолдану арқылы есептейміз:

$$x^2 + (x - 1)^2 = 5^2$$

$$x^2 + x^2 - 2x + 1 = 25$$

$$2x^2 - 2x - 24 = 0$$

$$x^2 - x - 12 = 0$$

$$(x+3)(x-4)=0$$

Теңдеудің түбірі (-3) шешімі бола алмайды, себебі, теріс сан ұзындық өлшемі бола алмайды, ал $x=4$ – жерден баспалдақтың ұшына дейінгі ара қашықтықты береді. Ал баспалдақ проекциясының ұзындығы 3 м болады.

Мысал-3. Физика+Бильярд ойыны+Геометрия.

Ойыншының мақсаты битоктың неғұрлым жиірек керек жерден табылуына ықпал ету . Яғни сіз оның соққыдан кейін қайда домалайтынын қадағалауыңыз керек.

Бір қарағанда соққының аты соққы сіз қай жақтан соғуды таңдайтындай ғана болып көрінесіз. Алайда, кий ұшының ауданы өте кішкентай ал шар едәуір үлкен. Оны дәл ортаны көздеп немесе ойынды қыздыра түсу үшін сәл жылжыған бағытты таңдаумен соғуға болады. Бильярдшылардың барлығы тоғыз нүктені ерекшелейді шардың қозғалысы соларға тигізуге байланысты.


Міне осы жерде физика іске араласады. Егер шарды тура ортасынан соқса ол қатаң түрде алға қарай қозғалып кедергіге кездесіп тоқтайды. Ал кийдің бір жаққа қарай жылжитқанда шар сол жаққа қарай қосымша айналады .



3-сурет

Егер біз 6 нүктесін соғар болсақ, шар алға қарай домалайды, бірақ көлденең өсінің айналасында кері бағытта айналады. Ол кедергіге кездескен кезде алға итеретін негізгі қозғалыс импульсі жоғалып, қалған қосымша айналу есебінен шар аздап артқа сырғиды. Оңға немесе солға соғу оны сәйкес жағына қарай айналдырады.

Егер битокты төмен қарай 30 градус бұрыштап қрса шар үстелден өтіп, ұшады. Осылайша кедергілерден секіріп өтуге болады. Соққы бүйір тұсқа қарай жылжытпай берілгендіктен үстелге оралғаннан кейін шар түзу бойымен домалайды. Мұндай соққыны көбінесе бильярд тәсілдері шындалған шеберлер қолданады, бірақ әдеттегі ойындарда да қолданылуы әбден мүмкін.



4-сурет

Бильярд үстелі шексіз емес, сондықтан шарлар бір біріне соғылуымен қатар үстелдің жақтауына да тиіп жатады. Шарлардың бұл жағдайдағы әрекеті жайлы физика не дейді?


Мектеп қабырғасынан жақсы білетіндей, түсу бұрышы шағылу бұрышына тең болады. Күн сәулесінің айнаға шағылысы секілді тік ұшқан шар үстел жақтауынан кері серпіледі. Ал шар оңға немесе солға бұрылған болса жақтауға соғылған кезде ол қосымша айналымға ие болып траекториясын бұзады. Оңға

қарай бұрылған шар суретте қызыл траектория жақтауға жақын барады, солға бұрылған шар көк кеңірек бұрышпен домалайды.

Мысал-1. Дыбыс зорайтқыштар

ЕСЕП

Алаңға 13 дыбыс зорайтқыш орнатылған: бұлар біреуінде, екіншісінде 9 аппарат болатын екі топқа бөлініп орналасқан. Топтардың аралығы 50 м. Екі топтың даусы бірдей күшпен естілу үшін қай жерде тұру керек?



5-сурет

ШЕШУІ

Егер аппараты аз топтан ізделінді нүктеге дейінгі қашықтықты x арқылы белгілесек, онда оның аппараты көп топқа дейінгі қашықтығы $50-x$ арқылы өрнектеледі (16-сурет). Дыбыс күшінің ара қашықтықтың квадратына пропорционал әлсірейтінін ескере отырып, мына теңдеуді шығарып аламыз:

$$\frac{4}{9} = \frac{x^2}{(50-x)^2}$$

ықшамдаған соң бұл мына түрге келеді:

$$x^2 + 80x - 2000 = 0,$$

Мұны шешіп, екі түбір табамыз:

$$x_1 = 20,$$

$$x_2 = -100.$$

Оң түбір есептің сұрауына тікелей жауап береді: дауыс бірдей естілетін нүкте төрт дыбысзорайтқыштан тұратын топтан 20 м қашықтықта, сондықтан тоғыз аппараттан тұратын топтан 30 м қашықтықта орналасқан.

Теңдеудің теріс түбірі нені білдіреді? Оның мағынасы бар ма?


Сөзсіз мағынасы бар. Минус таңбасы дауыс бірдей естілетін екінші нүктенің теңдеу құру кезінде оң деп қабылданған бағытқа қарама-қарсы бағытта жататынын білдіреді.

Төрт аппарат орналасқан жерден қажетті бағытта 100 м өлшеп дыбысзорайтқыштардың екі тобынан дауыстың бірдей күшпен естілетін нүктесін табамыз. Бұл нүкте тоғыз аппараттан тұратын топтан $100\text{ м} + 50\text{ м} = 150\text{ м}$ қашықтықта жатады.

Сонымен біз дыбыс шығатын көздердің арасын қосатын түзудің бойында жататын, дыбыс бірдей күшпен естілетін екі нүктені іздеп таптық. Бұл түзудің бойында басқа мұндай нүктелер жоқ, бірақ ондай нүктелер ол түзуден тысқары жерлерде бар. Біздің есебіміздің талабын қанағаттандыратын нүктелер жиыны сол табылған екі нүктені диаметрінің екі ұшы ретінде алып жүргізілген шеңбер екенін дәлелдеуге болады. Бұл шеңбер едәуір аймақты (суретте шрихталып көрсетілген) қоршап жатады, мұның , ішінде төрт дыбысзорайтқыштан тұратын топтың дауысынан күштірек естіледі, ал бұл шеңберден тысқары жерде бұған кері құбылыс байқалады.

Мысал-2. Фотосуретте иррационал санның қолданылуы

Фотографтарда $\sqrt{2}$ нөмірін қолдануға себеп бар. R радиосы бар шеңберді қарастырыңыз. Оның аумағы πR^2 . Егер біз аймақты екі есе құрғымыз келсе, радиустың қай санымен көбейтілу керек деп ойлайсыз? Ал жартысы қанша болса - қалай бөлуге болады? Тағы да біз $\sqrt{2}$ санымен танысамыз.



6-сурет

Бұл суретке қалай қатысты? Қолмен жұмыс режимінде түсіргенде, біз фокусты және экспозицияны реттей аламыз. Соңғысы люстра жылдамдығы мен линзаның диафрагмасы арқылы анықталады - линзалар арқылы жарық ағыны пленка немесе камераның матрицасына реттеуге мүмкіндік беретін айнымалы радиусы тесік. Егер жарық жарқын болса, раманы жарықтандырмау үшін диафрагма тесіктері азаяды. Егер жарық төмен болса - бұл күндіз немесе тіпті түнде - диафрагма ашылуы артады, әйтпесе жақтау тым қараңғы болады. Диафрагманың өлшемдері тұрақты мәнге ие: бір бөлікпен жабылған кезде, тесік аймағы екі есе, радиусы тиісінше $\sqrt{2}$ рет. Диафрагтық шкала бойынша бөлімшелер диафрагманың санына сәйкес келеді: 2; 2.8; 4; 5.6; 8; 11; 16; 22 және т.б. Үлгі айқын емес, бірақ іс жүзінде бұл $\sqrt{2}$ (кейбір себептермен математикалық заңдарға сәйкес емес дөңгелектенген) өкілеттіктерінің шамаланған мәні ғана емес:

$$(\sqrt{2})^2 = 2$$

$$(\sqrt{2})^3 \approx 2,82$$

$$(\sqrt{2})^4 = 4$$

$$(\sqrt{2})^5 \approx 5,64$$

$$(\sqrt{2})^6 = 8$$

$$(\sqrt{2})^7 \approx 11,28$$

$$(\sqrt{2})^8 = 16$$

$$(\sqrt{2})^9 \approx 22,63$$

Атырау облысы Мақат ауданындағы “Болашақ” бөбекжай балабақшасы

Уталиева Айдана Темірбекқызы

Тәрбие басы – отбасы

Халқымыз қашаннан бала тәрбиесіне бесікте жатқаннан аса зор мән берген. Баланың дүниеге келуіен бастап оның адам болып қалыптасқанға дейінгі салт-жорағыларының баарлығы тұнып тұрған тәрбие. Абай атамыз айтқандай «Келгенде дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнауына кіреді денең» — демекші, әлдилеп айтылған өлеңнің өзі баланың болашақта адам болып, дүние кірпіш болып қаланса екен деген игі тілектермен айтылады. Иә, «Отбасы –шағын мемлекет» дегенде отбасы мүшелері бір-бірімен тату, ынтымақта болғанда ғана береке , бірлік болады. Баланың дүниеге келгеннен бастап ой – өрісінің дамуы мен сана сезімінің толысуына ата-анасының берген тәрбиесі маңызды болмақ.

Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл парасатты , ой-өрісі биік азамат етіп тәрбиелеу- қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Дана халқымызда мынандай нақыл сөз бар, «Балаңды беске дейін ештеңеден тыйма, бестен он үшке дейін құлындай қина, он үштен әрі сырласындай сыйла» деген екен. Қазақ халқы ежелден тәрбиеге ерекшемән берген. «Бала тәрбиесі-өнер, жеке бір ғылым болуды тілейтін өнер»-деген, Мағжан Жұмабаев. Осы сөзде ерекше мән мағына жатыр емеспе?

Бала тәрбиесінің білімді, өнегелі, саналы, жақсы адам болып қалыптасуына үлесі зор. Бау-бақшаны қарап , баптап өсіретіні секілді. Бала тәрбиесіне де ата-ананың, балабақшаның, мектептің алатын орны ерекше. Ата-ана балаға көргенін ,білгенін, өмірден түйгенін айтып, көрсетуінің өзі тәрбиенің басы. Қызы анадан үйренбей өнерге алмас, Ұлы атадан үйренбей сапар шекпес.- дейді, халық даналығы. Ана қызына, ата ұлына білгенін айтып отырса бұның өзі бала тәрбиесіне үлес қосып, жақсы азамат болып қалыптасуына маңызы зор. Балаға өз тіліңмен мен емес, баланың тілімен сөйле дейді халық даналығы. Міне, ата бабамыз баланы қалай тәрбиелегенін осындай дана сөздерінен көруімізге болады. Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы тәрбие беру әлеуметтік құрылымның ең маңызды міндеттердің бірі. Жас жеткіншек, келешек азамат, ал жастарымыз біздің болашағымыз. Кейбір ата- ана біз баламызды материалдық жағынан қамтамыз етсек сол жетеді деп ойлайды. Бүлдіршін кез мінез-құлық, адам бойындағы қасиеттердің қалыптасатын кезі. Бұл уақытта – отбасынан берілген тәрбиенің маңызы зор. Бірақ тәрбие жағы балабақша мен білім ордаларына тапсырып жататынын көріп жүрміз. Бұл дұрыс әрекет деп ойламаймын. Иә, рас мектеп тәрбиенің түрлі факторларын үйлестіріп, біріктірудің орталығы. Білім ордасы тәрбие мен білімді қатар үйретені де рас. Тәрбиесіз алған білім , адам заттың қас жауы-деп ата бабаларымыз айтып кеткен. Бірақ,

ешқандай орта отбасынан, ата-анадан алған тәрбиені алмастыра алмайды. «Ата дан бала тусайшы, ата жолын қусайшы»- дегенде, атадан балаға мұра болып келе жатқан қасиеттерді үйретіп , қалыптастырудың еш жамандығы жоқ деп ойлаймын. Сан ғасырлық тарихымызды, ұлттық құндылығымызды , дініміз бен ұлттық тәлім-тәрбиеге ерекше мән беріп осы қасиеттер тал бойында бар жасөспірім жеткіншек, ең бірінші отбасының мақтанышы, ата-анасының мерейі. Егер атаның қанымен, ананың сүтімен берілген қасиеттері мол, ата- ана тәрбиесін көрген жастарымыз көп болатын болса, онда болашағымызда жарқын деген сөз. Келешегіміз айқын болсын десек, тәрбиемізді тал бесіктен түзейік.

ТОО "Ескам" Ясли-сад "Еркемай"

Черкашина Надежда Дмитриевна

Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды

Балабақша балалар үшін даму ортасы. Әр күні келген сайын бала өзін қауіпсіз сезіну үшін мекеменің әр бұрышы бала үшін ыңғайлы болғаны маңыздырақ. Ата-ана балабақшаға келген кезден бастап барлық жауапкершілік балабақша қызметкерлерінің мойнында. Олар үшін ата-анадан кейінгі заңды тұлға тәрбиеші. Таңғы қабылдау кезінде тәрбиешінің балаға деген қарым-қатынасы, мейіріммен қарап жұбату сөздерін айтудың өзі бала өзін қауіпсіз сезінуіне ықпақ ететін негізгі фактор. Одан кейінгі мәселе әрине баланы қараусыз қалдырмау. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде кең белес алған, ата-ана қорқынышын тудырып, олардың қажетті жағдайда алғашқы көмек көрсете алмауының өзі баланың денсаулық жағдайына әсер етеді. Бұл жағдайда ең бірінші қателік басшылар тарапынан қызметкерлердің өз орнында болмауын қадағаламағандығында. Міндетті адам жұмыс уақытында орнын бос тастауға болмайды. Қателік қас қағым сәтте болуы мүмкін. Ойнап жүрген баланы қазір құлайды деп жоолжау өте қиын. Оқыс әрекеттер салдарынан бала үшін ең қиын жағдайға түсуі ата-ананың наразылығын тудырады. Осы орайда Мемлекеттің мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың негізгі құрылған стандарты бойынша заттық дамытушы ортаны дұрыс құра білу маңызды. Балабақша ішінде, топ бөлмесі, жүру залы, көтерілу баспалдағының өзіндік ережесі болады. Балаға күнделікті қай жерде өзін қалай ұстау керегі жөнінде ақпараттандырып отырып қаншама өрескел қателіктердің алдын ала аламыз. Ендеше топ бөлмесін ұйымдастыру кезінде заттардың қазіргі берілген стандарт негізіне сүйеніп бала бойымен бірдей яғни барлық заттар қолжетімділігін тексерген абзал. Бала ойнап жүріп дамиды. Көп отырғызу, ұзақ әңгіме барысында қимыл әрекетінің болмауы арқа, бел омыртқа, жауырын бүкірейюге алып келеді. Дені сау, ұлт жанашырын тәрбиелеу үшін өзіміз ұлтқа жанашырлықпен қарап оларға барынша дұрыс дамуы үшін ыңғайлы орта құруымыз керек. Сөрелер мен кереуеттердің бала үшін ешқандай зияны болмайтынына көз жеткізіп ылғи тексеріліп тұру керек. Егер тобыңызда ерекше бала болған жағдайда оны дамыту үшін керісінше ол көзі түсетін ашық зоналарды жауып қойған жақсы. Өйткені ондай балалар адамды көп тыңдағысы келмейді өз дегенін жасап қыңырлық танытады. Ол зейіні тұрақсыз болғандықтан әр нәрсені тұрақты, Ұзақ ұстауы мүмкін. Тірбиеші бала қауіпсіздігі үшін олардың барлық жағдайын жасауға міндетті. Оның зейінін шоғырландырып жасалаған жұмыста мидың демалысы мен дамуына сеп болады.

Қорыта келе бала даму үшін келген ортаға оны бейімдеп, қауіпсіздігіне жауап беру міндет екенін барлығымыз білуіміз керек.



**«Келешек» бөбекжай- балалар бақшасы
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны
Шарипхан Қымбат Шарипханқызы**

Білім беру саласы: *Шығармашылық дағдыларын, зерттеу, іс-әрекетін дамыту.*

Ұйымдастырылған іс –әрекет тақырыбы: «Ғажайып киіз үй»

Мақсаты:

Ұлттық тәрбие- ұлттық құндылықтарды бала бойына заманауи бағытында үйлестіруді дамыту. Ойын тапсырмалары арқылы санасын шыңдау, балалардың саусақ, қол моторикасын дамытып, ептілікке баулу.

Көрнекіліктер:

Киіз үй, текемет, сырмақ, асық, қоржын, бау, оюлар, сандар, қамшы, мозайка, слайд, папка, сандық, ұлттық бас киім.

Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлеметсіздер ме балалар!
Қалдарың қалай?
Көңіл күйлерің қалай?
Балалар-шаттық шеңберін құрайықшы

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты,
Алтын шуақ таратты.
Сәлеметсіздерме апайлар!
Сәлеметсіңдерме достарым!
.Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіміз: «Ғажайып киіз-үй»деп аталады.
Киіз үй қазақ халқының бір шегесіз жиналып, бір шегесіз құрылатын, қыста жылы, жазда салқын, көшіп қонуға ыңғайлы тұрмыстық үй.

Осыған орай балалар сендермен бірге заманауи киіз үйіміздің ғажайыбымен танысамыз.
Киіз үйімізді айтар болсақ: кереге, уық, шаңырақ, түндік, киіз, шалма арқан есіктен құралады.
Ал, балалар 5-ке дейін оң және кері санайықшы. Киіз үйімізде қанша есік бар?

Әр есігімізде әртүрлі тапсырмалар бар. Сол берілген тапсырмаларды орындайықшы.

Қоржын тігеміз ойыны: Қоржын ежелден келе жатқан кәде сый. Пішіннен қоржын бөліктерін алдын ала тесілген тесіктерге баулықты өткізу арқылы тігіп қоржынды жасаймыз.

НАҒЫҚАРАЛЫҚ ӨРЛЕҮ-ӨРКЕНДЕҮ

Нағызараалық гуыуымы-ақпараттық, тапымдұуық-тарбленк журналы

Қамшы өру ойыны: Әр қазағымыздың төрінде ілініп тұратын ұлттық құндылық. Қамшыны қамшылау мақсатында пайдаланады.

Қамшыны үш өрім арқылы бір өрім өреміз.

Текемет, сырмақ (көлеңкесін табу)

Ұлттық құндылықтарымыздың бірі ою-өрнек қазақ халқының рухани және материалдық қазынасына айналды. Қазақ халқында ою-өрнектің орны ерекше, әрқайсының өзіндік мәні бар.

Бұл жерде қиылған оюларды құрай отырып, текемет, сырмақ жасаймыз.**Қоржындағы асық:**

Асық көнеден келе жатқан ұлттық ойын. Асық арқылы әр түрлі ойындарды ұйымдастыруға болады, сандарарқылы асықтарды алып орналастыру .

Мозайка: Бұл жерде ұлттық киімдегі ұл мен қызды құрастыру.

Ең әдемі киім ұлттық киім.Әр ұлт өз киімдерімен еркешеленеді.

Сергіту сәті: Музыкалық әуенмен «Бала бала балапан»

Ойындағы күтілетін нәтиже:

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында бала бойына сіңіру. Ойын ойнай отырып, саусақ бұлшық еттері дамиды және ой санасы шындалады.

Қорыта келгенде:

Қазақтың қазақ болып қалыптастырудың бір жолы атадан балаға мирас болып келе жатқан құндылығымызды қайта жаңғырту. Киіз үй арқылы балаларды ойната отырып, өскелең ұрпақтың қазақ мәдениетіне ұлттық ерекшелітерімізге деген құрметін арттыру.

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly



**Қызылорда облысы
ЖШС «Tamasha school» жеке мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі**

Шынберген Нұрай Мақанбетқызы

Білім беру ұйымының атауы		ЖШС «Tamasha school» жеке мектебі		
Пәні:		Математика		
Бөлім:		Мәдени мұра		
Педагогтің аты-жөні:		Шынберген Нұрай Мақанбетқызы		
Күні:		14.11.2023ж		
Сыныбы:4		Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны	
Тақырыбы		46 . Көп таңбалы сандарды екі таңбалы сандарға жазбаша көбейту./ Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері/		
Оқу мақсаты		4.1.2.11 **екі таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану		
Сабақтың мақсаты		Оқушылар екі таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолданады		
		Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 минут	І. Ұйымдастыру Сәлемдесу. Психологиялық дайындық Күн жарығын алақанға саламын Жүрегіме басып ұстай қаламын Ізгі, әрі нәзік, жарық мейірімді Болып кетер сонда менің жан-жағым!	1.Мұғаліммен сәлемдеседі. 2.Өлең шумағын айтады.	Жарайсыңдар!	
2 минут	Үй тапсырмасын сұрау 11-тапсырма. Есепте және дұрыстығын тексер.	Есептерді шығарып келгенін айтады.	Ауызша мадақтау Дескриптор:	








HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEY


Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	$53\ 600 : 80 = 670$ $75\ 600 : 900 = 84$ $44\ 820 : 30 = 1494$ $5\ 150 : 50 = 103$ $4\ 800 : 600 = 8$ $31\ 500 : 700 = 45$	Жауаптарын салыстырады.	1. Есептерді шығарып келгенін айтады. Жауаптарын салыстырады. 1б	
Сабақтың ортасы 1 минут Білу. 3 минут	<p>Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын.</p> <p>III. Жаңа тақырып.</p> <p>Білу және түсіну Оқулықпен жұмыс.</p> <p>1-тапсырма. "Миға шабуыл" әдісі.</p> <p>Ауызша есептеп, барлық жауаптардың қосындысын тап. Сонда сен әл-Фараби дүниеге келген қаланың атауын білетін боласың.</p> $135 \cdot 300 = 40500$ $296 \cdot 200 = 59200$ $114 \cdot 2\ 000 = 228000$ $2\ 130 \cdot 30 = 63900$ $40500 + 59200 + 228000 + 63900 = 391600$ Отырар	Ауызша есептеп, барлық жауаптардың қосындысын табады.	<p>ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын!</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1. Ауызша есептеп, барлық жауаптардың қосындысын табады. 1б</p>	оқулық
3 минут	<p>2-тапсырма. "Жұптас-ойлан-бөліс" әдісі.</p> <p>Көбейтудің қалай орындалғанына қара. Жазбаны түсіндіріп көр.</p> 	Көбейтудің қалай орындалғанына қарап, жазбаны түсіндіріп көреді.	 <p>Дескриптор:</p> <p>1. Көбейтудің қалай орындалғанына қарап, жазбаны түсіндіріп көреді. 1б</p>	Оқулық Дәптер
3 минут	<p>3-тапсырма. Көбейтуді түсіндіре отырып орында.</p> $345 \cdot 34 = 11730$ $983 \cdot 31 = 30473$ $23\ 476 \cdot 21 = 492996$ $19\ 031 \cdot 51 = 970581$	Көбейтуді түсіндіре отырып орындайды.	<p>Дескриптор:</p> <p>1. Көбейтуді түсіндіре отырып орындайды. 1б</p>	

НАҒЫҚАРАЛЫҚ ӨРЛЕҮ-ӨРКЕНДЕҮ

Halyqaralyq gyymı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

2 минут	$234 \cdot 34 = 7956$ $1\ 243 \cdot 36 = 44748$ Сергіту сәті <i>"Көңілді көтер" әні</i>	Сергіту сәтін іс-қимылмен көрсетеді.		
3 минут	ЕБҚ тапсырмасы Көбейтуді баған түрінде есепте және тексер. $15 \cdot 10 =$ $180 \cdot 20 =$ $12 \cdot 10 =$ $150 \cdot 80 =$			
4 минут	4-тапсырма. "Кім жеңімпаз?" әдісі . Есептеуді түсіндіріп көр. 			дәптер
4 минут	5-тапсырма. Көбейтуді түсіндіре отырып орында. $1\ 030 \cdot 38 = 39140$ $2\ 140 \cdot 54 = 115560$ $23\ 400 \cdot 13 = 304200$ $19\ 030 \cdot 28 = 532840$ $1\ 645 \cdot 240 = 394800$ $1\ 083 \cdot 320 = 346560$	Көбейтуді түсіндіре отырып орындайды.	Дескриптор: 1. Көбейтуді түсіндіре отырып орындайды.16	
4 минут	6-тапсырма. Есептеуді амалдар бойынша жаз және есепте. $(250 \cdot 170 - 23\ 000) + 14\ 500 \cdot 15 = 237000$ $250 \cdot 340 - 230 \cdot 250 = 27500$	Есептеуді амалдар бойынша жазады және есептейді.	 Жарайсың! Дескриптор: 1. Есептеуді амалдар бойынша жазады және есептейді.16	
4 минут	7-тапсырма. Есепті шығар. 5 мониторға -15м-ден 134 мониторға -?м ← 400м -? >, <, = _____ Ш: $5 \cdot 15 = 75\text{м}$ (5 мониторға) $134 \cdot 15 = 2010\text{м}$ (134 мониторға) 400м 2010м Ж: 134 мониторды қосу үшін 400м сым жеткілікті емес.	Есепті шығарады.	 Қол шапалақ Дескриптор: 1. Есепті шығарады.16	
4 минут	8-тапсырма. Төрт текшеден құрастырылған фигураның көлемін тап. Текшелердің санын өзгертіп, ұқсас тапсырма құрастыр.	Төрт текшеден құрастырылған фигураның көлемін табады.	Дескриптор: 1. Төрт текшеден құрастырылған фигураның көлемін табады.16	

3 минут	 <p> $a_1=2\text{cm}$ $a_2=2\text{cm}$ $a_3=2\text{cm}$ $a_4=2\text{cm}$ $V=?\text{cm}^3$ Ш: $V=V_1+V_2+V_3+V_4$ $V_1=a_1^3=2*2*2=8\text{cm}^3$ $V_2=a_2^3=2*2*2=8\text{cm}^3$ $V_3=a_3^3=2*2*2=8\text{cm}^3$ $V_4=a_4^3=2*2*2=8\text{cm}^3$ $V=8+8+8+8=32\text{cm}^3$ Ж: Текшенің көлемі -32 см³ </p> <p>Саралау тапсырмасы</p> <p>1-деңгей: 9-тапсырма. Тиімді тәсілмен есепте.</p> <p> $19 \cdot 90 + 19 \cdot 9 \cdot 10 = 3420$ $36 \cdot 5 \cdot 10 + 37 \cdot 15 = 2355$ $72 \cdot 14 + 72 \cdot 10 \cdot 4 = 3888$ $909 \cdot 15 - 909 \cdot 10 = 4545$ $38 \cdot 12 - 38 \cdot 8 = 152$ $302 \cdot 36 - 302 \cdot 16 = 6040$ </p> <p>2-деңгей: 10-тапсырма. Салыстыр</p> <p> $c \cdot 452 \cdot d < c \cdot 542 \cdot d$ $b \cdot (200 \cdot 100) = (b \cdot 200) : 100$ $a \cdot (34 \cdot 500) = 34 \cdot a \cdot 500$ $f \cdot (2\,400 + 1\,200) < 2\,400 \cdot f + 12\,000 \cdot f$ $150 \cdot a \cdot b = b \cdot a \cdot 150$ $x \cdot (34 \cdot 36) = (x : 34) : 36$ </p> <p>3-деңгей: 11-тапсырма. Ойлан және жауап бер.</p> <p>МАТЕМ+АТИКА</p> <p> 1) А=1 М=5 Т=3 Е=2 И=6 $51325+13601=64926$ </p>	Тапсырмаларды орындайды.	Дескриптор: 1.Тапсырмаларды орындайды.1б
---------	---	--------------------------	--

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýmı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

	<p>2) A=2 M=1 T=0 E=5 И=4 K=3 12051+20432=32483</p> <p>3) A=5 M=4 T=1 E=6 И=3 K=2 45164+51325=96489</p>			
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>IV.Сабақты қорытындылау (оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне оралу): -Бүгінгі оқу мақсаты қандай болды? -Жетістік критерийлеріне жеттік пе? Үй тапсырма 12-тапсырма. Баған түрінде есепте.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.</p>	<p>Мадақтау сөздерін айту Дескриптор: 1.Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.1б</p>	
<p>1 минут</p>	<p>458 · 95=43510 1 720 · 210=361200 10 003 · 98=980294 12 400 · 33=409200 3 109 · 29=90161 2 340 · 34=79560</p>	<p>Үй тапсырма сын жазады</p>		
<p>1 минут</p>	<p>Оқушылардың білімін бағалау Рефлексия</p> 		<p>Балдар жиынтығын қою</p>	<p>Кері байланыс плакаты</p>

Бастауыш сынып мұғалімі

Эльзира Ерболатқызы



БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТІЛ ДАМУЫ ЖҮЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бастауыш білім беру аясындағы 1 – сынып оқушыларының тіл дамыту жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізу мемлекеттік білім беру бағдарламасына енгізілген тақырыппен тұтас бірлікте қарастырылатын ажырамас бөлігі болып табылады. Тіл дамыту жұмыстарын бастауыш сыныптарда жүргізудің оқу - әдістемелік ерекшеліктерін ашу арқылы ана тілін оқытудың басым бағытын айқындаймыз әрі көркем де әдеби сөйлеу мәдениетін қалыптастырамыз сөзсіз.

“Ана тілі” оқулығы 1- сыныптың II жартыжылдығында оқытылатын пән екендігі белгілі. Бұл оқулықта тіл және оқу материалдарын кешенді түрде үйлестіре отырып, мұғалімнен тіл дамыту жұмыстарын интегративті де интерактивті тәсілде құруын талап етеді.

Оқулықтың оқу материалдарының мазмұны, маусымдық- тақырыптық ұстаным негізінде құрыла отырып, тіл дамыту жұмыстарының көрнекі бағыты мен алғы шарттарын айқындайды. Тіл материалдарын грамматика мен емлені яғни сауатты жазу дағдысын меңгеруді басты мақсат етіп көздейді әрі оның өз дәрежесінде оқу үрдісіне енуде атқарылар тіл дамыту жұмыстарының жүйелілігіне сүйенеді. Ал, оқу материалдары оқудың түрлері мен сапаларын игертіп, оқушылардың тіл байлығын кеңейтіп, шығармашылық іс- дағдыларын ұштай түседі. Тіл және оқу материалдары бір сабақ шеңберінде қатар беріліп отырса да, білім берудің жүйелігін сақтауда еш нұсқан келтірмейді. Қайта олар өз ара әдістемелік – тақырыптық бірлестікте қамтылып, бірін – бірі жан – жат толықтырып, іргелі де ауқымды дамытуларға барған.

Оқулықтағы әр сабақта берілетін білім негізінен үш жаттығу және оқу материалы көлемінде беріліп әрі осы тапсырмалардың орындалу барысында мұғалімнің тарапынан тіл дамыту тәсілдерінің орынды қолданылуын қажет етеді. [1:29]

Тілдік материалдар мен оқу материалдары негізгі тақырыптарға бөлініп беріледі. Оқулықтағы жаттығулар мен тапсырмалар оқушылардың қабылдау деңгейіне сәйкес олар міндетті, ізденушілік, шығармашылық деңгейлер болып үш топта беріледі. Әрбір жүйелі тақырып соңында сұрақ – тапсырмалар өріле және алдағы өтетін материалдармен сабақтастырыла беріледі.

Бастауыш сыныптағы білім беру жүйесіндегі тіл дамыту жұмыстарының оқу - әдістемелік мазмұны болып табылатын жұмыс түрлерінің қатарын айқындап әрі сол мазмұнға лайық әрекет ету қажеттілігін тудырады. 1-сыныптағы ана тіліндегі тіл дамыту жұмыстарының бір парасы – дәптермен жұмыс. Жұмыс дәптері оқушының әрбір тақырып бойынша білім, білік дағдыларын тексеру, көркем жазуға төселдіру мақсатында беріледі.

Бұл жұмыс түрінде әр тақырыпқа сәйкес өзіндік жұмыс, көркем жаз үлгілері мен тапсырмалар жүйесі қамтылған. Өзіндік жұмыстар оқушылардың қабылдау, есте сақтау ерекшеліктеріне сәйкес үш нұсқада берілген. Оқушының сауатты да көркем жазуына 1-

сыныптан мән беру қажеттілігі заңды құбылыс. Сондықтан бұл жұмы дәптерлері - әр оқушының II жарты жылдықта әр тақырып бойынша алған білімін, біліктілік дағдысын, олардың даму деңгейін, көркем жазуын қалптастыруға үлкен үлес қосатын әрі тіл дамыту жұмыстарын жүйелі бағытта дамуына негіз болатын құрал. Әр оқушының білім деңгейінің сапалық көрсеткіші, көркем жазу дағдысының қалыптасуы, алғашқы тіл дамыту тапсырмаларының орындалуы осы жұмыс дәптерлері арқылы көрініс табады. [2:56]

Бастауыш сыныптағы тіл дамыту жұмыстары мазмұнының келесі бір түрі – диктанттар жинағы болып табылады. Бұл құрал – оқушының білім, білік дағдыларын тексеріп, бақылау, бағылау ісінде пайдаланылатын жұмыс түрі. Мұнда оқулықтағы әрбір тақырыпқа сәйкес тапсырмалар жүйесі, сөздік, бақылау, көру, есте сақтау, терме диктанттары сияқты жұмыс түрлері қамтылу арқылы тіл дамыту жұмыстарының алғы шарты есебінде алынған.

Тапсырмалармен жұмыс істеу барысында оқушы алған білімін шыңдап, толықтыра отырып ізденеді. Жұмыс нәтижесінен өзінің жетістігі мен кемшілігін көріп, өзін - өзі бағалау қасиетін қалыптастырады. Тапсырмалардың мазмұны оқулықтағы материалдардың негізінде құрылып, оларды толықтырумен ерекшеленеді. Сөздік, бақылау диктанттарының мазмұны оқулық тақырыбымен үндесіп отырады. Мұнда оқушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес мәтіндерді таңдап алу арқылы тіл дамыту жұмыстары назардан тыс қаламай, қабағат жүргізіліп отырады. Оқушылардың тілін дамыту барысында тапсырмалар жүйесін таңдап - іріктеп алу мұғалімнің еркінде.

Бастауыш сыныптағы тіл дамыту жұмыстарын жүргізудегі жаттығуың ерекше бір түрі – үлестірмелі дидактикалық материалдар. Бұл дидактикалық материалдар - оқулыққа сәйкес оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіру, сөйлеу мәдениетін дамыту, тілдік фактілерді меңгерту мақсатында жүргізілетін жұмыс түрі. Дидактикалық материалдарда оқушылардың білім, білік дағдыларының 3 деңгейі ескерілген. Дидактикалық материалдар оқушының жекелей жұмыс істеуіне зор мүмкіндік туғызып, тілін дамытып, ойын өрістетуге басым бағыт болып табылады. Бұл жұмыс түрі мұғалімінің тікелей басшылығымен жүргізіледі. Ана тілі сабағында тіл дамыту жұмыстары бойынша оқулықтың ажырамас бөлігі ана тілі хрестоматиясы болып табылады. Оқушылардың оқу дағдыларын, тіл мәдениетін дамыту, қызығушылығын арттыру, дүниетанымын кеңейту мақсатында “Кел, балалар, оқылық!” деген атпен берілген оқу құралы оқулыққа қосымша ретінде ұсынылады. Мұнда оқулық мазмұнына сәйкестендіріле отырып, “Қызықты құс”, “Төрт түлік толы даламда”, “Шаңырақтың шуағы”, “Туған өлкем – Қазақстан”, “Көктем келді, құс келді”, “ұлыстың ұл мейрамы – Наурыз”, “Кім болам?”, “Бейбіт өмір сақшысы”, “Жадырап жаз шықты”, “Ертегілер елінде” деген тақырыпқа қамтылып, тіл дамыту жұмыстарының оқулықпен бір ізде жүйелі жүргізілуіне мүмкіндік туғызған. [3:46]

Оқу хрестоматиясында оқушылардың тілін дамытып, көркем әдеби сөйлеу тілін қалыптастыратын өлеңдер, тақпақтар, әңгімелер, мысалдар, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, мақал – мәтелдер әрбір тақырыпқа байланысты жүйелі түрде берілген. Мұнда берілген шығармалардың мазмұны оқулықтағы оқу материалдарын толықтырып, кеңейтіп тіл дамыту жұмыстарының жүргізілер бағытын нақты

көрсетеді. Хрестоматия оқушының өз бетінше оқуына арналып, көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын арттырып, сөйлеу мәдениетін дамытады.

Бастауыш сыныптағы тіл дамыту жұмыстарының негізгі бір тармағына грамматикалық ойындар мен қызықты тапсырмаларды жатқызуға болады. Бұл құрал оқушыны тілдік материалдарды дұрыс меңгертуге, сауатты оқу – жазу дағдысын қалыптастыруға, тілге деген қызығушылығын арттыруға арналған. Онда грамматикалық ойындар, ұлттық мазмұндағы ойындар, сөзжұмбақтар, ребустар, шарадалар, анаграммалар, грамматикалық лото мен доминолар; оқушы қызығушылығын арттыратын, дүниетанымын кеңейтетін сұраулар мен тапсырмалар жүйелікті сақтап, өріле беруімен ерекшеленеді. [4:125]

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудағы жүргізілетін тиім ді де міндетті жұмыс түрі сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыру болып табылады. Оқу материалдарының мазмұнын ашып, толықтыратын, оқушының ішкі сезім толқынын сырт дүниеге жарықтайтын ойын, тілін дамытатын, эстетикалық талғамын арттыратын, шығармашылық қабілетін шыңдай түсетін сюжетті суреттер жиынтығы оқулықтағы тақырптар бойынша жүйеленіп берілген. Онда әр сабақта оқу материалдарын меңгерудің нақты жолдары көрсетілген.

Ана тілі – 1-сыныпқа енгізілген пән. Ол әліппе оқулығының материалдары игеріліп болған соң, оқу жылының ІІ жартысынан басталып оқытылатын пән түрі. Оқулық мазмұны бұрынғы дәстүр бойынша оқытылып келген 1- сыныптың қазақ тілі мен ана тілі пәндерін біріктірген оқу материалдарынан құралады. Яғни ана тілі пәні бойынша оқушылар интеграциялық тәсілмен бір мезгілде әрі қазақ тілі бойынша берілетін грамматикалық мағлұматтарды, әрі оқу техникасымен байланыстырып сөйлеуді дамытуға арналған оқулық.

Ана тілін оқытудың негізгі мақсаты – тәуелсіз еліміздің болашақ жас ұрпағын өркениетті заман деңгейіне сай білім негіздерімен қаруландыру, жан- жақты рухани байлық пен адамгершілікке, ұлтжандылыққа, еңбек сүйгіштікке, шынайы да шыншыл, өз Отаны мен туған халқын, тілі мен дінін шексіз сүйуге және қастерлеуге тәрбиелеу. Осы белгіленген міндетті мақсаттарды жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Ана тілі пәнін оқытудың басты міндеті - мәнерлеп оқу техникасы, шағын және көлемді мазмұндама, шығарма жазуға төселдіру, оқушылардың ой-өрісі мен дүниетанымдық байқағыштығын арттыратын жаттығу жұмыстарын жүргізу; қазақ тілі бағдарламасы талап еткен грамматикалық ережелерді жете меңгерту; сауатты және көркем жазуға дағдыландыру, бұған қажетті емлелік және каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру; көркем әңгімелерді, балаларға арналған фольклор үлгілерін оқыту арқылы оқушылардың лексикалық тіл байлығын дамыту. [5:95]

Оқытудың тәрбиелік мәні туралы халық педагогикасында молынан айтылады. Сондықтан сыныпта және сыныптан тыс уақыттарда тіл дамыту жұмыстарын мақал – мәтел, ертегі, аңыз - әңгімелер сынды халықтық шығармалар үлгілерін көбірек қамтылуы тиіс. 1-сынып бойынша ана тілі сабақтарындағы тіл дамыту тапсырмаларын жаңаша оқыту технологиялары негізінде құруда оқушылардың білімдік және іскерлік деңгейлерін мұғалім тарапынан мұқият әрі қатаң бақылануы тиіс. Әліппеден кейінгі кезеңге, яғни ана тілін оқытуға қойылатын басты талап оқушылардың сөйлеу мәдениетін, тіл ұстарту, жалпы ой өріс қабілетін дамыту болып табылады. Осыған орай, оқушылардың жалпы ой өрісін

дамытып, тіл дамыту мен сөйлеу мәдениетін жетілдіру оқу жылының II жартысындағы кезекті де басты міндеттер болып саналады.

I- сыныпта мазмұндама мен шығарма жазуға төселдірудің үлкен маңызы бар. Тіл дамыту жұмыстарының ең бір қомақты да көп қолданылатын шығармашылық жұмыс түрі мазмұндама мен шығарма екені белгілі. Мазмұндама мен шығарманың стильдік, тақырыптық түрлеріне, ерекшеліктеріне бітіру жұмысының төменгі тарауларында әлі де тоқталып кең ауқымда сөз етеміз. Айта кетейік дегеніміз, шығарма мен мазмұндама оқу принциптері мен тіл дамыту жұмыстарының оқу - әдістемелік кешенді түрлерінің ажырамас бір бөлігі екендігі.

Тұжыра айтсақ, бастауыш сыныптағы тіл дамыту жұмыстарының мазмұны мен ерекшеліктерін дәл ұғып, түсіну мұғалімнің жаңаша оқыту технологияларын ұтымды қолдануына ықпал етіп, оқушы үшін үлкен шығармашылық мүмкіндіктерге жол ашады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Айғабылов Н. Бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой белсенділігін арттыру. Алматы, 1970, 184 б.
2. Әбдікәрімова Т.М. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А, «Ана тілі», 1999
3. Әбдікәрімова Т.М. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі. Алматы-2002
4. Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы. Алматы.
5. Бозжанова К. Бастауыш мектепте оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру. Мектеп, 1989, 64 б.

HALYQARALYQ ÓRLEY-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýmı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

МАЗМҰНЫ

1. АБДИКАДИРОВА МАРЖАН СЫДЫҚҚЫЗЫ	3
2. АБИЛОВА ГУЛЬНАРА ЕРИКОВНА	4
3. АЙНОВА КАМШАТ АМАНТАЙҚЫЗЫ	7
4. АКИЛБЕКОВА РАУАН ТУРЫСБЕКОВНА	9
5. АЛМАТОВА АЙНИСА АМАНГЕЛДИ ҚИЗИ	14
6. АЛТЫНХАНОВА МӘРИЯМГҮЛ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ	16
7. АТАБАЕВА НАҒИМА БӨКЕНБАЙҚЫЗЫ	19
8. АШИМОВА МЕРУЕРТ АСЫЛКАНОВНА	24
9. АШИРОВА ҰЛЖАЛҒАС ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ	26
10. БАЙМУХАНБЕТОВА АЙНАГУЛ КЕНЖЕСОВНА	28
11. БАҚЫТНҰРҚЫЗЫ ӘДЕМІ	33
12. БАЛГУЖИЕВА ГУЛЬГУЛЬ БАЗАРОВНА	34
13. БАСЖАНОВА ЗИНЕШ КЕНЕСОВНА	36
14. БАТЫРХАНОВА ЫРЫСКҮЛ ӘБДЖАППАРҚЫЗЫ	41
15. БЕКТЕМИСОВА КУРАЛАЙ САТЫБАЛДИЕВНА	43
16. БЕРДИБАЕВА ТАЛШЫН БЕРДИБАЕВНА	46
17. БОРАНКУЛОВА АСЕЛЬ ТУЛЕГЕНОВНА	50
18. МУРЗАГАЛИЕВА ГҮЛМАРА БАГИТЖАНОВНА	53
19. ДОСНАЗАРОВА НҰРСӘУЛЕ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ	57
20. ДҮЙСЕНБЕК ӘЗИЗА СӘРСЕНҒАЛИҚЫЗЫ	60
21. ЕРКІН ЖАНАР БАЛТАБЕКҚЫЗЫ	64
22. ЕСКАЛИЕВА БАҚЫТГҮЛ ЖАНБЫРБАЙҚЫЗЫ	67
23. ӘБДІРАХМАН ИНДИРА ӘБІЛХАНҚЫЗЫ	72
24. ӘБІЛХАНОВА САЯ ЖҰМАГЕЛДІҚЫЗЫ	75
25. ӘБШЕВА ӘЙГЕРІМ МҰРАТҚЫЗЫ	78
26. ЖАКИПОВА ЖАКСЫГУЛЬ БАЗАРХАНОВНА	81
27. ЖАҚСЫЛЫҚ ҚАРЛЫҒАШ БАХЫТҚАЛИҚЫЗЫ	83
28. ЖАНАХМЕТОВА МАХАББАТ РЫСБЕКОВНА	88
29. ЖАПАР ГҮЛНАР	90
30. ЖАППАРОВА ЗАРИНА МӘЛІКҚЫЗЫ	93
31. ЖУМАДИЛОВА АЙНУРА АБУГАЛИЕВНА	96
32. ИБРАГИМОВА КАРИМА УРИНХОДЖАЕВНА	100
33. ИНОЯТОВА АЙГУЛЬ АСАНОВНА	103
34. КАЛИЕВА ЖЕНИСКҮЛЬ НУРТУГАНОВНА	105
35. КАМАЛОВА МӨЛДІРЖАН АСЫЛЖАНҚЫЗЫ	107
36. КАРИБАЕВА ҒАЛИЯ АСҚАРҚЫЗЫ	110
37. КАРТАЙГАНОВА САУЛЕШ АХМЕТБЕКОВНА	115
38. КАСАНОВА ЖАДРА БЕЙМБЕТОВНА	119
39. КАСЕНОВА АСЕМ СЕРИКОВНА	123
40. КЕНДИРБАЕВА ИНДИРА САЙЛАУБАЙҚЫЗЫ	126
41. КИТМАМБЕТОВА МАРХАБАТ АКИЛБЕКОВНА	137
42. КОЙШЫГУЛОВА АМАНГУЛЬ ЖУМАНБЕКОВНА	141

HALYQARALYQ ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

Halyqaralyq gyýmı-aqparattyq, tanymdyq-tarbienk jurnaly

43.	КОКТЕНОВА ЭЛЬМИРА АТАКУЛОВНА	143
44.	КУАНШАЛИНА ДИНАРА ЕЛУБАЙКЫЗЫ	146
45.	КУШМАГАМБЕТОВА ШУҒЫЛА СЕРІКҚЫЗЫ	147
46.	ҚАБИДУЛЛИНА АҚМАРАЛ ЖАЛҒАСБАЙКЫЗЫ	148
47.	ҚАЖЫБАЕВА ЖАДЫРА КЕНЖЕХАНҚЫЗЫ	152
48.	ҚОЖАБЕКОВА МАРЖАН МАДИХАНҚЫЗЫ	155
49.	ҚУАТОВА АЙДАНА БЕРДІХАНҚЫЗЫ	161
50.	АЙТБАЕВ МАҚСАТ УНЛАСУНОВИЧ	165
51.	МАМБЕТОВА ЖАНСАЯ ЕРМАНҚЫЗЫ	167
52.	МАМЫРБЕКОВА МОЛДИР СЕРИКОВНА	169
53.	МИЗАМБАЙ ТОЛҒАНАЙ БАЛАТАЙКЫЗЫ	173
54.	МОМИНОВА АЙТКУЛ ТАТИБАЕВНА	177
55.	МУКАШЕВА АСЕМ КАНАТОВНА	178
56.	МУХАМЕДЖАНОВА САЛТАНАТ УЗАҚБАЕВНА	181
57.	НСАМБАЕВА ЗАМЗАГУЛ ТУЛЕГЕНОВНА	186
58.	НҮРҒАЛИЕВА ЖАНАР ТАЛҒАТҚЫЗЫ	189
59.	ОМАРБЕКОВА ДИНАРА АМАНБАЕВНА	195
60.	РАСУЛОВА ГУЛНОЗА ПАЙЗУРАХМАНОВНА	199
61.	РАХЫШОВА ЗУЛФИЯ СЕРИКБАЕВНА	202
62.	РЕЖЕПОВА ЫРЫСБАЛА МҰРАТЖАНҚЫЗЫ	210
63.	РЫСБЕКОВА МАҚПАЛ СЕЙТБЕКҚЫЗЫ	214
64.	САГИНГАЛИЕВА ЖАЗИРА АСҚАРҚЫЗЫ	218
65.	САДЫКОВА ЖАНЕРКЕ НУСХАБАЕВНА	225
66.	САПАР ЖАНСАЯ НАМАЗҚЫЗЫ	230
67.	САТМАҒАНБЕТ РИТА АЙСАҒАЛИҚЫЗЫ	233
68.	СЫДЫКОВА АЙГЕРІМ СЕРІКҚЫЗЫ	238
69.	ТЛЕУБАЕВА АНАРА АМАНТАЕВНА	241
70.	ТУРЛЫБЕКОВА ГУЛЗАДА УАЙСОВНА	244
71.	ТУРМАНОВА АЙГУЛ АМИРБЕКОВНА	246
72.	ТУРМАНОВА МАДИНА ТИЛЕГЕНОВНА	250
73.	ТУРУМБЕТОВА ГУЛЬНАРА БАЙДАБЕКОВНА	253
74.	УСАРБАЙ САЙДУЛЛА БАХТИЁРҰЛЫ	255
75.	УТАЛИЕВА АЙДАНА ТЕМІРБЕКҚЫЗЫ	265
76.	ЧЕРКАШИНА НАДЕЖДА ДМИТРИЕВНА	267
77.	ШАРИПХАН ҚЫМБАТ ШАРИПХАНҚЫЗЫ	268
78.	ШЫНБЕРГЕН НҰРАЙ МАҚАНБЕТҚЫЗЫ	270
79.	ЭЛЬЗИРА ЕРБОЛАТҚЫЗЫ	275